

ӘЛЕМ БАЛАЛАР
ӘДЕБИЕТІНІҢ
ІНЖУ-МАРЖАНДАРЫ



ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ
АРНАЛҒАН
ШЫҒАРМАЛАР



Джеймс Гринвуд

ӨГЕЙ БАЛА



УДК 821.111=03.512.122
ББК 84 (АҒЫЛ-Қаз) 7-44
Г 83

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІЛ КОМИТЕТІ «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ
БАСҚА ДА ТІЛДЕРІН ДАМУЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Гринвуд Джеймс. Өгей бала. Хикаят/Джеймс Гринвуд.
Г83 Орыс тілінен аударған *Р.Әдуов*.
Астана: Аударма, 2011 – 200 бет.

Хикаятта панасыз жетім баланың басынан кешкен қиын күндері сөз болады. Өгей шешеден көрген қысымы мен қатыгез әкенің қорлығына шыдамай үйінен қашып шыққан баланың басынан кешкен қиын тағдыры баяндалады. Жазушы жоқшылық пен кезбеліктің адамдарды қылмыс жасауға итермелейтінін көрсетеді. Джимнің туа бітті бойындағы адалдығы мен шынайылығы оның өмір сүруіне тура келген қоршаған ортаның келеңсіз әсерімен күресуге итермелесе де, ол амалының жоқтығынан жаман жолға түсіп, ұрлық жасай бастайды.

Хикаяттың өне бойында шарасыздықтан шырғалаңға түскен баланың қиын тағдыры шынайы суреттеледі.

ISBN 9965-18-361-9

УДК 821.111=03.512.122
ББК 84 (АҒЫЛ-Қаз) 7-44

ISBN 9965-18-361-9

© «Аударма» баспасы, 2011

ӨГЕЙ БАЛА

I

ӨГЕЙ ШЕШЕ

Мен жетіммін. Алтыға толған кезімде шешем қайтыс болып, іле-шала әкем басқа біреуге үйленген. Өгей шешем ашушаң, керенау жалқау, бірақ қулығына құрық бойламайтын әйел еді. Жұрт оны миссис Берк деп атайтын. Мені ол күні бойы ауыр жұмыспен титықтататын, бала уатқызып, құдықтан су тартқызатын, үй ішін жинатқызып, дүкенге зыр жүгірткізетін және тамаққа бір тойғызбай, ашқұрсақ ұстайтын. Әкей күн сайын ертеңгісін үйдің оны-мұнысына деп ақша қалдыратын, бірақ онысы арақтан артылмайды, өйткені шешем маскүнем, арақсыз күні жоқ болатын.

Әкейді алдау үшін мені дүкенге жұмсап, тиын-тебенге көп жатып қалған, талғажау етуге де татымайтын сүйек-саяқ алдыратын да, «бұл біздің түскі асымыздан қалғаны!» деп қарап отыратын.

Әкей үйге тек кешкілік бір-ақ оралады. Ол шалқыған бір бай көкөнісшінің базардағы сатушысы болатын — сөйтіп, күн ұзағына қатты шаршайтын.

Оған кешкілік ас әзір тұратын, ал мен көбіне таңсәріден бір тілім наннан басқа ештеңе татпайтын болғандықтан, бір кесім ет жегім келіп құлқыным құрып тұратын. Өгей шешем маған әкемнің өз ыдысынан бірдеңе салып бергенін көрсе, бірден өтірікті соға жөнелетін.

— Жан серігім, Джемс, — дейді ол, — балаға тамақ бермей-ақ қой. Ол асқа бөгіп, ауырып қалар. Тамақсау-ақ өзі. Бүгін түскі аста мен оған қойдың етінен үш рет лекілдете салып бердім. Ол үш адамға әбден жетер еді.

— Әй, оңбаған! — деп даусын көтереді әкем. — Айналсоқтап шықпай, бір ай бойы тісіне ет тимегендей, кісінің аузын бағады. Бар, ұйықта, мешкей неме, әйтпесе таяқ жейсің.

Ашқұрсақ күйімде ұйқыға кетемін. Ақталуға да дәрменім жоқ.

Бірде мені өгей шешем оңдырмай алдап соқты. Оған бір әйел қонаққа келген. Сөйтіп олар екеулеп әкемнің түскі асы мен кешкі асқа тастап кеткен бар ақшасын ішімдікке салсын. Қонақ кетіп, аздап есін жинағаннан кейін өгей шешем сасайын деді: егер әкем үй-ішінің тамақсыз қалғанын білсе, оңдырмайтыны анық. Оның үстіне бір жерден әкемнің кешкі асына ақша табу керек. Бірақ қайдан?

Ол жылап-сықтап, аянышты дауыспен сарнай бастады.

— Жазған басым, мен сорлы енді не істеймін? — деп еңірейді. — Қазір әкең келіп қалады, қарғам Джимми. Ет сатып ала қоятын ақшам жоқ менің. Неммен тамақ жасай қояйын. Соққыға жығады ғой мені. Жазған басым, бағы ашылмаған сорлымын ғой.

Оның көз жасы мені тебірентіп, «қарғам» деген жылы сөзі жүрегімді елжіретіп жіберді. Мен өгей шешеме жақындап келіп, оны жұбатып, қандай көмек керегін сұрадым.

— Сен мұны айтып қана тұрсың ғой, Джимми, — деді ол, — ал ойлағаның басқа. Әрі мені аямайтының да рас, мен сені еркелеткен емеспін. Шіркін, осы қырсықтан бір құтылсам, мен сені саусағымның ұшымен де түртпес едім.

Өгей шешемнің мүләйімсіп, кінәсін мойнына алғаны мені одан әрі қатты тебірентті.

— Сіз маған қандай көмек керек екенін айтыңызшы, мен бәрін де істеймін, — деп аптыға сендіріп жатырмын.

— Әрине, маған көмектесуге болады, сүйікті Джимми, бірақ менің оны сұрағым жоқ. Міне, саған біржарым пенс, қалай жұмсасаң да еркің.



Миссис Берктің жомарттығы мені таң қалдырды. Енді мен оған қандай көмек керегін сұрап, бәйекпін.

— Иә, жаным, байқайсың ба, — деді ол, ақыр соңында, — менің саған ақша бергенімді, кішкентай қарындасыңа дәрі сатып алу үшін сені дәріханаға жұмсады деп әкеңе айта аласың ба? Ал сен сол ақшаны жоғалтып алдым деп айта аласың ба? Бұл қиын емес қой, Джимми.

— Ал әкем мені сойып салса қайтемін?

— Жә, достым. Ол бола қоймас. Мен осында боламын ғой. Мен алпамсадай біреу саған тап беріп, сені итеріп жіберіп, ақшанды тартып алып, қашып кетті деймін әкеңе. Ал сенің еш кінәң жоқ қой. Әкең сені ұрмайды, соған сен. Ал енді бар, қыдыр, өзіңнің біржарым пенсіңе қалағаныңды сатып ал.

Көңілім күпті болғанымен мен кете бардым. Бұл кеште мен үйге әдейі асыққан жоқпын. Өгей шешем жоғалған ақшаның тарихын әкеме айтып үлгерсін деймін.

Мен үйге кіргенде әкем есіктің жанында белбеуін ұстап тұр екен.

— Мында кел, сұм неме! — деп айқайлаған әкем менің құлағымға жармасты. — Менің ақшамды қайда құрттың? Айт жаныңның барында?

— Мен оны жоғалтып алдым, пап! — дедім зәрем ұшып. Жалбарынған күйі миссис Беркке қарап қоямын. Маған ара түсер деп тұрмын.

— Жоғалттың? Сонда оны қайда жоғалттың?

— Мен Поллиге дәрі алмақ боп бара жатқам, ал дәу бала маған тап беріп, оны қолымнан тартып алды.

— Сонда мен сенің ертегіңе сенеді деп ойлайсың ба? — деп ашудан қалшылдап кеткен әкем айқайға басты.

Әкемнің маған сенбегеніне аса таңданған жоқпын, бірақ өгей шешем сөйлеп қоя бергенде жағамды ұстадым.

— Иә, маған да осы өтірігін айтқан. Ал енді, Джемс, оның осы уақытқа дейін қайда сандалып жүргенін, алжапқышындағы ана майлы дақтың қайдан екенін сұрап көрші.

Шынында да менің алжапқышымда өзім бір жарым пенске сатып алып, қарық болған майлы самсаның дағы қалған.

— Қандай зымиян, ұрысың! — деп айқайлады әкем. — Сен менің ақшамды ұрлап, өз қарныңды күйттеп жүр екенсің ғой.

— Иә, мен де солай болар деп ойлаймын, Джемс, — деді сұрқия қатын, — дұрыстап тұрып сазайын тарттыршы.

Әкем қалың былғары белбеуімен дүрелеп болғанша ол осы жерден тапжылған жоқ. Шамам келгенше ақша жөніндегі бүкіл оқиғаны бақырып айтқан болдым, бірақ ол мені тыңдамай, қолы талғанша дүреледі. Дүрелеп болған соң мені қараңғы бөлмеге қамап, жарым күнге дейін ұстады. Сол кезде өгей шешемді қалай жек көрдім десеңші. Ашудың қысқаны сонша, қызыл-жоса таңбаларды да елеген жоқпын.

Әкем осы алдамшы әйелге көзсіз сеніп, оны туған анаңдай сыйла деп талап ететін менен. Бірде ол әлдебір жас жігітті ертіп келіп, мені бір бөтелке ромға жұмсаған. Мен ромды әкелген соң, қонақ оны стақандарға құйды да әкем мен өгей шешемнің денсаулығы үшін, оларға зор бақыт тілеп іше бастады. Бұл мені таңдандыра қойған жоқ, сөйтіп бөлмеден шығуға ыңғайлана бергенімде әкемнің мені тоқтатқаны.

— Мыңда кел, Джим, — деді ол, — мына отырған кісіні көріп тұрсың ба?

— Әрине, көріп тұрмын, — деп жауап бердім, — бұл менің өгей шешем, миссис Берк.

— Оны өгей деп атаушы болма. Ол саған өгей шеше емес! — деп айқай салды әкем.

— Ал сонда ол кім?

— Ол сенің анаң, міне, солай атауың керек. Және оны туған анаңдай аялауың керек. Бар, тап қазір оны бетінен сүй.

Әкемнің сөзінің еш сөкеттігі жоқ, бірақ оны естіген мен кемсеңдеп жылай бастадым.

— Айтыңдаршы осы, мына жексұрын несіне қыңқылдайды? — деп айқайлады әкем.

— Қойшы соны, серігім, — деп араласты өгей шешем. — Бұл бір қыңыр бала... әрі өзің де білесің ғой, оның қандай жексұрын екенін.

Мен одан әрі барқырап жылауға кірістім, өйткені марқұм анамды жанымдай жақсы көретінмін. Оның үстіне зымиян, алдамшы әйелді анам деп жатудың өзі жаныма бататын.

Әкем ашуланып, үстелді қойып қалды.

— Жә, балаға тиісе берме! — деді қонақ. — Қаншаға келді өзі, Джемс? — деп сұрады әкемнен.

— Жетіге шықты.

— Е, онда жақында-ақ өз нанын өзі тауып жейтін болыпты ғой.

— Әлбетте, әлбетте. Баяғыда-ақ жеткен! — деп қыстырылды өгей шешем. — Әне қара, зіңгіттей емес пе. Ақша табатын кезі жетті. Бос сенделуі жетер.

— Ол онсыз да жұмыс істеп жүр ғой, — деп жақтырмай тіл қатты әкем. — Ол күні бойы Поллиді бағады.

— Жұмыс болғанына. Кіп-кішкентай баланы қолына алып уатқаны ма, оны жалғыз тастап кетіп, балалармен ойнап кететіні ше?

— Ал мен сіздерге айтайын, — деді қатқыл үнмен қонақ, — дүниеде бала күткеннен асқан азап жоқ. Менің өзімді де осындай жұмысқа жеккен. Мен одан алғашқы мүмкіндік болған кезде-ақ құтылғам. Бұл үшін тіпті ит болып үруге де тура келген.

Осы сөздерді айтқан кезде жанашыр қонақ менің қолыма бір пенниді білдірмей ұстата қойды. Өз ақшамды тезірек жұмсағым келіп, тезірек тайып тұрсам деп, үлкендердің әңгімесіне құлақ түруді қойдым. Бірақ жас жігіттің ит болып үру туралы сөзі ойымда әбден қалып қойыпты. Мен бала баққаннан гөрі ит болып үруге оңай көнер едім. Бірақ менің үргенім кімге керек? Кейде мен шопандардың қойды отарымен айдағанын, ал балалардың оған отарды иіруге қалай көмектесетінін, сол кезде олардың ит болып үргенін көргенмін. Бірақ мен осындай шаруаға ақша төлейтінін ойлаған да емеспін. Шопанға ит болып үру үшін балаларды жалдаудың керегі

не? Оған иттің өзін ұстау арзан емес пе? — деп ойлаймын. Бірақ қонақ бала уатқаннан ит болып үрген жақсы деді. Ал ол менің тұрмысым ауыр, әкем басымнан сипамайтынын, зұлым өгей шешемнің мені қалай қинайтынын білмейді, әлі. Бала уату оған ұнамаса, бұл мен үшін нағыз азаптың өзі болатын.

II

ТАҒЫ ДА ЖАҢА АЗАП. ҚАШУ

Кішкентай Полли маған түнде де маза бермейтін. Менің төсегіме оны ымырт үйіріле-ақ жайғастыратын, ал мен ұйқыға жатарда оны оятып алмауға тырысып бағатынмын. Егер бұл қолымнан келсе, онда мен үш-төрт сағат тыныш ұйықтар едім. Бірақ түнгі екіге кеткенде бала оянып алып, айқайға басатын. Оны ештеңемен де уата алмайсың, тек оған тамақ беру керек. Біздің төсегіміздің жанына қашаңда май жағылған бір тілім нан мен бір құмыра сүт қойылатын. Тамақ ішкенше пәле қыз үндемейді, ал түнде оның тамаққа тәбеті ашылып, бергеніңді соғып алатын да, қайтадан гөй-гөйге басатын.

Қанша уатсаң да, қанша ән айтсаң да, оны көндіре алмайсың.

— Мама! Мама! Мама! — деп, шырылдағанда даусы көшенің арғы басынан естілетін.

Мен оны уату үшін тырысып-ақ бағамын.

— Полли, сенің Джиммимен қыдырғың келмей ме? — деп сұраймын одан. Сүттей аппақ түнде ол кейде келісетін де. Біз, әрине, шынында да қыдыруға шыға алмайтынбыз, бірақ мұны түсініп жатқан Полли жоқ. Біз шынында да далаға шығатындай киінетінбіз. Мен оның басына өгей шешемнің қалпағын кигізіп, иығына өз кеудешемді жабатынмын. Менің қыдыруға шығатын киімімнің түрі — төсегімізде жататын әкемнің ескі тымағы. Киініп болған соң мен өгей шешемнің даусына салып:

— Джимми, бар, Поллимен қыдырып кел. Оған мәмпәсілі дүкенді аралат! — деймін.

Енді өз даусыммен:

— Біз дайынбыз, қазір шығамыз! — деймін.

Содан кейін біз қыдыруға шығатынбыз, бірақ есікті таба алмайтынбыз, әйтеуір. Гәптің өзі осында болатын. Мәмпәси сатып алу үшін біздің далаға шығуымыз керек, ал біз есікті таба алмай әлек боламыз. Поллидің басына ілген үлкен қалпағы бұл жағдайға жақсы көмектесетін. Менімен осылай жарты сағаттай қыдырған Полли көбінде қолымда ұйықтап қалатын. Сөйтіп мен оны ақырын төсегіне жатқызатынмын. Кейде оның мүлдем қыдырғысы келмейтін. Ал ең қырсығы да сол болатын. Менің оған тәтті әперемін деп уәде бергенім босқа кететін. Ит болып үргенім, мысық болып мияулағаным, түйеқұс, торай және балапан болғаным да зая кететін. Ол ештеңені де тыңдамай, ештеңеге де көз салмай, айқайлап «нән» сұрайтын. «Нән» деп май жағылған нанды атайтын және айтқанынан қайтпайтын. Осы кезде қабырғаның ар жағынан дыбыс естілетін, бұл қабырғаны таяқпен ұрғылаған өгей шешем.

— Құртақандай сәбиге не істеп жатырсың, сорлы бала?

— Ол «нән» сұрайды.

— Ендеше тұрып бермейсің бе, жалқау неме.

— Беретін ештеңе жоқ, ол бәрін жеп қойды.

— Бәрін жеп қойғаны қалай? Өтірікші. Өзің баяғыңа басып, жазған баланың бар тамағын жеп қойған шығарсың. Тап қазір уат оны, менің жыныма тиме, әйтпесе көресің.

Шынында да көресінді көретінімді білемін, сөйтіп жыларман болып Поллиді көндіруге тырысатынмын. Ол қайдан оңай көне қойсын. Өгей шешемнің даусын естіген соң ол бұрынғыдан да қатты жылай бастайды. Қорыққаннан зәрем ұшып, көрші бөлмеден естілген аяқтың дыбысын, есіктің ашылғанын естимін. Міне, енді ашуланған өгей шешем түнгі көйлегімен, түнгі телпегімен бөлмеме шабына кіріп келетін. Бір сөз айтпастан ол маған тап беріп, жалаңаш күйімде аямай соққыға жығатын. Ол менің басымды жастыққа тығатын, сөйтіп, мен тіпті айқайлай да алмайтынмын.

Әкем оның маған не істейтінін білмейтін: егер балаға әзірленген тағамды тағы да жеп қоятын болсам, өгей шешем мені таяққа жығатынын үнемі барқырап қайталай беретін.



— Оны несіне босқа қорқыта бересің? — деп айқайлайды басқа бөлмеден әкем. — Боққа тұрмайтын мешкейдің дұрыстап сыбағасын бермейсің бе, әйтпесе ол саған пысқырып та қарамайды.

— Иә, менің де енді шыдамым таусылатын шығар! — дейді өгей шешем. — Байқа, оңбаған неме.

Содан кейін ол бөлмесіне оралып, әкеме:

— Ұрудың керегі жоқ, Джемс. Баланы ұрып жақсы ете алмайсың, — дейді.

Маған тиген таяқтан соң, бір қызығы, Полли бүрісіп, ештеңе болмағандай ұйықтап қалатын. Бұған қарап әкем шынында да мені қаласам баланы уата алады деп ойлайтын. Бірде мен шыдай алмай, өгей шешем жөнінде шағым айта бастадым.

— Мен сені аямаймын, — деп жауап берді әкем. — Сен сияқты пәлені сілікпесін шығарып үйрету керек.

— Иә, менің басымнан оның таяқ кетірмейтін кезі де аз қалды, — дедім мен. — Өскен соң оған көрсетемін.

Әкем маған қарап күліп жіберді.

— Егер үлкен болып өссем, — деп жалғастырдым сөзімді оның күлгеніне ызаланып, — мен оның мұрнын бұзып, аяғын сындырар едім. Жек көремін оны.

— Жә, болды былшылдамай! — деп тоқтатты мені әкем.

— Ол сізге қашанда өтірік айтады. Менің бір сәтке бос уақытым жоқ, үнемі Поллиді бағуға тиіспін.

— Бала бағу да қиын болып па. Сенің жасыңдағы балалар өздері ақша табады.

— Менің де жұмыс істегім келеді, папа.

— Жұмыс істегім келеді. Жұмысты іздеу керек, ол өзі саған келмейді. Ал мен, сен әлі ұйықтап жатқанда таңғы төртте базарға барамын. Онда сенен екі есе кіші балаларды көремін. Бір-екі пенни тауып, тамағына жұмсайды, таба алмаса, аш отырғаны.

— Менің жөні түзу шалбарым да, шұлығым да, етігім де жоқ, папа. Жұмысты қалай іздемекпін?

— Ақымақ, ақымақсың сен. Жұмыс үшін сәнді киім керек деп ойлайсың ба? Мен саған айтқан балалардың жалаңаш етінде бір ғана көйлек бар, ал жұмысты ешкімнен кем істемейді. Балық тасып, ақтүйнегі бар себеттерді көтереді,

қайық күзетіп, тауары бар арбаны қарайды. Ал саған жұмысқа бару үшін ақ көйлек, былғары қолғап керек. Сәнқойын мұның.

Әкем маған зілдене қарап, бұрылды да кетіп қалды.

Күн өткен сайын өгей шешем мені азаптауын үдете түсті. Әсіресе әкем оны мас күйінде көріп, соққыға жыққаннан кейін халім тіпті мүшкілге айналды. Егер кір жуатын миссис Уинкшип аямағанда мен күн ұзаққа көбіне аш жүрер едім. Миссис Уинкшип менің шешемді білетін және қашанда мақтап отыратын. «Сенің әкеңнен оның өресі биік еді, ал әкең мына зымиян, алдамшы миссис Берктен әлдеқайда жақсы», — дейді ол. Мен әдетте өзімнің бар ренішімді миссис Уинкшипке айтатынымын. Ол мені асүйіне шақырып алып, өзінен қалған тамағын аузыма тосатын. Кейде ол мен бірер сағат ойнап кетсем, Поллиді өзіне алып, бағатын. Бірде миссис Уинкшиптен «ит болып үруші» деген кім деп сұрадым. Ол маған тауарды аралап жүріп, сататын саудагер жалдайтын бала екенін түсіндірді. Ол бала тауары бар арбаны сүйрейді және өз қожасы базардан түрлі заттарды сатып алғанша оны күзетеді, ал содан кейін өз затының атын айқайлап, айтып жүреді.

— Ал Сіз көрген «үретін» ең кішкентай бала қандай? — деп сұрадым.

— Қандай? Сенің иығыңнан ғана келетіндерін де көрдім. Гәп бойда емес. Бастысы, жақсы әуезді даусыңның болуында.

Миссис Уинкшип сатарман үшін құлаққа жағымды дауыспен қатты айқайлап айта білудің қаншалықты маңызды екенін ұзақ түсіндірді. Әр заттың атын атап, оны ерекше дауыспен айқайлап айту керек екенін айтты. Көмір сатушылар олай, ал сүт сатушылар былай айқайлайды.

Бұдан кейін менің даусым қандай осы деген сұрақ мазалай бастағаны. Өгей шешем әжептәуір әнші деп саналатын. Мен одан бірнеше ән үйреніп алып, жиі айтатынымын. Өзімше жаман емес тәрізді. Кім білсін, менің даусым әнге жақсы болғанымен, балық туралы немесе қайдағы бір жемістер туралы айқайлауға жарамайтын болар. Қалай болған күнде де менің өгей шешемнің тоқпағынан құтылғым келеді, ал ол үшін «ит болып үруден» басқа амал таба алмадым. Мен бірнеше рет біресе ана, біресе

мына таратып сатушының даусына салып көріп едім, бірақ айқайымның жақсы-жаманын біле алмадым.

Бірде Поллиді қолыма алып баспалдақта отыр едім. Ойға батқаным сонша, сәби қолымнан түсіп кетіп, баспалдақпен домалай жөнелді. Миссис Берк оның айқайлап жылағанын естіп, маған қарай жұлдыздай ұшты. Менің түсіндіргенімді де тыңдамай, тіпті баланы да көтеріп алмастан шашымнан ұстап, бірнеше рет қабырғаға ұрғылады. Ол құлағымнан шап беріп ұстап алмақ болып еді, мен сытылып кеттім, бірақ ол менің жағымды тырнағымен осып түсті. Содан кейін жұдырықтың астына алып, мұрнымды былшылдатты. Мұнысы жаныма батты. Жұлқынып шығып, оның саусағын қыршып алдым. Жанына батып айқайлаған ол мені босатып жіберді. Осыны пайдаланған мен сытылып шығып, өкпемді қолыма алып, өзіміздің шолақ көшені бойлап зытып бердім.

III


СМИТФИЛД БАЗАРЫНДАҒЫ КЕШ. МАҒАН ТӨНГЕН ЗОР ҚАУІП

Миссис Берктің мені қуған-қумағанын білген жоқпын. Көшемен зытқан бойы тіпті артыма да қараған емеспін. Кір жуушы миссис Уинкшип мені көріп, үлкен бір қауіптен қашып бара жатқанымды түрімнен сезіп, маған айқай салды:

— Жүгір, Джимми, жетпесін десең, тезірек жүгір.

Шолақ көшеден Тернмилл көшесіне құстай ұшып, одан Смитфилд базарына қарай бұрылдым. Ашық жерде мені миссис Берк қуып жететінін, ал базардың бұрылыстары мен қалтарыстарынан мені таба алмайтынын түсіндім.

Базар алаңы тыныш та бос екен. Мен бұл алаңды жақсы білемін, өйткені достарыммен мұнда талай ойнағам. Енді қазір балалардың «Шошқа қатарына» баратынын еске түсіріп, тура соған қарай тарттым. Мен бір жабық дүкеннің сәкісіне шығып, жан-жағымға қарадым. Миссис Берктің қарасы көрінбейді. Қатты жүгіргеннен ентіккен мен ыза мен ашудан



еңіреп тұрмын. Көзімнің жасы миссис Берктің тырнағы осып түскен бетімдегі жараның қанымен араласып жатыр. Шашым дудырап кеткен, бас киім болса да жоқ, жалаң аяғыма батпақ жабысқан, кеудешем жырттық пен жамаудан көрінбейді.

Алғашқы жарты сағатта миссис Берк бір жерде тығылып тұрып, бір бұрыштан маған тап берер деген ойда болдым. Жан-жағыма қарағыштап, әрбір сыбдырға құлақ түріп келемін.

Бірақ уақыт өтіп жатыр, ал менің қас жауым көрінер емес. Шамалыдан кейін ептеп сабама түсіп, сағат төртті соққанын естіген соң, енді не істейтінімді ойлай бастадым. Үйге бару керек пе? Жоқ, бұл мүмкін емес. Ол мені өлтіреді. Енді ол маған ойына келгенін істей алады: әкеме мен шайнап тастаған саусағын көрсетеді: ал әкем өзіңе де сол керек дейді. Ал мен не деп ақталмақпын? Оның саусағын шайнап алдым, бұл енді өрескел-ақ. Оның үстіне баланы да түсіріп алдым. Маған тыныш отырып, баланы дұрыс ұста деген, ал мен оны қолымнан түсіріп алдым. Ол жерде домалап қалды, тіпті қатты соғылған да болар. Бейшара Полли. Ол құлағанда қатты айқайлады: мүмкін оның сүйектері сынған шығар. Өгей шешем содан да мені қумаған болар. Жоқ, үйге қайтуды ойлап та керегі жоқ.

Бірақ мен қайда бармақпын? Көше қараңғы. Шамдар жағыла бастады. Шошқамен қатар отыра беру жанға жайлы емес. Мен басқа жаққа өтіп жайғастым да, өз жағдайымды ойластыра бастадым. Қараңғы түсіп келеді. Тамақ ішкім де келіп барады. Егер мен үйге оралсам не болар еді деп ойлай бастадым.

Өзіме тиген таяқтың көкесін есіме түсіріп, осындай жазаны көтере алар ма едім деп, көз алдыма келтіріп отырмын. Кенет біреу менің қолымнан түрткенде, басымды көтерсем, қолыңда екі пенсі бар бір еркекті көрдім.

— Әй, сабалағым-ай, — деді ол жаны ашыған дауыспен, — ала ғой, өзіңе нан сатып ал.

Есімді жинап үлгергенше, жүргінші көзден ғайып болды. Мен оған алғыс айтып үлгерген жоқпын, алған ақшама тіпті қуанарымды да білмедім. Ол маған жай ғана: «Міне, саған екі пенс!» — деп неге айта салмады. Мені көбі «сабалақ» деп



атайтын және мен оған ашуланбайтын едім. Бірақ ол маған неге нан сатып ал деді. Мен бір құдды қайыршыдай. Мен қадірімді кетірмейін деп, жаны ашыған адам кеткен жаққа қарап, бар даусыммен қатты айқай салдым:

— Нан сатып алмаймын! Ойыма не келсе, соны сатып аламын!

Сөйтіп, мен өзіме садақа берген адамға қасақана істейін деген батыл ниетпен жүріп кеттім. Жолда кездескен тоқаш дүкендерін әдейі көзге ілмей, тек тәтті тағамдар туралы ойлап келемін. Сөйтіп, мен тосап сатылатын шағын дүкенге де келіп жеттім. Бірақ әрбір банкісінде бағасы жазылған жазу бар. Маған әсіресе өрік тосабы бар банкі дәмді де тәтті көрінді. Банкіде: «әр фунты 18 пенс» деп жазылған. Мен саусағымды бүгіп санай бастадым: осы тосаптың 2 унциясы 2 пенс 1 фартинг тұрады екен. Ал менің бір фартингім жетпейді. Бірақ мен екі пенске тосап сұрай аламын ғой. Екі пенс көп дүние, мол ақша, қайдағы бір жарты пенс емес қой.

— Маған екі пенске тосап беріңіз! — деп өз-өзіме қайталап, дүкен есігіне қарай батыл қадам бастым. Табалдырықтан аттай бергенім сол еді, құлақ-шекеден біреудің қоңдырғаны.

— Кет әрі! — деп айқай салды кәрі қожайын әйел. — Мен он минуттен бері сені қадағалап тұрмын, кәззап ұры.

Осыны айтқан ол есікті сарт жапты.

Мен қатты қапаландым. Көшеге атып шығып, дүкеннің терезесін таспен быт-шыт еткім келді. Бірақ осы сәтте дәмді тағамның иісі есімді алып, ашуым бірден сап тыйылды.

Тәтті иіс көрші дәмханадан шығады. Ол жақта ас бұршақты пудинг пен таба нанды пешпен алса керек. Өзімнің екі пенсімді қайдағы бір қасық тосапқа жұмсап қойсам, дәмхананың есігін қалай ашар едім. Бір сәт те ойланбастан дәмханаға кірдім де, өзіме кешкі тамақ сатып алдым: жарты пенске бір майлы таба нан, ас бұршақты пудингтің бір тілімін және жарты пенске шыжғырылған ақтүйнек сатып алдым. Бірден-ақ тағамға бас салғым келіп еді, бірақ мен панасыз балаларды аңдып, олардың қолындағысын тартып алатын зұлымдардың бар екенін естіген едім. Сонан да өз тағамымды

қырыққабаттың жапырағына орап, сол жерде бәрін де, бір түйір ұнтағын да қалдырмастан соғып алдым.

Қарным әбден тойды деп айта алмаймын. Мен үш есе көп ас жей алар едім, дегенмен ішіме ел қонғандай болды. Ойым қайтадан кішкентай Поллиге орала берді. Қазір қалай екен? Ол менімен сөйлесе алмайды, бірақ менің жылағаным оған ұнамайтынын байқайтынмын. Миссис Берк мені сабаған кезде кіп-кішкентай Полли мені мойнымнан құшақтап, елжірей сүйетін.

Қиналғаным сонша, үйге қайтқым келіп кетті. Немесе көршілердің бірі кішкене Поллидің не болғанын, біздің үйдің не істеп жатқанын айтып бергенше көше жағалап жүре тұрғым келді.

Әбден қараңғы түскен және Смитфилд базарынан басталатын жолда маған жүргіншілер аз кездесті. Мен жан-жағыма қарап, өте сақ жүріп келем. Әкеме немесе миссис Беркке ұқсаған біреу көрінсе, қалтарысқа тығыла қаламын. Бірақ текке қорыққан екенмін, сөйтіп, мен Тернмилл көшесінің жартысын жүріп өттім. Кенет шолақ көшеге таяп қалған кезде достарымның біріне кездестім. Ол — менен үш-төрт жас үлкен Джерри Пеп деген бала. Айтпақшы, мен оған емес, ол маған соқтықты. Ол көшені кесе, тұра маған қарай жүгіріп, мені көргеніне қуанғандай, құшақтай алды.

— Джим! Жан досым! — деп айқайлады ол. — Қайда бара жатырсың?

— Өзім де білмеймін, Джерри, — деп жауап бердім. — Үйге барып, не болғанын көрейін деп едім...

— Сен үйге бармап па едің? Қашып кеткеннен кейін таңертеңнен бері болған жоқсың ба?

— Иә, мен күні бойы далада болдым. Біздің үйде не болып жатыр, Джерри? Сен түстен кейін кішкентай Поллиді көрген жоқсың ба?

Пеп менің сұрағыма жауап берген жоқ.

— Егер сен үйде болмасаң, онда тезірек жет! — деді ол менің жағамнан ұстаған бойы біздің үйге қарай итере бастады. — Жүр, жүр енді.

Джерридің бұл қылығы маған күмәнді көрінді.

— Мен үйге қалаған кезімде барамын, — деп жол үстіне отыра кеттім. — Мені итермелеп керегі жоқ, Пеп.

— Мен бе сені итерген? Ойлап тапқанын қара. Мен несіне сені итермекпін? Сен өзің ғой үйге бара жатырмын деген. Саған қызмет ететіндей сен кім едің!

— Қайдағы қызмет, Джерри?

— Қандай дейді? Қандай екені белгілі емес пе. Ана жақта сені іздеп, ұлардай шулап жатыр. Әкең де, шешең де, кішкентай Полли де, тіпті тыңдаудың өзі аянышты. Сенсіз кешкі асқа да отырғылары жоқ, ал саған үп-үлкен ақтүйнегі бар ет пудингі әзір тұр. Мен былай ойлаймын: олар анда дүрлігіп, өздерінің сүйікті Джиммиін іздеп жатса, ол көшеде сенделіп, үйге қайтуға қорқып жүр. Барайын да, оған еш қорқудың керегі жоқ деп айтайын. Міне, келгенім осылай. Ал сен көшеде тырайып жатып, мені өтірік айтады деп ойлайсың.

Мен Джерридің бетіне тура қарадым. Газ шамның жарығымен оның жүзі адал көрінді де мен күмәндануды қойдым. Дегенмен оның әңгімесі мүлдем қисынсыз-ақ. Бәрі мені ойлап, жылап жатыр ма? Бәрі де мен туралы ет жүрегі елжіреп айтып жатқаны ма? Ет пудингі менсіз суып қалғаны ма? Ұялғанымды сезіндім, тіпті көзіме жас оралды.

— Джерри, сен осы шын айтып тұрсың ба? — деп орнымнан атып тұрдым. — Шын екеніне сенімдісің бе? Егер сен шын айтпасаң, маған қалай тиетінін білесің ғой. Шешемнің мені қалай сабап, шашымнан қалай жұлатынын білесің ғой.

— Шын айтпай не болыпты. Бүкіл үй өртеніп жатқандай бәрі ұлардай шулап жатыр. Ал бәрінен де әкең көп егілуде. Егер маған сенбесең, көшеге барып көрші. Әкеңнің даусы Уинкшиптің үйінің жанынан да естіледі. Ол қайғыдан асылуға әзір.

— Ал Полли ше? Ол қалай? Сау ма? Мен оны басқыштан құлатып алғанда бір жерін сындырып алған жоқ па? Мұрнын қанатып алмап па? Басы ісіп кеткен жоқ па?

— Сенің қорқатының сол екен ғой! — деді көңілденген Джерри. — Жә, болар, Полли сап-сау. Көтеріп алғанда ол жын қысқандай тоқтаусыз күлген. Оны көтеріп алып, дәрігерге әкеткен...

— Қалайша? Неге дәрігерге апарды, Джерри? Сен еш жерің ауыртқан жоқ деп едің ғой.

— Мен дәрігерге деп айттым ба? — деді Пеп менен ұялғанынан бетін бұрып.

— Айттың, айттың, Пеп. Сен оны дәрігерге алып кетті дедің.

— Ал мен неге алып кеткенін айтқан жоқпын ғой. Оны көтеріп алғанда сақылдап күлді деп қана айттым. Оның қатты күлгені сонша, ол ауырып қалмады ма деп қорқып, оны дәрігерге алып кетті.

Мұны естігеннен кейін әбден сабама түсіп, кеудемді шаттық кернеген мен қуана секіріп, біздің көшеге қарай жүгіре жөнелдім. Джерри көңілдене сөйлеп, жанымда келе жатыр, Тұйық көшеге бірнеше қадам қалған кезде өзім талай рет ойнап жүрген бір бала жүгіріп келіп, менің қолыма шап берді.

— Ұстадық! Ұстадық! — деп айқай салды ол. — Бөліп аламыз ғой, Джерри? Бөліп алатынымыз шын емес пе?

— Жоқ! — деп айқайлады Джерри, менің екінші қолымнан ұстай беріп.

— Сенімен бөліспеймін. Мұның әкесі үйге келгеннен бері осыны іздеп жүрмін. Оны бірінші ұстаған мен.

— Ал мен саған бөліп аламыз деймін! — деп басқа бала да қолымды қатты қыса түсіп. — Мен сендерді кездескенге дейін аңдып жүрдім. Менсіз сен оны үйіне алып бара алмас едің. Бос сөздің керегі не, апарайық оны.

— Кет әрі! Джемс Бализет не деді? Кім мұны бірінші болып ұстап алып, үйге әкелсе, соған шиллинг тиесілі. Ал екінші туралы ештеңе де айтқан жоқ.

— Жә, жә, үндеме! — деді басқа бала. Ол Джерриден әлді болатын.

— Жүр, жүр енді, — бұл маған айтылған сөздер. — Сенімен бөлісіп жатпаймын. Қолына түссең болды, сені әкең сілейтіп салады, Джимми.

Қорыққанымнан есім шыққан мен олардың қолынан сытылып шығып, тас көшеге жата қалып, «үйге қарай бір қадам басқанша өлгенім артық!» деп айқайға бастым. Жалаңаяқ болған соң қатты тебе алмасам да, өз жауларыма берілмей тырмысып жатырмын.

Екі бала да ызадан жарылардай. Жексұрын сатқын Джерри ашудан аппақ құдай болып кеткен. Оның қорқақ екенін бәрі де білетін, бірақ қазір ол батыл болып жанығып тұр. Ол өзінің қарсыласына қарай бұрылып, жұдырығын оның тұмсығына қонжитты. Соққыдан есеңгіреген бала бір сәт оған селт етпестен қарап, үнсіз ғана мұрнын үйкелеп тұр. Содан кейін кенет бір аттап Джерриге тап беріп, оны жерге жығып салып, бар күшімен төмпештеп берсін.

Менің жауымның мына қырсыққа ұшырағаны жаныма жаққаны сонша, басыма төнген қауіпті де ұмытып, төбелестің қызығына бірер минөт қарап қалыппын. Дегенмен басыма бір ой сап ете қалды: «Олар төбелесіп жатқанда менің құтылуым керек». Мен сол сәтте атып тұрдым да, жұлдыздай зымырап қаша жөнелдім, ал менің қарсыластарым көшенің лас шаңында аунап, бірін-бірі төмпештеп жатты.

IV

МЕН ҮРІП ҮЙРЕНДІМ. ЖАҢА ТАНЫСТАР

Мен тағы да келген жағыма қарай жүгіре жөнелдім, сөйтіп, Смитфилдке, бүгінгі күннің басым көпшілігін өткізген базардың тұсына қарай қайта келдім. Соңымнан қуған ешкім де жоқ, ал базарда мен кеткен жарты сағаттан бұрынғыдан да қараңғы әрі тып-тыныш екен. Енді мен үйге қайтудың ессіздік екенін білдім. Джерри Пеппен, оның жолдасымен сөйлескеннен кейін әкем де, миссис Берк те маған қатты ашулы екеніне көзім жетті. Әкем менің сыбағамды беруге

асыққаны сонша, мені ұстап әкелгенге бүтіндей бір шиллинг бермек болыпты. Бұл ол үшін көп ақша: бір шиллингке ол өзіне үш саптыаяқ сыра сатып алар еді. Ал үйге оралмайтын болсам, не істеуім керек? Мен қайда ұйықтаймын?

Бұған дейін мен қашанда кереуетте ұйықтайтынмын. Өте ыңғайсыз болатын, бірақ кереуеттің аты кереует қой. Ал енді ше? Сонда осы отырған жерімде ұйықтамақпын ба? Солай болса ше? Мен жақсылап тойып алдым, ал түн онша салқын емес. Бір түн жатып шығуға болады. Осы жерде бұрышта бүрісіп ұйықтаймын. Күн қазір ерте шығады, содан кейін...

Содан кейін... иә, содан кейін не істеймін? ұйқыға кетер алдында қандай жұмыспен айналысуды ойластыруым керек, ал ертең таңертеңнен бастап, өзіме жұмыс іздеуім керек. Қандай жұмысты қолға алсам екен? Әрине, үруді. Ертең бір базарға барамын да, бір зат тасушыны тауып алып, оған өз қызметімді ұсынамын. Ал менің даусым соншалықты сыңғырлауық болмаса қайтем? Айқайлап көру керек.

Әлі кеш емес, бар-жоғы сағат онға кетті. Мен шошқа қатарының ортасына шығып, сол жерде жаттыға бастадым.

Тегі, қандай гүл мен жеміс сатпақпын? Гүл ішіндегі ең өтімдісі — сарыбас гүл, қазір оны көптеп алып жатыр.

— Сарыбас гүл! Иісі ғажап сарыбас гүл!

Даусым өзіме қатты шыққандай болғанымен, нағыз зат тасушылардікіндей зор емес. «Б-ас-гүл» деп соза түскен дұрыс. Тағы да айқайлап көрейін.

— Сары-бас гүл, жаңа үзілген, иісі керемет сарыбасгүл.

Мұным біршама жақсы шықты. Мен қараңғы қатарларды аралап, 15 минөттей әрлі-берлі жүріп, сарыбасгүлді айқайлап сатып жүрдім. Гүл толы себет тасып жүрген қиялымдағы есекке «өк-өк» деп айқайлап қойып, майда тиын қожасына иіліп сәлем беріп қоямын. Сарыбасгүлді сатуды әжептәуір үйреніп алған соң, енді қойбүлдірген сатуға кірістім. Сөйтсем, қойбүлдіргенді айқайлап өткізу тіпті қиын екен.

— Тәтті қойбүлдірген, қаны тамып тұрған қойбүлдірген, қойбүлдірген алыңыздар! — деп, даусымды қалай құбылтсам да, мәнерлеп айта алар емеспін. Талай рет қайталағаннан кейін барып, әйтеуір қойбүлдірген турасында жар салуды әжептәуір үйренгендей болдым. Осы кезде қойманың бұрышына екі баланың тығылғанын байқап қалған едім. Маған ол екеуі Джерри Пеп пен оның қарсыласы сияқты көрінді. Екеуі соғысты аяқтап, маған қарсы бірге тізе қосып, қимылдамақ сияқты. Мен оларға қарай бұрылған кезде екеуінің біреуі тығылған жерінен атып шығып, менің шашыма жармаса түсті.

— Тәтті қойбүлдірген! Піскен қойбүлдірген! — деп мені мазақтай айқайлап, әр сөзін айтқан сайын шашымнан жұлқып қояды. — Несіне айқай саласың? Баяғыда төсекте ұйықтап жатудың орнына, базарда шу көтеруге қандай қақың бар? ә?

Ол ашуланған полицейдің даусы мен қимылына салып тұр. Мені шашымнан жұлғанда жанымды көзіме көрсетсе де, оған бұрылған кезде қуанып кеттім. Бұл Джерри Пеп те емес, оның қарсыласы да емес, басқа балалар. Ендеше, олар мені үйге қарай сүйремейді.

— Естисің бе, бала, — деп әзілін жалғастырды менің «полицейім», қазір үйіңе тай, әйтпесе полицияға апарып тапсырамын.

— Үйіңізге өзіңіз тартыңыз! — деп жауап беріп, оның қолынан босанбақшы болдым. — Маған несіне жабыса қалдыңыз?

— Біз үйге-ақ бара жатырмыз, — деп жауап берді жолдасының қызығына мәз болған бала. — Біз театрда болдық, енді үйге бара жатырмыз.

Содан кейін серігіне қарап, былай деп қосты:

— Шынында да кетейік, Моулди. Біз бұлай түн асқанша Вестминистрге¹ жете алмаймыз.

Мен әкеммен бірге бірнеше рет Ковентгарденде болғанмын және бұл базар Вестминистрдің өзінде не жаныңда екенін

¹ *Вестминистр* — ағылшын корольдігінің ордасы.



білетінмін. Бірақ оған қалай баратынын білмейтін едім, содан балалардан сұрап алуды ұйғардым.

— Вестминистрдің қай жерінде тұрасыңдар? — деп сұрадым соңғы сөйлеген баладан.

— Әрине, ең жақсы жерінде, — деп жауап берді ол.

— Ал Ковентгарденге дейін сендерден жақын ба?

— Ковентгарден театрына дейін бе? — деп сұрады Моулди.

— Біздің арбамызбен екі минуттік жер, біз Рипстон екеуміз онда өзімізге қашанда ложа аламыз. Шын ғой, Рипстон?

— Жә, жетер бос мылжыңдауың, — деп тоқтатты оны Рипстон. — Біз шынында да Ковентгарден базарынан да, театрынан да жақын тұрамыз. Дельфте тұрамыз. Ал, бала, сен ше?

«Мен қайда тұрсам да бәрібір емес пе?» деп ойладым. Ковентгарденде осы Смитфилдтегідей қолайлы түнемелік жай тауып ала алмаймын ба. Егер осы балалармен бірге кетсем, олар маған жол көрсетер, сөйтіп, мен ертең орнымда боламын ғой».

— Жүріңдер, — дедім мен, кеш болып кетті.

— Ал сен қайда барасың?» — деп таңырқай сұрады Моулди.

— Мен сендермен барамын, — дедім батыл үнмен.

— Ал біз Дельфке барамыз.

— Ендеше, мен де сол жаққа.

— Ал сен «Дарбазада» тұрасың ба?»

— Қай «Дарбаза»? Сіз Дельф деген жоқсыз ба?»

— Иә, Дарбаза ма, Дельф пе — бәрібір ғой.

— Ай, мен мұны білген жоқпын. Білуім де мүмкін емес: мен ол жақты ешқашан болған емеспін.

— Ешқашан болған жоқпын?! Сен сол жақта тұрамын дедің ғой.

— Жоқ, мен ешқайда да тұрмаймын, менің ешқандай үйім жоқ.

— Ал бұл дегенің ештеңе де емес! — деп айқайлап жіберді Моулди. — Әр адамның үйі бар. Ал сенің бұрынғы үйің қайда?»

— Менің үйім бе?»

Осы бейтаныс балаларға өзімнің жайымды айтқым келмеп еді, олар желімше жабысып алып, сұрақтың астына алған соң өзімнің үйсіз қаңғып жүргенімді айттым. Десе де, сырыңды оларға айтуға қорықпаса да болады. Олар өз бетімен өмір сүріп жүргендер, менің де бір жерге тоқтауыма және жұмыс табуыма көмектесіп қалар, сірә.

— Ал мен бәрін айтып берсем, сендер мені ұстап бермеуге уәде етесіңдер ме?» — деп сұрадым.

Олар мұндай ұсақтыққа бармайтындарын айтып, маған салтанатты түрде ант етті.

— Міне, көріп тұрсыңдар, мен үйімде әкеммен бірге тұрып, бүгінгі түнге дейін сонда қонып келдім.

— Ал сен қашып кеттің ғой. Сөйтіп, енді үйге қайтқың келмей ме?»

— Ешқашан да қайтпаймын. Маған қайта оралуға болмайды! — дедім мен сенімді түрде.

— Түсінемін, — деді Моулди. — Сонда сен нені жымқырып кеттің?

— Жымқырғаны қалай?

— Иә, жымқырдың. Сені ұстап алды ма? Әлде сен оңай қашып кеттің бе?

— Ұстағаны қалай? Мен ештеңе де ұрлаған жоқпын. Ол жақта мені сабаған соң қаштым.

Балалар сенімсіз түрде бір-біріне қарады.

— Сонда сен сабағаны үшін ғана қашып кеттің бе? — деп сұрады Рипстон.

— Сол үшін ғана ма? Егер сендерді де сондай соққыға жыққанда «сол үшін ғана ма» демес едіңдер.

— Ал ол жерде саған тамақ беріп, жағдай жасап па еді?

— Тамақ берген.

— Сонда сенің ақ сейсепті нағыз көрпе-төсегің мен жастығың болды ма?

— Әрине.

— Қалай, ә? Оның үстіне «әрине» дейді! — деп айқайлап жіберді Рипстон. — Сонда сен бәрін де: дайын тамақты, салулы төсекті тастап, сабағаны үшін ғана қашып кеткеніңе бізді сенеді дейсің бе?! Сен нағыз өтірікшісің.

— Немесе нағыз кешенің өзі! — деді батыл үнмен Моулди.

— Сенгілерің келмесе, сенбей-ақ қойыңдар, — дедім мен. — Тек мен сендерге бар шынымды айттым.

— Мүмкін, солай да болар! — деп ескертті Рипстон. — Дүниеде талай нәрселер болып жатады. Бірақ мен саған мынаны айтайын: жақсы үй мен дәмді тағамды ұрып-соққаны үшін ғана тастап кеткен адамды үйсіз-күйсіз қалдырған дұрыс. Мұны қадірлей білсін.

— Мені таңертеңнен кешке дейін біреу сабасын, бірақ жақсы баспана берсе болғаны, — деді Моулди.

— Бірақ бұл оған тиімді болмаса керек, Моулди, — деді күліп оның досы. — Жоқ, бұл баланың ұрып-соққаннан қашқанына сенбеймін. Ол бірдеңе ұрлаған немесе бірдеңені өртеп жіберген шығар. Бірақ біз айтып қояды деп қорқады. Бұл түсінікті де, өйткені ол бізді білмейді ғой.

Осылай әңгімелесе отырып, біз тез жүріп келеміз. Дегенмен біз жиі тоқтай да береміз, өйткені Моулдидің аяғынан үлкен етігі түсіп қала береді. Мен өмірімде көрмеген бұралаң да ирелең көшелермен келеміз. Тіпті күндіздің өзінде мұндай көшелермен жүру оңай емес. Ал қазір түн, көзге түртсе көргісіз тас қараңғы, бірақ мен қадам басқан сайын үйден алыстап бара жатқанымды сезіп келемін. Менің үйдегі өмірім итке бергісіз, ал жаңа серіктерімнің айтуына қарағанда оны тастап кеткен мен ақымақпын. Мен өкіне бастадым, сөйтіп, көзіме жас үйірілді. Біз одан әрі жүріп келеміз, сөйтіп, ақырында шам жарығы мол, кең көшеге шықтық.

V

ДАРБАЗА

Кеш түскен, он бір шамасы болатын, бірақ көшеде халық көп. Бізді әр қадам сайын итермелейді, бірақ біз қиналсақ та ілгері келеміз.

— Тезірек жүрейік! — деп ескертті маған қарай бұрылған Рипстон. — Енді көп қалған жоқ.

Бұл ескерту мені қуантып тастады. Біз кең жарық көшеге шыққанымызда: «Менің серіктерім қандай жерде тұрады, мен де осында қуана өмір сүрер едім!» — деп ойлады. Бірақ кейіннен ішіме күмән енді. Олар үйге барамыз деді, бірақ мені өздерімен бірге шақырған жоқ. Олар өздері тұратын үйге еніп кетеді де, мені көшенің ортасында қалдырады. Рипстонның «Жүрейік, енді алыс емес» деген сөздері қуантты, демек, олардың мені үйге шақырғаны деп ойлады.

Кенет менің екі серігім жоғалып кетті. Олар қайда кетті? Байқамай мен оларды басып озған шығармын? Бұл шындыққа жанаспаса да мен артыма бұрылып, олардың атын атап шақыра бастадым. Мен тағы да алға қарай жүгіріп, бар даусыммен: «Рипстон» деп айқай салдым. Жауап жоқ.

Тағы да түңіліп кеттім. Балалар менімен осылай әзілдеген шығар. Олардың менімен бірге жүргісі келмей, көшенің ортасында қалдырған болар. Олар мені Ковентгарденнен

мүлдем басқа жерге әкелген шығар. Сөйтіп, мен Ковентгарденнен оларға кездескенге дейінгіден де алыста шығармын. Барлық осы ойлардың күйіншіті екені соншалық, мен өз қайғымды баса алар емеспін. Мен шам бағанасына сүйеніп, қатты жылай бастадым. Кенет мен таныс дауысты естідім:

— Смитфилд, сен қайдасың?

Менің атым Смитфилд емес, бірақ жолдастарым мені кездестірген жердің аты осылай болғандықтан, әрі атымды білмеген соң мені осылай атаса керек. Менің естігенім Моулдидің даусы болатын. Бұған еш күмәнім жоқ.

— Мен мұндамын, — деп жауап бердім. — Ал сендер қайдасыңдар?

— Біз осындамыз. Сен көрмей тұрсың ба?

Мен ешкімді де көрген жоқпын. Дауыс жер астынан шыққандай. Қазір мен тап болған сөрелермен қатар аласа дуал созылып жатыр. Жерге таяу тұсында дөңгелек тесіктер жасалыпты. Ол ішке қарай бастайды. Дауыс сол жерден шыққан шығар?

Кенет мені біреу қолымнан ұстай алды.

— Сен Моулдиісің бе? — деп сұрадым мен.

— Әрине, мен, — деп асыға жауап берді ол. — Жүр енді, жүргің келсе.

Сөйтіп, Моулди қабырғадан дөңгелек тесіктердің біріне енгізіп жіберді. Мұрныма сырдың иісі келіп, бетіме салқын ауа лебі келгендей. Айналаның тас қараңғылығы сонша, аяқ астындағы көрінбейді. Аңның ініндей ішке бастаған осынау қорқынышты жолмен бірнеше қадам басқан соң менің үрейімнің ұшқ аны сонша, тоқтауға мәжбүр болдым.

— Сендер осында тұрасыңдар ма, Моулди? — деп сұрадым.

— Осында, төменде, — деп жауап берді ол, — тағы да біршама төмен түсу керек. Жүр, несіне қорқасың?

— Мұнда тастай қараңғы, Моулди.

— Сен құс мамықта үйренгенсің ғой, ал біз мұндай әлпешті көрмегенбіз. Жүр, әйтпесе қолымды жібер, мені ұстамай.

Мен бар күшіммен оның қолына жармастым. Не істерімді білмеймін. Ол менің қолымның қалай дірілдегенін сезсе керек.

— Жә, қорқатын несі бар, балапан, — деді ол маған жылы сөйлеп. — Тезірек жүрейік, сонда біз арба немесе фургон тауып, бір құшақ сабанға ие боламыз. Жайғасатын нәрсе сонда табылады. Мен онымен бірге қараңғы, әрі дымқыл өтер жолға қарай одан әрі өте бердім. Бұл өтер тұстың төмен құлдилағаны әрі тайғанақ екені сонша, менің аяғымда башмақ болса, талай рет құлайтын едім. Осы өтер жолдың соңында Моулди айтқан сабаны бар арба табылса, соған жатып тынықсақ қой деп ойлап, мен өзімді жұбатып келемін. Өзімен бірге жатуға шақырған Моулди — қандай қайырымды бала. Біз төмен түсіп келеміз, түсіп келеміз, ал бетке соққан жел салқын бола түсуде. Ақырында біз Рипстонды қуып жеттік. Ол бізге бұрқылдап сөйлей жөнелгенде, біз сасқалақтап қалдық. Ол енді бірде-бір бос арба табылмайды деп айтты.

— Біз қайда барамыз? — деп сұрадым мен жасқана. — Бұл жол қайда апарады?

— Егер тура жүре берсең, дәл өзенге шығарады, — деп күле жауап берді Рипстон.

— Оны неге қорқытасың? — деп араласты Моулди. — Иә, Смитфилд, егер тура жүре берсең, жол өзенге алып шығады. Бірақ біз тура жүрмей, бұрыламыз.

Менің үрейім ұшып, кері қайтар болсам жолды таба алмаспын деп еріп келемін. Айнала бұрынғысынша қап-қараңғы. Моулди мені қолымнан жетелеп келді, ал Рипстон қайдағы бір әнді айтып, артта келеді. Біз бір жағына бұрылдық та, басқышпен төмен қарай түстік. Ең төменгі басқышқа жеткен соң, Моулди:

— Міне, енді жеттік. Рип, сен оның тағы бір қолынан ұста, әйтпесе ол бірдеңеге соғылып, басын жарып алар, — деді.

— Аяғыңды көтер, Смитфилд, — деп ақыл айтты Рипстон. — Егер жып-жылы, жұп-жұмсақ бірдеңені бассаң, тон екен деп қалма, әйтпесе тістеп алады.

— Кім тістеп алады? — деп қорқа сұрадым да шошқалы базарда қалмағаныма өкіндім.



— Кім? Егеуқұйрық! — деп жауап берді Рипстон менің үрейленгеніме масаттанып. — Мұнда үлкендігі мысықтай егеуқұйрық өріп жүреді.

— Бос қылжақты қой. Алға жүрейік, — деп тоқтатты досын Моулди.

Біз қайда келдік? Тастай қараңғы әрі қорқынышты. Кірпіш қабырғадан бу шығып жатыр. Май шырақтың әр тұстан жарығы көрінеді. Осындай майшам қалдығы біз төмен түскен баспалдақтан жиырма қадамдай жерде ескі пышаққа орнатылыпты. Оның жарығы етігін жөндеп жатқан үсті алба-жұлба шалға түсіп тұр. Шал балық себетінің үстінде отыр. Оның құралы — ескі шанышқы мен бір үзік жуан жіп.

Шанышқымен етігін тесіп, ернімен жіпті ұштап, оны кіргізу үшін майшамға жақындатып ұстайды. Мұрнына көзілдірік ілінген. Қолы дірілдейді, сондықтан тесікті көрсе де, оған жіпті бірден енгізе алмайды. Шалға жарық түсіріп тұрған майшамның сәулесі бірнеше бала жайғасқан арбаның алдыңғы тұсына да жетіп тұр. Олар шалдың шырағына балшық кесек лақтырып қояды. Бір лай кесек шалдың маңдайына тиді.

— Ха-ха-ха. Қара, Смитфилд, — деп күлді Моулди. — Қатып кетті. Сол керек шалға.

— Керегі сол дегенің не? Не істепті сонша? — деп сұрадым мен.

— О, ол барып тұрған сараң! — деп жауап берді Моулди. — Ана тастың астыңда көп ақша, көп алтын мен қымбат тастар тығылған дейді. Эх! Соны біз тауып алсақ қой.

Дәл осы сәтте дөп тиген лай кесек тесікке жібін жаңа ғана өткізген шалдың етігін ұшырып түсті. Енді ол еденнен етігін іздеп әуре, еңбектеп жүр. Балалар отырған арбадан көңілді күлкі естіледі.

— Балалар-ау, маған шаруамды бітіруге мұрсат берсеңдерші, — деп жалынады шал. — Менің бес-алты ілуім ғана қалды, сосын сендерге шырақты беремін. Сонда карта немесе басқа бірдеңе ойнайсыңдар.

— Ал, ағай, сен бізге ән айтып бер! — деген дауыс естілді арбадан. — Сонда біз саған тиіспейміз.

Шал дірілдеген даусымен ән айта бастады. Осы бір татулық жолыңдағы ісін бітіріп тастауға тырысып бағуда. Ол бірінші шумақты айтып болып, қайырмасына келгенде, балалар іліп әкетті. Осы сәтте дөп сілтенген лай кесек шалдың көзілдірігіндегі жалғыз әйнекті бітеп тастады. Тағы бір кесек шырақты сөндіріп, еденге құлатты. Арба жақтан бұрынғыдан да қатты күлкі естілді.

— Жүр, — деді Моулди, — мұнда біз істейтін ештеңе жоқ. Біздің арба ана жақта, артқы тұста.

Моулдиден мықтап ұстап, жолдастарымның соңынан ердім. Екеуі осы жерге әбден үйреніп алған сияқты. Олар

епті қимылдап, алға озып бара жатыр, ал мен болсам қараңғыда ештеңені де көре алмай, арбалардың тертелеріне сүрініп келемін. Тек шалдың шырағы ғана төңірекке әлсіз жарығын төгіп тұрған. Ал қалғандарын балалар мен үлкендер қоршап алып, дымқыл еденде сабанның үстінде карта ойнап, темекі тартып, неше түрлі боғауызды сыпыртып жатыр. Ақыр соңында тоқтадық-ау.

— Тоқта, Смитфилд, міне, біздің арба, — деді Моулди.

Мен ештеңені де көріп тұрған жоқпын, бірақ Моулди доңғалақ шыбықтары арқылы көтеріліп жатқанын естідім.

— Қалай, ана жақта? — деп сұрады Рипстон.

— Тамаша, — деп жауап берді Моулди арбадан.

— Ендеше, көтеріл, — деді Рипстон маған. — Аяғыңды доңғалаққа қой, мен көтеріп жіберейін.

Ол шынында да мені демеп жіберді, бірақ күштеп жіберсе керек, мен арбаның ішіне етпеттей құладым.

— Тамаша деп едің ғой, мұнда сабан да жоқ, — деп күңкілдеді Рипстон.

— Бір талы да жоқ — деп қостады Моулди.

— Мен осылай боларын біліп едім, — деп күңкілдеп жүр Рипстон. — Мен доңғалаққа аяғымды салғанда-ақ бұл арбамен көмір тасығанын бірден сезгенмін.

— Ал сен, — деді Моулди, — арбакешке көмір тасуын қойып, әр кеш сайын бір құшақ сабан қалдыр, әйтпесе біз пәтерімізді өзгертеміз деп жазып кетпейсің бе?

— Сабанның жоғы да ештеңе етпес-ау, — деді Рипстон. — Ең бастысы қарғыс атқыр көмірдің шаңы мен тозаңы ауыз бен мұрынға толады ғой.

— Қалай, Смитфилд, саған бұл жер ұнай ма?

— Біз осында жатамыз ба?

— Біздің пәтеріміз осы. Төрлет, үйіңдегідей сезін! — деп мейірлене сөйледі Моулди.

— Ал, төсектерің қайда? Сендердің төсектерің бар емес пе?

— Болғанда қандай. Мамық төсек, жайлы жастық пен ақ жаймалар. Бізде бәрі де бар, бірақ соның қайда кеткенін білмеймін.

Сөйтіп, Моулди жоғалған нәрсені іздегендей арбаның ішін сипалай бастады.

— Әх! — деді содан кейін. — Төсек жайлы соға түс. Міне, біздің төсек! — деп ол өкшесімен арбаның жақтауын теуіп қалды. — Қатты десең жерге түс, онда лай көп. Сен тыңдама оны, Смитфилд, — деді Рипстон. — Бүгін бұл жерде әдеттегідей нашарлау, өйткені сабан жоқ. Ал сабан барда мұнда тамаша. Дірдек қаққан салқын түнде қандай бейшара екеніңді ойлап, тағы да жайдақ тақтайда ұйықтаймын ғой деп келесің. Кенет арбадан құп-құрғақ сабанды көресің де, басыңмен бірге көміле түссең де өзің білесің.

Осыны есіне түсіргенде Рипстон дәмді тағам жегендей, таңдайын қақты.

— Сендер шешінгенде тоңбайсыңдар ма? — деп сұрадым мен.

— Білмеймін! — деп қысқа қайырды Рипстон. — Елқашан шешініп көрген жоқпыз.

— Мен соңғы рет өткен жылдың тамызыңда шешінгем, — деді Моулди. — Дегенмен ұйықтайтын кез болды, ал жатайық. Кім жастық болады? Смитфилд, сен болмайсың ба?

Менің әбден күйзелгенім сонша, не болсам да маған енді бәрібір еді. Сондықтан мен келісе салдым.

— Мүмкін, сенің «жастық» болғың келмейтін шығар? Онда сен солай деп айт, ұялма! — деп ескертті Рипстон. — Өйткені әркімнің өз қалауы бар ғой. Біреуге басының жұмсақ, ал басқа біреуге бойының жылы болғаны ұнайды. Саған ұнайтыны не?

— Мен өзіме жылы әрі жұмсақ болғанын ұнатамын, — дедім жыламсырап.

— Қарай гөр өзін. Екеуін де тауып бер оған! — деп мысқылдады Моулди. — Ал тыңда, жастық болғың келсе, мында шық және қыңқылдама. Бізге жылауықтың керегі жоқ. Сені босқа ерткен екенбіз, өзі.

Мен көз жасымды тыя алмағандықтан ғана жылап тұрғаныма, егер маған қалай жастық болуды көрсетсе, бұған да әзір екеніме Моулдиді сендіруге тырысып жатырмын.

— Көрсететін түгі жоқ, — деп жауап берді Моулди жұмсара түсіп. — Біреу үстіне басын салсын деп жатқан адам — жастық. Бұдан оған жылы, басқаларға жұмсақ болмақ.

— Былай кетіңдер жолдан: мен жастық боламын! — деп айқайлады Рипстон, Сөйтіп, арбаның арт жағына құлай кетті. — Жатыңдар!

— Мен сияқты жат, Смитфилд, — деді Моулди жайғаса беріп.

Бірақ ол сияқты жата қою оңай емес: ол Рипстонның бүкіл денесін ала жастанды да маған тек аяқ жағын ғана қалдырды. Күңкілдегеннен ештеңе шықпайтын болған соң, әйтеуір, жайғасуға тырыстым.

— Ұйықтағың келмей ме, Рип? — деп сұрады Моулди бірнеше минут үнсіздіктен кейін.

— Келеді. Ал сенің ше?

— Мен бүгінгідей шайқастан кейін мүлдем ұйықтай алар емеспін. Мынаны көз алдыңа келтіріп көрші: сенің кемеңе үш қарақшы басып кіреді, ал сенің үстіңде жалғыз көйлек пен шалбар ғана бар және екі пышағыңнан басқа еш қаруың жоқ.

— Иә, театрда талай қызықты көрсете береді! — деді Рипстон ұйқылы-ояу. — Қайырлы түн.

Тағы да тыныштық орнап, оны тағы да Моулди бұзды:

— Ұйықтап жатырсың ба, Рип? Рип.

— Егер осылай былшылдай берсең, ендігәрі мені жастық ете алмайсың! — деді Рипстон ашулы үнмен. — Саған не керек?

— Қызық адамсың сен. Не жатқанды, не көргендерімізді айтсақ жаратпайсың.

— Соған бола мені ояттың ба?

— Сенен мынаны сұрайын деп едім: қалай ойлайсың, қарақшылар құдыққа кәдімгі адамның денесін тастады ма?

— Әрине. Қаптағы тесіктен мен оның қолын көрдім, — деді Рипстон мысқылдап.

— Сен ол жерде нағыз терең құдық болды деп ойлайсың ба?

— Болғанда қандай. Әрине.

— Ал мен судың шолпылдағанын естіген жоқпын, — деп Моулди қояр емес.

— Сен дұрыс естімегенсің. Өйткені құдық өте терең, бірден ести алмайсың, ал мен үш минөттен кейін естідім.

Моулди үнсіз қалды, бірақ ол жиі дем алып жатыр. Оның әңгімелескісі келетіні байқалып тұр. Ол Рипстонды сөзге тартпақ болып еді, жауап ретінде қатты қорыл естілді. Ол маған да бірдеңе айтып еді, мен ұйықтап жатқан сыңай таныттым.

Ал шынында менің ұйқым келер емес. Көзімнің жасын тыя алмай, Рипстонның тізесіне басымды салып, өзімнің өткенім туралы, үйден қашып кеткенім туралы және болашақта өзімді не күтіп тұрғаны туралы ойладым. Бұдан да миссис Берктің тоқпағына шыдағанымның өзі дұрыс еді. Әкем мені белбеумен соғар еді. Сөйтіп, қазір бәрі де артта қалып, жылы төсекте жатып, кішкентай Поллиді уатар едім. Әрине, жеген соққының ізі де, оны ауырсынғаным да әлі кете қойған жоқ, бірақ мен осы сәтте біздің шолақ көшедегі нөмірі 19-үйге өзімді қайта апарып, барлық кінәмді кешіретін болса, қандай азапқа да шыдап беруге әзір едім.

Бейшара кішкентай Полли. Мен ол туралы көзіме жас алмай ойлай алмаймын, тіпті ойымнан кетер емес.

Мүмкін, ол баспалдақтың тас басқышына құлаған сәтте өліп қалып, қазір бөлмеде жалғыз, жансыз жатқан шығар. Соңғы ойдың үрейлі болғаны сонша, менің көз жасым сап тыйылды. Мен өзімнің анамды, ол қайтыс болған кешті, оны жерлеген күнді еске түсірдім.

Кенет біреулердің жүрген дыбысы естілді. Карта ойнап отырған жастар мен балалар арбаларға қарай айқайлап жүгіріп келді:

— Шырақтарды сөндіріңдер! Қармақтар келе жатыр.

Қармақтар деп полицейлерді атайтынын білетінмін. Сөйтіп, кенет менің үрейім ұшып кетті. Сірә, миссис Берк менің қашып кеткенім туралы полицияға айтса керек, енді мені іздеп жатыр. Мен неге жастық бола салмадым? Сонда басқалардың астынан көрінбес едім ғой. Жүрген адамдар

жақындап келеді. Үш полицей біздің арбаға таяп келді. Бүкіл денем дірілдеп, маңдайымнан суық тер бұрқ етті. Полицейлердің бірі доңғалаққа шығып, қолшамымен біздің арбаға жарық түсірді.

Ол төменге секіріп түскенде ғана мен еркін дем алдым. Өз жұмыстары туралы әңгімелесіп, үшеуі де кетіп барады, ал аяқтарының дыбысы алыстай түсті. Біртіндеп барлық у-шу басылып, ұйықтағандардың қорылы мен егеу-құйрықтардың шиәылы ғана естіледі. Мен ұйқыға кеттім.

VI

«РИПСТОН, МОУЛДИ ЖӘНЕ К⁰» СЕРІКТЕСТІГІ

Басыма жастанған «жастығым» тұрып кетіп, басым күйменің түбіне тигенде әлі қатты ұйықтап жатқанмын. Мен көзімді уқалап, Моулдидің тұрғанын байқадым. Айнала әлі қаракөлеңке. Маған полицей осыдан бес минөт бұрын бізді шам жарығымен қарағандай көрінген. Мен мүлдем көз ілмегендей шаршап, қалжыраппын, сондықтан көп ойланып жатпастан басымның астына қолымды қойып, бұрышта қайтадан бүрісіп жаттым.

— Не болды саған, Смитфилд? — деп айқайлап жіберді Рипстон. — Аударылып жат. Күні бойы осы жерде отыра бермекпісің?

— Қазір әлі таң атқан жоқ, — деп күңкілдедім мен. — Тастай қараңғыда қайдағы күн.

— Саңдалыпсың! Тұр да қандай жарық екенін қара. Күн шыққалы қашан, мында кел, сонда өзің көресің.

Айнала әлі қараңғы. Бірақ Рипстон көрсеткен жақтан қарағанда, жалтыраған күміс шар тәрізді бірдеңе көрінеді. Жақсылап қарағаннан кейін мен оның күн сәулесі құйылып тұрған жай ғана саңылау екенін түсіндім. Сәулелі саңылаудан өзен көрінеді. Су бетін жыбырлаған толқын тербеп, күн сәулесімен шағылысады. Көк аспанның тоқымдай тұсынан шөп тиелген үлкен сүйретпе қайық ағыспен баяу жылжып барады.

— Кеттік, — дедім мен арбаның жақтауынан аяғымды асырып жатып, — күн шуағын төгіп жатқан жерге барайық. Осы қараңғы жерде отыра беретін несі бар.

— Әркім беті ауған жаққа барады да, — деп күңкілдеді Моулди. — Қалаған жағыңа бара бер.

— Ал сен Рипстонмен бармайсың ба?

— Біз күнде жүрген жағымызға барамыз, — деді ол. — Ковентгардқа. Өзен бойында не істейміз?

— Мүмкін, ол сүйек теруге баратын шығар, — деп ескертті Рипстон.

— Жақсы-ақ екен. Бір фунт сүйек үшін қара бақыр алмақ. Тіпті сол фунтты жинай аласың ба? Ал қайықшылар сені сойып салады. Олар жағаға келгендердің бәрі көмір ұрлайды деп ойлайды. Сен сүйек теруге барасың ба, Смитфилд?

— Жоқ, менің бұл істен хабарым жоқ.

— Сонда не істемек ойың бар?

— Маған бәрібір. Менің тек бір тілім нанға жетер бірдеңе табуым керек. «Ит болып үрумен» айналыспақпын. Бұл жақсы шығар?

Екі бала да бір-біріне қарап күліп жіберді.

— Мұны қайдан ойлап таптың? — деп сұрады Моулди. — Сонда сен біреудің қолында үріп көріп пе едің?

— Жоқ, мен байқап, үйреніп көрдім. Естеріңде ме, кеше базарда?

— Шынында ма? Е, сенің даусың жақсы екен ғой.

Осы мақтау менің жаныма жағып барады.

— Демек, мені өзіме қожайын тауып алып, сонымен бірге нан таба алады деп ойлайсың ба? — деп сұрады Моулдиден.

— Қожайынды мүмкін сен табарсың да, — деп жауап берді Моулди. — Ал нанға келсек... Ол қолын бір-ақ сілтеді. — Біз бұл жұмысты қолға алып көргенбіз және біздің көптеген таныс балаларымыз да көрген, онда жақсы ештеңе де жоқ. Рас қой, Рип?

— Әрине, — деп қостады Рипстон. — Не өмір ол? Таң қараңғысынан тұрып, арбаны базарға жеткізу керек. Содан кейін қожайын түрлі заттар сатып алғанша арбаны күзетесің.

Егер ол көкөніс сататын болса, оны жуып, орналастырасың, содан кейін күні бойы қаңғырып, көше аралап айқайлауың керек.

— Кешкісін, — деп қостай жөнелді Моулди, — бүкіл тауарды бір себетке жинап, оны көтеріп жүріп, барлық үйлердің жарығы сөнгенше айқайлауың керек. Сонда осының бәрі үшін сен не аласың? Тек тамағыңды ғана береді.

— Тамағыңның өзін дұрыс бермейді, — деп қосты Рипстон.

Бұл көңіл тыншығтар әңгіме емес. Мен «ит болып үрмекші» едім, және бұл үміт мені өз үйімнен кетіп, содан кейін Рипстон мен Моулдиге еріп, Ковентгарденге келуге мәжбүр еткен еді. Енді, міне, екі бала да осы іспен айналысып көріпті де, ол пайдасыз болған соң тастап кетіпті.

— Сендер нандарыңды қалай тауып жүрсіңдер? — деп сұрадым жолдастарымнан.

— Қалай табамыз? Әр түрлі, ретіне қарай, — деп жауап берді Моулди.

Осы кезде үшеуіміз кеше түнде келіп кірген тар өткелекпен келе жатқанбыз.

— Біз көзімізді ашып қарап, қолға түскеннің бәрін ала кетеміз, — деп түсіндірді Рипстон.

— Демек, біздің қолға түсірер ештеңеміз жоқ қой?

— Е, біздің таңдап жатар жайымыз жоқ! — деді Моулди.

— Кейде қуырылған шошқа етін жеп отырғаның қандай жақсы болса, кейде бір тілім нан да таба алмаймыз. Бәрі де бағыңа байланысты.

— Және біз бағымыз ашылып, істің сәті қашан түсерін де білмейміз. Тіпті кешегі кешті алайық, мысалға. Күні бойы біз ештеңе таба алмадық. Таңғы астан да, түскі астан да құр қалдық. Аузымызға бір түйір нәр алған жоқпыз. Қоқыс үйіндісінен қырыққабаттың бірер өзегін таптық, бар тамағымыз осы. Моулди енді қолын бір сілтеді. Сөйтіп, Дарбазаның астына барайық та ұйықтайық. Осы қаңғырғанымыз да жетер! — деді. Ал мен: «Тағы да біраз көрейік, ештеңе шықпаса қайтармыз» — дедім. Менің осыны айтуым мұң екен, біреудің «әй!» дегенін естідік. Бір

джентельменді көрдік, оның күйме жалдағысы келген. Моулди жүгіріп барып, оған күймені ертіп әкелді. Джентельмен оған алты пенс, ал айдаушы бір пенс берді. Сөйтіп, біз қарық болып қалдық. Бес пенске тамақ ішіп, екі пенске театрға бардық. Біз театрда жиі боламыз. Ал сен сахнаның не екенін білесің бе, Смитфилд?

— Мен оны тек балағанда ғана көргенмін.

— Е, оның жөні мүлдем бөлек. Біз нағыз театрға барып жүрміз. Онда «Қанишер капитан», «Қарақшының ажалы», «Шөл қарақшысы», «Қанға бөккен тонаушы» деген тамаша пьесалар қойылады.

Осы кезде біз өзен жағасына шықтық. Ол жер тыныш екен, сағат жаңа ғана бесті соқты.

Моулди бізді тоқтатты.

— Тыңдашы, — деді ол маған. — Төменге қарай жүруіміз үшін сен мынаны шешуің керек. Сен төмендегі өзенге барасың ба, әлде менімен және Рипстонмен Ковентгарденге барасың ба?

— Егер рұқсат етсеңдер, сендермен бірге жүрер едім.

— Бұған рұқсаттың керегі не? Әркім қалаған жағына бара алады. Сен ең бастысы қандай жұмыспен айналысатыныңды ойлап ал.

— Мен ешқандай жұмысты білмеймін. Мен мүлдем жалғызбын, неден бастап, неге кірерімді білмеймін, — деп жауап бердім. — Мені үйретулерің үшін сендермен бірге жүргім келеді.

— Ал сен нені қалайсың? — деп сұрады Рипстон. — Өз бетіңмен жұмыс істейсің бе, әлде бізбен бір үлесте боласың ба?

— Сендермен бірге үлеске кірсем деймін. — Мен пайдалы ұсынысқа қуана жармаса кеттім.

— Жақсы, сен барлығыңда да бізбен бірге үлеске кіресің, — деді Рипстон. — Бізбен бірге жұмыс істеп, ас ішіп, өмір сүресің.

— Әрине.

— Сонымен, сен бізбен бірге болып, біз істегеннің бәрін істейсің ғой? — деді Моулди.

— Тапқаныңның бәрін, алғаныңның бәрін бізге бересің, ештеңені де бізсіз жұмсамайтын боласың ғой?

— Ешқашанда. Мен оның жаман екенін білемін.

— Егер сені полиция ұстап алса, өзің құтылып кету үшін бізді сатып кетпейсің ғой?

— Жарайды. Сатпаймын.

Мен өзімнен нені талап етіп жатқанын толық түсінбесем де, бәріне келісіп жатырмын.

— Сен бізге сенімді жолдас болып, қорықпайсың да, сатпайсың да?

— Ешқашан.

— Ал онда қолыңды әкел. Біз жолдаспыз. Кеттік. Қазірден бастап жұмысқа кірісеміз.

Менің тағдырым шешілді. Бір күн, бір түн мен үйде болған жоқпын, ал енді менің үйге қайтуды ойлауға да батылым жетер емес. Оның үстіне менің жолдастарымның қазіргі тұрмысы маған үйдегі тірлігімнен артық көрінеді: оларды ұрып-соғып жатқан ешкім жоқ, олар ойына келгенді істеп, қалағанын жейді, кейде маған миссис Берк ешқашанда беріп көрмеген шошқа етіне де қарық болып қалады, тіпті театрға да барады екен. Біз Ковенгардқа жеткенге дейін мені осы ой мазалап болды.

Біз төбесі жабық базарға кірместен оны айналып жүрдік те қойдық. Бұл жерде арбалар мен қол арбаларға жүк тиелетін. Біз осылай көп жүрдік, содан мен жұмысымыз қашан басталатынын сұрағым келді. Бірақ кенет Рипстон біздің жанымыздан жүгіріп шығып, үйілген салаттың жанында сұқ саусағын көрсетіп тұрған адамға тап берді.

— Ол қайда кетті? — деп сұрадым мен.

— Жұмысына, — деп түсіндірді маған Моулди. — Сен саусағын көрсетіп тұрған адамды көрдің бе? Бұл оған бала керек дегенді білдіреді. Егер ол екі саусағын көрсетсе, онда ересек адамға жұмыс бар дегені. Рипстонның бұл жұмысы біздің кофемізге жетеді. Егер екеуіміз бірдеңе таба алсақ, онда біз тоқаш сатып алар едік. Ал тоқашсыз кофе дегенің аш қалумен бірдей. Жан-жағыңа дұрыстап қара, Смитфилд.

Мен жан-жағыма қарап-ақ тұрмын, бірақ саусағын көтерген ешкім жоқ.

Жиырма минөттен соң біз базарға іргелес кофеханаға келдік. Рипстон да осында келген екен. Ол бір жарым пенс тауыпты. Сөйтіп, біз өзімізге нан тапқанымызға мәз болып, осы жерден кофеге тойып алуға ұйғардық. Кофеханада бізге ашқылтым, бірақ ыстық кофенің бір пиаласын берді. Оны ішкен соң біз едәуір сергіп, жұмыс іздеуге шықтық.

Біздің ізденісіміз бұл жолы сәтсіз болып шықты. Көкөніс базарын ұзынынан да, көлденеңінен де шарладық, жеміс-жидек базарының барлық түкпірін араладық, сонда да өзімізге ешқандай жұмыс таба алмадық. Осылай жолымыз болмағанына селқос қарап, байсалды да көңілді күйде ерсілік-қарсылы жүрген Рипстон мен Моулдиді көріп, мен де ешқандай жабырқаған жоқпын. Сағат таңғы ондардың кезінде біз базардан шығып, үйлердің сыртын алып, тымырсық көшелермен Дрюри Лейнуге қарай тарттық.

— Қалай екен, Смитфилд? — деп сұрады менен Моулди.
— Бізбен бірге үлесте болу саған ұнай ма?

— Ұнайды, — деп жауап бердім мен, — бірақ бүгін біз үшін сәтсіз болғаны өкінішті.

— Ал мұның өзі де аз емес, — деп ескертті Рипстон. — Саған ғой, Смитфилд, өте жақсы көрінген болар?

Мен мұны әзіл ретінде қабылдап, күле жауап бердім:

— Әрине, маған бәрі де жақсы. Тап сендерге қандай болса.

Біз еш алаңсыз әрі көңілді күйде әлдебір лас қысқа көшеге жеткенше жүріп келеміз. Осы жерде менің жолдастарым тоқтады.

— Ал Смитфилд, — деді Моулди, — айт енді.

— Сонда не айтпақпын? — деп таңдана сұрадым мен.

— Е, ойыңдағыңның бәрін де айт! — деді Рипстон.

Мен жолдастарымның өзімнен не талап етіп тұрғанын еш түсінер емеспін. Моулди мені тінте бастады, барлық қалтамды ақтарып шықты. Қалталарым бос екеніне көзі жеткен кезде, жүзінен оның қатты ашуланғаны білініп тұрды.

— Міне, жолдасымыздың түрі осы! — деп айқайлап, ол Рипстонға қарады. — Жайсаң жолдас, айтары жоқ.

— Не болды сонша? — деп сұрады Рипстон.

— Мынада ештеңе жоқ, тап-тақыр. Тым болмаса шіріген бір түйір сарымсақ болсайшы.

— Ал енді осыны біздің жолдасым бол дейсің ғой тағы, — деп сұрады менен Рипстон кінәлай қарап. — Мықты-ақ жігіт, айтары жоқ.

— Егер еш жерден жұмыс таба алмасам, не істемекпін? — деп ақталдым мен. Сендер менің ақшам жоқ екенін білдіңдер ғой. Тіпті ақшам болса, мен пияз емес, нан сатып алар едім.

Менің түсіндіргенімді тыңдап болған соң, Моулдидей ашудан жүзі түнерген адамды бұрын көрген емеспін. Ызақорланып, тіпті сөйлей алар емес.

Рипстон күліп қоя берді.

— Жә, Моулди, соншама ашуланба, — деді ол, — Смитфилд әлі ақылсыз. Мында қара, Смитфилд.

Осыны айтып, ол күртесінің қалтасынан әп-әдемі жеті алманы алып шықты. Содан кейін өз шалбарының қалталарын көрсетті. Қалталары жаңғаққа толы екен.

— Осыншама алма мен жаңғақты несіне сатып алдың? — деп сұрадым.

— Неге? Мұны қайта сату үшін.

— Ал сен оны қашан сатып алып жүрсің? Мен көрген жоқпын ғой...

— Және мұны сатып алғанымды иесі де көрген жоқ, ол дегенің өлермен боп біреумен саудаласып жатқан, мен оны жымқырып жүре бердім. Түсінесің бе?

Мен түсіне бастадым, Сөйтіп, бойымды үрей билей бастады. Аңдамай бірдеңе айтып қалармын деп, өзімнің іштей сезгенімді айтуға да қорықтым.

— Е, бұған айтып не керегі бар? — деп айқайлап жіберді Моулди. — Ол сенің емеурініңді сезер емес. Мында қара, Смитфилд. Рипстон әкелген алма мен жаңғақтарды көріп тұрсың ғой? Иә, мұны ол ұрлап алды. Түсінесің бе? Енді мыңда қара. Мынаны мен ұрлап алдым, тек көбірек ала

алмағаным өкінішті. Енді біз өзіміз ұрлап алғандарды сол шолақ көшеге апарып сатамыз. Ақша тапқан соң, өзімізге жейтін бірдеңе сатып аламыз.

Моулдидің бүкпесіз мойындауы мені таң қалдырды.

— Ал несіне қынжыласың? — деп күле сөйлеген ол. — Сонда сен бізді зиялы, әдепті, күнәдан пәк балалар деп ойладың ба?

— Сенің отбасың бар, — деді Рипстон, — сен қалаған кезде үйіңе қайта аласың. Сен өзімізге деп сатып алған пудингті жеуге міндетті емессің. Өйткені ол пудинг бізге арам жолмен келіп түсті ғой. Ендеше, бар, өз наныңды өзің тап.

Осы сөзден кейін олар менен теріс айналып, шолақ көшемен мені жалғыз тастап кете барды.

VII

МЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙ БАСТАДЫМ

Мен көшеде тұрмын және Рипстон айтқандай, өзім нан тауып жеуім керек. Мен үйге оралар едім. Рас, ол жақтың жолын білмеймін, бірақ кездескендерден сұрап алар едім. Ары таза бала ешқандай қиындықтардан қорықпаса керек. Ал мен адал емеспін бе? Мен ұрылармен бірге түнеп, таңертең бірге болып, тамақ іштім. Мені осы қинап, соны ойласам бетімнің оты шығады. Ендеше, неге үйге бармаймын? Нені күтіп тұрмын? Мұны тек аштықтың не екенін білмейтін адам ғана сұрауы мүмкін. Кешкісін ашқұрсақ жатып, таңертең тоқашсыз сылдыр сұйық кофенің бір шыны аяғын ғана ішкен аштықтан бұралған баланың сөзі бұл. Бүкіл денең дірілдеп-қалшылдап, қол-аяғың ұйыған кездегі қатты аштық бұл. Моулди мен Рипстон ұры деген ой зәремді алып барады. Бірақ менің аштығым одан да зор. Рипстон қаламасаң біздің пудингімізді жемей-ақ қой деген. Егер қаласам, олар маған жеуге береді. Және де ол тәтті пудинг болса керек. Мен оны көргенмін, барлық дүкендерде сатылады. Оны ұннан, бұйрек май және тағы да басқа дәмді бірдеңелерді қосып пісіреді.

Соңғы түйірін аузыңа салғанша, ып-ыстық болып қолыңды күйдіріп әкетеді. Әдетте оны үлкен-үлкен етіп турайды. Оның әр тілігінің өзі кірпіштей.

Мен Моулди мен Рипстонның шолақ көшеден оралып келе жатқанын көрген кезде осындай ыстық, дәмді пудингтің бір тілімі көз алдыма келе қалған. Мен үн салынған қаптары бар арбаның сыртына тығылып, оларды қадағалай бастадым.

— Міне, енді орамамызды аша аламыз, — деді Рипстон көңілдене.

— Иә, алма мен жаңғақ үшін шал бізді ақшаға қарық қылды, — деп жауап берді Моулди, бес немесе алты пенстік тиынды лақтырып жіберіп, қағып алды.

— Смитфилд қайда жоғалып кетті? Оны шақыру керек.

Сөйтіп, Рипстон ысқырып жіберді.

Бірақ мен доңғалаққа қарай жабыса қалып едім, олар мені байқамай өтіп кетті. Мен жолды кесіп өтіп, оларды сырттан бақылай бастадым.

— Міне, Блинкистің дүкені, кірейік те пудингтің екі үлесін сатып алайық. Егер өзіне ұнамаса, ақымақ Смит аш қала берсін.

Моулди дүкенге кіріп, біраз уақыттан кейін қайта шықты. Қолыңда мен армандаған сол пудингтің жапыраққа салынған тілігін төбедей етіп алып келеді.

— Иісі қандай! — деді Рипстон бірден бұрқ ете қалған иісті құшырлана жұтып.

Мен көшенің екінші жағына шығып, олардың соңынан ердім, олардан қашықта болсам да, жақсы көріп келемін. Міне, Рипстон бір үлкен тілікті алып аузына апарып, дұрыстап қарпыды. Және қандай тілік. Мен оларға жақындай түстім, ақырында таяп келгенім сонша, олардың қалай жеп жатқанын да естіп тұрмын. Рипстон аузына салған тым ыстық тілікті суыту үшін қалай үрлегенін де естіп тұрмын. Ол басын бұрған кезде мен оның көзіндегі қуаныш ұшқынын көрдім.

Олар тамақ жей бастағанда қырыққабат жапырағында бес тілік бар болатын. Ал олардың әрқайсысы екіншіден жеп бітіруге таяу.

— Блинкистің пудингтерін ұнатамын, — деді Рипстон, — оның майы көп.

— Оның рас, — деді Моулди ернін жалап қойып. — Ет қосып жасағанмен бірдей.

— Маған сірә осы да жетер! — деді Рипстон. — Пудинг тез тойдырады.

— Әрине, зорлап жеудің керегі жоқ, — деп күлді Моулди, — соңғы тілімді өзім-ақ жеп қоямын.

Мен шыдай алмадым.

— Моулди! — деп айқайлап, қолымды оның иығына салдым. — Маған да бір тілімін беріңдерші.

— Ә, бұл сен бе? — деді Моулди мені көріп. — Үйіңе жүгіріп барып, қайта қабылдай қойыңдар дегенің рас па? Бірақ сені қуып шыққан болар?

— Әлде сен базарға барып, бізді сатып жібердің бе? — деп сұрады Рипстон.

— Ешқайда да барған жоқпын, сендердің соңдарыңнан ердім де отырдым. Маған да бір тілім беріңдерші. Менің де аш екенімді білесіңдер ғой.

— Әлде сен ұрлықтың жаман екенін білмейсің бе? — деп аяусыз Моулди күле тұрып, өзінің екінші тілімінің соңғы бөлігін аузына тығып жіберді. — Сонда мен саған ұрланған тамақ беруім керек пе? Сен оған қақалып қаларсың тағы.

— Біз бәрін де бөлісеміз деп едік қой, — дедім мен Моулдиді көндіре алмасымды біліп.

— Иә, мен қазір де одан қашпаймын! — деп жауап қайтарды ол. — Бірақ сенің пудингті бізбен бірге жегің келеді де бірге ұрлағың келмейді. Бұлай болмайды! Солай емес пе, Рип?

— Жә, ол гәп неде екенін түсінбеген болар, — деп ескертті жолдасынан гөрі мейірімдірек Рипстон.

— Егер оған бәрін де дұрыстап түсіндіретін болсақ, ол мүмкін қапы қалмас еді. Рас қой, Смитфилд?

Сөйтіп, Рипстон өзінің қалған пудингінің соңғы тілімін маған берді. Қандай тілім десеңші. Өмірімде мұндай дәмді ас жеп көрген емеспін. Ып-ыстық, керемет дәмді. Ал

Моулдидың қырыққабат жапырағында буы бұрқыраған бөлік жатыр, ал одан осындай кем дегенде он тілім жасауға болар.

— Енді қалай, Смитфилд?

Моулди соңғы үзімді аузына апара жатып еді, Рипстон оған белгі беріп тоқтатты. Соңғы үзімді кім жемек? Бәрі де менің жауабыма байланысты. Ал мен кешеден бері жартымсыз кешкі астан басқа нәр татқан жоқпын.

— Әрине, — дедім батыл үнмен. — Мен аузым ашылып тұрмас едім.

— Сөйтіп, бәрін білген кезде енді сен қапы қалмайсың ғой?

— Қапы қалмаймын.

— Міне, тамаша. Оған пудингтің соңғы тілімін берші, Моулди. Ол әбден аш қой деймін.

— Жоқ, тұра тұр, — деп келіспеді Моулди. — Мен бұл тілімді жемеймін, — ол оны күртесінің қалтасына тыға салды. Смитфилд шын айтып тұрғанын дәлелдеп, еңбек етсін. Жүрейік.

Біз қайтадан Ковентгарденге қарай жүрдік. Мен Моулдидің пудинг жатқан қалтасы жағына жақын жүріп, жолдастарымнан қалмауға тырысып келемін.

Базарға жақындаған кезде Моулди жан-жағына қарады.

— Ана жақтағы дүкенді... көк алжапқышы бар адам тұрған екі бақанның арасындағы... көріп тұрсың ба? — деп сұрады ол менен. — Сол жерде жаңғақтары бар себет тұр.

— Көріп тұрмын.

— Бірінші себетте бадам жаңғақтары. Сонда бар, біз сені осы жерде күтеміз.

Моулдидің менен нені күткенін түсіндім. Ол менің сол жерге барып, себеттерден жаңғақ ұрлағанымды қалап тұр. Мен қайткен күнде де пудингтің соңғы тілімін алуға батыл қадам жасадым. Дүкенге жеткенше жүрегім қатты дүрсілдесе де осы ойымнан айныған жоқпын. Осы тұстан қарағанда дүкен тіпті қырыққабат пен көкшектің астында қалғандай. Оған таяған кезде жаңғақтарға жақындау үшін оны айналып өту керек екенін түсіндім. Мен үйілген қырыққабаттың

сыртына тығылдым. Жаңғақ сатушы маған теріс қарап, алушымен сөйлесіп тұр.

Қырыққабат сатып тұрған әйел де маған арқасын беріп, тәрелкесін тізесіне қойып, тамақ ішіп отыр. Себеті жаңғаққа лықа толы. Мен қолымды бір рет, екінші рет, үшінші рет жіберіп, қалтамды толтырып алдым да, өзім тұрған тар жерден шығып, бағанды тасалап тұрған Моулди мен Рипстонға қарай тарттым.

— Тамаша, Смитфилд! — деп айқайлап жіберді Моулди. — Мен бәрін де көріп тұрдым. Сен ештеңе де білмеймін деп босқа айтасың. Жарайсың. Міне, сенің пудингің.

— Мен тап солай қатыра алмас едім! — деп қостады Рипстон.

— Сен бе? — деді жақтырмай Моулди. — Егер сен Смитфилд сияқты ұрлыққа аз да болса ебім бар, ұрлай аламын деп ойласаң, онда сенің саппас мақтаншақ болғаның. Менің өзім де жаңғақты ол сияқты оп-оңай жымқыра алмас едім. Бірақ басқа істе ол маған жете қоймас, — деп қосты. Сірә, мені масаттанып кетеді деп қорықса керек.

Күн жарық кезде бәрі де ойдағыдай өтіп жатты. Бірақ қараңғы түскеннен кейін мен тағы да түк көрінбейтін арбаға келіп қондым. Бұл жолы Моулди жастық болып, маған ең жайлы жерді берді. Мен басымды оның кеудесіне қойып жатсам да, ұйқым келер емес. Мен ұры атандым. Мен бадам жаңғақтарын ұрладым. Соны алып қашып, саттым да, ақшасын ұстап қойдым. Бүкіл жан дүнием астан-кестен болып, «ұры» деген жаман сөзді қайталай беремін. «Ұры, ұры, ұры!» деп, жүрегім дүрсіл қағады, Сөйтіп, мен жанымға сая таба алар емеспін.

— Ұры! — деп сыбырладым мен.

Моулди әлі ұйықтаған жоқ екен.

— Кім ұры? — деп сұрады ол.

— Ұры мен, Моулди, — деп жауап бердім мен.

— Ал саған ұры емессің деп айтқан кім? — деп кекете сұрады Моулди.

— Бұрын мен ешқашанда ұры болып көрген жоқпын, — деп байсалды жауап бердім мен. — Ешқашанда, сеніңдер осыған. Сондықтан қазір бүкіл жан дүнием әлем-тапырақ болып, қиналып жатырмын.

— Сен өтірік айтасың, — деді әлі ұйықтамаған Рипстон.

— Шыны солай, — деп сендіріп жатырмын. — Өтірік айтсам тап қазір жер жұтсын.

— Жоқ, мен олай деп айтпаймын, әйтпесе, шынында да, өліп қалармын. Өйткені қазір мен ұрымын ғой.

— Бос сөз. Қайдағы ұрысың! — деп айқайлап жіберді Моулди. — Сенің бүгінгі істегеніңді ұрлық деп айтуға бола ма? Бұл мүлдем ұрлық емес.

— Ал сонда ол не? Маған қашанда басқаның ала жібін аттағаның — ұрлық дейтін.

— Мұны өздері істеп көрмеген және оны түсінбейтін адамдардың ойлап тауып жүргені, — деді Моулди қызықты мәселені талқылау үшін ыңғайлы болуы үшін шынтағын тірей түсіп. — Міне, қарашы, егер бір бала дүкенге кіріп, қолын ақша салынған қорапқа сұғатын болса, және оны ұстап алатын болса, бұл ұрлық болғаны. Егер ол сатып алушылардың қалтасына түссе — бұл да ұрлық. Оны сотқа береді және сот та мұны ұрлық дейді. Ал егер бір кішкентай бала өзіне жарты пенни тапқысы келіп, оны басқа біреудің жаңғағы немесе алмасымен ұстап алса, оны соттайды деп ойлайсың ба? Ешқашан. Бар болғаны сатушы оның желкесінен түйгіштейді, тіпті әрі кетсе күзетшіні шақырар. Ол баланы таяқтап, таяқтап, қоя береді. Ал күзетшіге нағыз ұрылардың сазайын беруге рұқсат береді деп ойлайсың ба? Ешқашан.

— Егер жаңғақты және басқа заттарды алу ұрлық болмаса, сонда оны қалай атайды? — деп сұрадым Моулдиден.

— Аз дейсің бе? Мұны жымқыру, қымқыру, сып еткізу, жып еткізу, лып еткізу дейді. Қалай атаса да бәрібір емес пе?

— Ал егер мұны полицейден сұрасам, ол не дер еді?

— Ойлап тапқанын. Полицейден кім сұрап жатады? Олардың қандай сұайт екені белгілі! — деп келіспеді Рипстон.

— Шыныңды айтышы, Смитфилд, сен тек қорқып тұрсың ғой? — деді Моулди.

— Жоқ. Бірақ мен мұны ұрлық деп ойладым. Ал ол ұрлық болмаса тамаша.

— Солай шығар, бәсе! — деді Моулди. — Кішкентай кезімде, әлі үйде жүрген кезімде, әкемнің шешеме газет оқитыны есімде. Міне, сол газеттерде әккі деген соттардың өздері де бәрін жөнімен айту үшін өте сақ болуы керек деп жиі айтады. Егер нағыз ұрлық үстінде қолға түспейтін болса, олар оны ұры деп атай алмайды. Олар мұны «өз пайдасына жаратты», қымқырып кетті немесе алдап кетті дейді. Ал қымқыру пәле емес. Мына Рипстон бірде шай қасықтарды жымқырып кетіп еді, оны екі апта түрмеге қамап қойды. Рас қой, Рипстон?

— Сол қасықтармен маған көзтүрткі жасаудың керегі жоқ, — деп ашулана жауап берді Рипстон. — Мен екі аптадан да ұзақ отырған балаларды білемін, оның үстіне таяқ жегенін де, бірақ мен бәрін босқа айта бермеймін.

Сөз астарында Моулди жатса керек, ол ренжіп, Рипстонды қаңғыбас деп атап салды. Бірақ екеуі де тез табысып, біраз уақыт ана-мынаны айтып, екеуі де тып-тыныш ұйқыға кетті.

Бірақ мен өткен түнгідегідей ұзақ уақыт ұйықтай алмадым. Жолдастарымның айтқандары менің көңілімнен шыға қойған жоқ. Жаңғақ ұрлау деп атала қоймас, бірақ мен мұндай іспен айналысқым келмейді. Таңертең Моулди мен Рипстонға адал бала болатынымды және тек базарда ғана жұмыс істейтінімді айтамын. Егер екеуі менің жолдасым болғысы келмесе, мен олардан кетемін, мен осындай шешімге келдім де ұйқыға кеттім.

Келесі күні тұрғаннан кейін өзімді керемет бақытсыз сезіндім. Қалтырап тоңып барамын. Тіпті тісім-тісіме тиер емес, бір жұтым кофе үшін бар киімімді беруге бармын.

Моулдидің кофелік ақшасы бар екен. Кеше кешкілік ол устрица жеу үшін ресторанды кірген бір мырзаның атын ұстап

тұрған. Сол үшін алты пенс алған екен. Төрт пенсті біз кешкі асқа жұмсап, екеуін таңертеңге қалдырғанбыз.

Біз суықтан бүрсең қағып, далаға шықтық. Жаңбыр сіркіреп тұр. Көше лас әрі лайсаң. Біз әлі кофеханаға жеткен жоқпыз, ал мен көйлегім мен шалбарымның әбден су болып, үстіме жабысып қалғанын сездім. Мен осы ұрылардан кеше кетпек болған шешімімді әлі ұмытқан жоқпын, бірақ оларға мұны айтуға дәтім барар емес. Бұған қалай батылым барар? Мен ашпын, етімнен өтіп, сүйегіме жеткенше малмандай су болдым. Егер мен жолдастарыммен ұрысатын болсам, онда мүлдем жалғыз, әрі дәрменсіз қаларымды сездім.

— Екі пенске үш шыныаяқ кофе, — деп талап етті Моулди буфетшіден.

Бәрі де бітті. Егер бұл кофе басқа біреудікі болса, мен кетемін деп айта алар едім. Бірақ Моулдидің бұл сыйын ала отырып, оның суыққолдылығын бетіне баса алмадым.

Біз кофені ішіп болғанша Моулди:

— Ұзақ тұра беретін жай жоқ, — деді. — Бүгін біздің жұмысымыз жетіп жатыр. Білесің бе, Смитфилд, күн жақсыда бәрі өз бетімен жүре береді, ал күн жаманда бәрі де біреуді жүгірткісі келеді.

Оның айтқаны рас болып шықты. Жаңбыр таңертеңнен соғып тұр. Сөйтіп, біз жұмыстың астында қалдық. Мен он бір пенс таптым, Рипстон бір шиллинг пен бір жарым пенс, ал Моулди тоғыз жарым пенс тауыпты. Мен Моулдиден ақшаны көп тапқанға мәзбін. Малмандай су болып, сынған шөлмектерге аяғымды жаралап алсам да, адал еңбекпен тапқан ақшама қарап қойып, керемет бақытты сезініп келемін өзімді. Рипстон мен Моулди тамаққа жетер ақша тауып, базардан бірде-бір алма ұрлаған жоқ.

— Міне, осылай таңертеңнен адал еңбек етейік, — деді Моулди бізден ақшаны алып жатып. Ол біздің қазынашымыз болатын.

— Бұл түрлі заттарды жымқырып, оларды сатқаннан жақсы, — деп ескерттім мен.

— Әрине, осылай көп табасың.

— Маған басқа бірдеңе істетпей, жұмыс істетсе ғой, — дедім мен де.

— Саған істе деген кім бар? Қашанда бір нәрсемен ғана айналысуға болмайды. Кейде басыңа түскен қиыншылықтан аштан өле жаздайсың. Меніңше, қолыңа іліккеннің бәрін алған жөн.

Рипстон да өз жолдасының айтқанымен әбден келісті.

Біз асханаға кіріп, көңілденіп тамақ іштік. Кешкі асқа ақша қалдырғанда, бізде тағы да алты пенс қалды. Осы алты пенске жолдастарым маған етік сатып әперуді ұйғарды. Біз маталар қатарына барып, шамалы үлкен, бірақ өте ыңғайлы етік сатып алдық.



VIII

КҮШК. МЕНІ АҢДУДА. ЖАЙСЫЗ ТҮН

Біздің өміріміз шын мәнінде бірсарынды еді. Күнде таңертең тұрып алып, сол бір көшелермен жүріп, сол бір жұмыстарды атқаратынбыз. Жұмыстан тапқанымыз тамаққа жетпегенде біз сол бір себеттерден ұсақ-түйектерді ұрлап алып, сол бір шалға сататынбыз да тамақ ішетінбіз. Кейде біз шошқа етін жесек, кейде ұзақты күн бір үзім қара нанға риза болатынбыз. Кейде біз арбадан сабан табатынбыз, ал кейде құр тақтайға қисая кететінбіз.

Үйден қашып шыққанда менің киімім шамалы болатын. Екі шалбар, бір көйлек пен жыртық күртке ғана. Қазір енді көйлегім де, шалбарым да жаңа, ал күрткемді сюртукқа ауыстырғам. Алты пенстік етігім көп ұзамай жыртылып қалды, Сөйтіп, енді мен бұрынғысынша жалаңаяқ жүрмін. Жаңа етік сатып алуға ақшамыз жетер емес.

Мен Рипстонмен және Моулдимен мамырдың ортасында танысқанмын, ал қазір қазанның орта тұсы. Күзде мен жеті немесе сегіз рет театрда болдым, бұған мен қатты ризамын. Бірде менің полицей учаскесінде түнеп шыққаным бар.

Бұл былай болған еді. Дарбаза түбіне қарай үйге беттегенімде біздің соңымыздан қалмай еріп келе жатқан кішкентай итті көрдік.

— Кет жөніңе, — деп күңкілдеді Моулди. — Сенімен айналысатын уақыт жоқ.

Ол тас алып, итке лақтырды.

— Ұят емес пе, Моулди, — деп ашуланбай ескертті Рипстон. — Жүре берсін де.

— Рип, оны өзімізбен бірге ала кетейік, — дедім мен. — Біз оны арбада ұстаймыз, тіпті тамақ та береміз. Иесіз қалған ит болар.

Түнде мен бетіме түскен қолшамның жарығынан оянып кеттім. Арбаның жанында біз әкелген итті ұстап полицей түр.

— Итті ұрлаған сенсің ғой, сұмырай! — деп айқайлады полицей, мені қолымнан ұстаған күйі.

— Ол өзі маған еріп келді, сэр, — деп жауап бердім мен қорыққаннан қалшылдай түсіп.

— «Өзі ерді» дегенді білеміз, — деп кекетті мені полицей. Сөйтіп, жағамнан алып, арбадан жерге сылқ еткізді.

Мен өкіріп жылап қоя бердім.

— Ештеңе етпейді, қорықпа, Смиф, — деп Рипстон мені жұбатып жатыр. — Мен сені алып шығамын.

Және ол шынында да басыма төнген түрмеден мені құтқарып алды. Ол иттің кімдікі екенін сұрап алып, оның иесінің үйіне барып, істің бар жайын айтып берген. Кішкентай ит қаладағы дәрігердің ауру қызынікі екен.

Келесі күні түске қарай мені учаскенің қабылдау бөлмесіне шақырды. Онда отырған көңілсіз жас әйел мені өзіне тартып:

— Кеше кішкентай итке қамқор болған бала сенсің бе? — деп сұрады.

— Мен, миледи, — деп жауап бердім. Бірақ не қуанарымды, не ренжірімді білмеймін.

— Сені қазір босатады. Мен сені алып шығу үшін және өзімнің кішкентай қызымның атынан алғыс айтуға келдім. Қазір ол едәуір тәуір болып қалды. Рақмет саған. Бұл үшін учаскеде түнегенің үшін бізге ренжіме.

Сөйтіп, ол менің басымнан сипады.

Учаскеден шыққанда әлгі әйел берген қалтамдағы бес шиллингті сезініп, қуаныштан секіріп келемін.

Бес шиллинг. Бұл — біздің тобымыз ешқашанда ұстап көрмеген байлық. Бұған бір шырқап қалмақ болып ұйғарды. Біз жап-жақсы асханадан тамақ ішіп, бір саптыаяқтан сыра да іштік. Сөйтіп, көңілденгеніміз сонша, әр орынға екі пенстен төлеп, театрға автобуспен баруды ұйғардық. Ішкен сырадан Рипстон мен Моулдидің жүрегі айнып, пьесаның ортасынан бізді қуып шықты. Сөйтіп, біз қалтамызда көк тиын болмай, үйге жауын астында жаяу қайтуға мәжбүр болдық.

Бірде таңертең мен базардан біздің көршілердің бірін көрдім. Бұл кезде үйден кеткеніме бес аптадай болған.

— Ә! — деп айқайлады ол маған. — Міне, енді қолға түстің, сұмпайы. Қазір мен сені әкеңе алып барамын.

Сөйтіп, ол мені ұстап алмақ болды, бірақ мен сытылып кеттім. Бұдан кейін мен әкемді кездестіріп қалармын деп жан-жағыма бұрынғыдан да жіті қарайтын болдым. Оның сырт бейнесін айтып бергеннен кейін жолдастарым да маған аянбай көмектесті.

Келесі күні таңғы жетіде Моулди бау жақты жағалап келе жатқан екі еркекті көрсетті. Мен кеше өзімізді ұстап ала жаздаған адам мен әкемді бірден таныдым. Әкем аппақ құдай, сірә, қатты толқып келе жатса керек. Қолында үлкен қамшы. Мұны ол жағдайға орай біреуден алса керек. Оған көз салғанымнан-ақ менің тізем дірілдеп, ернім қалшылдап кетті.

— Рип, айналайын, құтқар мені, — деп мен жолдасымның арқасына тығыла бердім. — Оның қандай ашулы екенін және қамшысы қандай екенін көріп тұрсың ғой.

Рипстон шегінді де мені бос себеттер үйілген жерге әкеліп, соның астына жасырды да, ал өзі төңкерілген кішкене себетке отырып, ештеңе болмағандай сәбізді тазалай бастады. Бірнеше минөттен кейін әкем келді.

— Тыңда, сен бала, — деді ол Рипстонға. — Сен осында ескі күртке киген баланы көрген жоқсың ба? Бойы, міне, мынадай.

Мен себеттің саңылауынан әкемнің менің бойымды қалай көрсеткенін байқадым.

— Ал оның аты кім? — деп сұрады Рипстон сәбізін шайнаған бойы.

— Джим.

— Джимді мен білемін. Ол жұп-жуан, күшті, мықтап жұдырықтаса біледі. Кез келген еркекті жалп еткізеді.

— Сен де бір, — деді шыдамы таусылған әкем. — Мен сенен сегіз жастардағы кішкентай бала туралы сұрап тұрмын.

— Сегіз бе... — деп асықпай қайталады Рипстон. — Ал оның аты шынында да Джим бе?

— Иә, әрине. Оның аты — Джим Бализет.

— Джим Бализет! — деп айқайлап жіберді Рипстон, бірдеңені есіне енді түсіргендей. — Білем, білем, біз оны Раузар деп атап кеткенбіз. Сондықтан оны бірден еске түсіре алмадым. Ол Кау-Крос маңында тұрады. Ал әкесі, сірә, жүк тасушы-ау деймін.

— Иә, соның өзі. Қайда ол?

— Әкесі тырысқан біреу ғой. Джимді белбеумен жиі соғатын?

— Мұны айтқан сол ғой? Қандай имансыз бала.

— Және оның өгей шешесі бар, сондай сұмпайы, өсек айтып, арақты суша сіміретін...

— Қайда ол? — деп айқайлап жіберді әкем. Ол Рипстонға тап беріп, оның жағасынан алып қатты сілкілегені сонша, себеттер жан-жаққа ұшып кете жаздады.

— Жіберіңіз, әйтпесе айтпай қоямын! — деп айқайлады Рипстон. Оның даусынан шынында да мені сатып жіберер деп ойлады.

— Ал айт, — деді әкем.

— Сізге шынын айтсам, ол жүк түсіруші болып кетті.

— Қашан, қайда?

— Мұны мен білмеймін, — деді тұнжыраған бойы Рипстон. — Кеше кешке менің бір танысым оны Вестминистр көпірінде жолықтырып: «Сен мұнда не істеп жүрсің, Раузер, әлде базарда жұмыс жоқ па?» — деп сұрапты. Ал Раузер оған: «Жоқ, мен енді базарға бармаймын. Онда мені әкем байқап қалыпты. Енді мен өзімнің таныс барка айдаушыма барамын. Ол Уеневорт жағында тұрады. Сөйтіп, соның жүкшісі боламын» — депті.

— Қарғыс атқыр бала! — деп айқайлап жіберді әкем. — Ал ол үйге қайтамын деп айтқан жоқ па?

— Білмеймін, бірақ орала қояр ма екен? Ол қашанда теңізге шығам деп айтатын, — деп жауап берді Рипстон. — Сөйтіп, ол өзенге барып онда кемелерді, тағы басқаларын көрмек. Содан кейін оны іздеп көр.

— Оның рас, — деді ашуланған әкем. — Кеттік, Джек, — деді ол өзінің танысына. — Сол жексұрынның ізіне түсіп не бітіреміз? Теңізге-ақ батып кетсін, қаңғыбас.

Сөйтіп, қамшысын қолтығына қысып, әкем танысымен жайына кетті, ал Рипстон маған жасырынған жерімнен шығуға көмектесті.

Бұдан кейін мен әкемді де, өзімнің бұрынғы таныстарымның біреуін де көрген жоқпын.

Көп ұзамай мен ауырып қалдым.

Өз аяғыммен жүріп, ешкімге жалынбасам да, тегі, көп уақыттан бері өзімді жайсыз сезінетінмін. Бұған таңданатын ештеңесі жоқ. Күз жаңбырлы болатын, ал менің көйлегім бірнеше күн қатарынан кепкен емес. Мен оны кептіріп алмақ түгілі, түнде үстімнен шешкен де емеспін. Бірнеше рет тамағымнан және қос жауырынымның ортасынан қатты шаншығанын білемін. Екі апта бойы тісім қақсап болмады. Бұл бір қасірет еді. Мен әуелі суға жібітіп алмай бір тілім нан да жей алмадым, көбіне өзіміз жейтін шалқанды да, қырыққабаттың өзегін де талғажау етуден қалдым. Сөйтіп, тоқашханадан немесе дәмханадан тіске басар жұмсақ бірдеңе сатып алғанша, аш жүруіме тура келді. Мен түні бойы көз ілместен арбаның бұрышында отырамын да қоямын. Тісім қақсағанда жанымды қоярға жер таба алмай, екі жағыма алма-кезек шайқаламын. Жолдастарымның да жаны ашиды.

— Несіне сарнай бересің, Смиф. Бізге ұйқы берші, — деп күңкілдейді Рипстон.

— Шынында да, Смиф, бізді қинап болдың ғой, — деп қояды Моулди. — Күндіз тамақ таппағаныңмен қоймай, түнде ұйқы бермейсің.

— Сонда не істейін, Рип? — деп жылаймын мен. — Егер екеуің мен сияқты қиналсаңдар, маған жандарың ашыр еді.

— Оған бір көмек беру керек, Моулди, — дейді Рипстон менің көз жасыма иіп. — Көрші арбада қонып жататын кәрі скрипкашы шалды шақырайық. Маған ол тіс жұла біледі деп еді. Меніңше, қырсықты тістен бүкіл апта зар қаққанша бірден жұлып тастаған дұрыс.

— Міне, мұның дұрыс, — деп Моулди скрипкашы шалды іздеп кетті.

Бірнеше минөттен кейін екеуі де келді. Скрипкашының қолында тот басқан ұзын ішек.

— Ал жазған бала, — деді скрипкашы, — отыр да аузыңды кеңірек аш. Ал балалар, сендер оны қолынан ұстап тұрыңдар. Маған ол кедергі жасамайтын болсын.

Мен көндім, бірақ жүрегім қорыққаннан дүрсілдеп барады. Шал менің ауру тісімді ішекпен орады да... бар күшімен жұлқып қалды.

— А-а-а! — деп айқай салып, шалқалай құлап түстім.

Аузымнан қан ағып жатыр, бірақ ауру тістен біржола құтылдым.

Ковентгардендегі біздің шаруамыз күн өткен сайын қиюы кетіп шалқая берді. Бізді онда байқап қалыпты, ал бұл өте тиімсіз-ақ. Біздің ұры екенімізді біліп алып, қатты аңдитын болды. Күн сайын десе де болады, қайдағы бір саудагер немесе базардың күзетшісі таяқтың астына алады.

Рипстон қыста сәбіз сақтайтын қойманың аузын тапты. Біз сол жерге көшіп, апта бойы тек сәбіз жедік. Әуелі біз мұны зор бақыт деп санадық, бірақ көп ұзамай бір ғана сәбізді талғажау ету аса зиянды екенін түсіндік. Сірә, менің ауруымның бір себебі осында болса керек.

Әдетте ауа райы жақсы болса, жексенбі күндері біз өзен жағалап, ұзақ қыдыратынбыз, содан кейін арбаға келіп жатып, бір-бірімізге түрлі әңгіме айтатынбыз. Мен ауырған күні Рипстон мен Моулди қыдырып кетті де, мен арбада қалдым. Олардың кешеден қалған бірнеше пенсі бар болатын, Сөйтіп, олар сірнелі нан жеп, тамақтанса, мен кешегі түстіктен кейін аузыма нәр алған емеспін. Мен күйіп-жанып, қалшылдап барамын, аузым құрғап қалды, көзім ауырып, басым сынып барады. Құдды біреу сойылмен соққылағандай. Бағыма қарай арбада шамалы сабан бар екен, оны жолдастарым маған тастап кетіпті. Бірақ мен ыңғайланып жата алар емеспін. Өзімнің сабан жастығымды қанша қаққыласам да ол менің ап-ауыр басыма тым төмен көріне берді.

Түнге қарай мен ауырлай түстім. Бұл жолы менің жастық болуым керек еді, бірақ Рипстон мырзалық көрсетіп, менің орныма жастық болды. Ал Моулди басымды өзінің тізесіне қоюға рұқсат берді. Алайда осының алдында ол жастық болғандықтан орын таңдау оның еркінде еді. Олар менің жайланып жатуым үшін күндегіден ерте жатты. Бірақ олардың барлық қамқорлығы зая кетті. Көп ұзамай Рипстон менің басым тіпті күрткенің сыртынан да оны қыздырып бара жатқанын сезді. Жалпы алғанда жуас Моулди ұйқылы-ою кезде қатты ашуланады. Ол кенет ештеңе де айтпастан Рипстонның аяғынан салып қалды.

— Мұның не сенің? — деп өтіне сұрады Рипстон.

— Ал сен неге тыныш жатпайсың? Би билегендей аяғыңды тырбаңдата бересің.

— Бұл мен бе екен? — деп айқайлап жіберді Рипстон. — Бұл Смитфилд.

— Сен неге қалшылдап жатырсың, Смиф?

— Мен қатты тоңып жатырмын, Моулди. Мен мұздап барамын.

— Мұз болғаныңа. Ошақтағыдай күйіп-жанып барасың. Ұстап көрші, Моулди, — деді Рипстон.

Моулди қолын менің бетіме салды.

— Мына қара. Өтірік айтушы болма! — деп ол орнынан атып тұрып, жағымнан салып жіберді. Ал жыласаң, тағы таяқ жейсің.

Мен өзімді ұстап, жыламаймын деп-ақ едім, бірақ шыдай алмадым. Кеш бойы көзіме ерік бермей шыдап-ақ едім, бірақ Моулдидің мына қылығы шектен шығып кетті. Көз жасым буып барады, көзімнен аққан жас тоқтар емес, тіпті оны сүртіп үлгере алар емеспін. Тұла бойым бәрін сыртқа шығаруға тиісті болған қасіретке толып кеткендей. Мен арбаның түбіне бетімді бұрып, ақырын жылап жатырмын. Жолдастарым менің кейде естіліп қалатын өксігімнен ғана көз жасымды көре алар еді. Мен Ковентгарден базарында әкемді қолындағы қамшысымен көргенде үйге ешқашан бармауға ұйғарғанмын. Сол күннен бастап мен кішкентай

Поллиді де, үйдегі тіршілік туралы да тіпті еске алған емеспін. Жүрегім суып, өзім қатып қалғандаймын. Ал қазір жүрегім жібіп, жұмсай түскен тәрізді. Сонымен бірге мен өзім көтере алмастай оған ауыртпалық түскенін де сезіп жатырмын.

Моулди де менің жылағанымға шыдай алмағандай, уәдесін орындап, тағы бір құлаштай бұрынғыдан да қатты шапалақпен салып жіберді.

— Қандай бұзықсың сен! — деп оған тап берді Рипстон. — Өзіңнен кіші баланы ұрасың, оның үстіне ауру баланы. Тұра ғой, айналайын, Смитфилд, маған көмектесші, оның сыбағасын берейік.

Моулди оянған сәтте өз ісіне қатты өкінді. Нағыз жексұрынның өзі болғанын мойындап, менің көңілімді табу үшін дәл мұрнынан бар пәрменіммен қойып жіберуді өтінді. Және сол кезде ол екі қолын артына ұстап тұрмақ. Рипстон бұл ұсынысты қабылдауды сұрады, бірақ мен бұдан бас тарттым. Сол кезде Моулди тым болмаса, құлақшынын басыма салуға және күрткесін жамылуыма мәжбүр етті. Рипстон да өз киімін қуана берер еді, бірақ көйлегі мен күрткесінің орнында жүрген жалғыз ғана сүр күпәйкесі бар болатын, ал құлақшынын базар күзетшісінен қашқанда жоғалтып алған.

Жолдастарым мені жайлырақ жатқызуға, жылы етіп қымтауға тырысқанымен, мен түзеліп кете қойған жоқпын. Бұрынғысынша от болым жанып барамын, сонымен бірге суықтан қалтырап барамын. Аузым құрғап, тынысым тарыла береді. Дегенмен жылап алған соң бойым жеңілденгендей, тынышталып, басқа түскеннің бәріне көнетіндей күйдемін.

IX

ЖҰМЫС ҮЙНЕ КІРДІМ

Менің ауруым жолдастарымды қатты алаңдатты. Күрткемен қымтап, барынша жайлы етіп жатқызған соң өздері тұрып кетіп арбаның қарсы бұрышына отырып, сыбырласа бастады.

— Оған, сірә, салқын тисе керек, — деп сыбырлады Рипстон. — Кісіге салқын тисе қырсықтың шырмағаны. Бұл тұмау ғой, Моулди? Рас па?

— Сондай бірдеңе болса керек, — деп ақырын жауап берді Моулди.

— Қыша қағаз тартса жақсы болар еді... Кішкентай кезімде маған салғаны есімде... Қалай ойлайсың, Моулди, қыша алып келсем бе екен?

— Несіне барасың? Бүгін жексенбі, барлық дүкендер жабық. Дәріханалар ғана ашық, ал онда қыша жоқ.

— Дәріханадан түйіршік дәрі сатып алуға болар еді, — деп ұсынды Рипстон. — Бір қырсығы, бұл дәрілердің аты қиын, қалай сұрарыңды білмейсің.

— Былай-ақ сұра: төрт пенске дәрі бер, — деп.

— Ал дәріханашы: «Қандайы керек?» — деп сұрамай ма?

— Іш өткізетін деп сұрау керек. Олардың бәрі іш өткізетін болуы керек, — деп селқос жауап берді Моулди. Ол әңгімеге сылбыр араласып отыр, сірә, мүлдем басқа бірдеңені ойлап отырған деймін.

— Сонымен келістік, Моулди, — деп қайта сөйледі Рипстон. — Біздің ертеңгі алғашқы пенсіміз Смитфилдтің дәрісіне жұмсалады.

Моулди ештеңе деген жоқ, екеуі бір сәтке үнсіз қалды. Мен тып-тыныш жатып, олардың сыбырына құлақ салдым. Моулдидің сыбырлағанына Рипстон күмәнданып отыр.

— Моулди, — деп сұрады ол, — егер бұл тұмау болмаса, Смитфилдтің ауруы не?

— Мен қайдан білейін, — деп қынжыла жауап берді Моулди.

— Сен ауруханада болып, онда көптеген ауруларды көрдің ғой. Мүмкін, олардың бірі де Смитфилд сияқты ауырған болар?

— Ақырын, — деп ескертті Моулди, — ол ұйықтамаған шығар.

— Ұйықтап жатыр. Қалай бірқалыпты дем алып жатқанын естімейсің бе?

— Иә. Естiсiң бе, оның астындағы сабан сылдырлайды, сiрә, тағы да қалтырап жатса керек. Содан кейiн ол бұдан да ақырын сыбырлап: — Оған өз күрткемдi бергенiме өкiнемiн, Рип. Құлақшынның жөнi бiр басқа, ал күрткемдi аяймын.

— Қандай сараң итсiң сен! — деп балағаттап жiбердi Рипстон. — Саған керек болса, ол өз күрткесiн сенен аямас едi.

— Ал құрысын мүлдем ендеше! — деп күрсiндi Моулди.

— Неге құриды? Сен ертең алмайсың ба?

— Жоқ, сонымен бiрге бiр нәрсе жұқтырып алуға болады.

Мен оны қаламаймын.

— Сен не деп отырсың осы? Дұрыстап айтшы.

— Ақырын, ақырын. Ол естiп қойса зәресi кетедi.

Олар еппен орындарынан тұрып, арбадан бастарын қылтитты. Бiрақ мен олардың не айтқандарының бәрiн естiп жатырмын.

— Саған шешек егiлiп пе едi? — деп сұрады Моулди.

— Егiлген, тiптi куәлiгiм де бар.

— Мiне, тамаша. Демек, сенiң қорқатын түгiң де жоқ. Ал маған егiлмеген, сондықтан маған безгек жабыса қалады.

— Оған безгек тиген бе? — деп үрейлене сұрады Рипстон.

— Онда ол өледi ғой, Моулди?

— Солай болуы да мүмкiн.

— Бiрден бе, Моулди? Осылай бiрден өле қоя ма?

— Жоқ, бiрден емес, — деп сыбырлады Моулди. — Оларға әуелi түрлi нәрселер жасайды, шашын алып тастайды, тағы басқаларын.

— Онысы несi, Моулди? — дедi қатты қорыққан Рипстон.

— Иә, олар мүлдем жарымес адамдар сияқты болады. Егер шашын қырып тастамаса, өз шашын өзi жұлады, — деп жауап бердi Моулди.

— Ойпырмай, қандай қырсық бұл. Бейшара Смитфилд өледi де. Сорлы Смитфилд-ай.

Сөйтiп, Рипстон жылап қоя бердi. Мен өз көзiме өзiм сенер емеспiн, бiрақ бұл шындық — ол жылап отыр.

Моулдидің айтуынша, өзімнің безгек болғанымға қорыққан да, таңданған да жоқпын. Безгек мен білетін аурудың ішіндегі ең жаманы болатын, ал мен өзімді мүлдем жайсыз сезініп жатырмын. Мен безгектің мерт қылатынын да білемін, бірақ бұл да менің зәремді алған жоқ. Маған керегі бір нәрсе: мені жайыма қалдырып, маған ешкім де тиіспей, ешкім де сөйлеспесе екен. Рипстон мен Моулди арбаның басқа бұрышында әлі сыбырласып отыр. Мен олардың сыбырын, карта ойнап жатқанын, балалардың сөздерін, күлкісін, балағаттағандарын және басқа да тықырларын естіп жатырмын. Біртіндеп бәрі де тынышталды, тек менің жолдастарым ғана сөйлесіп отыр. Мен олардың ұйықтамағанына ризамын. Менің су ішкім келіп, Моулдиден бір жұтым су тауып беруін өтіндім. Жолдастарым абыр-сабыр болды.

— Қой, қоя ғой достым, — деп Моулди мені жылы сөйлеп көндірмек болып жатыр. — Мен саған суды қайдан тауып беремін? Менде ешқандай да ыдыс жоқ екенін білесің. Шыда, сағат беске дейін тыныш жата тұр, сол кезде су тасушылар келеді, сонда шөлің қанғанша ішесің.

— Ал мен беске дейін тоса алмаймын, Моулди, шынында да шыдай алмаймын, есімнен танатын шығармын. Беске дейін тос деп айтпа маған.

— Жақсы, мен айтпай-ақ қояйын. Бірақ бұл шындық қой, сондықтан мен айтпайын саған.

— Ал сағат қазір қанша?

— Сірә, бір болса керек.

Мен қаталап барамын, ал өзеннің толқыны арба тұрған қабырғаның жиегіне жетіп, үздіксіз соғылып жатыр. Мен Дарбаза түбінде өткізген алғашқы түннен кейін таңертеңгі өзім көрген өзенді көз алдыма келтірдім. Өзен күн сәулесіне шағылысып, оның үстімен шөп тиелген үлкен жайма қайық жүзіп барады. Мен төменге, өзен жағасына барып, суға қанғым келіп жатыр. Маған тіпті ыдыстың да керегі жоқ, басымды төмен салып, тура өзеннің өзінен-ақ ішер едім. Мен сүйретіліп тұрып, арбаның жақтауынан түспек болдым. Тастай қараңғы,

сондықтан жолдастарым мені көрер емес, бірақ олар сыбдырды естіп қойды. Сөйтіп, мен бір аяғымды арбаның жақтауынан асыра бергенім сол еді, Рипстон мені екінші аяғымнан ұстай алды.

— Саған не болды, Смитфилд?! — айқайлап жіберді. Даусында үрей бар, өзі жылауға жақын. — Қайда бармақсың, жаным-ау?

— Суға.

— Су жоқ қой енді. Моулди, мыңда кел, көмектес! — деп жанұшыра айқай салды бейшара Рипстон. — Су жоқ, Смитти.

— Су бар, — дедім мен, — қазір өзенге барамын да суға қанамын.

— Жоқ, сен су ішуге бармайсың. Сенің суға кеткің келеді ғой, ендеше, сен бәрібір жындымен бірдейсің, — деп айқайлады Рипстон. — Моулди, кел оны ұста, маған көмектес.

Бірақ Моулди жақындауға батылы бармай, қорқып тұр: шешек егілмеген ғой оған. Оның үстіне жынданып тұрғанымда мен оны тістеп алуым мүмкін. Ол өз бұрышынан шықпастан менімен келіссөз жүргізе бастады.

— Сен нені айтып тұрсың, Смит? — деді мені тыныштандыра сөйлеп. — Бұлай сен бүкіл Дарбазаны оятасың ғой. Тыныш жат, мен саған қазір су алып келемін.

— Су әкелемін деп сен өтірік айтып тұрсың ғой, — деді Рипстон. — Сен қашып кетіп, мені онымен жалғыз қалдырмақсың.

Мен де соны ойлап отырмын, бірақ екеуіміз де Моулдиге әділетсіз қараудамыз. Ол менің басымның астынан өзінің құлақшынын алып, арбадан секіріп түсті де бірнеше минөттен кейін құлақшынды суға толтырып алып келді. Қараңғыда өзенге бару оңай емес. Моулди, әйтеуір, өз саяхатын сәтті аяқтады. Оның құлақшыны ескі болғанымен әлі мықты әрі кір сіңгені сонша, су өткізетін емес. Мен оны қылқылдата



тез жұтып бітірдім. Және жаным рақатқа батты. Сол түні менің жалба-жұлба жолдастарым менің өмірімді сақтап қалды. Егер мені олар өзенге жіберсе, өзеннен соққан өкпек жел мені сұлатар еді. Қараңғыда аяғым тайып кетіп суға құлауым да мүмкін.

Суға қанған соң мен жатып ұйықтадым. Қашан Рипстон иығымнан оятқанша маған қайдағы бір үзік-үзік жағымсыз түстер енді. Арбадан түсетін кез жетті, арбашы аттарына кетті деді. Мен орнымнан тұрайын десем де тұра алмадым. Отыруға жараймын, бірақ аяғымнан тік тұрайын десем, тізем дірілдеп қоя береді де қайтадан құлап түсемін.

— Ал балалар, — деді арбашы өз арбасына таяп келіп, — түсіңдер, сендермен әуреленіп жатуға уақытым жоқ.

— Бізде бір бала түсе алмай жатыр, — деді арбадан секіріп түскен Моулди.

— Сен не деп тұрсың? Түсе алмағаны қалай?

— Түсуін түсе алар-ау, бірақ орнынан тұра алатын емес. Ол аяғым сал болып қалды дейді. Сіз оны өзіңіз түсіре алмас па едіңіз?

— Мен оны түсірсем, оны өмір бойы ұмытпайтын болады.

Соны айтқан соң ашулы арбашы шамын қолына алып, арбаға тез секіріп шықты.

— Жөніңе кет, кер жалқау! — деп ол маған ақырды.

Бірақ осы сәтте оның қол шамының жарығы менің бетіме түсті де, ол ашуланғанын қоя қойды.

— Жазған бала! — деп айқайлап жіберді ол. — Қашаннан ауырып жатырсың?

— Кеше кештен бері, — деп жауап берді Рипстон, — біз оның қатты қиналғанын білген жоқпыз.

— Қайда тұрады бұл? Оны үйіне апару керек, — деді арбашы.

Менің есіме базардағы себеттің саңылауы арқылы соңғы ретте әкемнің ашулы жүзін көргенім есіме түсті. Мен сау кезімде-ақ оның қамшысынан қорқып жүргенде, енді қазір оған оралу тіпті мүмкін емес сияқты.

— Бала, сен қайда тұрасың? Үйің қайда? — деп сұрады арбашы.

Мен естімеген болып, еш жауап берген жоқпын.

— Балалар, сендер мұның қайда тұратынын білмейсіңдер ме? — деп ол менің жолдастарымнан сұрады.

Олар мұны жақсы білетін, бірақ біз өзіміздің үйлеріміз қайда екенін ешкімге де айтпасқа уәде еткен болатынбыз. Сөйтіп, олар мені сатып кеткен жоқ.

— Оның ешқандай да үйі жоқ, ол осында тұрады, — деді Моулди.

— Және әкесі мен шешесі жоқ, жетім ол, — деп қосты Рипстон.

— Бейшара! — деді арбашы. — Егер оны осы жерде қалдырса, онда ол өліп те қалар. Оны тым болмаса жұмыс үйіне апарайын. Жұмыс үйіне барғың келе ме, бала?

Маған бәрібір, тек үйге бармасам болды. Әлсірегенім сонша, сөйлей алар емеспін. Арбашының сұрағына тек басымды изедім. Осы мейірімді адам мені аттың жабуымен жақсылап қымтап, атты шылбырынан ұстап, Дарбазадан алып шықты. Рипстон үнемі арбада менің жанымда отырды.

Өзінің безгектен қорыққанына қарамастан Моулди менімен қоштаспай кете алар емес. Оның арбаға қалай жармасқанын естіп, сол жаққа қарап едім, оның кір-қожалақ түрін көрдім.

— Қош бол, Симтфилд! — деді ол, сосын арбашыға қарап, — оның үстіндегі менің күрткем еді. Сізден өтінерім, тірі қалса, жұмыс үйіндегілерге айта салыңызшы, күрткені тығып қойып, өзі қайтарып берсін деп, — деді. — Ал сау бол, мықтым. Сауығып кет.

Сөйтіп, ол ғайып болды.

Рипстон арбада ұзақ отырды. Ақыр соңында менің ыстық алақанымды қысып, мейірлене көз тастады да, ат жабумен мені қымтап орады. Сөйтіп, бір сөз айтпастан арбаның артынан секіріп түсіп, жүгіре жөнелді.

Х

МЕН ТІРІ ҚАЛДЫМ

Қайырымды арбашы мені жұмыс үйіне әкелді. Онда мені шешіндіріп, шомылдырып, төсекке жатқызды. Дәрігер менің сырқатымның ауыр екенін айтты. Бірақ бір қызығы, өзімді соншалықты жайсыз сезініп жатқан жоқпын. Жатудың өзі жанға жайлы. Егер менен біреу: «Қараңғы Дарбазаның түбінде сап-сау жатқан жақсы ма, әлде осында безгек ұстап жатқан жақсы ма?» деп сұраса, мен ойланбастан безгекті қалар едім. Және ойланатын несі бар? Төсегім таза, әрі жұмсақ, дәрілері де онша ащы емес, ал берген сорпасы дәмді-ақ. Бірақ бәрі, тіпті дәрігер де маған аянышпен қарап, менің төсегіме аяқтарының ұшымен келіп, менімен ақырын сөйлеседі. Құдды менің қатты қиналып жатқанымға көздері жеткендей. Мен мұнда мүмкін жаңылыс түскен шығармын, безгек деп аталатын ауру соншама қорқынышты сырқат болмас, қателік

ашылған соң мені бірден қуып шығар деген ой талай рет басыма келді.

Қанша уақыт ауырып жатқанымды білмеймін, бірақ бірде таңертең бұрынғыдан едәуір сергек оянганымды білемін. Бәрі де маған таңырқай қарайды. Күтуші бике маған сорпа бергенде оны төгіп ала жаздап, сол сәтте-ақ ажал тырнағынан құтылып кете алатын бақытты адамдар туралы күбірлей бастады. Бақылаушы бике менің кереуетімнің жанына келіп:

— Енді ол жуық арада өле қоймас, — деді.

Бәрінен де дәрігер қатты таң қалды.

— Жарадың, жігіт екенсің! — деп айқайлап жіберді. — Осылай оңай құтылып кетеді деп ойлаған жоқпын.

— Иә, сэр, — деп араласты күтуші бике, — ол өз ажалын алдап соқты деуге болады.

— Міне, бұл дұрыс, — деп күлді дәрігер, — ол шынында да ажалдың аузын қайыстырды. Кеше түнде оның жаны қыл ұшында еді, ал енді нағыз жігіттің өзі! Ол енді оңалатын шығар! Біз оның шашын тағы бір сыпырғанша аяғынан тік тұрғызамыз.

Мен бұл әңгімені толық түсінген жоқпын, бірақ дәрігердің соңғы сөздері мені таң қалдырды. Жұмыс үйіне алғаш келген күні менің басымды тықырлатып алғаны сонша, ол шар сияқты жып-жылтыр болып шыға келген, сондықтан мен көпке дейін шаш алдырмайтыныма сенімді едім. Сонда мені сол уақытқа дейін ұстамақ па? Сірә, дәрігер қателескен шығар?

Шынында да дәрігер қателесіпті. Ең жаманы менің қателескенім болар еді. Шашым өте баяу өсіп келеді, ал менің сауығуым одан да баяу. Сырқаттың жаныма әбден батқанымен, дәрігердің пікіріне қарағанда, аяғымнан тік тұратын кезге таяп қалғанымды сезе бастадым. Шынын айтсам, аяғымнан тұрып жүре тұруға, киінуге, тіпті палата ішінде жүруге мәжбүр етті. Бірақ мен өзімді сергек те, көңілді де сезінген емеспін. Тәбетім жақсы, тіпті өте жақсы, Сөйтіп, мен аурухананың там-тұмдаған тамағынан үш есе көп жей алар едім. Бірақ мен үшін безгек ұстап жатқанның өзі жаныма жайлы сияқты. Бәрі мені күтіп, бәйек болып жүр, ал мен

қалағанымша төсекте шіреніп жатамын. Бір бұрыштан екінші бұрышқа сенделіп, әркімнің аяғына оралғы болып, ауру күйімде кереуеттің басына не жиһаздың бұрышына соғылып жүргеннен гөрі осынау жатқаным жақсы емес пе? Бір апта бойы аяғым ісіп кетіп, башмағымды кие алмадым, содан кейін құлағым, одан соң көзім ауырды. Қазір енді үлкен жасыл күнқағармен жүруге мәжбүрмін. Мен осы уақыттың ішінде өзімді үнемі ашушаң, әрі бақытсыз сезіндім. Есіктің әрбір сықыры мазамды алып, жұмыс үйі әбден мезі етті. Тезірек жазылып шығып, маған киімімді беріп, босатса екен деймін.

Маған басқа ештеңе істей қоймайтынына әбден сенімдімін. Маған керегі бір нәрсе ғана: киімімді, көйлек, құлақшын және башмағымды қосып берсе болғаны. Мен қалаған кезімде: «Мені жазып шығарғандарыңыз үшін рақмет сіздерге, енді мен кетемін, сау болыңыздар!» — дер едім. Сол кезде менің алдымнан барлық есік айқара ашылып, бетім ауған жаққа кете беремін деп ойладым. Қайда барарымды да ойлаған емеспін. Әрине, мен Дарбазаның қараңғы түбіне Рипстон мен Моулдиге барамын. Олар маған қатты қуанады. Жұмыс үйінде дәмді тамақ пен жайлы төсегім болса да, мен бұрынғы өмірге, кішкентай қаңғыбастың өміріне оралудан еш қорқар емеспін. Ақша тауып, оны қалаған нәрсеге жұмсап, қаланың көшелерін еркін аралағанымызды, біздің көңілді қылықтарымызды еске алдым. Сөйтіп, Рипстон мен Моулдиді бүкіл жан-тәніммен тезірек көргім келді. Бүкіл дүниеден тек солар туралы ғана сүйіспеншілікпен ойладым. Ал туған үйім мен үшін мүлдем жоқ сияқты.

Ақырында мен сауықтым. Бұл ақпанда болатын. Дәрігер палаталарды аралап, мені және таяуда ғана қызамықпен ауырып тұрған басқа бір бала — Байлсты ертең ауруханадан шығару туралы бұйрық берген күні жердің бетін қалың қар басып жатқан.

Дәрігер кеткен кезде Байлс:

- Тыңдашы, Смитфилд, сен жетімсің бе? — деп сұрады.
- Жетіммін, — деп жауап бердім.
- Онда сен теңіз жұмысына барасың.

— Қалай сонда? Неге онда бармақпын?

— Өйткені барлық жетімдерді Стрэтфордқа жіберді және сені де сонда жібереді. Оны білмеп пе едің? Стрэтфордта өте қатты ұрады және қара орға отырғызады. Мен сен сияқты бір жетімді білетін едім, оны сол жақта өлтіріп тынды.

— Не үшін өлтірді сонда?

— Ол қашып кетпек болғанда ұстап алған: шегелер қағылған биік қабырғадан өрмелеп өтпек болған. Оны ұстап алып, қара орға жапқан. Сөйтіп, сол кезден бері ол ұшты-күйлі жоқ. Бәрі де оны өлтіріп тастады дейді.

— Стрэтфордқа барып жүрген қандай ақымақ өзі, — дедім мен таңданып.

— Иә, ол өзі барды дейсің бе? Оны алып кетті, сені де солай алып кетеді, — деп жауап берді Байлс.

— Жоқ, мені алып кете алмайды, — деп айттым батыл үнмен. — Бастық біздің палатаны аралаған кезде мен өзімнің киімімді беруді және қалаған жағыма кетуді сұраймын.

— Мұның енді керемет! — деп күлді Байлс. — Сұрасаң ол сені жіберіп, тіпті саған арбакешке деп ақша да берер.

Мен Байлстың сөзіне мән берген жоқпын, оны қашанда ақымақ деп ойлайтынмын. Мені жұмыс үйінде кімнің ұстағысы келер? Қайта бәрі менен құтылғанына қуанар.

Бастық әр кеш сайын бәрі де төсектерінде жатыр ма деп палаталарды аралайтын. Ол маған жақындаған кезде мен оны өзіме шақырдым. Палатадағылардың бәрі жастықтан бастарын көтеріп, маған таңдана қарады. Мен жөнсіз қылық жасағанымды сезер емеспін.

— Мені шақырған сен бе, бала? — деп сұрады бастық өз құлағына өзі сенбегендей.

— Иә, сэр, мен сізден өзімнің ескі киімдерімді беруге және оны мына жерге қоюға бұйрық беруіңізді өтінемін. Мен оны таңертең кимекпін. Бұл жерден кеткім келеді.

Бастықтың жанарынан ашу сезілді. Содан кейін ол бақылаушы бикеге:

— Мына баланың есі дұрыс па, миссис Браун? — деді.

— Есі дұрыс, сэр, егер мұндай есердің ақылы бар болса, — деп жауап берді бақылаушы бике.

— Өте жақсы, — деді бастық қалтасынан қарындаш пен қойын кітапшасын алып жатып. — Ол ертең шығарылатындардың біреуі ғой? Оның нөмірі қандай?

— Жүз жиырма жетінші, сэр, — деп жауап берді бақылаушы бике.

— Рақмет... Ал жүз жиырма жетінші нөмір, сен бүгінгі кешті есінде ұзақ сақтайтын боласың.

Сөйтіп, ол маған тағы бір қарады да өз жөніне кетті.

Мен аң-таңмын. Басымды көрпемен бүркеп алып, көпке дейін өзіме келе алмадым. Сонда мұның шын болғаны ма? Мен қалаған кезімде жұмыс үйінен шыға алмаймын. Мұнда мен тұтқынмын, ертең мені Байлс айтқан сұмдық жерге апарды да онда, әрине, бірден қара орға салады.

Не істеуім керек? Күтіп тұрған сұмдықтан қалай құтылу керек? Егер жұмыс үйінен тіпті құтылып шықсам да мен мына киіммен жүре алмаймын. Мен өзіме жұмыс үйі берген киімді алып кетуге арланбас едім, бірақ бұл киім адам таң қаларлықтай еді: қып-қысқа кішкентай күртке, тізеге ғана жететін қалталы шалбар, көк жүн шұлық және мыс ілгекті башмақ. Мұндай киіммен қалай қашпақпын? Кім болса да мені анадайдан таныр еді. Дегенмен жұмыс үйінен Дарбазаға дейін алыс емес. Тек сол жерге жетсем екен. Моулди мен Рипстон қол ұшын береді, әрине. Бірақ жұмыс үйінен қалай қашу керек.

Мен осыны ойлап көпке дейін ұйықтай алмадым. Ақырында тәуекелі мол жоспар құрдым, өйткені басқа ештеңе ойлап таба алмадым.

Біздің палатадағы күтуші бикелердің көмекшісі болып бір қайырымды күтуші әйел жұмыс істейтін. Ол біреуден жиі хат алатын. Бұл хаттарды қақпашы өзінде қалдыратын, Сөйтіп, Джен хатты алуға төменге өзі түсетін немесе біздің бірімізді жұмсайтын. Қақпашы хатты өзінде сақтағаны үшін әйел оған темекіге деп бірнеше бақыр беретін. Мен осыны пайдаланғым келді. Әрине, өтірікті судай ағызуға тура келеді, бірақ бұл түк те емес. Маған Стрэтфорд өте қорқынышты көрінеді.

Таң атты. Біз жеті жарымда таңертеңгілік ас іштік, ал хат сегіздегі поштамен келетін. Мен ояна салысымен ойлана бастадым, бірақ таңғы ас кезінде балалар мені күлкі етіп, мені Стрэтфордқа қалай тапсыратыны туралы айтумен болды. Бұдан кейін мен ойлануды қойдым.

Тоғызға он бес минөт кеткен кезде мен құлақшынымды шалбарымның ішіне тығып, палатадан ұрланып шықтым да басқышпен төмен түстім. Төменде аулаға дейін созылған дәліздің соңында есік бар екен. Осы жерде қақпашы отырады. Аурухана палатасының терезесі аулаға қарайтын, Сөйтіп, мен Дженді көрдім. Ол осындай уақытта менің аулаға шыққаныма таң қалған тәрізді. Мен оған ешқандай мән берместен қақпашының үйшігіне батыл кіріп бардым.

— Хат жоқ! — деді ол мені көрген бойда.

— Білемін, — деп жауап бердім мен, — бірақ Джен өзіне пошта қағазын сатып әкеліп беру үшін менің сыртқа шығуыма сіз рұқсат берсін деп сұрайды.

— Ойлап тапқанын қара! — деп ашулана айқайлап жіберді қақпашы. Мен бұған рұқсат бере аламын ба? Өзіңнің Дженіңе мүлдем дандайсып кеткенін айта бар: осындай да нәрсені сұрайды екен, ә?

Осы сөздерді айтқан ол жоғарыдан терезеге қарады, ал терезеден Джен жанталаса белгі беріп жатыр.

— Жарайды, белгі бермей-ақ қой. Егер мен мұны жіберсем, мені жұмыстан қуып шығар.

— Тыңдасаңызшы, — дедім мен үмітімнің үзіліп бара жатқанын сезіп. — Джен оның үстіне сізге әшмөшке темекі әкеп бер деп тапсырған.

— Гм, мұнысы енді басқа мәселе... Ол Джен тұрған аурухана терезесіне тағы да көз тастады. Джен әбден қыпқызыл болып кеткен: ол күмәнданса керек, Сөйтіп, қайта-қайта басын шайқайды.

— Бірақ сендердің Джендерің мені темекімен алдарқатпай-ақ қойсын. Ал енді ақшаңды бер де, тезірек жүгір, байқа көп жүріп алма, әйтпесе сыбағаңды аласың.

Оған ақшаны бере салып қашу керек. Ол мені жіберіп тұр, жол ашық, Сөйтіп, енді менде қайдағы бір екі пенстің жоқтығынан бәрі де күйрегелі тұр. Тағы өтірік айтуға бел будым.

— Менің ұсағым жоқ, — дедім, — Джен маған қағазға берген ақшадан сізге темекі ал деп тапсырған.

Мен қалтамнан қиялымдағы күміс тиынды іздеген болып жатырмын.

— Бар жүгір, тезірек. Осы жерде бос мылжыңдағанша баяғыда-ақ барып келер едің!

Қақпашы кішкентай есіктің ысырмасын ашты, енді мен еркінмін. Бірден жүгіре жөнелгім келіп еді, бірақ біреу мені аңдып тұр ма деп қорқып, әуелі шапшаң адымдай жөнелдім. Оның есесіне бірінші бұрышқа жеткен соң, құйындата жүгіре жөнелдім.

Таңертеңгілік мезгіл бұлыңғыр әрі салқын. Бірақ бойым сергек те жеңіл. Бұл жер маған таныс: ең төте жолды білемін, Сөйтіп, бес минөттен кейін өзен жағасындағы төменге, Дарбазаның қараңғы тұсына апаратын өткелекке жеттім.

XI

МЕН ТАҒЫ ДА ТЕРИМИЛЛ КӨШЕСІНЕ КЕЛДІМ

Мен Дарбазаға апаратын өткелекке бұрылғанымда сағат онды соққан. Бұл мені тоқтауға мәжбүр етті. Моулди мен Рипстон Дарбаза түбінде болмауы мүмкін, олар баяғыда-ақ жұмысқа кетіп, енді ымырт жабылғанша оралмайды. Ұзақ күнді олармен кездеспей өткізуім керек. Бұл жұмыс үйінен ойдағыдай сытылып шыққандағы қуанышымды едәуір басқандай.

Әрине, мен достарымды базардан тауып алар едім, бірақ онда мына түріммен барудың еш жөні жоқ. Мен Дарбаза түбіне жетіп, олар келгенге дейін күні бойы тосып отырмаққа бел будым. Бір қызығы, ауруханада көз алдыма келтіргендей

біздің арба тұрған жер онша жайлы емес екен. Бұл жер қараңғы әрі қорқынышты. Дымқыл ауаның салқыны сүйегіме жеткендей.

Бір қабырғаның жанынан ескі шоқпыттардың жатқанын көрдім. Менің жақындай бергенім сол еді, шоқпыт қозғалып, қарт адамның тарғыл даусы естілді.

— Бұл жерден не іздеп жүрсің, бала? Мен тым болмаса күндіз бәрі кетіп, маған тыныш өлуге мүрсат берер деп едім. Кісі көзінше өлу қиын.

— Мен сіздің өлуіңізге бөгет болмаймын, — дедім мен әдеппен. — Өле беріңіз. Мен тек суықтан қорғанар жер ғана іздеп жүрмін.

— Ана жақта, су тасушының арбасындағы жәшікке барып жат, — деп қырылдай жауап берді жаңа танысым. — Егер аяғымнан баса алсам, өзім де сонда барып жатар едім...

Жан-жағыма қарап, үлкен жәшігі бар арбаны байқадым.

Мен оған кіріп, өзіме жылы бұрыш тапқаныма қуандым. Бірақ біраздан соң бұл баспанамның ешқандай қалқан болмайтыны айқын болды. Жәшіктің ішінде су қатып қалыпты, мен мұзға жатқан кезде ол еріп, енді су менің шалбарымнан өтіп барады.

Мен жәшіктен шықтым да, желден қорғану үшін су таситын бөшкенің ығына келіп жаттым. Бірақ желдің қатты да салқын болғаны сонша, одан құтылу, ықтасын табу мүмкін емес. Ол тар қақпадан ышқына соғып, өзен жақтан мұзды қарды үргілеп жатыр.

Суық сүйекке дейін жетіп, құлағымды шымшып барады. Ал басымды көтерсем болды, өкпек жел тура бетіме соғады. Мен екі қолыммен тымағымды ұстауға тиістімін, Сөйтіп, саусақтарым мұзға басқандай суықтан қарып барады. Мен бұл азапқа жарты сағаттан астам шыдай алмай, арбадан секіріп түсіп, қолымды қалтама тыққан күйі сіресіп қалған аяқтарыма жан кіргізейін деп тайғанақ көшемен ілгері-кейінді жүре бастадым.

Ақыр соңында суықтың сорғаны сонша, мен от жаққым келді. Жағадан жаңқа мен көмір сынығын көп жинап алуға

болады. Бір қырсығы, менде сіріңке жоқ. Өзенде үлкен қайықтар көп, онда жүкшілер жұмыс істейді. Олардан шырпы сұрасам, маған оны берер еді, әрине. Бірақ мен оларға мына киіміммен қалай бармақпын? Олар менің жұмыс үйінен екенімді бірден біледі ғой. Менен сұрастыра бастайды да мені ұстап тынары анық. Жалғыз амал бар: күрткемді шешіп, бетім мен қолымды батпаққа майлауым керек, Сөйтіп, өзен жағасының лайынан жаңқа, бөтелке, қалбыр мен басқа заттарды, ескі-құсқыны іздеп жүрген балалардың біріне ұқсауға тиіспін. Бұл үшін жел өтінде күрткемді ғана емес, шұлығымды, башмағымды және құлақшынымды да шешуге тура келеді, өйткені «қалбыршылар» мұндай киімді кимейді. Олардың аяқ-қолы мен беті ылғи да лай. Осылай лай жағып алу үшін мен жалаңаяқ бетін мұз басқан өзен лайын кешіп, осы лайға қолымды малып, соны бетіме жағуым керек.

«Қалбыршылар» қашанда өзімен бірге қап немесе басқа бір қорап алып жүруі керек, оған тауып алғанның бәрін жинайды. Бағыма қарай, мен бір қайықтың астынан лайға батқан ескі кастрөлді тауып алдым. Мен оны қолыма алып, бір кәрі жүкшіге келіп, одан сіріңке сұрадым.

— Кет, әрі кет ұры неме! — деп айқай салды ол. — Түрмеден шыққаны жаңа ғана, тағы да ескі әуеніне басыпты.

— Мен түрмеде болған жоқпын, — деп жылап жібердім. — Түрмеде болған жоқпын, болған жоқпын.

— Түрмеде болған жоқ. Өтірікшісін қара. Өзіңнің басыңа қарашы, бұл түрмеде қиылған шаш емес пе?

— Жоқ, мен жұмыс үйінде болдым, менің шашымды сонда сыпырған, өйткені безгекпен ауырдым... Мен жұмыс үйінен қашып кеттім...

Шал үлкен қайықтың жиегінен ақ бұрыл тартқан басын асырып, менің кір-қожалақ, жас жуған бетіме үңіле қарады. Сірә, ол менің шын сөзіме сенсе керек, өйткені даусы енді мейірімдірек шықты.

— Егер саған сіріңке керек болса, онда тіпті екеуін ал да жөніңе кет.

Ол ілгекті бақанның жарығына шырпыларды қадап, маған осындай тәсілмен берді. Бірақ менің бар еңбегім зая кетті, жаңқалар да, көмір де, қағаз жыртындысы да табылды, бірақ олардың дымқыл болғаны сонша, менің екі шырпым да лап еткенімен ештеңені де жағып үлгермеді. Мен жағаға қарадым: маған шырпы берген шал қайықта жоқ. От жақпай-ақ тіршілік ету керек. Мен тағы да өзенге барып, аяқ-қолым мен бетімді лайдан тазартып, сүлгім жоқ болса да желге кептіріндім. Содан кейін шұлығымды, башмағымды, күрткем мен тымағымды қайта киіп, Дарбаза түбінде ерсілі-қарсылы жүре бастадым.

Сағат екіге қарай қар түсе бастады. Бұл мені ренжіте қойған жоқ, қайта қуантты: ауа райының мынадай жаманында Рипстон мен Моулди тезірек үйге оралады. Мен әдетте олар Дарбаза түбіне келіп түсетін баспалдақтың соңғы басқышына жайғастым да күтуге кірістім.

Шіркеу сағаты жетіні соқты, ал менің достарым әлі келген жоқ. Енді қайда барып, не істеуім керек? Әлде үйге оралсам ба екен?

Бұл ой алғаш басыма келгенде оны мүлдем сандырақ ой деп ден қойған жоқпын. Бірақ уақыт өтіп бара жатыр, ал өзімнің достарыммен енді кездесуден үмітімді үзе бастадым.

Үйді қайта-қайта ойлай бердім. Ақырында үйден басқаны ойлаудан қалдым. Үйге оралудан сонша неге қорқамын? Тоғыз айдан асты, мен туған-туысқандарымның бірде-бірін көрген емеспін, мүмкін, олар маған қуанар, тіпті ең жаманы, әкем маған дұрыстап тұрып ақылын айтар. Қазір мен үйден қашып шыққан кездегідей кішкентай бала емеспін: мен жұмысты қалай іздеу, қандай жұмысқа кірісу керек екенін білемін, өз отбасыма енді масыл болмаймын.

Алайда біздің шолақ көшеге барардан бұрын мен Дарбаза маңында біраз жүрдім, содан кейін Рипстон мен Моулди бар ма екен деп базарға жүгіріп барып қарадым. Оларды таба алмаған соң, Теримилл көшесіне бет алдым. Мен еш жерге тоқтамастан, ешкімге көңіл аудармастан тез жүріп келем.

Бірақ Смитфилдке жеткен кезде менің жүрісім баяулап, шолақ көшеге таяғанда мүлдем тоқтадым. Әкеме осылай жетіп барғаным қауіпті емес пе? Бұл уақытта ол әдеттегісінше сыраханада болады. Сол жерден шыққанын күткен жөн бе? Аздап ішіп алса, ол маған қайырымдырақ. Мен шолақ көшенің қарсысында тұрып, әкемді тостым. Ол қашанда үйге он бірге қарай оралады, ал қазір онға жаңа ғана кетті. Мен тапжылмай күтіп тұрмын, әкемнің мені қалай қарсы алып, маған не айтатынын ойлап, суықтан тоңып, қарнымның ашқанын да ұмытыппын.

Бірақ уақыт өтіп жатыр, ал әкем әлі жоқ. Ақырында мен әкем болатын сыраханаға барып, оның бар жоғын көрмек болдым.

Кенет сырахананың есігі айқара ашылды да одан бір әйелді итеріп шығарып жіберді. Үстіндегі көйлегі әбден жыртылған, әрі мүлдем кір, жирен шашы қобырап, ерні ісіп кеткен, ал қолында кір шүберекке оралған баласы бар. Мен бірден таныдым: бұл менің бейшара қарындасым Поллиді ұстаған миссис Берк болатын.

— Маскүнем неме! — деп бажылдайды ол. — Маған бөтелке лақтыруға қалай дәтің барды? Баланы өлтіре жаздадың. Үйге оралсаң, басыңа әңгіртаяқ ойнатармын.

Сыраханадан айдап шыққан еркек оған жұдырығын ала жүгірді.

— Сөйте тұрып сен мені маскүнем деп жазғырасың, оңбаған пәле! — деп айқайлады ол. — Тамаққа берген бар ақшаны өзің ішуге саласың. Сен үйге келген күннен бері отбасы аш жүреді. Сені өлтіріп тастаудың өзі аз, арсыз маскүнем.

— Жә, жетер, Джим Бализет! — деді мистер Пигот оны қолынан ұстап. — Мен қабағымда жанжал шығаруға жол бермеймін. Үйіңде сабай бер, ал бұл жерде мен жол бере алмаймын. Бұл жерде болмайды.

Джим Бализет. Ол осынау мас, үсті-басы лас біреуді Джим Бализет деп атады. Сонда бұл менің әкем бе? Мен әкемнің қашанда таза, тіпті сәнді киініп жүргеніне үйренгенмін. Жұмыстан үйге келген соң жақсылап тұрып жуынатын, ал

көшеге таза көйлек, мықты фланель күртке киіп, мойнына жібек шаршы орамал байлап шығатын. Ал бұл адамның беті жуылмаған, күреңітіп кеткен, көзі бозарып, ісіп кеткен, жақ жүні үрпиген біреу. Шашына тарақ тимегелі де қашан. Үстінде кір көйлек, басында мыж-мыж болған телпек.

— Жібер мені! — деп айқайлады ол мистер Пиготқа. — Менің бар қанымды сорып алған бұл сүліктің быт-шытын шығаруға тиіспін.

— Қой, Джим, — деп оған басу айтып жатыр сыраханадан оның артынан еріп шыққандар. — Оның сыбағасын беруге үлгересің, одан да тағы да бір стақаннан тартып жіберейік.

Шуылдаған топқа полицей келді.

— Немене, тағы да жанжалдасып жатқан Бализеттер ме? — деп сұрады ол трактиршіден.

— Иә, — деп жауап берді Пигот. — Оларды сабасына түсіруге шама жоқ. Әйтеуір, көмекке сіз келдіңіз ғой.

— Иә, полицей мырза, — деп айқайлады әкем, — мына жирен сұрқияны осы жерден алып кетіңізші. Көз алдымда енді көлбеңдемейтін болсын.

Сөйтіп, ол тәлтіректеп сыраханаға қайта оралды.

— Менің бар байлығымды ішімдікке салған мына зұлымның желкесін үзіңіз, — деп қыңқылдады миссис Берк полицейді көргеннен кейін аздап сабасына түсіп.

— Жә, бар, үйіңе бар, жанжалдаспай, — деп күңкілдеген полицей әй-шайсыз оны біздің шолақ көшеге жетелеп әкеп, біздің үйдің есігінен оны үйге қарай итеріп жіберді.

Не істеуім керек? Миссис Берктің соңынан баруым ақымақтық, әрине. Мен ешқашанда оның аяушылығына үміт артып көрген емеспін. Соққы жегеннен кейін енді оның көзіне түсу тіпті қауіпті: ол маған жұдырығын ала жүгіреді. Бейшара кішкентай Полли. Мен оны қатты аяймын, бірақ әйтеуір тірі қалып, менің кінәмнан мүгедек болып қалмай, аман-есен болғаныңның өзі ғанибет. Әкеме барсам ба? Мүмкін, мені әкем аяр. Бұрын миссис Берк оны маған айдап салатын. Енді әкем онымен ұрсысып қалды: оған ерегескенде мені бауырына басар.

Мен сыраhanaға имене кірдім. Онда адам көп екен, әкемді бірден көре алмадым. Жақсылап қарағаннан кейін ғана оның үстел үстінде екі қолына басын салып отырғанын көрдім.

— Әй, жұмыс үйі, мұнда саған не керек? — деп сұрады менен трактир қызметшісі.

— Мен әкеме, ана кісіге келдім! — деп әкемді көрсеттім.

— Ал сенің әкеңнің аты кім, бала?

— Джим Бализет.

— Ә! Мен солай ойлап едім, мен оны бірден таныдым, — деп айқайлап жіберді біздің шолақ көшеде тұратын тері илеуші.

— Джим, оян, қара сенің балаң оралды. Оянсаңшы енді! — деп әкемді сәл итеріп қойып айтып жатыр.

— Өтірік айтасың, жайыңа отыр! — деп күңкілдеген әкем басын көтерген жоқ.

— Сөйлесші онымен, Джим, оған бір-екі ауыз сөз айтшы, ол сенің даусыңды таниды.

— Бұл мен әке! — деп, дірілдеген қолыммен оның шынтағынан ұстадым. — Мен келдім... Мен үйге оралдым.

Әкем ақырындап басын көтеріп, маған ызбарлана қарағаны сонша, мен екі қадам артқа шегіндім. Ол бірнеше минут ызалы жанарымен мені ішіп-жеп қарады, ал мен оның ашуы біртіндеп тарқар деп сене бастағаным сол еді, ол кенет бір сөз айтпастан маған тап беріп, жағамнан ұстай алды. Қолы кеңірдегімді сығымдап барады.

— Ә, түстің бе қолға, сүмпейі. Түстің ғой! — деп ол екінші қолымен өзінің мықты белбеуін ағыта бастады.

— Оған не істеп жатырсыз, Джим? Сіз оны тұншықтырасыз ғой. Жіберіңіз оны, Джим. Балаға солай етуге бола ма екен? — деп айналадағылар маған араша түсіп жатыр.

— Бала — менікі. Қалағанымды істеймін оған! — деп айқайлады әкем.

Ол бір минутке тоқтады. Сірә, мені дұрыстап тұрып дүрелеу үшін қалай оңтайлы жатқызуды ойласа керек. Содан кейін жағамнан ұстап көтерген күйі үстел үстіне етпетімнен алып ұрды. Осы кезде ғана ол менің үстімдегі ұсқынсыз киімімді алғаш рет аңғарса керек.

— Үстіңдегі не пәле? — деп сұрады ол.

— Сірә, түрменің киімі болар, — деп ескертті біреу, — шашы да түрмедегідей қиылған.

— Жоқ, бұл түрме емес, — деді қызметші, — бұл жұмыс үйі.

— Иә, бұл жұмыс үйі, — деп іліп әкеттім мен, — бұл киімді мен безгекпен ауырып, жұмыс үйіне түскенде берген.

Мен осы сөздермен әкемнің аянышын туғызармын деп ойлап едім, керісінше шықты. Ол үстел жанынан жиіркене алыстап, айналасындағыларға жыламсырап тұрып:

— Ал сендер оны босат дейсіңдер, ал осы баланың не істегенін білесіңдер ме? — деді. — Ол үйден қашып кетіп, менің қызымды өлтіре жаздап, содан кейін қайыршыға айналып, сонысымен мені масқара етті. Ол жұмыс үйінде болыпты, естідіңдер ме? Жұмыс үйінде. Ал мен оны босатып қоя беруім керек. Аспан айналып жерге түссе де жібермеймін, өлімші етіп сабаймын.



— Тек менің қабағымда емес! — деп айқайлап жіберді мистер Пигот, Сөйтіп, әкем менің арқама қарай сілтеген белбеуді жанұшыра ұстай алды.

Мистер Пигот белбеуді бүгіндей жұлып алмақ еді, бірақ оның екінші ұшын әкем қолына мықтап орап алыпты. Бұл екі арада төбелес басталып кетті. Мұны пайдаланған мен үстел үстінен лып етіп еденге түстім.

— Полицияны шақырыңдар! — деп шырылдады қожайын.

— Кімді шақырсаңдар, оны шақырыңдар, бірақ мына қаңғыбастың сілікпесін шығаруға ешкім де бөгет бола алмайды.

Сырахананың есігі сәл ашылып, оған шыққан шуды білмек болған бес-алты адамның басы көрінді. Мен үстел астына тығылдым. Жанашыр қызметші маған келіп, есікке жетелеп апарды. Іштегілердің бәрі де әкем мен мистер Пиготтың төбелесін қызықтағаны сонша, маған тіпті көңіл аударатын түрлері жоқ.

— Тезірек жүгір үйіңе, оңай құтылғаныңа қуан! — деп қызметші мені көшеге шығарды да, іле есікті жауып алды.

ХІІ

МЕНИҢ ЕКІ ДЖЕНТЛЬМЕНМЕН ТАНЫСУЫМ

«Оңай құтылғаныңа қуан!» деді-ау трактир қызметшісі маған.

Неге қуанамын? Білсем екен соны. Мен дүниедегі ең бақытсыз баламын: менің баспанам да, досым да, бір үзім наным да жоқ, үстімде тіпті киімім де жоқ, өйткені көйлегім басқа біреудікі, еркін қимылдауға жібермейді. Менің жоспарымның быт-шыты шықты. Мен соққыдан құтылдым, бірақ мұның жұбанышы шамалы. Күйзелгенім сонша, егер әкем белбеуін көтеріп маған жетіп қалғанын естісем, тіпті орнымнан қозғалмас едім.

Уақыт он жарым болып қалған, барлық дүкендер жабылып жатыр. Мен басым ауған жаққа кетіп барамын. Жолға да қарамастан, бұралқы иттей біресе көшенің бір жағына, біресе екінші жағына көзсіз бұрылып келемін.

Біраздан соң тері қатарына апаратын көшеге тап болдым. Көше ұзын емес, өн бойына дүкендер орналасқан. Олардың бәрі жабық, тек тоқаш дүкенінен ғана жарық көрінеді. Мен жарығы бар терезеге жақындап келгенде көз алдымнан үлкендігі әртүрлі тоқаштар үйіліп жатқанын көрдім. Екі аяғым сал болып қалғандай бір орнымда қаттым да қалдым. Ерсілік-қарсылы босқа жүре бермеппін: мен ақырында іздегенімді таптым. Шіркін, осынау қызара пісірілген тоқаштың бірін берсе ғой маған. Қаншасын жей алар едім? Қайсысын алдымен таңдап алар едім? Төмендегісін, ол сәл күйіңкіреген және тағы да өне біреуін, жақынырағын.

«Ж, ыж» — деп соңғы терезенің қақпасы жабылды. Жарық сөніп, тамаша тоқаштар көзден ғайып болды. Тоқаш дүкені де басқаларындай қараңғылық қойнына енді. Таңертеңнен бері қарнымның ашқанын сезбеп едім, тіпті тамақ туралы ойлаған да жоқпын, бірақ енді ішім шұрқырап, тамақ сұрай бастады. Қатты аштық маған жан бітіргендей, кенет өзімді керемет сергек сезіндім. Қалай болғанда да тамақ табу керек. Бірақ қалай? Қайыр сұрау керек пе? Кімнен? Мен жүрген көшелерге бай адамдар сирек келеді және қазір онда бірде-бір адам көрінбейді. Оның үстіне жұмыс үйінің киіміндегі мен қалай қайыр сұрамақпын? Кім маған пенни бере қоймақ, түн ішінде көшеде не ғып қаңғып жүрсің? — деп сұрамай ма? Оның үстіне қайыр сұрау үшін кеш. Мен пенни сұрап алғанша барлық дүкендер жабылып қалады. Бірдеңе ұрласам ба? Бүкіл көше бойында тек бір сырахана ғана ашық, ал жүргіншілерден бір ғана полицей көрінеді. Айтқандайын, алыста не барын көре алар емеспін, өйткені қар жапалақтап жауып тұр.

Кенет мен біреулердің жүрісін, көңілді күлкілерін естідім. Ал бір минөттен кейін темекі тартып, қолына әсем таяқ ұстаған екі жас джентльменді көрдім. Олардан бірдеңе ұрлап

ала қояйын деген еш ойым жоқ, бірақ олар мені аяп, маған бірер тиын берер деп дәмелендім. Олар өте көңілді, сірә, өте бай болса керек — әрқайсысының саусағында жарқыраған үлкен қымбат тасты балдақ.

Менің бағыма қарай, олардың біреуі маған таяу жерге келіп тоқтап, темекісін тұтатты.

— Мейіріңіз түсіп, маған бірдеңе беріңізші, — дедім мен.

— Менің досымнан сұрап көрші, — деп тіл қатты джентльмен. — Берни, байғұс балаға бір шиллинг берші.

Қуаныштан жүрегім тулап қоя берді. Мен джентльменнің досына қарадым.

— Қолыңды соз, — деді ол.

Мен қолымды создым, ол оған түкіріп жіберді.

— Қайыршыларға мен осындай шиллинг беремін.

— Ха-ха-ха, — деп күлді басқа джентльмен.

Сол сәтте ызадан буынып кете жаздап, мистер Бернидің мұрнына жабыса кеткім келіп еді, бірақ аштық менің ашуымды құрсап тастады.

Мен алақанымды қабырғаға сұрттім де көңілді дауыспен оны қайта создым:

— Ал енді сіз маған тым болмаса бір пенни, тіпті жарты пенни беруден бас тартпассыз, — дедім ең сыпайы үнмен. — Мен аштан өліп барамын.

— Өтірік айтасың, сұмырай! — деп айқайлады мистер Берни. — Аштық туралы сайрайды, ал өзі сыптай болып киініп алған. Мынадай сәнді башмағы бар адам қайыр сұрай ма? Оны полицияға апарып тапсырайық, Джонс.

Сол кезде ғана мен өзімнің башмағым шынында да мықты әрі жаңа және қайыршы үшін тым жақсы екенін, оны сата алатынымды түсіндім. Аштан бұратылғанша, жалаңаяқ жүргеннің өзі жақсы.

Дарбаза түбінде түнейтін балалар Филд-Лейнде дүкендер көп деп жиі айтатын. Онда түн ортасына дейін сауда жасап, ештеңені таңдап та, оның қайдан келгенін де сұрап жатпастан бәрін сатып ала беретін.

Филд-Лейнге дейін алыс емес. Мен еңкейіп, башмағымның бауын шеше бастадым.

— Сен не істеп жатырсың? — деп сұрады мистер Берни.

— Міне, осы енді, рақмет, сіз менің башмағымның қандай екенін еске салдыңыз. Енді мен сіздерден қайыр сұрамаймын. Ақшаларыңыз бен түкіріктеріңізді өздеріңізге қалдырыңыздар, әйтпесе бастарыңызға кірпіш түсіп кетуі мүмкін.

— Кеттік, Джонс, — деді Берни. — Егер ол бізге тиісетін болса, полицейді шақырамыз.

— Жоқ, тоқтай тұр, — деп кідіртті Джонс өз досын. — Бұл башмақты не істемексің, бала?

— Сатамын оны.

— Түнде оны қайда апармақсың? Сатқың келсе — мыңда әкеліп көрсет. Жүр, жарыққа барайық.

Мен шұлығымды шешіп, башмақтың ішіне салдым, ал оның бауын байлап, иығыма асып алдым.

Мистер Джонс мені шам жарығына әкеліп, бір қолымен башмақты алды да оны асықпай, әрі ірі саудагерше аударыстырып қарап, сығымдап қояды.

— Бұған қанша сұрайсың? — деп сұрады ол.

— Әжуа еткеніңіз жетер! — деп айқайлап жібердім мен. — Оған менің қанша сұрайтынымды біліп қайтесіз?

— Қайдағы әзіл! — деді мистер Джонс. — Менің сауда жасағым келеді. Бағасын айт, мен башмақты сатып аламын.

Қандай баға сұарымды мүлде білмеймін. Осы сәтте менің марқұм шешем бұдан да нашар башмаққа бірде екі шиллинг тоғыз пенс бергені есіме түсті. Ал мына башмақ тым жақсы: әрі жылы, әрі ыңғайлы. Салқын қар үстінде жалаңаяқ тұрып, оның құнын әбден түсіндім.

— Он сегіз пенс, — дедім мен.

Мистер Джонс мистер Берниге қарады да, екеуі дәп мен бір көңілді әзіл айтқандай-ақ қарқылдап күле бастады.

— Жә, жақсы, жақсы! — деді мистер Джонс. — әзіл әзілімен, егер сен нақты бағасын айтпасаң, біз ешқашан қол соғысып, келісе алмаймыз. Мына башмағың үшін қанша берейін?

— Он сегіз пенс, одан еш кем емес.

— Пәлесін қара. Ал енді осы ақша саған керек болса, онда сататын тағы бірдеңе іздестір: қалтаңнан бет орамал бәкі немесе сондай тағы бірдеңе қарастырып көр.

— Қарайтын ештеңесі де жоқ, менің барым үстімдегілер ғана.

— Несі бар. Біз бәрін де сатып аламыз! — деді мистер Берни. — Біз сенің киіміңе он сегіз пенс емес, он сегіз шиллинг бере аламыз. Сат енді.

Сонда менің киімім үшін расында да он сегіз шиллинг бермек пе? Ал мен оны осы бағаның жартысына қуана сатар едім, өйткені көйлегім тар.

— Сонда көшеде қалай сатпақпын? — деп сұрадым мен.

— Неге көшеде? Оны бізге апарайық, Берни, — деп ұсынды мистер Джонс.

Осы сөздерді айтып жас джентльмендер менің башмағым мен шұлығымды қолдарына ұстап, Сафрон-Гиллге қарай тез жүріп кетті. Мен олардан қалар емеспін. Гиллдің ең лас бөлігіне жеткен кезде олар бір үйдің алдына келіп тоқтады. Есіктің кілті мистер Джонстың қалтасында екен, Сөйтіп, үшеуіміз қараңғы дәлізден өтіп, сықырлаған басқышпен екінші қабатқа көтерілдік те бөлмеге ендік. Мистер Берни қабырғаға ілінген кішкентай мыс шамды жақты. Сөйтіп, осы шамның жарығымен мен жігіттердің баспанасын қарай бастадым. Ол шүберекшінің дүкеніне ұқсайды. Бір бұрышта телпектердің таудай болып үйілгені сонша, жымырайған ескі цилиндрлер төбеге тиіп тұр. Екінші бұрышта ескі башмақтар мен шұлықтардың неше түрі үйіліп жатыр. Оның үстіне ұзын үстелдің үстінде ескі көйлектер төбедей болып үйіліп жатыр.

Бұл дүкенде, сірә, адамдар тұратын болса керек, жиналмалы үстел үстінде кір шынаяқтар мен кофейник тұр, сол жерде қырыққабат жапырағына оралған май мен басталған нанды көрдім.

— Жеуге бола ма? — деп сұрадым да жауапты күтпестен нанның үлкен үзімін ауызға бір-ақ тықтым.

Мистер Берни мыс сіріңке қорабымен қолымнан соқты. Бөлке жерге ұшып түсті. Мен оны көтеріп едім, бірақ мистер Джонс оны бірден қолымнан жұлып алды.

— Сен мұнда ұрлауға келген жоқсың, — деп ескертті ол қатуланып.

— Былай болсын, бала! — деді мистер Берни жылы үнмен. — Мен сенің өте ашық екеніңді көріп, аяп тұрмын. Башмағыңа берілетін шиллингке осы нанды қосып ал да, енді бізді мазалама.

Егер мен наннан бір тістемесем, онда мен өз бағамнан танбай тұрып алар едім, бірақ енді мистер Берни нанмен бірге берген шиллингті қалтама салдым да бөлкеге ашқарақтана бас салдым.

— Ал енді жалтырат табаныңды, — деді мистер Джонс менің алдымнан есікті ашып жатып. — Іс бітті, енді сенің мұнда айналшықтайтын ештеңең жоқ.

— Сіз менің сырт киімімді сатып алмақ едіңіз ғой, — деп есіне салдым. — Он сегіз шиллинг беремін деп айтқан жоқсыз ба?

— Он сегіз шиллинг? — Мистер Джонс күрткемнің матасын умаждап қарады. — Он сегіз шиллинг қымбат емес, мен бұған артық та берер едім, ал сен осыншама баға сұрап тұрсаң, міне, сенің бағаң.

Ол маған он сегіз пенсті ұсынды.

— Бұл он сегіз пенс, — деп айқайлап жібердім, — ал маған керегі он сегіз шиллинг.

— Әй, ақымақ. Осында осындай қоқыр-соқырға соншама дүниені кім бермек саған?

— Ал маған он сегіз пенстің керегі қанша? Өйткені мен оның орнына жаңа сырт киім сатып алуым керек қой.

Берни мені өзіне қарай жұлқып, менің бүкіл киімімді көзімен тінтіп шықты.

— Білесің бе, Джонс, — деді ол мейірлене. — Жақсы бір іс істеп, байғұс балаға басқа киім берейік: мынасы тіпті ыңғайсыз екен.

— Жақсы іс жасау — ғанибет қой, — деп қосты мистер Джонс, — тек сен мені де аяй гөр, өйткені шығынның жартысын көтеретін мен ғой.

— Жә, жетер, досым, жақсы істен ешқашан кедей болмайсың!

Осы сөздерді айтып, ол ескі киімдердің үйіндісінен үлкен екі бумази шалбарды алып шықты, бұлары әбден лас, мүлдем тозығы жеткен, алды-арты жамаудан көрінбейтін дүние.

— Мыналарың жыртық! — дедім мен шалбардың үлкен бір тесігін көрсетіп.

— Иә, бұл біраз киілген дүние, — деп жауап берді Берни, — бірақ саған жаңа шалбар бере алмаймыз ғой.

— Оның үстіне бұл өте кең, әрі тым ұзын.

— Ештеңе етпейді, қазір осындай кең шалбар кию сәнді, ал егер ұзын болса, біз кесіп тастаймыз. Киіп көрші.

Мен үстімдегінің бәрін шешіп, бір ғана көйлекпен қалдым. Мистер Джонс сол сәтте-ақ менің киімдерімді ала салып, бір жерге тыға қойды. Бумази шалбардың кеңдігі сонша, менің денеме қабысар емес, ал белі менің қолтығымның астынан бір-ақ шықты, шалбардың балағы жер сүйрейді.

— Көрдіңіздер ғой, мен айтқандай бұл маған дәл емес.

— Дәл емесі қалай? Тіпті саған арнап тігілгендей.

— Иә, ол маған өте ыңғайсыз. Қараңызшы, мына түйме алдында болуға тиіс, ал ол қолтығымның астында тұр.

— Ол бүкіл көйлегінің етегін беліне жинап алған соң оған ыңғайсыз көрініп тұр, — деп еске салды мистер Джонс. — Оның көйлегін шешіңізші, Берни, біз оған жұқарақ біреуін берейік.

— Міне, енді қатып кетті! — деді ол. — Мына түймені мына тесікке ыңғайлап қадаймыз, ал мынаны — анаған. Тамаша. Шалбарың кеңірдегіңе жетіп тұр, ендеше, саған бешпенттің де керегі жоқ. Ғажап дүние. Біз саған осындай жап-жақсы күртке таба алармыз ба.

— Иә, оған мынаны да берші, — деді мистер Джонс, қайдағы бір шоқпытты ұсынып. — Ол жап-жаңа, қайтейік, баланы аяймыз да. Әйтеуір жақсылық жасау керек қой.

Олар маған майлы бояу әбден сіңген күрткені жұлмалап кигізіп жатыр. Сірә, оны бұрын бояушы кесе керек.

— Әбден қатып кетті — әрі жылы, әрі ыңғайлы! — деді Берни. — Тымағыңды ал да, табаныңды жалтырат.

— Ал көйлек ше? Сіздер маған көйлек берген жоқсыздар ғой.

— Көйлек? Шалбар мен күрткеге көйлек қосу керек пе? Сен есіңнен алжасқан шығарсың, шырағым?

— Тым болмаса аздап ақша беріңіздер: өйткені менің көйлегім бұдан қымбат еді ғой.

— Мұнысы қалай, Джонс? — деп айқайлап жіберді Берни ренжіген үнмен. — Біз оған жақсылық жасасақ, ол бізден ақша сұрайды. Ұятсыз, иманы жоқ бала. Бар кет, жөніңе.

Олар мені бөлмеден итеріп шығарып, баспалдақтан домалатып жіберді. Көшеге қуып шығып, артымнан есікті жауып алды.

ХІІІ

МЕН КӨШЕ ӘНШІСІМІН. ЕСКІ ДОС

Мені алдап соғып, соңымнан есік тарс жабылғанда шіркеу сағаты түн ортасын білдірген еді. Сөйтіп, мен жұмсақ қарды басып келемін.

Мен Берни және Джонс мырзалармен жасаған саудамның пайдалы-пайдасыз екенін бірден біле алмадым. Маған пайданың бәрі солар жағында қалған тәрізді, ал олар болса, мені шүкіршілігі жоқ, парықсыз бала деп кінәлады. Шынында мен олардың жақсылығын дұрыс бағалай алмадым ба? Олар мен үшін не істеді? Бұрын менің қос жылы шұлығым, мықты башмағым, костюмім және көйлегім бар еді. Енді менің не башмағым, не көйлегім жоқ және костюмімнің түрі күртке мен шалбар ғана. Оның есесіне мен онша аш емеспін, және күндіз көшеде көрінуге болмайтын киімнен құтылдым. Оның үстіне қолымда бүтін шиллинг бар.

Бірақ сол шиллинг қайда? Егер аяғымның астындағы жер ойылып кетсе, мен сондай қорықпас едім.

Мен өзімнің жаңа шалбарымның қалтасын ақтара бастадым. Қалтамның тереңдігі сонша, оның түбіне қолым жеткенше жерге иілуіме тура келді: бірақ бар қуысты босқа шарлаппын, шиллинг ұшты-күйлі жоқ.

Зәрем кеткеннен күрткемнің барлық қалталарына қолымды тығып едім, онда да ештеңе жоқ, ілінгені тек қатқан нанның түйіршіктері ғана. Сонда ол шиллинг қайда кетті?

Осы сәтте мен оны саудагерлердің үйінде қалдырғанымды есіме түсірдім. Етігім мен шұлығыма бір шиллинг пен бір тілім нан алған соң мен сол шиллингті өзімнің бұрынғы шалбарымның қалтасына салып, әне бір бумази шалбарды киіп көрген кезде оның қалтасынан алуды ұмытып кетіппін.

Осының бәрін ап-анық есіме түсірген соң аптығымды бастым. Олардың үйі онша алыс емес, Сөйтіп, мен Сафрон-Гиллге қарай тапырақтап жүгіре жөнелдім. Сафрон-Гиллді және ескі-құсқы сататындар тұратын жерді табу қиын емес, бірақ олардың көшесіне жете беріп, аң-таң болып тоқтай қалдым. Мен олардың үйінің нөмірін аңғармаппын, ал үйлердің бәрі сыртынан қарағанда бірдей сияқты.

Мен әрбір үйге зер сала қарасам да, бір-бірінен айырмашылығын байқай алар емеспін. Барлық терезелердің жарығы сөнген.

Кенет мен екінші қабаттағы терезеден жарықты көріп қалдым.

Есіктегі балғаға жетіп барып, соқтым. Маған жауап берген жоқ. Мен екінші рет бұрынғыдан қаттырақ соқтым. Жарығы бар терезе ашылып, одан телпегі бар шалдың басы көрінді.

— Кешіріңіз, сэр, — дедім мен, — бұл үйде мистер Берни мен мистер Джонс тұра ма?

— Мен қайдан білейін. Есікті түн ішінде соғуын. Жерге түскім келмей тұр, әйтпесе сыбағанды берер едім.

Осы ашулы сөздерден кейін шал терезені тарс жапты. Менің не істеуім керек? Барлық үйдің есігін қағу мүмкін емес, ал кетіп қалу — шиллингтен қағылу деген сөз.

Әрине, бәріне кінәлі өзім: ақымақ жаңғалақтығымнан шиллингтің соларда, менің сатып алушыларымда қалғанын

ұмытыпшып. Гәптің неде екенін білгеннен кейін олар сол сәтте-ақ менің ақшамды қайтарады. Ең дұрысы, таңға дейін осы жас джентльмендерді тосып, олардың далаға шыққанын күткен жөн.

Бағыма қарай ескі-құсқы сатып алушылардың үйінің қарсысында бір шағын дүкен бар екен, мен соның баспалдағына жайғастым. Мен сол жерде таңға дейін біресе біраз көз ілдіріп, біресе қайта оянып отырдым да қойдым.

Таңғы жетіде мен иеленген жеріне жайғасқан дүкенші өз есігін ашты да, мені қуып жіберді.

Бірақ мен алысқа кетпей, сағат ондардың кезінде өзім аңдыған үйден қолдарына қапшықтар ұстаған екі жігітті көрдім.

Олар кешегі джентльмендердей әсем киінбепті, олардың үстіндегілері талай рет киіліп, қырқылған дүние, ал телпектері әбден кір. Бірақ соған қарамастан мен мистер Берни мен мистер Джонсты бірден таныдым.

— Кешіріңіздер, сэр, — дедім мен мистер Берниге сөзімді арнап. — Мен өз шиллингімді ана бір шалбарымның қалтасында қалдырып... Соны маған қайта беріңізші.

— Не дейсіз? Қайдағы шиллинг? Қайдағы шалбар?

— Кеше күрткемен бірге сатқан ше? Үйге барып көріңіздерші.

— Бұл не былшылдап тұр? — деп таңдана сұрады мистер Берни. — Сіз бұл баланы білесіз бе, Уилкинс? — деп ол жолдасына қарады.

— Бірінші рет көріп тұрмын.

— Сіз қателестіңіз, жаным, — деп маған Берни мейірлене сөйледі. — Сіз іздеп жүрген мырзаның аты кім?

— Біреуін Берни, екіншісін Джонс деп атайды. Мына тұрған мистер Джонс емес пе?

— Жоқ, достым, менің атым Джонс емес, қайта Уильям Уилкинс, — деп жауап берді Джонс.

— Сонда сіздер менің жұмыс үйіндегі киімімді сатып алған жоқпыз, ескі-құсқыға толы бөлмеде тұрмаймыз деп айтпақсыздар ма, — деп ышқына айқайлап жібердім.

— Әрине, біз емеспіз, бізге осы неге жабыса қалдың?

— Өтірік. Сіздерсіздер. Тұра тұрыңыздар, өне полицей келе жатыр, мен қазір шақырамын оны.

Полицейді көргеннен кейін менің таныстарым, сірә, ұялса керек, тез-тез басып, ілгерілеп кетті.

— Менің шиллингімді беріңіздер! — деп оларды қуа жүріп, айқайлап келемін. — Беріңіздер, әйтпесе мен сіздерді де ұры деп жар саламын.

— Қандай сорлы қайыршы, — деп зекірді ашудан аппақ құдай болған мистер Джонс. — Мә, саған екі пенс, кет енді жайыңа.

— Мен кетпеймін. Маған бүкіл шиллингімді беріңіздер, әйтпесе полицейге арыз айтамын, — деп тап бердім.

— Сонда сен не жөнінде арыз айтасың? — деп сұрады Берни.

— Жұмыс үйіндегі киімімді сатып алған кезде менен ақша алды деп.

— Жұмыс үйінен бе? Міне, тамаша. Сонда сен жұмыс үйінен қашып, киіміңді сатып жүрсің бе? Жақсы. Енді мен сені өзім полицейге апарамын, мұндай қылығыңның сыбағасын аласың.

Осы сөздерден кейін ол мені жағамнан ұстап полицейге қарай сүйрей жөнелді. Жағдайым шалқасынан түсті. Мен күшеніп, Бернидің қолынан сытылып шықтым (ол мені мықтап ұстап тұрған), Сөйтіп, жанталасып қаша жөнелдім. Бұл қашуымның арты құлақшыннан айрылуға әкеп соқты. Бернидің қолынан жұлқынып шыққанда, тымағым жерге ұшып түсті. Артымнан біреу қуып келе жатқан жоқ па деп сасқалақтап артыма қараған кезде ынсапсыз құдың оны қапшығына асыға тығып жатқанын көрдім.

Мен жүгірген бойы Сафрон-Гилден ұзап кеттім, Сөйтіп, соңымнан ешкімнің қумайтынына көзім жеткен соң ғана өз жағдайымды ойлау үшін тоқтадым. Өзімнің бұрынғы жолдастарымды табам деген үмітім үзілген емес және оның үстіне мен өзіме жұмыс іздемекпін. Бірақ мен сөрелердің арасында ерсілі-қарсылы босқа жүрдім де қойдым: Рипстон

да, Моулди де еш жерде жоқ. Маған кездескен таныс балалар менің достарым рождестводан бері базарға келмегенін және олардың қайда кеткенін ешқайсысы айта алмайтынын айтты. Жұмыс тауып та қарық болған жоқпын. Ауырған кезімде бойым аздап өссе де, бұрынғыдай киінбесем де барлық сатушылар мені бірден таниды.

— Тағы да келдің бе, пәле. Бар, бар, құрт көзіңді. Жалтырат табаныңды! — деп олар мені көргеннен-ақ шулап қоя берді. — Кет әрі, түрмеге түскен пәле.

Менің түрмедегідей етіп алынған шашымды бәрі де бетіме басып жүр, өйткені басымда тымағым жоқ, сондықтан шашым әркімнің көзіне бірінші түседі. Бұл күні қар жауған жоқ, бірақ жел тұрып, қатты аяз болды.

Таңертеңнен бастап ұрлықпен, тіпті менің бұрынғы достарым айналысқан болмашы ұрлықтың өзімен айналыспауды ұйғардым. Мен бұл шешімді ыстық кофе ішіп отырып қабылдадым, бірақ мен күні бойы базарда сандалып, мүлдем нәр татқан жоқпын, енді уәдемнен айни бастадым. Ақырында әбден қараңғы түсті, дүкендерде шам жағылды, ал ашпық болса, ұят дегенді ұмытуға мәжбүр етті. Мен базарды тағы бір айналып шығуға және бұл жолы құр қол қайтпауға бел байладым.

Екі минуттан кейін мен қалтамдағы екі ананаспен Дрюри-Лейнге қарай жүгіріп келе жаттым. Ананас ол кезде өте қымбат болатын. Мен ұрлаған ананастың иесі аларманға оны көрсетіп: «Мыналардың әрқайсысы он шиллингтен, сэр», — дегенін естігем. Әрине, мұндай бағасын маған ешкім де бермейді, ал шынын айтсам, дүкеншінің сөзін естімесем, мен өз ананасымды екі, көп болса төрт пенске бағалар едім. Енді оны екі шиллингтен кем бермеуге ұйғардым.

Менен және жолдастарымнан қашаңда ұрланған заттарды сатып алатын кәрі Баджи Симмонсқа бара жатқанымда он пенсті қалай жұмсайтынымды шешіп те қойдым: алты пенске тамақ ішемін, ал төрт пенске түнде бір жерге барып қонамын. Өткен түнде әбден зорығып қазір тамақ ішуді қалай ойласам, жайлы төсекті де солай аңсап келемін.

Баджи Симмонс бір етікшінің үйіндегі бір бөлмеде тұратын.

Жақындап келгенде етікшінің үйіндегі терезеден жарықты және тарамыс тартқан оның қолын көріп қуанып кеттім. Етікші мені жақсы білетін, сондықтан мен есікті батыл қақтым. Ол маған есік ашып, бірақ оның менімен танымайтын адамдай сөйлескені таң қалдырды.

— Саған не керек, бала? — деп сұрады ол.

— Ештеңе де, тек Баджиге кіруге рұқсат етсеңіз.

— Баджи Симмонс енді мұнда тұрмайды. Сенің де сау тұрғанда тайып тұрғаның жақсы, әйтпесе полиция мұнда тағы да келгіштей бастайды. Мен енді сендердің қарақшы тобыңнан ешкімді де көрмеспін деп едім.

— Сонда Баджи қайда көшті? — деп мазасыздана сұрадым. — Айтыңызшы, менің оны көруім керек.

— Ешқайда да көшкен жоқ, тек түрмеде, тордың ар жағында, — деп жауап берді етікші жан-жағына жалтақтай қарап. — Бар, бар, жөніңе, — деп қосты ол мені көшеге қарай итере бастады. — Мені аңдып, кіммен араласатынымды қадағалауда... бар.

— Сіз қарап көріңізші, мүмкін Баджидің орнына сіз сатып аларсыз? — деп сұрап, қалтамнан ананасты алдым, — мен сізге арзанға, бір шиллингке, тіпті тоғыз пенске беремін.

— Кет жөніңе, ананасыңмен бірге, — деп айқай салды етікші қорыққанынан қалшылдап. Сөйтіп, кір-қожалақ қолымен ананасты қалтама тықпалап жатыр. — Кет дедім ғой саған.

Ол қатты ашуланып маған тап берді де, мен өкпемді қолыма алып зытып бердім.

Бәрі де маған қарсы. Ал зат сатып алатын басқаларының қайда тұратынын, мен өкінішке қарай, есімде сақтамаппын әрі білмеймін де.

Осы ананасты несіне жымқырып алдым екен? Оның орнына апельсин немесе алмұрт ұрлап алғаным жақсы еді. Мен оларды етікшілерге сатар едім, ал ананасты қайда жіберемін? Ал мұны етікшілерге ұсынсам, қазір Баджи Симмонс отырған тордың ар жағынан бір-ақ шығармын. Не

істеуім керек? Қалатыны біреу ғана: ананасты өзім жегенім жөн.

Мен ешқашан ананас жеп көрген емеспін, ал қазір оны қара нанның бір тіліміне қуана айырбастар едім, бірақ таңдайтын жай жоқ. Бедфордқа дейін жеттім де ,түрлі экипаждар мен арбалар сығылысқан алаңға келіп тоқтадым. Бір арбаның үстіне шығып жасырындым да бүкіл ананасты өзегіне дейін соғып алдым.

Осынау кешкі астың соңы маған жақпады. Ішімнің қатты бүргені сонша, орнымнан қозғала алар емеспін. Мен арбада түн ортасына дейін отырдым, бірақ бұл жерде аяқ-қолымның қатып қалғаны сонша, арбадан түсуге және оны уқалауға мәжбүр болдым.

Бағыма қарай алаңның бұрышынан буы бұрқырап жатқан көңді көрдім. Сол сәтте сол жерге жүгіріп барып, жақсылап жайғастым да жылы көң жаныңда таң атқанша отырдым.

Келесі күнді қалай өткізгенімді айтудың өзі қиын. Еш мақсатсыз әр көшеде бір сандалып жүргенім ғана есімде. Кешкілік көшенің бір жағына бір топ адамның жиналғанын көрдім. Мен жақын келсем, бәрі де бір баланың ән салғанын тыңдап тұр. Мен де тыңдай қалдым. Бұл ән маған таныс, бұл менің өгей шешем сүйетін ирландық әндердің бірі. Баланың айтуы жаман емес, бірақ оның даусы сөздің мәніне аса көп жанасар емес. Бірақ оның ән айтуы ұнады, сөйтіп, ол әнді аяқтаған кезде оның тымағына жарты пенстік тиындардың үйілгені сонша, таң қалғаннан көзім шарасынан шығып кете жаздады.

«Осы мен де ән айтуға кірісіп көрсем қайтеді?» деген ой жылт ете қалды. — Бұл қалай болғанда да тамақ табудың дұрыс жолы, бұл қайыршылықтан да, ұрлық жасаудан да жақсы ғой. Маған көп керегі жоқ, өткіншілердің оннан біреуі, тіпті жиырмасынан біреуі маған жарты пенс берсе, маған жетіп жатыр!»

Мен әннің сазы мен сөзін есіме түсіргім келіп, бірнеше қадам жасадым да содан кейін тоқтап, ән шырқап қоя бердім.



Бір минуттен кейін менің жанымға бір бала, содан кейін шал, сосын бір әйел, бұдан соң бір бөтелке сырасы бар жас қызметші әйел тоқтады.

«Ал мынаны жұсап жіберді, — деп ойладым мен жас әйелге қарап, — ал ол аузын ашып тыңдап тұр. Демек, жаман емес».

Бұл мені қуантты. Сөйтіп, енді мен батыл айта бастадым. Жанымға біртіндеп адамдар жинала бастады. Сөйтіп, мен әнді айтып бола берген кезде үш-төрт қол бақырларын ұсына берді. Ал менің әнім шала мас ирландыққа қатты әсер етті.

— Міне, ән деп осыны айт! — деп ол айқай салып, менің қолымды қатты қысып алыпты. — Мұндай әнді күнде ести алмайсың. Ал сендер өз бақырларыңды аяйсыңдар. Сараң, қайырымсыз адамдар. Тағы да бір рет айтшы, жаным, сен бітірген кезде ақшаны өзім жинап беремін.

— Айт, айт, балақан! — деген бірнеше дауыс естілді.

Мен әнді құмарта қайталадым, сірә, ол тыңдаушыларға ұнаса керек. Мен аяқтаған кезде ирландық қолына тымақ ұстап, бәрін аралап шықты да маған бір уыс тиынды ұстатты.

Бар байлығымды қалтама сала бергенім сол еді, біреудің қолы иығыма тигенін сезіп, әйелдің даусын естідім.

— Қалай, бұл сен бе, кішкентай Джим? Байғұс бала! Сен немен айналысып жүрсің?

Мен дүниеде бір ғана әйелден қорқамын, бірақ бұл оның даусы емес. Бұл мейірімді де, таныс дауыс. Мен басымды көтеріп, өзіме таныс кір жуатын миссис Уинкшиптің жиені Мартаны көрдім.

XIV

ЕСКІ ДОСЫМ АСЫРАП, КИИМ АЛЫП БЕРДІ

Мартаны мен оның әпкесі — миссис Уинкшиптей қатты ұнататынмын.

Марта жап-жақсы, мейірімді әйел болатын, оны барлық көршілер жақсы көретін. Бірақ мұның өзі Мартаны барлығының да — балалар мен ересектердің де «жалғыз көз», «қыли» деп атауына бөгет болмайтын. Оның шынында да бір көзі жоқ еді. Тек мен ғана оны өз атымен атайтынмын. Сондықтан да болар, ол мені іштей ұнататын. Маған деген оның жылы сөзі дайын тұратын және шешемнің қылығынан аштан бұратылып жүргенімде маған талай рет тамақ берген.

— Бейшара бала! — деп қайталады ол мені топтан алып шығып. — Не боп кеткенсің? Жүр, менімен бірге, осы уақыт ішінде қалай өмір сүргеніңді айтып бер.

— Менің айтар ештеңем жоқ, Марта, — деп жауап бердім. Осы сәтте оның мені әкем тұратын көшеге қарай сүйрелеп келе жатқанын аңғардым. — Сізбен бірге бармаймын, өткен түнде көргенім де жетер.

— Білемін, білемін, жазған бала, әпкем де біледі, — деп жауап берді мейірімді жас әйел. — Ол сені қалай аяйды десеңші. «Басқалар сияқты жүре алсам, сол бейшара баланы

өзім-ақ іздер едім!» — дейді. Ал қазір мен сені тауып алдым, бірақ қандай күйде.

Марта алжапқышының етегімен көзін сүртті.

— Менің тамақ ішкім келіп, өліп барамын, — дедім мен, — аштықтан бұратылып барамын.

Мен жылап қоя бердім. Сөйтіп, екеуіміз де көшенің ортасында боздап тұрмыз.

— Жүрейік, — деді бір кезде Марта, — біздің тұйық көшеге барайық. Әпкем сен табылсаң қуанатынын айтқан. Міне, енді сен табылдың.

— Жоқ, мен үйге бармаймын, ешқашан төбемді көрсетпеймін.

— Қорықпа, мен сені әпкеме ешкім де білмейтіндей етіп апарамын. Және сені танудың өзі қиын! — деп қосты ол менің сидиған арық түріме қарап. — Мен сені даусыңнан ғана таныдым.

Мен біраз толқығаннан кейін ақырында Мартамен бірге баруға келістім. Біздің тұйық көшеге жеткен кезде ол мені қараңғы бұрышқа тұрғызды да өзі миссис Уинкшипті ескертуге және таяқ тастам жерде тұратын менің шешемнен қауіп төнбесін білуге кетті.

Бірнеше минөт өтті, бірақ Марта әлі оралған жоқ. Миссис Уинкшип мені өз үйіне жібергісі келмеген шығар деп ойлап, қолым бос болғандықтан өз ақшамды қайта есептеуге кірістім. Бары он төрт пенс болыпты. Қандай байлық! Және мұны бар-жоғы жарты сағатқа жетпей таптым. Айталық, маған мейірімді ирландық көмектесті делік, бірақ онсыз мен екі есе, тіпті төрт есе аз табайын, соның өзінде жарты сағатта үш жарым пенс, бір сағатта жеті пенс, ал үш сағатта бір шиллинг пен тоғыз пенс болады ғой. Тамаша. Мен Мартаның мүлдем оралмауын қаладым. Жоқ, ол қайта оралды. Орамалының астына бір буманы тығып алып, тұйық көшеде ешкімнің жоқ екенін және миссис Уинкшиптің мені тосып отырғанын айтты.

— Дегенмен менің бармағаным дұрыс болар, — дедім. — Біз осы жерде әңгімелесіп тұрғанда үйден өгей шешем шығып қалар. Рақмет, сізге Марта, мен одан да басқа бір жерге барайын.

— Жоқ, жоқ! — деп айқайлап жіберді ол менің жолымды бөгеп. — Сенің онсыз да көшеде қаңғығаның жетер, мен сені ешқайда да жібермеймін, ақылды болып, менімен бірге жүр. Мен сені ешкім танымастай етіп киіндіремін. Осы сөздерді айтып, ол орамалының астынан қайдағы бір ескі етек көйлекті және әйел қалпағын алып, мені тез киіндірді. Сөйтіп, қолымнан ұстаған күйі тұйық көшеге қарай батыл түрде жүргені сонша, мен оған қарсылық жасай алмадым.

Біз миссис Уинкшипке келгенімізде ол каминнің алауы алдында ыстық сумен бірге ромның сәл мөлшерін рақаттана жұтып отыр екен.

— Міне, соның өзі, әпкетай, — деді Марта мені үстімнен етек көйлек пен қалпақты алып жатып.

— Соның өзі ғой! — деп айқайлап жіберді миссис Уинкшип маған таңырқай және үрейлене көз салып. — Кіп-кішкентай көңілашар балапан шешесінен аусайшы. Ай, құдайым-ай, түрің не болып кеткен? Осының бәрі анау жирен пәленің кесірінен. Тап қазір қолыма түссе, сыбағасын берер едім. Қарашы, Марта, оның тіпті көйлегі де жоқ. Оны жұмыс үйінің жылы киіміне киінген дейтін, ал ол болса...

Өз сөзін миссис Уинкшиптің қалай аяқтағаны есімде жоқ. Жылы бөлмеге кіріп, отқа жылынған соң мен құлағымның шуылдағанын білемін. Басым айналып, аяғым дірілдеді де еденге құлап түстім.

Есімнен ұзақ танып қалсам керек, өйткені осы уақыттың ішінде үстімдегі киімдер біраз өзгеріпті. Мен миссис Уинкшиптің бөлмесіндегі диванда есімді жинадым. Күртке мен бумази шалбардың орнына маған тоқылған күпәйке, ұзын да кең шалбар, сірә, ол бір кезде мистер Уинкшиптікі болса

керек, бір үлкен халат кигізіліпті. Мұның өзі аяғымның басына дейін түседі, бұл миссис Уинкшиптің түнгі киімі болуы керек. Мен әлі де басымның айналғанын сезсем де, көзіммен жан-жағымды шолуға жарап жатырмын. Миссис Уинкшип пеш алдында тұрып, шағын ыдыстағы бірдеңені араластырып жатыр, ал Марта бөлмеге кірді де, тамаша үш қой котлеті бар табақты үстел үстіне қойды.

Осы ғажайып тағамды көрген кезде орнымнан атып тұра жаздадым, бірақ аяғыма оралған киімім бұған мүмкіндік бермеді.

Миссис Уинкшип менің орнымнан қозғалғанымды аңғарып қалды.

— Қалай, жігітім, жаның кірді ме? — деп сұрады ол көңілді үнмен. — Жә, жетті, жаным, айналаңа көңілдене қара, неғып бірден болбырап кеттің?

Мен шынында да кенеттен ай-шай жоқ еңіреп қоя бердім. Менің көз жасыма оның өзі кінәлі. Ол менің маңдайымнан сүйді, ал шешем өлгеннен бері мені ешкім сүйіп көрген емес. Осындай аналық ықыласпен сүйген соң мен шыдай алған жоқпын. Миссис Уинкшип менің әбден жылап алуыма бөгет жасамастан, тамақ дайындауға кірісті. Біраздан соң жарқыраған голландық пештен дәмді бір иіс сезілді.

— Қалай, Джим, дайынсың ба?

— Дайынмын, рақмет сізге.

— Түскі асқа ет дайындаған едік, — деді мейірімді үнмен миссис Уинкшип мені үстел алдындағы үлкен креслоға жайғастырып. — Соның қалғанын сенің сорпаңа салдым. Дұрыстап же, айналайын, бір түйірін де қалдырма, ал оған дейін котлет те пісіп қалар.

Мені ұзақ үгіттеудің керегі жоқ болатын. Сорпа маған ғажап дәмді көрінді. Бірақ ол менің жұмырығыма жұқ болсын ба. Мен оған жауға тап бергендей әрі тез көзін құртуға тиіс болғандай кірісіп, тамақты аузыма тықпалап жатырмын. Миссис Уинкшип таңқалғанынан тіпті демін ала алмай отыр.



— Аштан өле жаздапсың ғой! — деді терең күрсініп, табақша мүлдем бос қалған кезде ол. — Бұл оның жұмырығына жұқ болған жоқ.

Шынында да жегенімнің бәрі маған мүлдем аз көрінді, бірақ мұны мен миссис Уинкшипке айтқан жоқпын. Тіпті ол менен тағы да бір қой котлетін жейсің бе деп сұрағанда, мен сыпайы түрде: «Тек бүтіндей емес, жартысын ғана жер едім», — деп жауап бердім. Ал іштей голландық пештің үстінде тұрған барлық котлеттерді ғана емес, сонымен бірге нанның қалың тілімін де сол кезде көзіммен ішіп-жеп

барамын. Ал сол нанның тілімімен табақтағы бүкіл майды сыпырып соғып алмақпын.

Дегенмен қарнымнан гөрі көзім тоймаған екен. Бір котлет пен бірнеше ақтүйнек жегеннен кейін мен әбден тойғанымды сездім.

— Ал енді, — деді миссис Уинкшип Марта асты жинап болып, үшеуіміз камин алдына жайғасқаннан кейін, — Джим, сен бізге осы уақыттың ішінде саған не болғанын айтып берші.

Мен миссис Уинкшиптің өтінішін қуана орындадым. Мен өгей шешемнің саусағын тістеп алып, өз үйімнен қашып шыққан минөттен бастап оған бүкіл өмірімді әңгімелеп бердім. Ал өзімнің достарым Рипстон мен Моулди туралы, олардың базардағы әрекеттеріне қалай араласқанымды айтқан кезде миссис Уинкшип өзінің қатыгездігімен мені түрмеге дейін жеткізе жаздаған өгей шешемнің атына біраз балағаттаған сөздерді төгіп жіберді.

— Базардағы ұрлық үшін түрмеге отырғызбайды ғой, — деп түсіндірдім мен оған. — Бұл үшін күзетшінің өзі-ақ сыбағанды береді. Маған Моулди осылай деп айтқан.

— Ал сенің Моулдиің өтірікшінің өзі, оған көп ұзамай көзің жеткен жоқ па? Сенің ауырып қалғаның жақсы болған. Сөйтіп, сенің безегің ұрлықтың жолын кескен. Бұдан кейін сен ұрлаған жоқсың ғой?

— Жоқ, ешқашанда! — деп жауап беріп, ананас туралы айтпауды ұйғардым.

Жұмыс үйінен қашып шыққаным туралы әңгіме миссис Уинкшипті қатты мәз қылғанымен, ескі-құсқы сатушылардың мені алдап соққаны оның жынын келтірді.

— Қандай оңбағандар! — деп айқайлады ол. — Егер мен еркек болсам, оларды аңдып тұрып, сыбағаларын берер едім, міне, сонда ғажап болар еді.

— Бұдан да жаман болмағаны жақсы! — деді ол күрсініп, менің әңгімем аяқталған кезде. — Менің сүйікті Поллимнің баласының қайыршыға айналғаны да жаман, әрине, бірақ бұдан да жаманы болар еді ғой.

— Қайыршысы қалай? Мен қайыр сұраған емеспін. Мені Марта көргенде мен ән айтып тұрғанмын.

— Мұның енді бәрібір, бұдан мен ешқандай айырмашылық көріп тұрған жоқпын, — деп батыл үнмен жауап берді миссис Уинкшип.

— Мен мұның бәрібір екенін білген жоқпын, — дедім ұялғанымнан. — Менің қайыршы болып өмір сүргім келмейді, тіпті ән салғаным үшін берілген әлгі он төрт пенсті лақтырып жіберуге де әзірмін. Қайда ол?

— Соны сұрамағаныңның өзі жақсы. Саған ондай ақшаның керегі жоқ, Джимми. Құдайдың өзі жіберген сол ақша бір байғұсқа жақсылық әкелсін, ал оны сенің өзіңе жұмсауыңа болмайды. Ақшамен бірге кір ескі-құсқы киіміңді апарып берген әйел саған не деді, Марта?

— Қатты қуанды. Қалай алғысын білдіре алмай састы. Ол сол сәтте-ақ өзінің кішкентай Биллине шалбар тігуге кірісіп кетті.

Олар қайдағы кір киімдер туралы айтып отыр? Сонда менің шалбарым мен күрткем туралы ма? Кішкентай Билли ақшам мен киімімді ала берсін. Бірақ мен жалаңаш қалмауым керек қой. Қазір маған миссис Уинкшип кигізіп қойған кәстөм ыңғайлы әрі жылы, бірақ онымен мен көшеге шыға алмаймын ғой. Мүмкін, мен қателесіп тұрған шығармын, мүмкін, олар тіпті де менің киімім туралы айтып тұрмаған болар. Күмәнімді тезірек сейілтуім керек. Әңгімені қалай сыпайы бастасам деп бірнеше минут ойландым да ақырында камин үстінде жатқан үлкен түймені көріп:

— Мына түйме бірдеңеге керек пе? — деп сұрадым.

— Жоқ, неге сұрадың?

— Иә, оны менің күрткеме қадаса жақсы болар еді, оның үстіңгі түймесі жоқ.

— Несіне сол кір-қоқысты есіңе алып отырсың. Сен оны енді ешқашанда көрмейсің.

— Ешқашан көрмеймін? — деп үрейлене айқайлап жібердім.

— Сонда қалай болғаны? Мен күрткесіз қалай қалмақпын?

— Бұған қам жемей-ақ қой, — деді мейірімді әйел менің басымнан сипап, — сенің күрткең болады. Егер саған күртке табудан қиын ештеңе болмаса қандай жақсы.

— Ал сонда не қиын? — деп қызыға сұрадым мен. — Шалбар табу содан қиын болғаны ма?

Менің сұрағым кемпірдің күлкісін келтірді.

— Жоқ, шалбар да қиын емес, Джимми, — деді ол. — Басты қиындық сені не істеуімізге байланысты. Бізде сені қалдыруға болмайды, егер сені осы жерден тауып алатын болса, қандай аласапыранның басталатынын өзің де білесің.

— Әрине, мен бұл жерде қала алмаймын және бұдан өзім де қорқамын, — деп асыға жауап бердім.

— Оны біреуге оқуға берген жақсы болар еді, — деді жайбарақат күйде Марта өзінің жұмысын тоқтатпастан. Ол шұлық жамап отыр.

— Жақсысы, жақсы. Бірақ оны кімге берерсің?

— Маған бір ой келіп еді... Тек айтыңызшы: бұл сонда қандай кәсіп өзі?

— Нені айтасың?

— Иә, мұны Белчер туысқанға мұржа тазалаушылыққа жіберсек, өйткені ол балалар ұстайды ғой.

— Тамаша! — деп қуана айқайлап жіберді миссис Уинкшип.

— Міне нағыз істің өзі. Рас емес пе, Джимми?

Мен сыпайылықтан аса алмай:

— Иә, әрине, — дедім.

Ал шын мәнінде мен миссис Уинкшиптің шаттануына қосыла алмадым. Әрине, әбден тоңып, аш жатқан өткен түнде маған мұржа тазалаушы бол деп ұсынса, мүмкін мен қуана келісер едім. Бірақ тамаққа тойып алып, жайлы диванға жайғасқан және үстінде жылы киімі бар бала үшін мұржаларға өрмелеу аса қызық жұмыс көрінген жоқ.

— Сенің басыңа осындай ой келгеніне қандай қуаныштымын! — деді миссис Уинкшип таңдануын қоймастан.

— Бұдан артық ештеңе де ойлап табуға болмайды. Біріншіден, бұл — кәсіп, оған үйрену жеңіл және сол арқылы ақша, тіпті едәуір көп ақша табуға болады. Дик Белчер Джимми сияқты

бақытсыз алба-жұлба біреу еді ғой, қалтасыңда көк тиыны да болмайтын, ал қазір ол ештеңеден де тарықпайды. Екіншіден, ол алыста тұрады және ең бастысы, Джимнің күйелеш болатыны сонша, туған әкесі бетпе-бет кездесе де тани алмас еді. Иә, бұл істің реті келді. Ертең таңертең, Марта, Кемберәулге бар да, Дик Белчерді өзіңмен бірге ертіп әкел.

XV

МЕНИҢ ЖАҢА ҚОЖАЙЫНЫМ

Миссис Уинкшиптің тым жақсы, сондай кең әрі жұмсақ диваны бар. Мен түні бойы осы диванда ақ сейсеп пен жылы көрпенің астында алаңсыз ұйықтай алар едім. Ал шынында мен көпке дейін ұйықтай алған жоқпын. Мейірімді әйелдердің маған дайындаған өз тағдырым туралы ойлап жатырмын. Ойлаған сайын мұржа тазалаушының шәкірті болудан айни бастадым. Мен бір мұржа тазалаушыны білемін, ол әкеммен көрші тұратын. Оның екі шәкірті бар еді, ал олардың өмірі бізге нағыз азап көрінетін.

Шәкірттер мистер Пайктің, ол мұржа тазалаушыны осылай атайтын, үйінде мүлдем аз ғана тұрды. Олар қашанда алмасып жататын және бірде-бірі онда бір жылдан артық тұрған емес. Әдетте олар бұдан қашып кететін немесе ажалы жетіп тынатын. Олардың бәрі де бір-біріне ұқсас әрі бірдей көрінетін, бәрі де кір-қожалақ, қап-қара, алба-жұлба болатын. Көздерін жыпылықтатып, күн көзіне сығырая қарайтын. Біздердің, балалардың арасында мистер Пайктің қатыгездігі туралы талай сорақы сыбыстар естілетін. Біз оның өз шәкірттерін мұржаға кіруге былай үйрететініне сенімді едік: арқанның бір ұшын шәкірттің тіліне байлап, ал екіншісін төбеде тұрып өз қолында ұстайды, егер шәкірт тез әрі епті қимылдайтын болса, онда арқанды бар күшімен кері тартады. Ал бала мұржада бөгеліп қалса, мистер Пайк оның астынан — төмендегі пеште бұрыш араласқан бір уыс жаңқа жағады.

Бірде ол шәкіртін мұржа ішіне жіберсе, ол оралмаған. Біз мистер Пайктың пеште жаққаны тым көп болып, баланы тірідей қақтап жібергеніне сенімді едік. Бірақ көп адамдар бұл баланы екі аптадан кейін Шердигте көріпті, бала одан қашып құтылыпты десті.

Мен осы азаптардың бәрін көз алдыма келтіріп, ұйқысыз жатырмын. Сағат он екіні, содан кейін бірді, содан соң екіні соқты. Ақырында ұйықтап, онға дейін оянған жоқпын. Миссис Уинкшип пен Марта, сірә, әдеттерінше ерте тұрса керек: олар таңғы астарын ішіп, тіпті дайын киім дүкеніне де барып үлгеріпті. Дүкенге барып келгендерінің дәлелдері менің алдымда жатыр. Менің кереуетімнің жанындағы орындықта: таза көйлек, шұлық, мықты шұға күртке мен ала шалбар жатыр. Орындықтың астында башмақ тұр. Бұл енді менен мистер Берни алдап алған башмақтан әлдеқайда жақсы. Мен осы тамаша киімдердің маған арналғанына еш күмәнім жоқ, сондықтан тезірек киініп, миссис Уинкшиппен сәлемдесуге асықтым. Мейірімді кемпір менің тәуір киімдерімді көріп, қатты қуанды. Ол қолым мен бетімді жуу үшін жылы су әкеліп, менің шашымды өз щеткасымен тарап, өз помадасымен сылап-сипады.

— Енді айнаға қарашы, Джимми, — деді ол көңілдене. — Қарашы қандай жігітсің, тіпті ғажап.

— Бұл мұржа тазалаушылар киетін киімге ұқсамайды, — дедім мен айналама мақтана қарап және іштей маған басқа бір кәсіп тапқан шығар деп үміттенемін. — Мұндай киіммен мұржа ішіне кіргім келмейді.

— Әрине! — деп жауап берді маған миссис Уинкшип. — Бұл киімді сен мерекелерде киесің, ал жұмыс үшін Белчер саған бір ескі-құсқысын тауып берер. Марта Келбруэлге кетті, таяу арада Белчердің өзімен бірге келіп те қалар.

Марта шынында да мен таңғы асымды ішіп болғанша келді, бірақ жалғыз. Мистер Белчердің бүгін ұзақ күнге жұмысы бар екен, Сөйтіп, ол кешкісін өз аты жегілген арбамен келуге уәде беріпті. Арба мен ат туралы хабар мені аздап тыншытты. Демек, мистер Белчер мистер Пайк сияқты кедей емес.

Қауіптенген мен күні бойы бөлмеде болып, көшеге шығуға қорықтым. Ымыртта мистер Белчер келді. Сыртынан қарағанда ол мұржа тазалаушыға ұқсамайды, ол қап-қара емес ақшыл өңді, үстінде сәнді де келісті пальто, ал қолына өте әдемі қалпағын ұстаған. Оның жүзі Мартаның бетіндей ақшыл және қорасан дақтары бар екен. Үстіңгі тістері сапсары және алға шығыңқырап тұр, ал ерні дүрдиген. Жалпы ол маған ұнаған жоқ. Марта оның неге керек екенін айтпапты, ал енді миссис Уинкшип істің мәні неде екенін айтқанда, ол аса риза бола қойған жоқ.

— Баланың жасы нешеде? — деп сұрады ол менің басыма қарап.

— Тоғызда, онға шығады, ол тым жас емес пе?

— Қайта үлкен. Біздің кәсіпке ең жақсысы — сүйегі қатпаған кезде үйрену. Қандай сәнді, тап-таза бала. Одан мұржа тазалаушы жасау обал-ақ.

— Енді не істерсің? Біз оған бұдан басқа ештеңе ойлап таба алмадық. Сіз оны аласыз ба, Дик?

— Шаруамның қиюы кетіп тұр, — деп қинала жауап берді мистер Белчер. — Және бала фабрика мұржалары үшін сонша нәзік емес қой деп ойлаймын.

Ол қалтасынан өлшегішін алып, менің иығымды өлшеді.

— Бұған қиын тиеді, ол семіз емес, бірақ енді арықтай алмайды, ал мен оны бір қырым майы болмайтындай етіп ұстауым керек, әйтпесе мұржаға кептеліп қалады. Бермонден жолындағы ағаш тілетін зауытта нақ осындай жағдай болды. Ондағы мұржаның биіктігі тоқсан сегіз фут, ал бала оның нақ ортасында кептеліп қалып, сонда...

— Жә, өтірік соққаның жетер, Дик, — деп ренжи тоқтатты оны миссис Уинкшип. — Ал сіз қарыз сұрай келгенде мен аңылеп-уңылеп ешқандай себепті алға тартпайтын едім ғой.

Қайдағы бір қарыз туралы емеурін мистер Белчердің әңгіме сарынын өзгертуге мәжбүр етті.

— Мен оны алмаймын деп тұрмын ба? — деп ақталды ол.

— Мен қазір жұмысымның аз екенін, машинамен жұмыс істейтін болғандықтан балалардың аса көп керек емес екенін

ғана айтып тұрмын. Жарайды, менің үйімде тұра берсін, мен оны бәрібір кәсіпке үйретемін.

Сөйтіп, менің тағдырым шешілді. Мен мұржа тазалаушы боламын, оның үстіне мұржада кептетіліп қалу қаупі де бар. Осынау шұбар бетті адам менің қожайыным болмақ. Мен өзімді мүлдем бақытсыз сезіндім.

— Мен оны қашан алайын? — деп сұрады мистер Белчер.

— Тіпті қазір. Ол дайын, ал маған салсаңыз, оны бүгін түнге дейін алып кетсеңіз де мейлі.

— Маған да бәрібір, қазір болса, қазір-ақ болсын. Тымағыңды ал бала.

Мен қатты күйіндім: миссис Уинкшиптің әйтеуір менен тезірек құтылғысы келгенін түсіндім. Сондықтан мен оның мейірімге толы қоштасуына салқындау жауап қаттым. Мистер Белчердің аты мен арбасы тұйық көшенің соңында тұр екен және оны бір бала қарап тұр. Оған мистер Белчер жарты пенсті сыйға бермек болған. Біз оған жақын келген кезде бұл бала ешкім де емес, нақ Джерри Пен екенін көрдім. Жүрегім дүрсілдеп қоя берді, бірақ өзіне мистер Белчер уәде еткен жарты пенсті ойлап әуре болған ол маған тіпті көңіл де аударған жоқ, Сөйтіп, біз оп-оңай жүріп кеттік.

Біз Кемберуэлге және мистер Белчер тұратын жерге жеткенше кеш батып кетті. Бұл канал жиегіндегі кішкентай лас көше екен. Барлық үйлер маған сиықсыз көрінді. Дегенмен мистер Белчердің үйі бәрінен де биік әрі әдемі екен. Есікке тамаша мыс балға ілініпті. Үйдің нөмірін көрсететін сан да мыстан соғылыпты. Есікте: «Мұржа тазалаушы Белчер» деген жазу көзге түседі, ал жарқыраған мыс қоңыраудың астына: «Мұржа тазалаушыға соғылатын қоңырау» деген сөзі бар тақтайша қағылған. Терезелер арасында бүкіл бір көріністі бейнелейтін маңдайша ілінген: Букингем сарайы, ал оның мұржасынан от жалындап жатыр, сарайдың терезесінен Виктория ханым сарайға қарай жүгіріп келе жатқан мұржа тазалаушыға қолын созып тұр. Мұржа тазалаушының құлақшынында ірі әріптермен: «Белчер» деп жазылған. Сарай қақпасы алдындағы күзетші айқай салып тұр. Оның сөздері өзінің мұрнының айналасындағы лентаға жазылған: «Белчер,

біз сізді келмейтін шығар деп ойлап едік. Уэльс ханзада сізді іздеп барса, сізді басқа жаққа жұмысқа кетті депті». «Бұл рас, — деп жауап береді Белчер (бұл да лентадағы жазумен). — Мен герцог Велмингтонның үйінде жұмыс істеп жатқанмын, онда да өрт болған, бірақ ханымның шақыртқанын естіп, ол жақты отқа оранған күйі тастап, міне, осында жеттім».

Менің жасымдағы Пайктің шәкірттері сияқты алба-жұлба бала біздің арбаның даусын естіп, бұрыштан жүгіріп шықты да аттың шылбырына жабысты. Мистер Белчер арбадан түсті, ал мен түсер-түспесімді білмей отырмын.

— Міне, сізге көмектесіп жіберейін, мырза, — деді сыпайы түрде маған қарап кішкентай мұржа тазалаушы. — Жоқ, одан да қожайынның өзі сізге көмектессін, әйтпесе мен сіздің киіміңізді қолыммен былғап алармын.

— Бұл қайдағы мырза! — деп күлді мистер Белчер. — Аңқау неме сол. Бұл жаңа шәкірт бар болғаны.

— Жаңа шәкірт? Ақылыңнан алжасқансың ба сен, саған шәкірттің керегі не?

Мұны айтқан үйдің есігінен көрінген толық та бір салақ әйел. Оның шашы қобыраған басында ала ленталы чепчик, құлағында сырға жылтырайды, бірақ мен оның жүзінен мұның миссис Уинкшиптің туған апасы екенін бірден білдім.

— Неге керек дейсің бе? Оның маған еш керегі жоқ, — деді мистер Белчер. — Мен оны сенің сіңліңнің көңілін қалдырмас үшін алдым. Үйге кірейік, мен саған бәрін рет-ретімен айтып беремін.

Содан кейін мені көрсетіп тұрып, әлгі балаға:

— Оны өзіңмен бірге асүйге апар, Сэм, — деді. — Мен оны керек болғанда шақырып алармын.

Сэм атты шылбырынан ұстап, үйді айналдыра жүрді де, қос қақпалы ұзын әрі лас сарай тұрған аулаға әкелді.

— Кәне, түс! — деді Сэм маған зекіріп, қақпаның бірінің алдына тоқтаған кезде. — Мына жерде асүй. Байқа, онда кіргенде тарсылдатып жүрме, әйтпесе онда ұйықтап жатқан пәлені оятсаң, өзің де оған қуана қоймайсың. Атты орнына

қойған соң мен де келемін. Есікті ұрма, ол ашық, итерсең болды — ашылады.

Мен қара есікті итеріп көріп едім, ол шынында да ашыла кетті де асүйге кірдім. Бұл өте қараңғы бөлме екен, оған каминде жанып жатқан көмір ғана аздап жарық беріп тұр. Әуелі мен ештеңе де көре алмадым, бірақ көзім аздап қараңғыға үйренген кезде мен ошақтың бір жағынан үстел мен екі орындықты, ал екінші жағынан бір қарайған нәрсені көрдім — ол тұстан қорыл естіледі. Мен дыбысымды білдірмеуге тырысып, бірер рет аттадым. Әлгі қарайған тұстан бір кішкентай ит үре жөнеліп, маған тап бергені.

— Оны неге өршелеңдіресің, Сэм, — деген ашулы дауыс естілді сол қарайған тұстан. — Ол саған еш жамандық істеген жоқ қой. Есікті жап, антұрған. Қарашы желдің азынап тұрғанын, ал менің бар сүйегім онсыз да сырқырап жатыр, сен болсаң жел енгіздің. Есікті жап тезірек.

Көзімді жіті салсам, қарайған тұстан біреудің сұлбасы көрінеді. Ол даусын көтеріп еді, кішкентай ит енді қатты үре бастады.

Мен қорқып кеттім.

— Бұл Сэм емес, — дедім мен аянышты үнмен, — бұл мен.

— Есікті жапсаңшы енді.

Осыны айтқан кезде менің тұмсығымның тұсынан үлкен етік ұшып өтіп, артымдағы қабырғаға соғылды.

Мен есікті ішінен жауып, осынау құбыжықпен бірге қалуға қорықтым. Асүйден шығып, есікті артымнан жаппақ болған кезде өзінің көңілді жүзіне қол шамның жарығын түсірген Сэм келді.

— Сен неге асүйге бармадың? — деп сұрады ол менен. — Мен саған есік ашық дедім ғой.

Мен өзімді асүйде қалай ашулы қарсы алғанын түсіндірдім.

Ол күліп жіберді де өзінің кір-қожалақ қолымен менің қолымды ұстай алды.

— Қандай қорқақсың сен, — деді ол. — Өрмекшіден қорқыпсың. Одан қорқатын ештеңе жоқ, ол өз қаптарының

үстінен түскенше сен сақшылар тұратын жерге дейін жүгіріп жетесің.

— Мен иттен емес, ошақ жаныңдағы қап үстіндегі жатқан еркектен қорықтым.

— Өрмекші деген сол емес пе? Қайдағы еркек ол. Жүр, өйткені қожайын саған асүйде бол деді ғой.

Сэм есікті ашып, ішке кірді, ал мен Өрмекшіні тағы да ашуландырып алмас үшін аяғымның ұшынан басып келемін.

— Жаңа ғана осында болған кім? — деді ол аянышты үнмен. — Тарсылдатып, шулатып, үйге салқын кіргізді. Тіпті сұмдық. Сен көрдің бе оны, Сэм?

— Болған кім? Бір керемет граф, лорд Флеффемнің туған ұлы, сенің денсаулығыңды білейін деп және сенің құяңыңа тамаша дәрі әкеліпті. Ал сен оған етігіңді лақтырыпсың. Осындай ақымақ қылығыңның сазайын түбінде бір тартасың, рас тартасың, сүйікті Өрмекшім.

— Ух, мен кінәлі емеспін, — деп ыңырсиды Өрмекші, — менің барлық сүйектерім сырқырап жатса, біреу келіп үйге суық кіргізеді. Мен оны майып еткен жоқпын ба, Сэм?

— Онша емес және ол кекшіл жан емес. Міне, өзің қарай ғой.

Сэм мүгедек бала мені жақсы көрсін деп шамды жоғары көтерді. Мен де байғұсқа көз салдым. Бұл ескі-құсқыға әбден оранған он алтылардағы бала екен. Ол еңкейіп, жүресінен отыр. Сөйтіп, өзіне төсек болған үюлі қаптарға арқасын сүйеп отыр.

— Кешіріңіз мені, сэр, — деді ол маған жалбарынышты үнмен. — Мен ауырсынған кезде не істеп, не қойғанымды білмеймін. Мен сізді ұрып жыққан жоқ шығармын?

Мен жауап беріп үлгергенше Сэм қарқылдап күліп жіберді.

— Ғажап, тамаша! — деп айқайлады ол. — Ол мені де алдап түсірді. Ал мен сенен гөрі ақылдырақпын. Есуас сол. Ол мүлдем «сэр» емес, лордтың баласы да емес. Ол мистер Белчерге шәкірттікке берілген бала ғана.

Өрмекші таң қалды.

— Оқуға ма? Ғажапты қара.

— Бұған таңданатын несі бар? — деп сөзге араластым мен. — Мұржа тазалаушы кәсібіне мен үйрене алмаймын ба?

— Сонда сен неге үйренбегің? Қожайынның баяғыдан бері жұмысы жоқ және қазір ешқандай мұржа тазаламайды.

— Маған бәрібір, — дедім мен еш қиналмастан, — басқалар не істесе соны істеймін. Екеуіңнің жұмысың не сонда?

— Өрмекші ештеңе істемейді, — деп түсіндірді Сэм. — Қожайын оны баяғыда-ақ қуып жіберер еді, бірақ өйте алмайды: шарт бойынша ол жеті жылға алынған. Ал мен таңертең кейде қожайынмен және Нед Паркспен бірге машинада жұмыс істеуге барамын, бірақ бұл оп-оңай. Бүкіл мекеме деревнядағы түнгі жұмысқа байланысты. Қожайынмен және Недпен бірге барып, арбаға қараймын.

— Деревнядағы не жұмыс ол? — деп сұрадым мен. — Фабрика мұржаларына кіру ме?

— Онда қалай кіретінін білмеймін... мен кірмейтін шығар деп ойлаймын, — деп жауап берді Сэм.

— Және олар үйге күл де әкелмейді. Олар сол жаққа несіне барып, онда не істейтінін білмеймін, — деді Өрмекші тағы ауырсынғаннан бетін тыржитып.

Ол қаптардың үстінде жатып, ыңырысқан күйі жылап жіберді. Оның ауырсынғаны басылып, мені қызықтырған әңгімені қайта жалғастырғанша қожайынның даусы естілді. Мистер Белчер мені өзіне шақырды. Сэмнің көмегімен артқы есікке апаратын жолды таптым, ал бұл жерден мистер Белчер мені қонақ бөлмеге әкелді.

Онда толық қоңырқай жүзді әйел отыр екен. Мен қателеспестен оның миссис Белчер екенін тани кеттім. Үстел үстінен тамақты: нанды, май мен пиязды көрдім. Миссис Белчер мені аса жақсы қарсы ала қойған жоқ.

— Әй, бала, сенің атың кім?

— Джим.

— Міне, қаласаң, тамақ іш. Бұл сені басқа үйлерде тойдыратындай алма тұздығы бар құстың еті емес, бірақ бізден бұдан артықты күтпе.

— Рақмет, — деп келісе жауап қаттым. — Мен май жағылған нан мен пиязды жақсы көремін.

— Әрине. Қандай тамақ болса да соғып аларсың деп ойлаймын. Онсыз да аз болғандай, тағы бір қыдырма итті біздің тамаққа ортақ етіп. Тағы бір боқмұрынды ертіп келіп...

— Жә, жетті енді! — деп тоқтатты әйелін мистер Белчер. — Өйткені сенің сіңлің біздің жайымызды білмейді ғой. Егер бәрі де бұрынғыдай болғанда, баланы өзімізге алудың еш қиыны болмас еді. Ал сен сіңліңе бәрін де айтып бергенімді қалайсың ба?

— Ойлап тапқанын! — деп айқайлап жіберді миссис Белчер. — Одан да аштан қатқаным жақсы...

— Ал сен үйімізге жаңа келген балаға бәрін де судыратып бер, — деп мысқылдады мистер Белчер. — Сен жей бер, Джим, — деп қосты ол маған қарап. — Әйелімнің бүгін көңіл-хошы жоқ, оның ұйықтайтын кезі болды, қатты шаршапты.

Мен емеурінді түсіндім де, кешкі асқа берілген нанның үлкен тілімін тезірек бітіруге асықтым.

— Ал енді ұйықтауға жөнел, — деді маған мистер Белчер. — Сен асүйге баратын жолды тауып аласың, онда біздің барлық балалар ұйықтайды, ол жер жылы әрі ыңғайлы. Өзіңе жеке орын таңдап ал, қаптар бәріңе де жетеді. Таңертең ерте тұрмай-ақ қой, шақырғанға дейін жата бер.

— Сен оған жұмыс киімін бердің бе? — деп сұрады миссис Белчер одан.

— Ах, мен ұмытып кетіпмін ғой, — деп қожайын бұрышта жатқан бір қара түйіншекті қолыма ұстата салды. — Көйлегің мен етігіңді өзіңе қалдыр, ал қалған киімдеріңді жақсылап орап, таңертең осында алып кел.

Мен түйіншекті қолыма алып, қожайындарға қайырлы түн тілеп, қайтадан асүйге бет алдым.

**ӨРМЕКШІ МЕН ОНЫҢ ИТІ.
ЖАСЫРЫН ӘКЕЛІНГЕН КҮЛ**

Асүйде от әлі жанып жатыр екен, ал шам төбедегі бастырықтың біріне қағылған шегеге ілініпті. Өрмекші бүк түсіп итімен қатар жатыр, бірақ мен Сэмді еш жерден көре алмадым. Онсыз не істерімді білмей, жан-жағыма қарап, жатар орын іздеп тұрмын. Кенет маған жап-жақын жерден оның ұйқылы-ояу даусы естілді:

— Келісім былай — кім соңынан жатса, сол жарықты өшіреді.

Мен төмен қарап, Сэмді көрдім. Ол әбден күл сіңген қап-қара қаптардың үстінде жатыр: екі қабаттап салынған қап оның жастығы, ал тымағы әбден күл болған, оны құлағына түсіріп алғаны сонша, мен оның тек аппақ тістері мен жылтыраған көздерін ғана аңғардым.

Ғажап-ақ, адам деген жайлы өмірге қалай тез үйренеді.

Алдыңғы күні түнде арба үстінде суықтан қалтырап жатқан кезде біреу маған жылы асүйде түнеп шығуды ұсынып, сол үшін жеті немесе сегіз миль жүру керек десе, қуана келіскен болар едім. Ал енді миссис Уинкшиптің диванында бір түнеген соң қазір салақ Сэмнің кір төсегіне тыжырана қарап тұрмын.

— Сонда мен қайда жатамын? — деп сұрадым көңілсіз.

— Менімен жатсаң да болады, — деп ұсынды Сэм. — Ана үйіндіден екі қапты ал да, бірін басыңның астына сал, ал екіншісіне өзің кіріп жат. Тек байқа, тарсылдатпа, Өрмекшіні оятып алып жүрме, әйтпесе ол түні бойы ыңқылдап, күбірлеп, мазаны алады.

Сэм екеуіміз екі бөлек басқа қапшықтарда жататын болғандықтан қожайынның бұйрығын онша бұзбастан-ақ оның жанына орналаса аламын деп есептедім. Соңдықтан мен тез шешініп, кір шалбарды киіп алдым да, күл сіңген «жастықты» дайындадым. Шамды сөндірдім де бір минуттан кейін

қапшықтар үйіндісіне жайғастым. Шынын айтсам, күлдің иісі мұрынды жарып барады, бірақ оның иісіне қарамастан мен тез арада ұйықтап кеттім.

Мені иттің үрген даусы оятып жібергенде әлі қараңғы болатын. Мен Сэмнің жұмысқа жиналып жатқанын көріп, ал Нед Паркстің әлдебір тапсырмалар беріп жатқанын естідім. Ол Өрмекшінің жалынғаны мен ыңырсығанына қарамастан есікті ашып тұр. Бірнеше минуттан кейін Нед пен Сэм кетті, ал мен қожайынның өзі шақырғанға дейін тұрудың керегі жоқ деген сөзін есімде ұстап, төсегімде керіліп жатырмын. Кенет Өрмекшінің ашулы даусын естідім:

— Сенің де басқалардан асып тұрғаның шамалы. Таң атпағандай, тіпті түн ішіндегідей несіне керіліп жатырсың? Қазір сағат жетіге кетті, ал сен әлі пырылдап жатырсың. Сен сап-сау шығарсың, сондықтан сенің ауру адамда не шаруаң болсын. Мені несіне жалайсың? Тоқтат! Тезірек тұр да іске кіріс. Тұрсаңшы енді, жалқау хайуан. Тұра тұр, мен сені бәрібір тұрғызамын.

Осы сөздерден кейін соққының дыбысы естіліп, одан кейін аянышты шәңкілдеген дауыс естілді. Қап үйіндісінен ит атып шығып, есікке жүгіріп барды да, оны тырналай бастады.

Өрмекші де өз қаптарының үстінен түсіп, ағылап-үнілеп оның соңынан ерді.

— Несіне асығасың сен? Жарайды, асық, асыға бер. Қызметіңді көрсеткің келе ме? Ал кеше не істегенің есіңде ме? Кешке дейін мені отынсыз қалдырдың. Байқа бүгін ақылды бол. Мені жаламай-ақ қой. Дос болғың келсе, қызметіңді жөндеп атқар. Мә, міне иіскеп ал. Бар да тезірек қайтып орал. Егер сен кешегідей істейтін болсаң, мен сені өлтіремін, шынымен өлтіре саламын.

Мен Өрмекшінің кішкентай итіне не иіскеткенін аңғара алмадым, бірақ оны есіктен шығарып жібергенін ғана көріп қалдым. Ал өзі ағылап-үнілеп қайтадан өз қапшықтарының үстіне келіп жатты.

Біз нақ осылай тағы да ширек сағаттай жаттық. Өрмекшінің өзінің төрт аяқты досын тосуына шыдамы жетпеді, білем, итті балағаттай бастады және ол оралған жоқ па екен деп есікті бірнеше рет ашып қарады.

Ақырында есікті тырналаған дыбыс естілді. Өрмекші есікті ашты, сол кезде оның кішкентай иті аузына бірдеңені тістеген күйі бөлмеге жүгіріп кірді. Мен оның мүжілген сүйек екенін көрдім. Бірақ Өрмекші оны бірден көре алмаса керек.

— Кел, кел мыңда, жаман ит, — деді ол кішкентай итке. — Бір жаңқаны іздеп сен қаншама уақыт босқа сенделдің. Жә, енді не істерсің, жаңқа жуан, әрі жақсы екен, әкел оны мұнда. Пинч, айналайын Пинч, келе ғой мұнда.

Бірақ кішкентай ит иесін тыңдайтын емес. Ит оның жанынан ағып өтіп, бөлменің алыстағы бұрышына тығылып, өзінің олжасының үстіне жатып алды. Бейшара Өрмекшінің жыны келді, осынау қырсық шалған итке жеткісі келіп еді, бірақ бірнеше қадам жасаған сәтінде ауру аяғы шалынып, еденге құлап түсті. Енді ол еңбектеп тұрған күйі балағаттап иттің сыбағасын бере бастады. Қожайынының ашуы Пинчті одан әрі қорқытып, өз бұрышынан қозғалар емес. Ақырында Өрмекші төрт тағандап, еңбектеген күйі итке де жетті-ау. Ол бар күшімен итті ұрмақ болып қолын көтере беріп еді, ит өзінің олжасын тастай салып, бір жағына қарай сытылып шықты.

— Ах, антұрған ит неме! — деп айқай салды Өрмекші мүжілген сүйекті көріп. — Сені отынға жіберсе, сен қайдағы бір сасық сүйекті әкелесің. Тұра тұр бәлем, қолыма түссең, быт-шытыңды шығарармын.

Сөйтіп, балағаттауын қоймастан иттің соңынан еңбектеуін де тоқтатар емес.

Мен енді ұйықтап жатқан сыңай білдіре алмайтын болдым. Басымды көтеріп одан неге ашуланып, балағаттап жүргенін сұрадым.

— Ұстасам болды, мен оған көрсетемін! — деді ол Пинчті қуалауын жалғастырып. — Мен оны өлтіремін дедім ғой, өлтіремін! Ұстап берші маған.

— Сонша ол саған не істеді? — деп сұрадым мен, Сөйтіп, итті ұстап алмақ болып едім, ол менің жанымнан зытып өте шықты.

— Ол не істеді?! — деп қыңқылдаған Өрмекші шаршағаннан демін зорға алып тұр. — Ол мені күлкі етті. Ол маған отын әкеліп бергенше менің от жаға алмайтынымды біледі. Ал бұл оның күндегі таңертеңгілік жұмысы. Сонда не болды? Кеше ол маған су-су үш жаңқа әкеліпті, ол ештеңеге де жараған жоқ. Мен оны кешірдім. Бүгін мен оған өзіме не керек екенін білсін деп әдейі құрғақ ағашты иіскеттім, ал ол қыдырып, босқа сандалып, өзіне сүйек жинап алыпты, оның үстіне сол сүйектерін осында алып келіпті ұялмастан. Енді ол осы сүйекті кеміреді, ал мен жылусыз отыруым керек. Сәм келгенше отыруым керек, демек, он, он бірге дейін отыруым керек. Ал менің мына құдай ұрған суықтан барлық сүйектерім сырқырап барады.

Бейшара мүгедектің ашуы басылып, енді ол мұңайып, жылап жіберді, Сөйтіп, көзін кір-қожалақ, қап-қара қолдарымен сүрте бастады.

— Жә, жетер, жылама, — дедім мен, — біз от жағамыз: мен қазір барып мистер Белчерден көмір сұраймын, ол беретін шығар, ә?

— Ол берер еді, бірақ әйелі бермейді, — деп сыбырлады Өрмекші. — Егер ол балалар жұмыстан оралғанға дейін менің от жаққанымды біліп қойса, соққыға жығады мені. Сондықтан да өзіме отын табу үшін осындай қулыққа баруым керек.

— Тек сен маған қай жерде дүкен жақын екенін айтшы, — дедім мен, — біз өзімізге көмір сатып аламыз, менің жарты пенниім бар.

Өткен түні миссис Уинкшиптің үйінен кетіп бара жатқанымда ол менің қолыма алты пенстік тиын ұстатқан.

— Қалай, сен сонда жарты пенниге көмір сатып аласың ба? — деп айқайлап жіберген Өрмекшінің мәлиген көзі қуаныштан күлімдеп қоя берді. — Дүкен өте жақын, бұрышты айналсаң болды. Ал сен мынаны айтшы. Мүмкін, сенен тағы да жарты пенни табылар?

— Табылады, сонда не?

— Иә, біз өзімізге ып-ыстық кофе дайындасақ қой. Барлық сүйегің сырқырағанда ол қандай тамаша. Менің тіпті бақырашым да бар, біз оған су қайнатар едік.

Көмір сатып алғаннан кейін менде қалуға тиісті бүкіл бес жарым пенсті түгелдей кофеге жұмсауыма тура келсе де, мен соның өзінде Өрмекшінің жалына қарағанына шыдай алмас едім.

Он минуттан кейін көмір алып келдім де, бір сағаттан кейін Өрмекші екеуіміз буы бұрқыраған бақырашты алдымызға алып отырдық. Мен сынған құмыраның сынығымен кофе ішіп отырмын, ал ол бізге кофейникті алмастырған бақыраштың тура өзінен ескі қасықпен алып ұрттап отыр. Ыстық сусыннан байғұс Өрмекшінің бойы жеңілдеп, ол көңілденді де, әңгімеге ден қойып, маған өзінің өмірі туралы айтып берді.

Ол жасынан жетім екен және жұмыс үйінде тұрыпты. Осыдан төрт жыл бұрын оны мистер Белчерге шәкірттікке беріпті. Бір жыл бойына жағдайы жақсы болған. Тобиас (оның шын аты осындай) өте епті де ыңғайлы болған, мистер Белчер оны жақсы тамақтандырып, дұрыс киіндіріп, кәсіпке үйреткен. Бірде қыстың бір қырсықты күнінде мистер Белчерді ұзақ уақыт пайдаланылмаған бу машинасының қазанын тазартуға шақырды. Өрмекші қазанның ішіне кіріп, оның тот басқан қабырғаларын қырып әрі тазалап, сұп-суық темірдің үстінде күні бойы жатады. Осындай жұмыстан кейін балаға суық тиеді, аяғы құяңға айналып, мұржа тазаламақ түгілі, тіпті аяғынан тік тұра алмайтын болады. Мистер Белчер оны өзінің асүйіне көшіреді. Ол басқа шәкірттерге қызмет етіп, таңертеңгілікке оларға кофе, ал кешкі асқа ботқа пісіруге

тиіс. Ал қожайынның шаруасының қиюы кеткен кезде ол өзінің шәкірттерін босатып қоя беруге мәжбүр болады, Сөйтіп, Тобиас жұмыссыз қалған. Бірақ мистер Белчер шартта көрсетілген жеті жылдық мерзімге дейін оны бәрібір асырауға міндетті.

— Ал саған тамақты көп бере ме? — деп сұрадым мен.

— Әрине, маған керегінше бермейді. Әрі мен ренжи де алмаймын: егер мен ештеңе де істемейтін болсам, онда маған тамақ беріп керегі не? Ал Сэмді тыңдап көрсең, онда мен сау болсам да жұмыссыз отырар едім. Кейде бәрі жабылып бір аптада бір пенс те таба алмайтын көрінеді.

— Олар деревнялардағы түнгі жұмыстары үшін көп ақша алатын сияқты ғой? — деп сұрадым.

— Керемет! — деп жалғастырды сөзін Өрмекші менің ескерткенімді құлағына да ілместен. — Аптасына бар-жоғы бір фунт қана табады, бірақ өздеріне үнемі жаңа киім тіктіреді. Бір ат аз болғандай тағы бір ат сатып алды, және ат болғанда қандай. Сэм оны паровоздай жүйрік дейді.

— Несі бар, — дедім мен, — ат пен арбаң болса, ісіңнің оңға басқаны.

— Бұл атты, — деп сыбырлай сөйледі Өрмекші, — ат қорада күні бойы құлыптап ұстайды, тіпті далаға да шығармайды.

— Ұрлап алған шығар, сондықтан жасыратын болар.

— Қайдағы! Ат үшін бүтіндей отыз фунт төлегенін Сэм өз көзімен көріпті.

— Тіпті ешқашан оны арбаға жеккен жоқ па?

— Күндіз — ешқашан да. Осы жирен атты тек түнде ғана жегеді. Тс-с. Менің саған айтқанымды біреуге айтып жүрме.

— Неге? Қожайынның жирен аты бар екені сонша құпия ма?

— Жоқ, құпия онда емес, олардың сол атпен қайда баратынында.

— Қайда дегенің не? Түнгі жұмысқа да. Сен өзің айттың ғой, ол пайдасы шаш етектен іс деп.

— Иә, пайдалы. Деревнялардың мұржаларын жиі тазалауға тура келеді, бірақ олардан күл, қалай болғанда да кәдімгі күл шықпайды, — деп Өрмекші таң қалған күйі басын шайқады.

Осы сәтте асүйге Сэм келді де, біздің құпия әңгіmemіз сап тыйылды.

Көп ұзамай Өрмекші мен Сэмнің шын айтатынына көзім жетті: шынында да мистер Белчерде тұрып, мұржа тазартушының кәсібіне үйрену қиын екен. Ол ешқандай жұмыс бермейді, сондықтан мен еріксіз бос жүрмін. Мистер Белчер мен Нед Паркстің жұмысы болатын кезі сирек, ал бола қалғанда Сэм олардың біреуімен, ал мен екіншісімен бірге кетемін. Әдетте біз таңғы он, он бірлерде үйге ораламыз, ал мен істеуге тиіс шамалы шаруа аса қиынға түсе қоймайтын. Біз бір үйден екіншісіне барғанда мен машинаның бір бөлігін тасимын, мистер Белчер бір-біріне бұрап орнатуы үшін темір таяқтарды беріп тұрамын, ал жұмыс біткен кезде оларды қайтадан буып-түйемін де, ақыр соңында, пештердің маңын сыпырамын. Таңғы астан кейін ойыма келгенді істеймін, ал маған тамақты жақсы беретіндіктен бос жүргеніме аса көп қинала қоймаймын.

Мистер Белчер өзіне көбірек клиенттер табу үшін, сірә, басын көп қатыра бермесе керек.

Бірде таңертең екеуіміз көшеде келе жаттық.

— Қожайын! — дедім мен оған. — Барлық терезелер жабық, ал мұржа тазалаушының келе жатқанын ешкім де білмейді. Менің дауысым қатты, бар күшімді салып айқайлап көрейін, сонда олардың көпшілігі естиді де, біздің жұмысымыз он есе көп болады.

— Қой! Қой оны. Айқайлаудың мүлдем керегі жоқ! — деп маңғаздана жауап берді мистер Белчер. — Менің есігімде маңдайша қағылған, сондықтан менің қызметімді керек қылған адам маған өзі айта алады.

Оның қалтасы қашанда ақшаға толы болатын. Таңертең мистер Паркспен ром ішеді, ал кешті трактирде өткізіп, онда темекі тартып, ішкілікке салынады.

Аптасына екі рет олар түнгі жұмысқа жөнеледі де, қашанда Сэмді өздерімен бірге ала кетеді. Сэм бұл жүрістерді ұнатады: жолға шығар алдында оны әрдайым дәмді тамаққа тойдырып, бір рюмка ром беретін. Мистер Белчер мен мистер Паркс екеуі жұмыс киімімен шығатын, өздерімен бірге мұржа тазалайтын машина мен құралдар салынған ұзын қапты және одан басқа бос қап пен қол шамды және бір бөтелке арақ алатын.

Олар үйге кейде екіде, ал кейде төртте оралатын. Сэм жұмысты әлдебіреулердің істеп қойған кездері болатынын немесе сол түні істейтін ештеңе болмағанын, сөйтіп, үйге құр қол қайтқанын айтатын. Егер жұмыстың ыңғайы келсе, онда олар үйге қап толы күлмен қайтатын. Келе салысымен Сэмді ұйықтатуға жіберетін де, өздері ат қорада ұзақ айналсоқтап қалатын. Сірә, мистер Белчердің қымбатқа түскен атын күтетін болса керек. Біздерді, балаларды бір нәрсе қатты қызықтыратын, деревнялардағы мұржалардан алынған күл қайда кетеді?

— Сен қалай ойлайсың, Сэм, — деп сұраймын мен, — олар күлді қайда жібереді?

— Білмеймін, — деп жауап береді Сэм. — Нед Паркс күл толы үлкен қапты ат қораға кіргізеді, ал содан кейін ол бір жаққа жоқ болады.

— Сонда Нед күлді өзімен бірге алып кете ме? — деп таңдана сұраймын мен.

Нед Паркс Белчердің үйінде тұрмайды. Оның Нюгет жолында өз үйі бар, сондықтан жұмыс аяқталғаннан кейін көбіне арбасымен сонда кетеді.

— Ал Паркс Белчердің үйінде қонып қалғанда Өрмекшінің кішкентай иті неге шабаланады? — деп сұрадым бірде мен.

— Ол Парксті ұнатпайды білем, — деп жауап берді Сэм, — мүмкін, оған деревня мұржаларының күлінің иісі ұнамайтын болар. Нед осында қонғанда Пинчтің үріп, шабаланытыны сонша, бізге ұйқы бермейді...

Сэм үнсіз қалып, ойға батты.

— Мүмкін, ит егеуқұйрықтарды үркітетін болар, — деді ол, Пинч бұрынғысынан да қатты шабаланған кезде. Ит асүй мен ат қораны бөліп тұрған қабырғаның түбіндегі жерді алдыңғы аяқтарымен қаза бастады. — Ат қорада егеуқұйрықтар бар.

— Жоқ, бұл жерде егеуқұйрықтардың еш қатысы жоқ, — деді сыбырлап Өрмекші. — Меніңше, мұның басқа бір себебі бар. Бәріне кінәлі Нед Паркс. Ит ол кетпеген соң және бүгін кетпейтін болған соң ызаланды... Гәптің бәрі осында және бұл жақсы емес. Рас емес пе, Джим?

— Жақсы емес, өйткені сенің Пинчтің қатты шабаланып тұр, — дедім мен.

— Джим, — деді Өрмекші, — иттер ақылды және көп нәрсені түсінеді ғой, рас па?

Менің ұйқым келіп барады, бірақ ұйқысыздықтан мазасы кетіп, менімен әңгімелескісі келіп жатқан Өрмекшіні аядым. Мен иттердің қандай ақылды болатыны туралы оған екі-үш оқиғаны айтып бердім.

— Иә, кейде олар бұдан да ақылдырақ болатыны бар, — деп жауап берді ол мен әңгімемді аяқтаған кезде. — Акулалар туралы сен бірдеңе естідің бе, Джим?

— Жоқ, ештеңе де.

— Бұл акулалар өте қызық хайуандар екен: егер кемеде матрос өлетін болса, оның денесі суға лақтырылып, оны жегенге шейін олар кеме маңында жүзіп жүреді екен.

— Қойсаңшы, Өрмекші. Мен сенің қорқынышты әңгімелеріңді естігім келмейді. Мені несіне қорқытасың? Егер сенің менімен әңгімелескің келсе, мен онда иттер туралы айтудан қашпаймын, бірақ өлілер туралы — ешқашанда.

— Мен иттер де акулалар сияқты иіс сезгіш екенін айтпақпын, Джимми. Бірақ бұдан оларға түсетін пайда жоқ: сезсе болды, ұлып қоя береді.

— Нені сезсе?

Ал сен өліктер туралы айтқанымды қаламайсың ғой. Ендеше, акула сияқты олар да...

— Жә, жетті, енді сенімен әңгімелескім келмейді. Сау бол, менің ұйқыым келді.

Келесі күні мистер Белчермен жұмысқа бара жатқанда реті келгенде мен Өрмекшінің акулалар туралы әңгімесін оған қайталап бердім. Ол күлді де содан кейін:

— Осындай шатпақты ол саған несіне айтып жүр? — деп сұрады. — Ал оның алдында не туралы әңгіме болып еді?

Мен оған Пинчтің түсініксіз қылығы мен өзімнің Өрмекшімен болған әңгімемді айтып бердім. Бізбен бірге Нед Паркс те болды. Қожайынмен ол екеуі бір-біріне жұмбақтай қарады да, маған бірден кете беруіме болатынын айтты.

Осы түні Өрмекшінің иті жоғалып кетті де, өз қожайынының, өкінішіне орай, сол бетімен оралған жоқ.

XVII

МЕНИҢ ОЙЫМ ОРЫНДАЛУДА

Мен мистер Белчердің үйінде алты апта тұрдым. Бірде, сенбілік кеште Сэм асүйге келіп, мистер Белчердің оның анасын Дорсетширден өз үйіне алдырғанын хабарлады. Анасы келген соң қожайынмен бірдеңелер туралы ұзақ сөйлесті, сөйтіп, ақыр соңында шартты жоюға және Сэмді үйіне алып кетуге көнді. Дүйсенбіде Сэм анасымен бірге кетуге тиіс.

— Енді саған жақсы болады, Джим, — деді Сэм. — Сен қожайынмен бірге түнгі жұмысқа шығатын боласың, ал ол

өзінің құпиясын ешкімге айтып қоймауың үшін әр барған сайын саған алты пенстен беретін болады.

— Несі бар, қатты қуаныштымын, — дедім мен. — Мен тіс жармауға үйренгенмін. Ал сонда қожайынның сол құпиясын сақтау қиын ба, Сэм?

— Жоқ, оп-оңай, оны саған қожайынның өзі-ақ айтады.

— Жоқ, сен енді дос болсаң, қазір айт.

— Айтайын, бірақ сен оны Өрмекшіге де, басқа балаларға да айтушы болма.

— Жоға, қалай айтамын.

— Ал жүр, аулаға барайық, әйтпесе Өрмекші естіп қалар.

Біз аулаға шықтық.

— Сен қалай ойлайсың, Джим, олар түнде қандай күл әкеледі?

— Қандай екені қалай? Мұржадан деп ойлаймын, әйтпесе қайдан алады?

— Мұржадан, әрине, бірақ қандай мұржадан? Тыңда, Джим. Біз күлді шіркеу мұржаларынан әкелеміз.

— Оның несі бар екен? Шіркеудікі болса, оның не жамандығы бар?

— Тсс. Ақырын. Білесің бе, мынадай заң бар. Ол заң бойынша шіркеудің мұржасын тазалауға болмайды, ал енді тазалай қалсаң, тек жасырын түрде ғана. Ал бұл істе ұсталса, оны жазалайды, жазалағанда қандай. Қарныңа өткір істік қадап, жол бойымен алып жүреді. Олардың осы жұмысты түн ішінде, ұрланып, білдірмей істейтіні, міне сондықтан.

— Ал олардың атын күзетіп тұрған баланы ұстап алатын болса, оны да жазалай ма?

— Жоқ, онысы қалай? Ол ештеңеге де кінәлі емес қой. Тек жұмыс үстінде ұсталғандарды ғана жазалайды. Сірә, заң бойынша шіркеу мұржаларын священник тазалауға тиіс болар, ал ол бұл жұмысты дьякқа, ал ол күзетшіге тапсырады, күзетші енді өз атынан мұржа тазалаушыны жалдайды. Әрине,

ол мұржа тазалаушыға ақшаны жақсылап төлейді, өйткені бұл қауіпті іс, оның үстіне күлге де көк тиын төлемейсің.

— Сонда неге? Бұл басқа жердегідей күл емес пе?

— Сондай-ақ күл, бірақ оны сатуға болмайды, бұған заң қатаң тыйым салады. Қожайыннан осы күлді сатпаймын деген уәдесін алады. Нед Паркс оны өз бағына апарып көмеді. Міне, саған бар құпия. Маған мұны қожайын айтқан, саған да айтады. Ал сен сыр беріп қоймас үшін әр барған сайын ол саған алты пенстен беретін болады.

Осының бәрін Сэм әбден байыпты түрде айтқан соң мен оған әбден сендім.

Ақырында мен нағыз құпияны білдім. Құпия болғанда қандай. Тіпті ғажап, мен өзім Шордич театрында көрген пьесадағыдан аумайды. Сэмнің сөзіне қарағанда шіркеу мұржаларын тазалайтын кәсіпшілердің аса қатаң жазалануы мені ешқандай да қорқыта қойған жоқ. Керісінше, істің қауіпті болуының өзі менің көз алдымда оған ерекше бір тылсым сипатқа ие болып, мен тек бір нәрседен ғана қорықтым: мистер Белчер, бәлкім, Сэмнің орнына мені емес, басқа бір баланы алып жүрмесе екен. Мен Өрмекшіден енді біздің қожайынмен түнгі жұмысқа кім барады деп ойлайтынын сұрадым.

— Кім екені қалай? Белгілі емес пе, сен дағы. Олар мені алады дейсің бе? Мен шыдай алмай, жолда өліп қалармын! — деп Өрмекші батыл жауап берді.

Бұл жауап мені онша қанағаттандыра қойған жоқ: Өрмекші мистер Белчерге ауыртпалығын салып отыр, сондықтан Өрмекші тезірек өлсін деп оны өзімен бірге әдейі апаруы мүмкін деген ой келді маған. Өрмекші шынында да жүре алмайтын, бірақ арба алдындағы орында отырып, делбе ұстау қолынан келеді, ал мұның өзі жетіп жатқан жоқ па.

Дегенмен менің күмәнім көп ұзамай сейілді. Жексенбі күні кешкілік мистер Белчер өзіне шақырып алып, ананымынаны бір қозғап, содан кейін бірден мені Сэмнің орнына

түнгі жүріске алып шығатынын айтты. Ол маған өз құпиясын айтқан жоқ, тек сөз арасында ғана жұмыс қала сыртында істелегінін және ол туралы айтудың керегі жоқ екенін ғана ескертті.

— Шәкірт ұстайтын барлық қожайындарда, — деді ол маған, — өздерінің құпиялары болады. Менің де өз құпиям бар, бірақ оны мен саған кейінірек ашамын, ал егер ешкімге тіс жармайтын болсаң, сен біздің үйде тамаша өмір сүресің. Сэмнің қалтасында қашанда ақша болатын, Сөйтп, ол басқа балалардың мұрнына иісі де бармаған дәмді тамақтардың дәмін татып жүрді. Сен мені түсіндің бе, Джим?

— Әрине, түсінемін.

— Ал екінші жағынан алғанда, — деп жалғастырды қожайын, — егер Сэм менің істерім туралы елге жариялайтын болса, онда мен не істейтінімді ойлап көрдің бе?

— Мен ойлаймын, сэр, ол оңбай сазайын тартар еді, — деп үрейлене жауап бердім, өйткені қожайынның жүзі тым ашулы екен.

— Иә, жаман болады. Жаман болатыны сонша, еш баланың басына бермегендей болмақ. Мен оны кеңірдегінен былай алып, сол жерде-ақ тұншықтыра салар едім.

Осы сөздерді айтып, мистер Белчер өзінің салалы саусақтарымен менің кеңірдегімді қатты қысып, маған ежірейе қараған кезде зәрем ұшып кетті.

Дегенмен ол тез райынан қайтты.

— Бірақ Сэм жақсы құтылды, — деп жалғастырды ол өзінің бұрынғы мейірімді үнімен. — Сэм түйсігі бар ақылды бала болатын, сондықтан ол менен таяқ жемей, ақша алатын... Жә, бүгінге жетер. Жетті. Мен саған енді бір ауыз сөз де айтпаймын, егер ай жарық болмаса менің құпиямды ертең түнде өзің түсінесің.

Біздің әңгімеміз осымен бітті. Қожайындармен бірге тамақ ішкен соң олар мені асүйге жіберді, бірақ Өрмекшіге ештеңе де айтып қоймауым туралы талаптарын тағы да қайталады.


Келесі күні мазасызданғаным сонша, тіпті тамақ та іше алмадым. Ай жарық бола ма, болмай ма? Осы сұрақ менің мазамды алып барады. Мен айдың тууы туралы ештеңе де білмеймін және оның аспанда пайда болуын кездейсоқ нәрсе деп ойлайтынмын. Кешке қарай түннің қараңғы болатынын білдім, өйткені Өрмекші тынбастан ыңырысып жатыр.

— Сүйегім, менің, бейшара сүйегім, — деп жыламсырайды ол. — Тағы да ауырып, сырқыратып әкетіп барады. Түнге қарай жаңбыр жауады, көрерсің.

Шынында да ымыр үйіріле жаңбыр басталды да, түнге қарай ауа райы мүлдем бұзылды.

Миссис Белчер әдетте түнгі жорыққа шығар алдында Сэмді шақыратындай мені кешкі асқа шақырды. Тамақ шынында да ағыл-тегіл: майға қуырылған ішек-қарын мен майда ақтүйнек. Үстел басында менімен бірге мистер және миссис Белчер, Нед Паркс отырды. Біз тамақты жеп болған кезде миссис Белчер күйеуінің айтуымен маған жарты стақан ыстық грог берді, ал мен осы күшті ішімдіктен көзіме жас оралса да, еш шімірікпестен тартып жібердім. Мистер Белчер мен Нед Паркс те араққа барынша сылқия тойып алды, Сөйтіп, біз жирен ат жегілген арба тұрған аулаға шықтық. Қожайын мен Паркс жаңбырдан су болып қалмауы үшін иықтарына бір-бір қаптан жамылып алды да арбада қатар отырды, ал мен тоқымға орандым да олардың аяқ тұсына жайғастым. Бізден басқа арбада мұржа тазалайтын машина мен әлдебір құралдары бар қапшық орналасқан. Бұл құралдар туралы Сэм сияқты мен де тек олардың салдырлағанын ғана біліп келе жатырмын, бірақ қалың қап арқылы оны ақырын сығымдап қоямын.

Мен біздің қайда бара жатқанымыздан еш хабарым жоқ, дегенмен бұл сапарға риза болып, рақаттанып келемін. Біз құйғытып келеміз. Тастай қараңғы. Жаңбыр шелектеп құйып тұр. Алдымыздан қауіп күтіп тұрғандай көрінеді, бірақ мен одан қорқар емеспін, керісінше онымен тезірек кездесем деймін.



Жол тұсындағы құдықтың жанына атты суару үшін мистер Белчер арбаны тоқтатқанда біз он миль жүрген болатынбыз.

— Сіздің қалай екеніңізді білмеймін, Нед, — деді ол, — мен сүйегіме дейін су болдым. Жылыну үшін тартып жібермейміз бе осы?

— Ішсек шейік те баланы тағы бір бөтелкеге ана бір кабаққа жіберіп алайық.

— Сен әбден су болған шығарсың және ұйқың да келіп тұрған болар, — деп мейірлене сөйледі қожайын. — Мә, тағы да бір жұтып жібер.

Осы сөздерді айтқаннан кейін ол бөтелкені менің аузыма тосты. Арақтың бір ұрттамы шынында да мені сергітіп жіберді, Сөйтіп, мен мистер Белчердің шіркеу мұржасын тазалауға баратынына сендім. Менің серіктестерім арбадан түсіп, атты қақпа алдындағы қалың жыңғылдың жанына әкеліп тоқтатты.

— Түс, Джим, — деп сыбырлады қожайын, — біз жұмыс істеп болғанша аттың жаныңда тұр. Біз тез бітіреміз. Естідің бе? Шіркеу сағаты он екіні соқты. Бір жарымда біз ораламыз да мен саған еңбегіңнің ақысын төлеймін. Сен қазір жап-жақсысың ғой, рас па?

— Иә, сэр, рақмет сізге! — деп сергек жауап қаттым.

— Осы жерден зираттың жақын болғанынан сен қорықпайсың ба?

— Жоқ, ешқандай да. — Сөйтіп, мен өзімнің батылдығымды көрсету үшін күліп жібердім. Сол кезде Нед арбадан құралдарды алды, мистер Белчер қол шамды жақты, Сөйтіп, екеуі қақпадан кіріп, жолмен шіркеуге қарай жүрді де сол сәтте-ақ қараңғыға сүңгіп кетті.

Мен жиренді шылбырынан ұстап оларды тосып тұрмын. Жаңбыр толассыз құйып тұр, ал мен әбден малмаңдай су болдым, өйткені жабу атқа жабылған. Мен аласа зират басындағы ескерткіш тастардан басқа ештеңені де алдымнан көріп тұрған жоқпын, және үлкен сұрғылт қоңырау мұнарасын ғана ажыратамын. Ағаштардың жапырақтарына, арбаның тақтайларына және аттың арқасындағы жабуға тарсылдап соғылған жаңбыр даусынан басқа ештеңені де естіп тұрған жоқпын.

Түн ортасында, көзге түрткісіз қараңғыда, зират қақпасының алдында, осындай ауа райында жападан-жалғыз тұру маған оңайға соғып тұрған жоқ, бірақ бұл тезірек бітер деп шыдап-ақ тұрмын. Мұржа тазалаушылар қазір-ақ күлдерін алып келеді, мен өзімнің алты пенстік тиынымды аламын, ат бізді зымыратып үйге қарай ала жөнеледі, мен жылы төсекке жетемін де, осы оқиға туралы аса көңілді күймен еске түсіретін боламын.

Сағат бірге он бес минут кеткенін соқты. Мен әлдебір жанымды жеген мазасыздықты сезіне бастадым. Өйткені құбыжық деген өмірде жоқ, тек кемпірлердің ертегісінде ғана бар, ал соған қарамастан менің үрейім ұшып барады, батылырақ болу үшін атты тынымсыз сипалап тұрмын.

Міне, сағат бір жарымды соқты.

«Енді олар бітірді, — деп ойладым, — бірер минуттен кейін осында болады».

Күл салынған қапшықты арқалаған Нед Парксті көруге үміттеніп, шіркеуге апаратын соқпақтан көз алмаймын. Бірақ ол келген жоқ, тіпті ешкім де келген жоқ, ештеңе де көрінер емес. Менің тістерім сақылдай бастап, бұрынғы үрейім маған қайта оралды. Мен атты сипалап тұрып, оны неше түрлі сөзбен еркелетіп қоямын, ал ол зират басындағы тастай қимылсыз тұр.

«Гу, гу, гу».

Бұл, сірә, үкінің даусы болса керек, бірақ қорыққанымнан қалшылдап кеттім.

«Кішкене жүрейін, — деп ойладым мен, — қожайын келе жатқан жоқ па екен, соны байқауым керек». Жирен ат орнынан қозғалып, арбаны алып кетпесін деп, оның доңғалақтарының астына тас қойып, мен барлауға шықтым. Айнала тастай қараңғы, үш қадам жерден түк көрінбейді, Сөйтіп, жолдан шығып кетпес үшін аяғыммен абайлап келемін. Мен одан әрі ұзап барамын, бір уақытта менің аяғым бір үлкен де қатты нәрсеге тірелді. Мен қорыққанымнан айқайлап жібере жаздадым.

Бұл біздің мүржа тазалауға арналған машинамыз болып шыққанда қалай таң қалдым десеңші. Алдымен менің басыма қожайын мен Нед жақын бір жерде болар және біраз дем алу үшін машинаны осы жерге қойған шығар деген ой келді, бірақ мен босқа телміріп, босқа құлақ түріп тұрмын: ештеңе де естілмейді, ештеңе де көрінбейді. Кенет шіркеудің нақ жанынан қол шамның жарығы көрініп, ол маған қарай біртіндеп жақындай берді. Соқпақпен сыбысымды білдірмей қайта жүгіріп, доңғалақтар астындағы тастарды алып тастадым да, ештеңе болмағандай аттың жанына тұра қалдым.

Тағы да бірнеше минут өтті, міне, ақырында менен бірер қадам жерден екі адамның сұлбасы көрінді. Нед үлкен қаптың салмағынан еңкейіп кетіпті ал мистер Белчер құралдар мен

машинаны алып келеді. Олар қақпа алдында тоқтап, мистер Белчер ақырын ғана:

— Ал қалың қалай, Джим? — деп сұрады. — Ешкім келген жоқ па? Ешкім сенімен сөйлескен жоқ па?

— Ешкім де, — деп асыға жауап бердім.

Олар күл салынған қапты арбаға тиеді де, өздерінің жасырын қол шамының жарығын ашып алды. Түрлеріне қарағанда олар мұржа тазалаушыдан гөрі жер қазушыларға ұқсайды. Олардың қол-аяғы, бүкіл киімдері батпақ. Сол батпақ күл салынған қапқа да жабысып жүр. Қап орналастырылған соң екеуі арақ ішті де, маған да бөтелкеден жұтуға берді.

— Қорықпай іш, сүйіктім менің, — деді қожайын, бұдан зиян болмайды. Сен жігіт екенсің, міне, саған шиллинг.

Ол маған күміс тиынды берді, ал мистер Паркс еркелете арқамнан қағып қойды.

— Ал кейін қарай қалай жүреміз? — деп сұрады ол. — Баланың ортамызға отырғаны дұрыс болар деп ойлаймын.

— Жоқ, — деді мистер Белчер, — менің үйімде біреуі құяң болып жатыр, бұған да салқын тиіп жүрер. Арбаның түбіне барып жат, Джим.

Сөйтп, ол мені арбаның бұрышына қарай тығып жіберді.

— Басыңды күл салынған қапқа қойып жүрме, — деп бұйырды маған мистер Белчер. — Ол малмаңдай су, құлағыңды тоңдырып аласың.

Орнына дұрыстап жайғасқан соң мистер Белчер атты бишікпен бір салып еді, ол тоңған денесін ақырында жылытатынына риза болғандай алға қарай зымырай жөнелді.

Шіркеуге апаратын соқпақта ашқан жаңалығым кезінде бойымды алған бір үрей үдей түсті.

Мистер Белчердің тіпті де шіркеу мұржасын тазалауға бармағаны айдан анық: ол тіпті шіркеуге машинаны өзімен бірге алып бармастан оны жол үстінде қалдырған. Ал соған қарамастан қап лықа толы. Толы, бірақ неге толы? Қалай

білуге болады? Мистер Паркстің қапқа жатпа деп маған ескертпеуіне да болатын еді, өйткені бұл қаптан зәрем ұшып келеді, тіпті оған қарай да алар емеспін. Ал сонда да ішінде не бар екен деген ой маза берер емес.

Аяғымды ептеп созып, қапты түрткілеп көрдім: ол жұп-жұмсақ. Мүмкін, ол шынында да күл шығар? Жоқ, күмәнімнің күшейгені сонша, мұны енді білуім керек. Менің қалтамда шаппа бәкім бар еді. Оны алдым да еппен ашып, қапқа қарай еңкейдім де жылдам бір тартып жіберіп, үлкен саңылау жасадым. Сүмдық-ау! Әлі бәкі ұстап тұрған менің қолыма адамның тастай салқын қолы сылқ ете түсті.

Мен айқайлап жібердім. Осы айқайдан үріккен ат ала жөнелді. Мен сол сәтте арбаның артынан секіріп түсіп, бар салмағыммен балшыққа былш ете түстім де, бетімді жырып, мұрнымды бұзып алдым. Сол сәтте-ақ орнымнан атып тұрып, алға қарай зыта жөнелдім. Артымнан біреудің барқыраған айқайын, ал сәлден кейін тарпылдаған аяқтың дыбысын естідім. Мені қуып келеді.

XVIII

ҚОРҚЫНЫШТЫ КӨРІНІСТЕР

— Тоқта! — деп айқайлады маған Нед Паркс. — Тоқта! Бақыруыңды тоқтат, әйтпесе мойныңды жұлып аламын.

Мен қалай тоқтамақпын? Мен мистер Белчердің кісі өлтіруші екеніне сенімдімін және Нед Паркстің жұлынымды үзетініне де еш күмәнім жоқ.

Мен лайсаң батпақпен жүгіріп келемін, демімді зорға алып, аяқ басқан сайын сүрініп келемін. Бірақ сонда бірнеше рет: «Құтқарыңдар!» деп айқайлап үлгердім.

Кенет мен ысқырық пен аттың аяғының дүрсілін естідім: бұл — мені қуып келе жатқан мистер Паркс. Әрине, атпен олар мені әп сәтте-ақ қуып жетеді. Қорқыныштан қалтырап,

мен арыққа жығыла кетіп, етпетімнен түсіп жата кеттім. Арықтың ішінде су бар екен, сондықтан мен тұншығып қалмас үшін шынтағыма сүйеніп басымды көтеріп жатырмын. Арықтың қос қапталындағы үлкен бұталар мені тасалап тұр.

Бірнеше минуттен кейін Нед Паркс мен тығылған жерге келіп жетті, ал мистер Белчер оны арбамен қуып келді.

— Ұстадыңыз ба? — деп мазасыздана сұрады ол Недтен.

— Ол осы жердің бірінде. Алысқа ұзаған жоқ... ғажап-ақ. Оған сонша не болды екен? Ол сонша неден қорықты екен?

Мистер Белчер қол шам жарығын арбаға түсірді. Сірә, ол мен тілген қапты Недке көрсетсе керек.

— Аһ, антұрған бала! — деп айқайлап жіберді Нед. — Ал сіз мазаланбаңыз, қожайын, мен оның сыбағасын беремін. Атты айдап жүре беріңіз, мен де сізден қала қоймаспын. Біз оған әп сәтте-ақ жетеміз.

Менің шексіз қуанышыма қарай, мистер Паркстің айтқан ақылы іске асып, мен алыстап бара жатқан ат аяғының дыбысын естідім. Бірақ енді менің не істеуім керек? Егер алға қарай жүгірсем, оларды қуып жетем, ал кейін қарай Лондонға қарай жүгірсем, олар мені қайтар жолда қуып жетеді. Үрейім ұшқан бойы арықтан малмандай су болып жолға шықтым.

Кенет бұталар арасынан бір адам шықты да, менің иығыма қолын салды.

— Саған не болды, бала? — деп сұраған ол қол шамының жарығын менің бетіме түсірді. Бұл қалың жүнді пальтосы мен жиегі кең қалпағы бар бойы биік еркек екен. Оның қолында мылтығы бар.

— Сенің бетіңнің бәрі қан. Неден ол? Мына арыққа жыққан кім? Жаңағы пысықтар емес пе?

Сөйтіп, ол алыстап бара жатқан арбаны көрсетті.

— Жоқ, сэр, — дедім мен дірілдеген даусыммен. — Арыққа жасырынған менің өзім. Мені ұстап бермеңіз, сэр, олар мені өлтіреді, олар кісі өлтіргіштер.

— Кісі өлтірушілер ме? Бұл не тағы? — деп таң қала сұрады орманшы (маған кездескен адам орманшы болатын).

Мен құпия қаптан не көргенімді айтып бердім.

— Енді қайда кетті олар? — деп сұрады ол, сірә, ол да қатты толқыса керек.

— Мені қуып бара жатыр, сэр, — деп жауап бердім. — Олар тез арада оралады: олардың Лондонға, Уиксеңд көшесіне баруы керек, өйткені мистер Белчер сонда тұрады.

— Ә. Ал егер бұл рас болса, онда біз оларды жақсылап қарсы алайық.

Орманшы мені қолымнан ұстап, жол жаныңдағы шағын тоғайға апарды да, қатты ысқырып жіберді.

Біреу уақыттан кейін екі үлкен иті бар басқа бір орманшы келді. Мен оған қапқа байланысты оқиғаны қайталап айтып беруге тиіс болдым.

— Жарайды, олар бізден құтыла алмайды, — деп қатулана айтты ол.

Иттер маған тап беріп, біреуі менің шалбарыма аузын салып та үлгерді.

— Куш! — деп айқай салды оған екінші орманшы. — Мында келіп отыр, күшік. Дюк, Слот — оны күзетіңдер.

Мен жерге отыра кеттім, ал иттің бірі оң жағымнан, ал екіншісі сол жағымнан келіп отырды. Олардың көздерінен мені орнымнан тырп еткізбейтіні көрініп тұр.

Жол бойынан ат аяғының дүрсілі естілді. Атты барынша айдап келе жатқаны естіліп-ақ тұр.

Мен өзім отырған тұстан бұталардың жапырақтары арасынан жолды анық көре аламын. Мен орманшылардың бірі арба жүріп өтуге тиісті жолдың ортасына шыққанын көрдім.

Арба доңғалақтарының дыбысы тіпті жақыннан естіле бастады, сол кезде мылтықтың даусы шықты. Қорыққанымнан көзімді жұма қойдым, Сөйтіп, көзімді ашқан кезде менің алдымнан мынадай көрініс пайда болды.

Жирен ат аспанға шапшыған, ал оны орманшының бірі шылбырынан зорға ұстап тұр, ал екіншісі өзінің қол шамымен арбаға және зәрулері ұшқан мұржа тазалаушыларға жарық түсіріп тұр. Нед Паркс бишігін үйіріп, өзінің жолында тұрған адамның басын жарамын деп қорқытып тұр. Мистер Белчер сабырлы қалып ұстаған сыңай көрсетуде.

— Сендерге не керек, жігіттер? — деді ол орманшыларға.
— Егер сіздер қарақшылар болсаңыздар, онда тақыр кедей мұржа тазалаушыларда нелерің бар? Қырсыққа килікпей, жөндеріңе кетіп, атты жіберіңдер, кетпесеңдер — тапап кетеді.

— Заң атынан сіздерді тұтқындаймыз! — деді салтанатты үнмен қолына шам ұстаған орманшы.

— Бізді тұтқындайсыңдар ма? Міне, қызықтың көкесі. Сонда не үшін?

— Кісі өлтіргендеріңіз үшін. Сіздердің арбаларыңызда өздеріңіз өлтірген кісінің өлігі жатыр.

— Бәрі құрыды! Қашыңыз, Белчер! — деп айқай салды Нед, сөйтіп, өзі бір секіріп арбадан ытқып кетті.

Мистер Белчер оның соңынан тұра жүгіріп еді, орманшы сол сәтте мылтықтың дүмімен оның басына бар күшімен салып қалып, ол ес-түссіз жерге сылқ ете түсті.

Нед Паркс тура маған қарай жүгіріп келеді. Егер менің үрейден шыққан ащы айқайым оны сол сәтте тоқтатпағанда, ол тура маған ұрынатын еді. Мені көргенде оның жүзінен жымысқы қуаныш ізі көрінді. Ол өзімен бірге алып жүрген үлкен темір таяғын сілтеп, өлтіре салмақ болды. Бірақ иттер мені күзету керек екені туралы өздеріне берілген бұйрықты қатесіз түсінген екен. Таяқ менің басыма тиіп үлгергенше олар Недке тап беріп, оны жерге алып ұрды да, біреуі оның жеңінен, ал екіншісі мойнындағы орамалынан мықтап тістеп тұрды.

Екінші орманшы маған тез жүгіріп жетіп, еш сөз айтпастан Паркстің қол-аяғын байлап тастады.



— Менікі дайын! — деп айқай салды ол арбаға жүгіріп барып. — Ал сен, Том, ана қапта не бар екенін көрдің бе? Байғұс шынында да өлі ме екен?

— Иә, өлі! — деп жауап берді Том. — Бұдан бір апта бұрын өліпті, егер одан тіпті ерте болмаса.

— Бір апта бұрыны қалай? Солай бола ма екен? Не деген қанішерлер. Не деген зұлымдар!

— Зұлым болулары мүмкін, бірақ ешқандай да кісі өлтірушілер емес, Джо. Олар ешкімді де өлтірмеген, тек өлі денелерді қазып алған. Қарашы, олардың мына қапта не балтасы, не мылтығы жоқ, тек бұрғы мен күректері ғана бар. Иә, бәрібір, бұл үшін де олардың алар сыбағасы мол. Мыналарды арбаға салуға көмектесіп жіберші, біз бұларды Илфордқа апарамыз, екеуінің кінәсін сонда анықтай жатар.

— Ал қалай, екінші мықты да маталды ма? — деп сұрады Джо арбадан түсіп жатып.

— Ол менің соққымнан кейін әлі есін жия қойған жоқ шығар деп ойлаймын. Дегенмен қауіпсіз болуы үшін оны да байлап тастағанымыз жақсы болар.

Джо осыдан бірнеше минөт бұрын мистер Белчер естүссіз жатқан жерге барды да, таң қалғаннан айқайлап жіберді:

— Ал ол жоқ. Қашып кетіпті.

Бұл рас болатын. Салқын жаңбыр мистер Белчердің есін жиғызса керек, Сөйтіп, ол оның жанына орманшы қалдырып кеткен мылтықтың бірін алып зытып беріпті.

Қараңғы әрі жаңбырлы түнде оны қуудың еш реті жоқ еді.

— Не істерсің, тым болмаса біреуін алып барармыз! — деді орманшы Том.

Олар мистер Парксті жерден көтеріп алып, арбаның түбіне жатқызды, сөйтіп, біз жүріп кеттік.

Маған одан да арбамен қатарласып жүгіруге рұқсат беріңіздерші, — деп өтіндім мен маған қатты ызамен қараған Паркстің жанына отырудан қорқып.

— Ештеңе етпейді. Одан қорқатын ештеңе де жоқ, — деп жауап берген Джо мені арбаға көтеріп алды. — Ол саған саусағының ұшын да тигізе алмайды.

Ол атты бишікпен бір тартты да, біз осыдан екі миль жердегі Илфордқа қарай жүріп кеттік.

Паркс шынында да мені саусағымен де түрткен жоқ, бірақ ол бұдан да жаманын істеді: мені өлердей қорқытты.

— Джим, — деп айқайлады ол біз бірнеше қадам жүрген соң.

— Жауап берме оған, — деп ақыл берді маған Том.

— Джим, — деп жалғастырды Паркс, — сен естідің ғой, қожайын сытылып шығып, мылтықты өзімен бірге ала кетті. Сенің былшылдап қанша нәрсені айтқаныңды білмеймін, бірақ енді тіс жарушы болма.

— Мұнда, алдына келіп отыр, бала, — деді орманшы Джо. — Сонда оның не айтқаны саған естілмейтін болады.

Мен Паркстен қуана-қуана алыстап отырдым, бірақ оның қатты айқайлағаны сонша, егер мен жолдың қарсы бетінде болсам да оны естір едім.

— Джим, — деді ол, — есінде ме сенің, егер өзінің жұмысы туралы сыр ашып қоятын болсаң, оның саған не істейтіні туралы берген уәдесі? Ол өз сөзінде тұрады, оған кәміл сене бер. Мүмкін, бір апта, не екі апта өтер, ал ол өз уәдесін бәрібір ұмытпайды. Сен сот қорғайды деп сенбей-ақ қой: сот бәрін бірдей қадағалай алмайды, Сөйтіп, қожайын өзінің айтқанын саған істеп тынады. Сен тіпті осы жерден жүз миль үйде төсекте жатарсың, есіңді іштен іліп алып, мұржаны темір қыстырмамен жабарсың да, бірақ сен кенеттен оянып кеткенде ол өзі айтқан уәдесін орындау үшін саған таяп қалғанын бірақ көресің. Сен мұны ұмытпа және сақ бол.

Орманшылар әдейі қатты сөйлесіп, аяқтарымен арбаның түбін соққылап, мені Недтің қоқан-лоққысын естімесін деп келеді.

Бірақ мен әрбір сөзін естідім және зәремнің зәр түбіне кеткені сонша, арбаның астына түсіп қала жаздадым.

Менің қамқоршыларым үшін: «Оны тыңдама, бала, ол сені әдейі қорқытқысы келеді. Егер сен сотта бәрін айтып беретін болсаң, сен қорқатын ештеңе жоқ», — деу оңай. Олар мистер Белчерді білмейді, мен сыр ашып қойсам оның маған не істемек болғанын білмейді, әрі оның сол кездегі түрі қандай қорқынышты болғанын да білмейді.

«Сен қорқатын ештеңе жоқ. Ал сонда мені кім қорғайды? Сонда мен өмір бойы өздерінен қашып жүрген полицейлер қорғап, менің ең жақын достарым болмақ па? Ал тіпті солай болған күннің өзінде олар мені әр минөт сайын күзетіп жүре ала ма? Кешкі ас кезінде мистер Белчер баланы қылғындыра салу үшін аз ғана уақыт керек екенін анық көрсетті.

Оның үстіне қожайын тіпті де кісі өлтіруші емес екенін білген кезде оны ұстап беріп, осы мен ақымақтық істеген жоқпын ба деген күдік көңіліме ұялады. Осы шатақты шығарғаныма өкінген мен Недтің ақылын алып, өзімді сотқа шақырғанда барынша аз айтуға бел байладым.

Бұл екі ортада таң атты да, мені бірден полиция үйінің қабылдау бөлмесіне алып келді.

— Ал бала, — деп жылы сөйледі полиция инспекторы, — енді сен өзіңнің бұрынғы қожайының туралы не білетіңді айтып бер... Е, бұл әбден су болыпты ғой. Түні бойы жаңбырдың астында болу оңай дейсің бе. Оның киім ауыстыруы керек.

— Менде оған лайық құрғақ киім бар, — деді бір полицей.
— Қазір мен оны алып келемін, инспектор мырза.

Менің киімімді ауыстырып, ісігіме пластырь жапсырған соң, инспектор маған ыстық кофе беруді бұйырды, тек содан кейін ғана менен жауап ала бастады.

Полицейлер айнала тұрып, мені мұқият тыңдап тұр.

— Мынаны айтшы, бала, сенің қожайының түнгі жұмысқа жиі шығатын ба еді? — деп сұрады ол.

— Білмеймін, сэр, — деп жауап бердім басымды төмен салып.

— Білмейтінің қалай сенің? Сен онымен бір үйде тұрған жоқсың ба?

— Ол мені бұрын өзімен ешқашанда алып жүрген жоқ, сэр. Мен ұйықтап жататынымын да, ештеңе де естімейтінмін.

— Сенің жауабың маған ұнап тұрған жоқ, бала. Сен бар білетіңді айтуға тиістісің. Ал айтшы, сенің қожайының қай жерде тұрады?

— Білмеймін, ұмытып қалыппын.

— Қой енді, мұның өтірік. Сенің жасыңдағы бала өзі қаншама уақыт тұрған қожайының мекенін ұмытып қалуы мүмкін емес, — деп ашуланды инспектор.

— Шын сөзім, сэр, бүгін түнде қорыққаным сонша, бәрі де басымнан шығып кетіпті.

— Бірақ бүгін түнде сен орманшыға оның мекенжайын атапсың ғой... Ал оның да есінде сақтай алмағаны қандай өкінішті! — деп ол полицейлердің біріне қарады. — Есіңе түсіруге тырышы, — деді ол маған қайтадан бұрылып.

— Ұмытып қалыппын, ештеңені де есіме түсіре алар емеспін, — деп тымсырая жауап бердім.

— Ал жақсы, — деді қатаң үнмен инспектор, — алып кетіңдер мұны. Бірақ есінде болсын, бала, ертең бәрін де жасырмай айтып беруге тура келеді. Ал әзірге бара бер.

Мен оған сенген жоқпын, бірақ бәрі де соның айтқанындай болып шықты.

XIX

МЕН ПОЛИЦИЯДАН ҚАШЫП ШЫҚТЫМ

Келесі күні мистер Паркс пен мені сотқа жауап алуға алып келді. Сірә, судьяларға менің барынша аз сөйлемек болған ниетім белгілі болса керек, олардың біреуі, шашы ақбурыл, жасыл көзілдірігі бар судья мені жақтырмай қарсы алғаны сонша, менің бірден үрейім ұшты.

— Маған қара, бала! — деп айқайлап жіберді судья. Сөйтіп, қолымен үстелді қойып қалды. Менің тынысым тарылып кетті.

Мен оған қарап едім, үрейім одан әрі ұшып кетті. Ол өзінің жасыл көзілдірігінің ар жағынан маған бетіме тура қарап тұр, ал айналада оның сәл белгісі бойынша қимылдауға жиырма полицей жаланып тұр.

Осы кезде менің артымнан біреу жөткірініп қалды, мен бұрылып едім, судья айқайлап қоя берді:



— Сотталушыға қарама, бала! Тек мыңда ғана қара. Ант беру дегеннің не екенін білесің бе?

Сот істері туралы түрлі әңгімелерді ерекше жақсы көретін Моулди мұны маған түсіндірген, сондықтан мен:

— Бұл менің Інжілді сүйіп, тек қана шындықты айтуға серт беруім және де егер мен осы сертімнен айнып, өтірік айтсам мені ант ұрады.

Менің көзім судьяның жасыл көзілдірігіне қадалған, ақыр соңында мен күн көзіне қарағандай-ақ көзімнен жас шығып кетті.

— Иә, егер сен ант беріп, өтірік айтатын болсаң, — деп сол қатаң даусымен жалғастырды судья, — сен қатаң жазаланасың, сені теңіздің ар жағына, каторга жұмысына жібереді. Оған ант бергізіңіз, экзекутор, ал сіз, сотталушы, куәдан жауап алып болғанша оған қарамайтын болыңыз.

Енді шынықты айтпай көр. Судья да бір тықактаған біреу. Ол менің барлық ойымды білетін сияқты, сондықтан маған мен жасырып қала алмайтындай етіп сұрақтар қояды. Мен

бәрін де айтып бердім: үйден қалай кеткенімді, миссис Уинкшиптің мені мистер Белчерге қалай орналастырғанын, Сэм екеуіміздің арамызда шіркеу мұржаларын тазалауға қатысты қандай әңгіме болғанын, қысқасы, өлі қолдың пайда болғанынан қорқып, арбадан ытқып шыққан кезге дейінгінің бәрін айтып бердім.

Осы жерден, соттан мен мистер Белчердің қылмысы неде екенін білдім.

Сол ерте кездерде діни нанымға байланысты дәрігерлер мен студенттерге өлі дене арқылы анатомияны зерттеп-үйренуге қатаң тыйым салынған болатын. Бұл күнә саналатын. Сондықтан сол кезде Англияда «табыт ашқыштардың» қарақшы тобы болатын. Олар қараңғы түнде зират басына келіп, таяуда ғана жерленген өліктерді моладан қазып алып, оларды дәрігерлерге қыруар ақшаға сататын.

Міне, мистер Белчер осыдан байып жүр екен.

Менен кейін орманшылар Томас пен Джозеф өз жауаптарын айтты, ал содан кейін полиция мистер Белчерді тұтқынға алып үлгеруі үшін істі бір аптаға кейінге қалдыруға шешім шығарды.

— Баланы ең жақсысы ата-анасының үйіне жіберген, бірақ оны апаратын адам мұның әкесіне баланың бір аптадан кейін тағы да осында келуге міндетті екенін қатты түсіндіретін болсын! — деді жасыл көзілдірікті судья.

Сот басқа іспен айналысып кетті де, мен орманшылармен және бірнеше полицеймен бірге көшеге шықтым. Олар өзара біршама әлдене туралы сөйлесті де бәрі бірге көрші сыраhanaға кірді, ал мен өзімнің не істеп келе жатқанымды толық түсіне берместен, олардың соңынан ілестім. Мені: «Баланы ең жақсысы ата-анасының үйіне жіберген» деген сөздер шошытты. Бұл сөздер қырсықтың соңына айналды. Мен несіне бөтен іске араластым екен. Неге ғана!

Мен әкеме полицеймен бірге келемін. Ол табыт ашушылармен болған менің істерім туралы және еш кінәсі

жоқ миссис Уинкшиптің мені оларға орналастырғанын оған айтып береді. Ал әкем мені де, бейшара кемпірді де өлтіре салады. Мен оның жақсылығын осылай қайтармақпын. Жоқ, шектен шығып кетер. Мен осы бақытсыздыққа жол бермес үшін бірдеңе істеуге тиіспін, және істеймін де, тіпті бұл үшін жасыл көзілдірікті қорқынышты судьяны алдауға тура келсе де істеймін.

Менің өз күзетшілерімнен сытылып шығып, Илфортқа жетуім керек және сондағы Лондонның көп көшелерінің бірінің бұрышына тығылуым керек. Мен «өзімнің күзетшілерім» деймін, бірақ шын мәнісінде мені күзетіп жүрген ешкім жоқ сияқты. Мен орманшылар мен полицейлер шарап ішіп жатқан бөлмеден шығуға ыңғайланып едім, маған ешкім де көңіл аударған жоқ.

Мен аулаға, содан кейін көшеге шықтым, мені қуып келе жатқан ешкім жоқ, демек, еш кедергісіз кете беруіме болады.

Бірақ мен полицейлердің қу халық екенін, олар білдірмей көзінің астымен ғана бәрін қадағалап отыратынын білемін, сондықтан қайта оралып, сыраханада біраз отырып, олардың мұнда не айтатынын тыңдамақ болдым. Сөйтсем, полицейлер мен туралы айтып отыр екен.

— Ә, міне, соның өзі! — деді олардың біреуі мен кірген кезде. — Сен бізге жақынырақ отырсаңшы, әйтпесе қолында мылтығы бар мықты сені ұстап алар.

Бұл, сірә, әзіл болса керек, өйткені екінші полицей мен орманшылар күліп қоя берді.

— Ал қалай, бала, — деп сұрады полицейлердің бірі, — үйіңе жетіп, барлық пәледен құтылғаныңа қуанатын боларсың?

Егер мен үйге барғым келмейді десем, полицей мені ерекше қадағалайтынын білемін, сондықтан:

— Әрине, бақытты боламын, — деп жауап бердім. — Көшеде қаңғып жүруден қажыдым. Үйге тезірек қайтуыма болмай ма?



— Ал сен осы жерден үйіңе баратын жолды білесің бе?
— Жақсы білемін, сэр. Менің қазір жүре беруіме бола ма?
— Жоқ, мен жұмысымды бітіріп, сені апарғанша ол жаққа баруыңа болмайды. Сот мәжілісі біткеннен кейін сағат төрттерде... Бірақ сенің мұнда отыруың міндетті емес, өйткені сен қамалған адам емессің, куәгерсің ғой. Сен полиция үйіне барып, сонда отыруыңа немесе көшеде жай қыдыруыңа болады. Бірақ алысқа ұзап кетпе.

Бұл сөздерді айтқанда мен қуанышымды зорға бастым. Мен тұтқын емес, мен куәгермін, қайда қаласам, сонда қыдыра аламын.

— Рақмет сізге, сэр, — деп мен алаңсыз күйде трактирден шықтым. Мен тура Лондонға апаратын Илфорд жолымен асықпай, баяу жүріп келемін. Қажытып, шаршататын осы сапардың да сәті түсе кетті. Сот үйі көзімнен ғайып болған кезде артқы тәртесі өте ыңғайлы және еш шегесі жоқ экипаж мені қуып жетті. Мен оның артына жабыса кеттім де Лондонға қарай сағатына он миль жылдамдықпен зымырай жөнелдім. Мен үлкен және Кіші Илфордтан өттім, тіпті Майл-Эндке дейін жетіп қалғанда бір баланың қырсығынан өзімнің ыңғайлы экипажымнан түсуіме тура келді. Оның да мініп қыдырғысы келіп еді, тәртеде орын жоқ екеніне өкінген ол ат айдаушының — мені қуып түсіруін талап еткені. Ат айдаушы кішкентай зымиянның тілін алды. Менің қатты ашуланғаным сонша, осы оңбаған балаға тап беріп, сойып салдым. Бірақ жолдағы мұндай кідіру мен үшін қауіпті екеніне де қараған жоқпын.

Жолдың қалған бөлігін жаяу жүруге тура келді, сағат екілерде мен Уайтчепельге¹ жақын қалдым.

Мен қаланың бұл бөлігін мүлдем білмеймін, бірақ Дарбаза түбінде осы жақтан келген балалармен кездесіп жүргенде олар бұл Лондонның ең шалғай тұсы екенін айтқан. Маған

¹ Лондондағы жұмысшылар орамы.

қазір керегі де нақ осындай шалғай әрі аулаларынан еркін өте алатын және ирелеңдеген көшелері бар жер керек болатын.

Менің алғашқы ниетім өліктерді ұрлау жөніндегі осы бір қырсық іс біткенше осында уақытша тығыла тұру болатын, ал содан кейін... Бірақ содан кейін не боларын ойлау әлі ерте. Қазір енді не істеу керек екені туралы қам жеу қажет. Бірер сағат өтпей жатып-ақ Илфордтың полиция үйі мен туралы ойластырып, іздей бастайды, сондықтан ең алдымен маған бір жерге тығылу керек. Мен ондаған тар әлі лас тұйық көшелерді кезіп, ақырында бір керемет тыныш трактирге тоқтадым. Мұнда өз шиллингімнің төрт пенсін тамаққа жұмсадым. Трактирдің иесі осында қонуға да жібереді екен және төрт пенске төсек береді екен, сондықтан мен оның рұқсатымен кешке дейін трактирде отырдым, кешкі асқа бір пенске кеспе іштім де, әжептәуір ыңғайлы төсекте жайғасып, ұйқыға кеттім.

Келесі күні таңертең өзімде қалған үш пенсті тамағыма жұмсадым да көшеге шықтым. Ең қараңғы бұрыштарды таңдап, полицияға кездеспеуге барынша тырысып, мен қаланы ұзақ араладым. Аш құрсағым менің әлі де түскі ас ішпегенімді еске салып қояды, сірә, кешкі астан да құр қалатын шығармын.

«Тосудың да, тығылудың да керегі жоқ, — дейді маған аш қарыным, — сенің бірдеңе істеуің қажет».

Бірақ мен не істеуім керек? Қайда барсам да шаруамды шалқайтып аламын. Бүлдіріп аламын ба? Сонда оны мен бұдан әрі қалай шалқайтып, бүлдірмекпін? Оның жаман екені сонша, бұдан жаман бола қоюы кқдік. Бірінші кездескен полицей сені ұстап алады деп қорқып, оның үстіне аш жүру керек пе? Жоқ, бұған төзуге болмас.

Егер мен бір базарға жақын болсам, онда еш бәлденіп жатпас едім. Шынында да солай. Бәрі де маған, қорғансыз балаға қарсы, сонда мен ненің адал, ненің харам екенін ойлауым керек пе? Мен өзімнің қалай күн көрерімді ғана ойлаймын, ал қалғанының бәрінде де менің ісім жоқ.

Менің әбден шегіме жеткенім сонша, егер бұл қолымнан келетін болса, басқалардың қалтасына түсуге де дайынмын. Бірақ ол маған қашанда өте қорқынышты болып көрінетін. Ковентгардендегі сөрелерден жеміс ұрлаудың жөні бір басқа, қиын емес. Сатушының басқа жаққа қарап тұрған сәтін қашанда табуға болады, немесе ол қуып жете алмайтындай тез қашып кетуге болады, бірақ сәнді де келісті ханымның немесе мырзаның қалтасына қол салу бір басқа, оған керемет өжеттілік керек. Мен Дарбаза түбінде тұрғанда қалтаға түсетін көптеген балаларды маған көрсеткен, бірақ олардың өнері маған көз байлаушы мен қақпашылдың өнеріндей көрінетін. Маған өткір қылышты жұту қалтаға түсуден гөрі жеңіл көрінетін.

XX

МЕН ЖАҢА ЖОЛҒА ТҮСТІМ

Мен осының бәрін ойлана жүріп, қараңғыда тұйық көшелерден кең де әсем көшеге шықтым. Мұнда барлық дүкендер жарқырап тұр, ал жол жиегімен бай да сәнді киінген мырзалар қыдырыстап жүр. Менің көңілімді бір үлкен жеміс дүкені аударған. Оның орасан зор айналы терезелерінің ар жағынан алуан түрлі жемістер, шай, жүзім, жаңғақ, консервілер мен тосабы бар банкілер көрінеді.

Оның үстіне сол жерде қытай қуыршақтары, мен бұрын ешқашан көрмеген фарфор және ағаш қуыршақтар тұр. Олар жалғыз мені ғана қызықтырып тұрған жоқ — оларға көз қырын салмай өтіп жатқан бірде-бір адам жоқ, ал көпшілігі оларды жақыннан көру үшін тіпті әдейі тоқтайды да, Сөйтіп, терезе алдына біраз адам жиналды. Менің асығатындай еш жөнім жоқ, сондықтан мен жұрттың тарауын және менің де осынау ғажайып қуыршақтарды дұрыстап қарауға болар кезін күтуге бел байладым.

Осы терезенің қарсысында көшенің жиегінде шам бағанасы тұрған, мен соған сүйеніп, күтіп тұрмын.

Жұрттың ортасында жасамыс, әрі толық леди бар еді, оны аңдамаудың өзі мүмкін емес. Оның бір өзі кәдімгі екі адамның орнын алып тұр.

Толық ледиден көзімді алмай және оның сонша неге ұзақ қарап тұрғанын түсінбей тұрғанымда менен бойы сәл ғана қалыңқы бір баланы байқадым. Ол әйелге жақын келіп, оның барлық қимылдарын қайталап тұр.

Ол қолымен оның жібек көйлегін сипап өтті де, тез тартып ала қойды.

Осы сәтте газ шамының жарығы оның қолына түсіп еді, баланың әмиян ұстап тұрғанын көрдім. Оның жібек тор көзінен бір уыс күміс тиындар жылтырайды.

Бала әмиянды қалтасына тез сүңгітіп жіберді де, топ арасынан шығып, өзін ешкім байқамаған күйі қараңғыға сүңгіп кетті. Толық леди терезе алдында шамалы уақыт тұрып, көңілдене жымыып және басын шайқай түсіп көшемен әрі жүріп кетті: ол, сірә, тамаша қуыршақтар туралы ойлап бара жатса керек.

Ана бала қандай бақытты десеңізші. Ақша толы сондай бір тамаша әмиян. Ал мен болсам етігім мен шұлығымды бір шиллинг пен бір кескен нанға саттым, ал ол бір минөтте кем дегенде ондаған шиллинг тауып алды. Қандай батыл бала. Қандай бақытты. Ал егер сол әмиян менің қолыма түссе ше? Осындай ой менің басыма бірінен соң бірі келіп жатыр, одан кейін де соншалықты қылмысты басқа ойлар да келе бастады, сондықтан мен оны біреу естіп қоятындай қорқып, еріксіз жан-жағыма қарадым. «Қандай оп-оңай өзі. Сен дірілдеп-қалшылдап орнында тұрғанда бұл істі үш рет тындыруға болады. Сен қорқасың. Сенің оған батылың жетпейді. Айталық, — деп жауап беремін өзіме өзім, — жібек көйлегімнің қалтасында томпайып тұрған әмияны бар

осындай толық кемпір кездесе, бұл оп-оңай іс. Бұл әркімнің қолынан келер еді. Мұны, сірә, мен де істей алар едім. Бірақ ең бастысы тағы да осындай оңтайлы жағдайға қашан кездесерсің?»

Сөйтіп, мен шам бағанасының түбінде сәтті «жағдайды» күтіп тұрмын.

Мен ұзақ күткен жоқпын.

Ковентгарден базарында менің алғашқы ерлігім кезінде демеп жіберген маңдайымның бағы бұл жолы да мені құр қалдырған жоқ. Мен бес минутте тұрған жоқ едім, дүкеннен бір әйел шыға келді. Бірақ ол толық та, кәрі де емес, дегенмен жібек көйлегінің қалтасында ақша толы әмияны бар. Дүкеннен шыққан кезде ол осы әмиянын қолына ұстап, ондағы ақшасын санаған сияқты.

Содан кейін оны тырс еткізіп жапты да, қалтасына сала салды.

«Енді ол терезе алдына келсе ғой» деген ой басыма сап ете түсті.

Сөйтіп, шынында да ол қытай қуыршақтарын қызықтап тұрған жұртпен араласып кетті. Мен де сол тұсқа қарай соның артынан ердім де, жаңағы баланың істегеніндей бәрін де қайталауға тырыстым. Мен қытайлардан көз алмағандай сыңай танытып, ол екі арада менің қолым жібек көйлектің қыртыстарынан ептеп сырғанап, қалтаға қарай жылжып барады. Бір минуттен кейін менің саусақтарым әмиянның жібек торын сезді де, мен оны суырып қолыма ала қойдым, Сөйтіп, қаша жөнелдім. Мен тоқтамастан, демімді де алмастан ұзақ жүгірдім. Тыныш қараңғы тұйық көшеге жетіп тоқтадым да, өз олжамды көргім келді. Мен қалтамнан әмиянды алып, ондағы ақшаны алақаныма салдым да шамның жарығымен санай бастадым. Сөйтсем, менде бақандай он сегіз шиллинг пен төрт пенс бар болып шықты.

Менің қолымда өмір бойы осындай ақшаның тіпті жартысы да, тіпті оның ширегі де болып көрген жоқ.



Мен не істерімді мүлдем білмедім, яғни не сатып аларымды білмедім.

Ақырында асханаға кірдім де, төрт пенске тамақ іштім.

Бүкіл кеш бойына мен ішіп-жерім мен тағы да не аларымды ойлаумен болдым. Мен бес рет болар, дүкендерге соғып, екі пенстік сосиска жедім, содан кейін сірнелі нанның бір тілімін жеп, ақыр соңында бір пенниге шоколад сатып алдым.

Сайып келгенде, түнеуге жиналған кезде өзімнің байлығымды санай бастап едім, мен соншама көп жұмсай қоймаппын: тіпті өзіме мықты етік сатып алғаннан кейін де менде әлі де үш шиллинг пен алты пенс қалыпты. Ал күрткемнің астарына тығып, оны түйреуішпен түйреп алған он шиллинг тиынды есептеп отырған жоқпын.

Міне, сөйтіп, мен нағыз ұрыға айналдым. Алайда әуел баста мен өзімнің бүгінгі қылығымды қайталамауға батыл шештім. Әрине, істелгенді енді оралта алмайсың, бірақ менің ұрлығым туралы өзімнен басқа ешкім де білмейді және ешқашанда білмек емес. Мен таңертеңнен бастап нені қолға алуды ойластыра бастаймын. Ал адамның қалтасында он үш шиллинг пен алты пенс болса, ол адал өмір сүрудің мың жолын таңдап ала алады.

Иә, адал өмір сүрудің мың жолын таңдап алуға болады, әрине, бірақ, өкінішке орай, оның бірде-біреуін таба алмағанымды мойындауға тиіспін.

Түстен кейін мен Петикот-Лейнді аралап қыдыруға шықтым да, сондағы дүкеннің алдына келіп тоқтадым.

Терезеде құстың көк қауырсынымен әсемделген сары орамал ілініпті. Нақ осындай орамалды менің әкем мойнына салатын.

Мен дүкенге кірдім де үш шиллинг пен алты пенске осы орамалды сатып алдым. Ішкі ойым менің ақымақтық істегенімді айтса да, мен орамалды әкемді еске түсіру үшін сатып алдым деп өзімді жұбатамын. Мұның өзі менің үй

туралы ойлауыма итермелеп, көңілім құлазыған соң көңілдену үшін бір саптыаяқ сыра іштім.

Сыра күшті болды ма, әлде үйренбегендіктен, әлде солай әсер етті ме, білмеймін, бірақ мен кенеттен серпіліп сала бердім. Тіпті енді жауларымнан да қорқудан қалып, керек десең мистер Белчермен де бетпе-бет кездесуден тайынар емеспін. Әрине, оның қос ауыз мылтығы болмаса.

Осы кезде мен шағын қару дүкенінің жанынан өтіп бара жатыр едім. Сөйтіп, менің басыма бүкіл дүние өзіне қарсы болған адам міндетті түрде қару алып жүруге тиіс деген ой келді.

Мен дүкенге кірдім де, сыртынан қарағанда сондай қорқынышты ескі пистолетті екі шиллинг пен үш пенске сатып алдым.

Кешке қарай бұл қаруды шалбардың қалтасына салып жүру мүлдем ыңғайсыз екенін түсіндім де оны сол дүкенге бір шиллинг пен төрт пенске қайта саттым.

Сөйтіп, менің барлық он сегіз шиллингім мен төрт пенсім ұсақ-түйекке жұмсалып бітті. Мен құс қауырсынды әдемі жібек орамалды он сегіз пенске саттым — Сөйтіп, үш күн өткеннен кейін мен іші лықа толған жеміс дүкенінің қарсысындағы шам бағанасына сүйеніп тұрып, толық ледиді қадағалап тұрған сәттегідей кедей күйімде көшенің ортасында тұрдым. Міне, сонымен...

Алайда менің өмірімнің арнасы қалай бұрылғанын енді аңғару қиын емес. Тек алғашқы қадамды жасау ғана қиын, ал оны жасағаннан кейін мен енді тоқтай алар емеспін.

Мен өзімді бақытсыз, бәрі де тастап кеткен жетім баламын, мені бәрі де құдалап, жек көреді, сөйтіп, аштан өлмес үшін еріксіз ұрлыққа баруым керек деп сендіруге тырысамын.

Екінші әмиянды ұрлап алғанда, онда бар-жоғы төрт шиллинг болғаны мен үшін өкінішті болды, ал енді үшіншісін ұрлап алғанда мен өзімнің не ойлағанымды да білмеймін,

өйткені одан кейін төртіншісі, бесіншісі және тағы басқалары жалғасып кете барады.

Дегенмен мен қалта ұрысының тірлігін ұзақ емес — екі айдан аспайтын уақыт қана жүргіздім.

Осы уақыттың ішінде қанша ақша ұрлап алғанымды білмеймін. Білетінім тек байығаным сонша, маған Илфорд полициясы берген ескі киімнің орнына әбден жарамды, тіпті әсем костюм сатып алдым. Сөйтіп, мен енді трактирде емес, Уэнтфорд көшесіндегі жиһазды үйде түнейтін болдым.

XXI

ДЖОРДЖ ГАПКИНСПЕН ТАНЫСУЫМ

Шілденің бір күнінде мен Чипсайдты аралап жүргенмін.

Қазір енді үстімде тәп-тәуір костюмім болған соң, үлкен де бай көшелерде еркін жүремін.

Таза ауа жұтуға шыққан монтаны баланың алаңсыз күйімен жан-жағыма қарап келе жатқанда мен шұлық дүкенінің терезесі алдынан әлденені мұқият қарап жатқан кәрі джентльменді көрдім.

Бұл қалтаға түсетіндер үшін оңай олжа болатын джентльмендердің бірі: керемет толық, қарны кебежедей. Ол сәл-пәл еңкейген кезде сюртугінің арты томпайып, қалтасы ашылып қалды да, мені қатты қызықтырып әкетті.

Мұндай жағдайды уыстан шығаруға болмайды. Мен қалтаны сипалап көрдім. Онда қап-қатты төрт бұрышты бірдеңе жатыр. Мен қолымды сұғып жібердім де, қас қағымда әдемі тері әмиянды суырып алдым. Бұған дейін мен шағын әмияндарды және басқа да ұсақ-түйектерді суырып алып жүрсем де, бірақ менің қолыма ақшаға толы мұндай әмиян түсіп көрген емес.

Қуанғанымнан дір-дір етіп, көрші көшеге тез бұрылдым да, әмиянды ақырын ашып, шам жарығымен мол байлықты

көрдiм: бiр уыс алтын тиындар мен iрi сомаға қағаз стерлингтер жатыр. Оның менi таң қалдырғаны сонша, мен әмиянды күрткемнiң етегiмен жауып не iстерiмдi бiлмей сәл-пәл тұрып та қалдым.

Бiреудiң қолы менiң иығыма келiп қонды.

— Қашам деп ойлаушы болма, — дедi жер астынан шыққандай пайда болған бейтаныс адам, — менен қашып құтыла алмайсың.

Мен Чипсайдтан берi өзiмдi ешкiмнiң де қадағаламағанына ант бере аламын. Осы адамның пайда болуы үстiмнен жай түскендей әсер еттi. Мен әмиянды су ағатын құбырға тез лақтырып жiберiп, менi ұстап алған полицей немесе ұрланған адам болар деп бұрылдым.

Бiрақ мен қателесiппiн, менi бейтаныс бiр еркек жағамнан ұстап тұр, өте әдемі киiнген, саусағында жарқыраған жүзiгi бар. Ол мен лақтырған әмиянды көтерiп алып, бұл өзiнiң меншiгi сияқты асықтастан оны қалтасына салды.

— Есерлердiң бағы бар деп рас айтса керек, — деп менi жағамнан ұстаған күйi өзiмен бiрге қараңғы көшеге қарай сүйредi.

— Жiберiңiзшi менi, — деп үрейден зәрем ұшып жалынып келемiн. — Мен бұл әмиянды тауып алдым, шынында да тауып алдым, тек оның маған керегi жоқ, қаласаңыз оны өзiңiзге-ақ ала қойыңыз. Мүмкiн, оны сiз жоғалтып алған шығарсыз...

— Тауып алдың, әрине, тауып алды, — деп мысқылдай сөйледi бейтаныс. — Сонда маңдай терiңмен таптың ба екен? Ал айт: кiмге жұмыс iстейсiң? — дедi қатаң дауыспен бiз ендi жарты көшенi өткен кезде.

«Ол менi, сiрә, қайдағы бiр шебер деп ойласа керек» деген ой келдi менiң басыма.

— Мен жұмыс iстеймiн, — дедiм мен сөзiмдi үзiп-үзiп, — Уайт-чепельге таяу жерде тұратын бiр мұқабата тыстаушыда жұмыс iстеймiн.

— Өтірік! — деп ашулана айқайлап жіберді бейтаныс. — Жасырмай айт бәрін. Сен Симмондстың немесе Том Мартинстің үйінде тұрасың ба?

— Мен ешқандай Симмондсты да, ешқандай Мартинсты да білмеймін, — дедім үрейім біраз басылған соң безек қағып. — Әмиянды алыңыз да мені босатыңыз, тек мені тыныш қалдырсаңыз болғаны.

— Егер сен маған шыныңды айтпасаң, мойныңды жұлып алам! — деді қатулы үнмен бейтаныс. — Айт қазір жаныңның барында: кімге жұмыс істейсің?

— Ешкімге де емес, өзім үшін ғана.

Бейтаныс менің күрткемнің жағасын қоя берді де тесіліп менің көзіме тіке қарады.

— Тыңда! — деді ол маған еңкейіп, сыбырлай сөйледі, — мені алдауға болады деп ойлама. Шыныңды айт. Егер сенің қожайының болса, оның артығы жоқ. Егер жоқ болса, оныңды айт, онда саған жеңіл болады.

— Ал сіз полицей де, тыңшы да емессіз ғой? — деп сұрадым.

— Мен полицеймін бе?! — деп айқайлап жіберіп, қарқылдап күлді. — Әй, ашық ауыз неме. Сонымен қоймай ұрлық істейді.

— Бұл іспен көптен айналысып жүрмісің?

— Екі ай.

— Сонда бірде-бір рет қолға түскен жоқсың ба?

— Бірде-бір рет.

— Керемет бақыт. Мұндай аңқау бала бірден қолға түсуге тиіс. Сені қолға алу керек екен. Кәне, менімен бірге жүре ғой.

Оның сөзіне қарағанда ол мені қолына ала қоятын ниеті аңғарылмайды. Бұл маған тіпті де ұнаған жоқ. Мен одан полицейден кем қорқып тұрған жоқпын.

— Рақмет, сізге, сэр, — дедім мен. — Мен өзімді біреудің қолына алуын жақтырмаймын.

— Жақтырмаймын! — деп ол маған дүрсе қоя берді. — Сенің жақтырған-жақтырмағаныңда біреудің шаруасы бар деп пе едің? Сенің осы уақытқа дейін қожайының болмаған, ал енді болады. Ер менің соңымнан.

Біз Поултри көшесіне шығып, содан кейін бірінші, екінші түйік көшелерді айналып, үшіншісінде Кэт көшесіне шықтық. Ол мені ұстап келе жатқан жоқ, бірақ мен оның соңынан мойынсұнып еріп келемін, өзінің қатаң да батыл түрімен менің үрейімді ұшырғаны сонша, менің басыма қашып кету деген ой келген де емес.

Біз Кэт көшесінің жартысына жете бергенде ол бір үйдің есігін қағып еді, сәнді киінген бір жас әйел есік ашты.

— Мен сені ерте келеді деп тосқан жоқ едім, Джордж, — деді ол бейтанысты емірене сүйіп.

— Бізге мен жаңа тұрғын ерітіп әкелдім, Сюзи, — деді ол мені көрсетіп.

Бұл, сірә, оған онша ұнамаса керек.

— Сені осы тұрғындар қажытып болған жоқ па? — деді ол жақтырмаған үнмен. — Сірә, бұл да анадағыдан ұзақ тұра қоймас.

— Әрине, егер ол айласын асырамын деп жүрсе. Ал шай дайын ба?

— Дайын.

Біз жақсы жиһаздалған бөлмеге келіп кірдік, камин жанындағы үстелде шайға арналған шыны-аяқтар тұр. Джордж диванға сылқ ете түсті де, қолдарын басының астына салып, үнсіз жатты. Жас әйел шәйнек пен шошқа еті аралас қуырылған жұмыртқа әкелді. Ал маған бұрынғысынша жасырмастан жауыға қарайды.

— Күйіп қалмайын десеңіз, аяққа оратыла бермеңіз! — деді ол ашуланып менің жанымнан шәйнекті алып бара жатып.

— Шай ішесің бе? — деп сұрады әйелден Джордж.

— Жоқ, мен ішіп алғанмын.

— Ендеше, бар жоғал сайтаныңа.

Ол есікті ашулана жауып, бөлмеден шығып кетті.

— Ал сен, — деп Джордж маған қарай сөйледі, — шай ішесің бе?

— Жоқ, рақмет, сэр.

— Жарайды, мен шай іше отырып айтайын, сен отыр да тыңдай бер. Сен қай жерденсің?

Бұл сұрақты мен күтпеген едім. Менің қайдан екенімді қалай айтсам екен? Клеркенуэлден бе, Кемберуэлден бе немесе Уэнтфорд көшесінен бе?

Джордж менің қысылғанымды байқап қалды.

— Айтқың келмесе, айтпай-ақ қой, — деді ол, — маған бәрібір. Менің тек білгім келетіні: сенің өз үйің бар ма? Сенің әкең мен шешең бар ма?

— Мен үйден қашып кеттім, онда енді мен қайта бармаймын.

— Неге?

— Онда мені өлтіре сабайтындықтан.

— Ә, гәп қайда жатыр? Жә, бұл жақсы. Сенің ешқайда да баруыңның керегі жоқ. Сен осында тұратын боласың.

— Осында ма?

— Иә, мен сені оқытуға аламын. Мен саған тамақ пен баспана беремін, ал сен маған жұмыс істеуге тиістісің.

— Сонда мен не істеймін?

— Сол баяғы екі ай істегеніңмен айналысасың. Сені қолы епті ұры деп атай алмаймын, бірақ сен маған ұнап қалдың. Егер сені аздап үйретсе, сенен бірдеңе шығуы мүмкін. Осы күнге дейін сенің бағың жанып келді, бірақ тек қана маңдайыңның бағына сену аз, бұл өнерді үйренуге тырысу керек. Сен мені, әрине, білмейсің, бірақ кез келген полицейден: «Джордж Гапкинс деген кім?» — деп сұрап көрші. Сонда олардың әрқайсысы: «Ә! Ол ұрылардың белгілі ұстазы ғой, оны неге білмеске» — деп жауап береді. Міне, мен енді сені тәрбиелеймін.

— Рақмет, сэр, — дедім мен әйтеуір бірдеңе айтуға тиіс болған соң. — Егер маған көмектескіңіз келсе, сіз өте мейірімді адам екенсіз.

— Саған көмектеспекпін бе? Мен сені бақытты еткім келеді. Көшенің жүздеген балалары саған қызғана қарайтын болады. Егер сен менің қолымда екі ай қалатын болсаң, онда бір айдан кейін бүгінгі ебедейсіз ісің үшін есіңе түскенде ұялатын боласың.

Ол мен ұрлап алған әмиян жатқан өзінің қалтасын қолымен көрсетіп қойды.

— Сенің атың кім?

— Джим Смит...

— Мен өзімнің шын атымды айтуға қорықтым да Моулди мен Рипстонның маған берген атын айтқым келіп еді, бірақ алғашқы буында-ақ мүдіріп қалдым.

— Джим Смит? — деп іліп ала жөнелді менің жаныма қожайыным. — Тамаша. Ал шыныңды айтшы, Джим: жолың болғыштығына қарамай, қашанда сәті түсе бермеген шығар? Бір күні шылқыған бай, бір күні кедей дегендейін. Қалтаңда әрдайым тиындар сылдырап жүрмеген болар, ә?

— Иә, шиллингтер де көп бола қойған жоқ, — деп жауап бердім мен. — Қайдағы. Кейде қолыңа бірдеңе іліксе, кейде бос қаласың.

— Бұл — белгілі дүние. Тыңдашы, мен сен үшін не істегім келетінін біл. Мен сені біздің өнерге үйретемін, аузыңнан ақ май ағызып тамақтандырамын, бай сәнқойлардай етіп киіндіремін, көңіл көтеру үшін саған ақша да беремін. Жақсы ма?

— Жақсы болғанда қандай, тіпті өте жақсы, — деп жауап бердім, мистер Гапкинсті жақтырмаған ниетімнен басталғанымды сезіп. — Ал осының бәрі үшін менің не істеуім керек?

— Сен қалтаға түсіп, алғандарыңның бәрін маған әкелуге тиістісің.

— Несі бар, келісемін, — дедім мен өзімнің риза болғанымды зорға жасырып. — Мен бір нәрседен ғана қорықтым: ол айнып қалмаса екен.

— Тамаша! Бұл істің бір жағы, енді екінші жағы: біз кіріп келгенде миссис Гапкинстің сен туралы не айтқанын естідің ғой?

— Менің бұдан бұрынғы тұрғыннан ұзақ тұра алмайтыным туралы ма?

— Иә. Байқайсың ба, сол бұрынғы тұрғын сенен сәл ересек бола керемет епті бала болатын. Ол менде небары тоғыз апта ғана тұрды. Қазір енді ол тоғыз айға түрмеге отырғызылды. Қалай қарайсың, ол жер жақсы ма оған?

— Түрмеде отырудың несі жақсы дейсің? Ал ол онда не үшін түсіп қалды?

— Ол жымысқы да өтірікші болғаны және менен айласын асырмақ болғаны үшін түсті. Мені алдағысы келген балалар менің үйімде көп тұра алмайды. Ал менімен кім адал болса, мен оған туған әкесінен де жақынмын. Ондай баланың басына қырсық төнсе, мен ештеңені де аямастан оны құтқарып аламын. Ал оның есесіне кім мені алдағысы келсе, мен оның ата жауына айналамын. Егер ол өзі түрмеге түспейтін болса, оны түрмеге тығуға мен көмектесіп жіберемін. Түсінесің бе?

— Түсінгенде қандай?

— Міне, тамаша. Енді біздің айтар ештеңеміз жоқ. Қаласаң, қыдырып кел немесе театрға бар. Сенің ақшаң бар ма?

— Төрт пенсім бар, сэр.

— Менде де аздаған майда бар. Міне, саған үш шиллинг пен алты пенс. Біздің ісіміз қалай жүрерін байқамай, мырзасынғанымыз жарамас. Сау бол. Он бірден қалмай кел.

МЕН ЕСКІ ДОСЫМДЫ КЕЗДЕСТІРДІМ

Мистер Гапкинс менің артымнан есікті жапты, енді ойлаған жағыма кете беруіме болады.

Гапкинс дегеннің өзі қандай адам? Әрине, оның әлдебір байыпты жоспары бар, әйтпесе ол маған өзінің үйін көрсетпес еді, ақша беріп, маған сыр ашпас еді ғой.

Ол мені киіндіріп, тамақтандырып, көңіл көтеруге ақша да бермек — сонда не үшін? Тек менің бұрынғысынша ұры болып қалуым үшін ғана.

Ол маған оң көзімен қарағанға дейін ғана оның үйінде тұрамын, ал тек сәл ала көзімен қарай бастаса болғаны, мен оны тастап, қашып кетемін. Осы мистер Гапкинс не деген ақымақ! Мен жаңа қожайынымның қандай аңқау екенін ойлағанда көшеде қарқылдап күле жаздадым.

Дегенмен қайда барсам екен? Ол театрға бар деді. Тамаша, мен Шордич театрына барамын. Мен өзімнің сүйкімді достарыммен мұнда жиі болғанмын, Сөйтіп, өзіме ложадан орын аламын. Енді менің сараң болар ретім жоқ. Мен екі сосиски, бес апельсин сатып алып, бір саптыаяқ сыра іштім де театрға қарай тарттым.

Кірер есіктің алдында жұрт жиналып қалыпты. Бүгін сүйікті актердің бенефиісімен жаңа пьеса жүріп жатыр екен, сондықтан да мұнда көп адам жиналыпты. Мен қалың топтың қақ ортасына түстім де, енді мені жан-жағымнан қысып, итермелеуде. Бір баланың шынтағымен жұртты итермелегені сонша, тіпті менің де қалтамды жапсырып барады. Мен оны сәл итеріп жіберіп, менің сосискиімді жанышпауын өтіндім.

— Ең қат дүние сенің сосискиің бе? — деп жауап берді ол. Сен оны үйде неге жеп алмадың?

Ол менің алдымда тұрған, осы сөздерді айтқанда ол маған бұрылған жоқ, бірақ мен оны даусынан бірден таныдым.

— Рипстон. Бұл сенсің бе?

— Смитфилд. Міне, кездесу деген осы! — деп айқайлап жіберді менің ескі досым.

Ол көршілердің жақтырмағанына қарамастан маған бұрылды да қолын созды. Бұл қимыл екеумізді театр есігінен алысқа ысырып жіберді. Бізді қаумалап, қысып, итермелегені сонша, біз жұрттың ортасынан тезірек шығуға ұмтылдық.

Кірер есік жанында ілінген үлкен шамның жарығымен біз бір-бірімізге қарадық.

— Міне, тамаша кездесу, — деп айқайлады Рипстон. Ол қуаныштан мені өзінің құшағында тұншықтыра жаздады. — Мен ғой сені баяғыда-ақ өліп қалған шығар деп ойлап едім, ал сен оның орнына сырықтай болып өсіп кетіпсің және қандай сәнқой болып алғансың өзің. Біз Дарбаза түбінде тұрғаннан бері сенің жолың жақсы болған сияқты, ә?

Сәнқойлыққа әлі ерте болғанымен, менің үстімдегі киімім жақсы болатын. Әрине, мен безгек ұстағанға дейін киген киіміме қарағанда бұл келісті де сәнді. Бірақ Рипстонды ешкім де сәнқой дей алмас еді. Оның күрткесі де, шалбары да ең арзан матадан тігілген және әбден былғанған. Бетінің де таза болып оңып тұрғаны шамалы. Әсіресе, мені оның қолдары таң қалдырды. Бұрынғы әдетінше қолы кір, және оның үстіне алақанын күс басып кетіпті мұны мен бұрын оның алақанынан көрген емеспін.

Осынау күс-күс қолымен сәнді қара күрткемнің жағасы жапқан мойнымды қапсыра құшқан кезде әлденеден тебіреніп сала бердім.

— Саған не болды, Смит? — деп сұрады менің ұялғанымды сезіп. — Сен біздің кездескенімізге қуанбайсың ба? Ә, түсінемін, — деп айқай салып, маған бірнеше секунд көз алмастан қарады. — Сен, сүйікті Смитфилд, адал адам болып, енді мені танығың келмейтін шығар. Ал мен де өзгердім, құдайдай шыным.

Оның берген бұл түсінігі мені жайландырудың орнына, керісінше өзімнің ескі досымды көргеніме өкіндірді.

— Сонда өзгергенің қалай? Қалайша өзгеріп жүрсің, Рипстон? — деп сұрадым мен.

— Білесің бе, мен осы былықтың бәрін де тастадым. Өмір бойы қорқып, әр күзетшіден, әр сатушы қатыннан қорқып жүру өмір болып па? Мен осында бір баламен... фабрикада істейтін баламен кездестім. Ол мені үгіттеп көндіріп, Спиталфилдегі Беккердің зауытына жұмысқа кіруге де көмектесті. Оңай емес, әрине, ал бірақ енді тығылудың керегі жоқ. Аптасына он сегіз пенс аламын. Жұмысшылар барағында тұрамын. Ең бастысы — жолдастарым жақсы.

— Ал Моулди ше? — деп сұрадым мен тым болмаса Моулди нағыз сұмпайының өзіне айналған шығар деген ішкі үмітпен.

— Моулди қайтыс болды, — деп қысқа қайтарды Рипстон.

— Қайтыс болды ма?

— Иә, қыста... Жүр тезірек галеркаға жетейік, әйтпесе өзімізге орын таба алмаймыз.

Мен галеркаға емес, ложаға баратынымды айтып, Рипстонды өзіммен бірге жүруге көндірдім.

— Мен сенің орныңа ақша төлей аламын, — дедім мен, — Өйткені менің қалтамда бір шиллингтен астам ақша бар.

Менде бүтіндей үш шиллинг бар екенін айтуға ұялдым.

— Қарай гөр, байлығын! — деді Рипстон. — Сенің орның менікінен гөрі жақсы болса керек. Сен, сірә, мата сататын бір дүкенде қызмет ететін шығарсың?

— Нақ солай, сен дәл таптың, — деп жауап беріп, оның маған кәсіп ойлап тауып бергеніне қуандым.

— Сөйтіп, сен бүгін бір шырқап қалу үшін ақшаны ұзақ жинаған шығарсың? — деп сұрады Рипстон.

— Сен қашанда оңай табатынсың, — дедім мен тура жауаптан жалтарып. — Дегенмен жүрейік, әйтпесе ложаларда да орын болмай қалар.

Біз ложаға жақсылап тұрып жайғастық. Мұнда бізден басқа тек үш адам ғана бар екен. Мен Рипстонға сосиски мен апельсин сыйладым, ол мұны жеп болғанша Моулдиге не болғанын сұрадым.

— Иә, оны қырсық шалды, өзен жағасындағы сарай есінде ме? Міне, соның төбесінен құлап өлді.

— Есімде, әрине.

— Ал енді, — деп жалғастырды сөзін Рипстон маған қарай еңкейген күйі сыбырлай сөйлеп, — сен безгекпен ауырған кезде біздің ісіміздің қырын кеткені де есінде болар. Сенен кейін ісіміз тіпті кері кетті. Сенімен бірге біз түнеп жүрген арба Дарбаза түбіне келуді қойды, ал басқа арбаларға бізді жібермеді. Бәрі де сенен безгек жұқтырды деп қорықты. Ал біздің лас, жалаң тасқа жатуымызға тура келді. Көшеде де жолымыз бола қойған жоқ. Тауар таратушылар мен сатушылар бізді айнала қуатын, полицейлер бізді қадағалайтын болды, ешқандай жұмыс жоқ, ал бұрынғыдай бірдеңені жымқырып кетуді ойламасаң да болады. Бұл екі арада ауа райы бұзылды да, нағыз қырсықтың өзіне шалды. Рождествоға дейінгі екі аптада қалай өмір сүргенімізді тіпті білмеймін. Мерекеге қарай әрбір адамның тек жақсылықты күтетіні белгілі, ал біздің күтетін де ештеңеміз жоқ. Моулдидің әбден ұнжырғасы түсіп кетті. Өзінің қол-аяғын үсітіп алды, сөйтіп, ыңырсып отырады да қояды, тіпті әбден есімді шығарды. Ал бізде, Дарбаза түбінде рождествоны көңілді өткізеді. Әркім аздаған ақшасын шығарып, оны бір ортаға жинайды, от жағып, ішіп-жеп, темекі тартып, ән салады. Өткен жылы біз де ортаға ақша салғанбыз, ал биыл ештеңе бере алмадық. Сөйтіп, біз әрі аш, әрі қараңғыда суық бұрышта бүрісіп отырдық, ал бұл кезде ана жақта тамақты асап жеп, дүрілдете мерекелеп жатты. Ал Моулди мүлдем күйзеліп кетті. Ол ішіп-жегенді қашанда жақсы көретін еді ғой, ал таңертеңнен бері нәр татпаған ол қуырылған еттің

іісін сезіп отыр. Ол: «Тоқтай тұр, Рип, біздің де шырқайтын кезіміз болар. Азаптанғаным жетті, енді төзе алмаспын. Егер бақыт қолыма өзі келіп қонбайтын болса, онда оны мен өзім ұстап аламын». Мен мұны ол ызаланғаннан айтып тұрған шығар деп ойладым. Оның басқа бір нәрсені ойлап тапқаны туралы менің басыма да келмепті. Мен ұйықтап кеттім де, одан ештеңе сұраған жоқпын. Ертеңінде таңертең тұрсам, Моулди орнында жоқ. Не болды екен? Ол маған айтпастан ешқайда да кетпейтін. Барлық таныстарымнан сұрадым. Бірақ оны ешкім де көрмеген. Базарға бардым, мұнда да Моулди жоқ. Үйге сағат ондарда оралдым. Басқыштармен төмен түсіп келе жатқаным сол еді, бір бала: «Қалай, сен оны көрдің бе? Қалай екен?» — деп сұрады. Менің жүрегім тоқтап қала жаздады. «Сен кім туралы айтып тұрсың?» — «Сенің досың туралы-дағы». Өйткені ол ауруханада жатыр ғой, оны сен білмеп пе едің? Ана жақта жағалаудағы сарайдың төбесіне қорғасын аламын деп шыққан, тұрба арқылы түсіп келе жатқанда құлап кеткен. Сөйтіп, қолы мен қабырғаларын сындырған. Таңға дейін жетуі кәдік».

Рипстон әңгімеге беріліп кеткені сонша, перденің сырғып, көрініс басталғанын да аңғармай қалды.

Алайда бағдарламаның бірінші нөмірі балет болатын, оны менің досым аса көп жақтыра қоймайтын.

Ол көзінің жасын сүртіп, өз әңгімесін жалғастырды:

— Мен, әрине, сол сәтте-ақ ауруханаға жеттім, қақпашыға өзімді Моулдидің інісімін деп айтып едім, ол мені кіргізіп, Мелия бикенің палатасын сұрауды тапсырды. Ол жақтан Мелия бике шықты. «Сен Рипстон емессің бе?» — деді ол. — Моулди үнемі сені шақырып жатыр. Ол байғұстың енді көрер жарығы аз қалды». Ол мені Моулди жатқан бөлмеге алып кірді. Қараймын, оны жуыңдырып, таза киім кигізіп қойыпты. Ол апшақ құдай болып жатыр, ал көзі шарасынан шығып,

көкшілдеу көрінеді. Мен бұрын Моулдидің көзі көк екенін ешқашанда аңғармаппын. Ол мені көре салысымен-ақ маған қолын созды. «Рип, сенің келгенің қандай жақсы болды», — деді ол. — Мен сенімен қоштаспай-ақ өлетін шығармын деп ойлап едім». Ал мен оған бір сөз де айта алар емеспін, көмейме тас тұрып қалғандай, бір сөз айта алар емеспін. Ал Моулди менің қолымды жіберер емес. Кенет дірілдеп кетті де, маған қараған күйі басын изеп, жүріп кетті.

Рипстонның әңгімесін көз жасы бөліп кетті. Оны жұбатқан болып, қолына үлкен апельсин ұстаттым, ол апельсинді құшырлана сорды да, әңгімесін жалғастырды:

— Моулди өлген кезде оның ажалына күйінгенім сонша, мен басқа адам болдым. Мен өз өмірімді өзгертуге бекем бел байладым. Бірақ неден бастарымды, нені қолға аларымды білген жоқпын. Ал сол жерде көрші кереуетке қарасам, тағы да бір бала отыр. Үстінде халат. Сірә, тәуір болып келе жатса керек, тіпті көңілді. «Туысқан, сен неге басыңды салбыратып жібердің?» — дейді. — Ештеңе де істей алмайсың, бәріміз де сонда барамыз». Басында бұл сөздер жүрегіме шаншудай қадалды. Ал кейін қарасам, ол мұны кексіз айтқан екен. Әңгімелесіп кеттік. Ол маған зауытта жұмыс істейтінін айтты, онда мұның аяғын арба басып кетіпті. Ал қазір жаман емес, бұл жолы оңай құтылыпты, жарасы жазылған. Маған ол ұнады. Дарбаза түбіне жалғыз оралғым жоқ еді. Мен оған бәрін де айтып бердім. Ол маған: «Сен түрмеден қашып құтыла алмайсың. Тордың ар жағынан бір-ақ шығатының анық. Одан да бізге жұмысқа кел. Мен сені орналастырамын», — деді. Иә, шынында да орналастырды. Міне, менің бар тарихым. Қолың тигенде бізге бір кел, біздің қалай тұратынымызды көресің». Онша керемет емес. Бірақ балалар жақсы. Ал енді сен өзің туралы айтшы. Маған қарағанда, сірә, сенің жолың болған тәрізді. Ал мен қазір ұрлық дегеннің не екенін ұмыттым. Ал сен ше?

Оның сұрағына жауап беруге дәтім шыдамай, мен онымен келіскен сыңаймен тек басымды изедім.

— Саған бұл оңайға түспеген шығар? — деді ол. — Өйткені сен ұрлыққа үйренген жоқсың ғой. Әлі есімде, сен ұрлыққа аттанғанда Моулди екеуміздің күлкіміз келетіні. Сен ешқашанда нағыз ұры болған жоқсың, сенің батылың жетпейтін. Егер Моулди екеуіміз болмасақ, сен ешқашанда ұрлық істемес едің.

— Мүмкін, — дедім мен.

— Саған қазір енді өзіңнің Моулди екеуіміз сияқты сұмпайы болмағаныңды есіңе түсірудің өзі бір ғанибет шығар деп ойлаймын.

— Иә, әрине, жақсы. Қарашы, Рип, қандай тамаша би.

— Иә, тамаша би. Ал мен екеуіміз де өзгерген кезде кездескеніміз қандай жақсы деп ойлап отырмын. Егер біздің біреуіміз ғана өзгерсек, онда бізге мүлдем көңілді болмас еді. Айталық, мен бұрынғысынша өмір сүріп, ал сен адал адамға айналсаң ше? Сен онда менімен әңгімелескің де келмейтін шығар? Ал мен өзімнің ұры екенімді жасырып қалар едім деп ойлаймын. Немесе шынымды айтар едім де, сенің осындай сәнқой, сондай маңғаз екеніңді күлкіге айналдырар едім.

Рипстонның осыншама әңгімешіл болғанын мен бұрын ешқашанда көрген емеспін. Оның әрбір сөзі маған қанжардай қадалуда. Соңғы кезде ар-ұятымды жинап қойған едім, бірақ Рипстон оны қайта оятты. Менің Моулди екеуімен таныстығым ерекше болатын, ол басқа кез келген таныстыққа қарағанда оп-оңай достыққа айналар еді. Моулдидің өлімі туралы хабардың өзі мені қатты күйзелтті. Бірақ өзім бәрінен де жақсы көретін ескі досым Рип ең бастысы адал адам болыпты. Өзінің не істегенін түсінбеген ол менің ескі жарамның аузын тырналауда, ал мен жердің астына кіріп

кете жаздап отырмын. Әрі Рипстон ұялғанымды байқап қоя ма деп қорқып отырмын, мұның өзі менің азабымды арттыра түсті.

Менің қорқынышым тектен тек емес болып шықты. Егер ол ұры қалпында қалып, ал мен адал жолға түскен кездегі біздің кездесуіміз қандай болатынын көз алдына келтіріп, менің ескі досым көңілденіп сала берді. Мені шынтағымен бүйірімнен түртіп қойып, көңілдене жымыяп: «саған күлкілі емес пе?» деп сұрайды. Ал маған ешқандай да күлкілі болып отырған жоқ. Мен өзімді күлмек түгілі, тіпті жымыюға да зорлай алар емеспін. Мен қабағымды түйіп алып, тістенген күйі алдымнан көзімді алар емеспін.

Рипстон кенет күлкісін тыя қойды.

— Саған не болды, Смит? — деп сұрады ол менің қолымнан ұстап. — Әлде бірдеңе келіспей тұр ма? Сен дүкенде қызмет етесің ғой, рас па?

Осы сәтте перде көтерілді де, көрініс басталып кетті, сондықтан Риптің сұрағын жауапсыз қалдыруыма болады. Өзімнің ұялғанымды білдірмес үшін жұртпен бірге қол соғып, «жарайсың» деп айқай салдым.

Пьеса қызықты екен. Онда бір бақытсыз адамның өмірі бейнеленген. Бірінші көріністе ол әлі сәби, оны анасы қолына көтеріп жүреді, ал әкесі парықсыз маскүнем, әйелінен ақша сұрап жүргені, ал әйелі ақша жоқ десе, оны оңдырмай сабап салады.

— Смит, сенің үйіңде де осындай болған шығар, — деп еске салды Рипстон бірінші көріністен кейін. — Есіңде ме, сенің әкең шешенді қалай сабайтынын айтқаның?

Менің байғұс шешем көз алдыма келді.

— Анаң болған қандай жақсы, Смит, — деп жалғастырды Рипстон. — Сен қазір енді өзгерген кезде туған анаңның жоқ екеніне қатты өкінетін шығарсың деп ойлаймын. Мен өз анама оралғанда маған керемет жақсы болды. Ол мені

құшақтап, қатты қысқаны сонша, менің барлық сүйектерім сырқырап кетті. Және өзі де қуаныштан өліп қала жаздады. Ах, сол кезде менің не сезгенімді білсең ғой, Смит.

Менің көзіме жас оралып, бәрін де Рипке айтып бергім келді. Бірақ бұған ұятым жібермеді. Осы минөтте мен бар пейіліммен Гапкинсті жек көрдім де, оған қайта оралып баруға деген ешқандай ниетім болған жоқ.

Екінші көріністе Франк, баланы осылай атайды, енді ересек бала. Оның шешесі өледі, ал баланың оны жерлеуге ақшасы жоқ, сондықтан анасына табыт сатып алу үшін әмиян ұрлауға мәжбүр болады. Сол үшін оны тұтқынға алып, түрмеге әкеледі.

Үшінші көріністе ол бостандыққа шығады да, ұрылармен және қарақшылармен маскүнемдікке салынады. Ішілген сыра үшін төлейтін олардың ақшасы болмайды да, ол тағы да ақша ұрлайды. Оны тағы да түрмеге отырғызып, аяғына темір кісен салады.

Төртінші көріністе ол басқа да жер аударылғандармен бірге каторгада жұмыс істейді.

Бесінші көріністе ол мерзімін өтеп шығып, адал еңбекпен өмір сүруі үшін жұмыс іздейді. Бірақ ештеңе таба алмайды. Ол өзінің таныс каторгаласын кездестіреді, ал ол мұны қайдағы бір қылмысты іске итермелейді.

Алтыншы көріністе ол каторгада отырып келгендермен бірге кеңсеге кіреді, күзетшіні өлтіріп, барлық ақшаны алып кетеді. Полиция оларды қылмыс үстінде ұстайды, қарақшылар қашып кетеді, ал Франкті тағы да түрмеге отырғызады.

Жетінші көріністе шынжырмен байланған Франк түрмеде отырады. Ол өзінің қылмысты қылықтары үшін өкініп, ар-ұяты оны жегідей жейді. Кенет ол түсінде өзінің анасын көреді: ол баласын жұбатып, жігерлендіреді, ол жылап алады да еш шімірікпестен өлім жазасына кете барады. Осы кезде ұзыннан-ұзақ қағаздың орамы тарқатылады, онда ірі әріптермен: «Ана махаббаты шексіз» деп жазылған.

XXIII

МЕНИҢ ӨЗГЕРМЕК НИЕТИМ ТЕЗ БҰЗЫЛДЫ

Пьесаға көрермендер ду қол соқты. Оның мені тебіrentкені сонша, көз жасымды көріп қалмасын деп мен Рипстонға қарауға бата алмай отырмын.

— Қандай тамаша пьеса. Рас қой, Смит, — деді ол жұрттың арасынан сығылысып театрдан шығып келе жатқанда. — Онда адамның бірден, бір-ақ күнде қылмыскер болып шыға келмейтіні сондай жақсы көрсетілген. Жоқ, өмірдің өзі адамды біртіндеп, күн сайын, там-тұмдап залым да зымиян етеді... «Ана махаббаты шексіз». Мен мұны ана бәрін де кешіреді деп түсінемін. Тек анаң туралы ойлауың керек, сонда жеңілденіп сала бересің...

— Иә, иә, нақ солай. Бұл дұрыс.

— Онда өгей шешелер туралы ештеңе де айтылмаған, Смит. Егер сен түсінде өгей шешенді көрсең, сен өкінер еді деп ойлаймын.

Мен оның сөзіне жауап ретінде күлмек болып едім, бірақ менің күлкіге еш зауқым соққан жоқ.

— Саған не болды? Қараптан қарап несіне өксіп тұрсың? — деп сұрады Рип.

Осыдан соң біз көшеге шықтық.

— Жетті, тоқтат. Егер сен осындай бос болатын болсаң, саған қайғылы пьесаларға барудың керегі жоқ. Сенің не, орамалың жоқ па? Мә, менікін ала ғой.

Сөйтіп, ол қалтасынан қайдағы бір кір-кір шүберекті суырып алды.

— Ах, Рип.

— Жә, тоқтат енді. Сен ауырып қалған жоқсың ба? Қара, қазір енді сағат он болыпты, үйге қайтуымыз керек. Менің барар жерім алыс. Ал сен қай жерде тұрасың? Саған қай уақытқа кел деп еді? Сенің қожайыныңның дүкені қай жерде?

Соңғы сұрақты ол ойына тағы да бір күдік кіргендей мазасыздана сұрады.

— Мен дүкенде тұрмаймын, — дедім мен ұялғанымнан оның құлағына қарай еңкейіп. — Менің қожайыным жоқ.

— Қожайыным жоқ? Сонда сен қалай өмір сүріп жүрсің? Қайда жұмыс істейсің?

— Ешқайда да. Біздің бұрынғы ісімізді жұмыс деп атауға болмайды ғой.

— Біздің бұрынғы ісіміз? — деп таң қалғаннан Рип айқайлап жіберді. — Сонда сен шыныменен-ақ өзгерген жоқсың ба, Смит? Жоқ, олай болуы мүмкін емес.

— Иә, мен өзгердім, — дедім мен жылап тұрып. — Бірақ мен бұрынғыдан да сорақы бола түстім... жаңағы пьесадағыдай.

Рипстон қатты да қалды. Ол ойланып ұзақ тұрды, әрі абыржыған күйі менен көзін алмады.

— Сен не үшін жылап тұрсың, Смит? — деп сұрады ол. Мен үнсіз басымды изедім.

— Сонда сенің өзгергің келеді ғой?

— Өзгергім келгенде қандай. Тіпті қазір-ақ бастар едім, бірақ қалай екенін білмеймін. Сен маған көмектесең ғой.

— Мен саған қалай көмектесе алмақпын?

— Білмеймін. Егер мен сен жұмысқа орналасқан жерге барсам...

— Мен бұл туралы ойладым! — деп қызына сөйледі Рипстон. — Біздің шебермен сөйлесіп көрейін. Жүр тезірек, әйтпесе біздің зауытта есік жабылып қалады.

Мен Рипстонның ақылын алуға бекем бел байладым, Сөйтіп, біз көшемен тез жүріп кеттік. Бірақ біз бірнеше қадам аттасымен-ақ алдымыздан Джордж Гапкинс шыға келді. Ол шам бағанасына сүйеніп тұр. Біз оның жанынан өтіп бара жатқанда ол аса бір мейіріммен қолын менің иығыма салды. Бірақ мен оның өзімді мықтап ұстап алғанын сездім.

— Ә, сен мыңда екенсің ғой, — деді жай ғана кінәлаған үнмен. — Сен қандай жаман, тіл алмайтын баласың. Осындай нашар жерге баруға ұялмайсың ба? Ал сенің мейірімді апайың мұны жақтырмайтынын сен білесің. Осы сен жаман адамдармен таныстығыңды ешқашан да қоя алмассың. Ал сен, бала, — деді ол Рипстонға бұрылып, — егер оны дұрыс жолынан бұрғың келетін болса, онда мен сені полицияға апарып тапсырамын. Бар жөнел! Жоғалт көзіңді!

Мен Гапкинстің күтпеген жерден пайда болғанынан тілім байланып, бір ауыз сөз айта алар емеспін. Рипстон оның сәнді киімі мен өктем сөзіне таң қалып, таңырқаған күйі көзін бақырайта ашып, біресе маған, біресе оған қарап тұр.

— Ал енді менімен бірге жүресің бе, Смит? — деп сұрады ол ақырында. — Ал басқаша болса, сау бол.

— Сау бол Рип, мүмкін, кейін тағы кездесерміз.

Ол ұзап барады және сол таңданған күйі артына бұрылып маған қарап қояды.

— Сен мені қайдағы сұмыраймен кездестірдің? — деп сұрады Джордж қолын иығымнан алмастан Кэт көшесіне қарай итермелеп.

— Ол сұмырай емес, адал бала, — деп жауап бердім.

— Ал егер ол адал бала болатын болса, онда сен сияқты ұрымен неге байланысады? — деп мысқылдай сұрады мистер Гапкинс. — Ал саған адал балалармен бірге жүрудің керегі не? Сен өз ісіңді есте ұстап, маған жұмыс істейтініңді ұмытпауың керек.

Менің ұялғаным сонша, оған ештеңе деп жауап берген жоқпын. Ол менің иығымнан қолын алды, мен енді одан қашып кетіп, Рипстонды қуып жете алар едім. Осындай ой менің басыма келе қалды. Джордж Гапкинс менің бойыма өзім түсінбейтін бір үрей ұялатқан. Мен одан бір қадам да кейін қалар емеспін.

— Адал баламен сен не туралы сөйлестің? — деп сұрады ол.

— Өткен өміріміз туралы, — деп жауап бердім.

— Өткен өмір туралы? Бұл сен адал болған кез бе?

— Жоқ, ол ұры болған кез туралы.

— Ә, ол үнемі адал болмаған екен ғой, Джим? Сонда ол не істеді?

Мен ескі досымның сырын ашып, дұрыс істемегенімді біле тұрсам да, қожайынымның еркінен шыға алмадым.

— Біз, — дедім мен, — Ковентгарден базарында әртүрлі ұсақ-түйектерді жымқырып жүрдік және Дарбаза түбінде бірге тұрдық.

— Міне, қалай? Ал енді ол қайда тұрады? Не істейді?

— Ол жұмыс істейді.

— Жұмыс істейді? Қайдағы бір лас та, ауыр жұмыспен айналысатын шығар, бейшара бала. Сонда ол көп таба ма?

— Аптасына он сегіз пенс.

— Және сол үшін күні бойы жұмыс істеп, дүйсенбі күнгі таң сәріден сенбі күнгі кеш батқанға дейін кір-қоқыстың арасында жүруі керек. Бүкіл бір жылда оның қанша алатынын білесің бе? Үш фунт он сегіз шиллинг.

— Несі бар, бұл да аз емес.

— Бақандай бір жыл үшін аз емес дейсің бе? Ал сен бүгін жымқырып алған әмиянда қанша ақша болғанын білесің бе? Жиырма сегіз фунт. Бұл оның жеті жылда табатыны. Егер ол сенің қас-қағымда қолыңды былғамай-ақ, оның жеті жылда табатынын сыпырып алатыныңды білсе, оның не айтатынын білесің бе? Оған өзінің адал өмірі ұнай қоймас деп ойлаймын.

— Мүмкін, ол түрмеге түсуден қорқып өмір сүргеннен, ақшаны аз тапқанның өзі жақсы деп айтар, — деп батылсыздау үн қаттым.

— Иә, жүзім жақсы болғанымен, әлі шикі. Осы мысалды естіп пе едің, Джим? Дәмді жүзімнің бұтағына жете алмаған бір түлкі осылай депті. Өзің туралы тым асқақ ойлай беруіңді мен жақтырмаймын, Джим, бірақ сенің ебің мен дарының болмаса, бүгінгі істеген істі атқара алмайтыныңды түсінуге тиістісің. Ал ана байғұс баланың ебі жетіңкіремейтін болар, сондықтан ол басқаларға ақыл айтуға құмар болып жүр. Ол саған да ақыл айтты ғой, рас па?

— Білмеймін, қалай айтарымды... Ол маған қалай өзгергенін айтты, міне, бары осы.

— Әлбетте, қазір өзінің қалай жақсы тұратынын және бұрынғы өмірін еске алудың өзі қандай қорқынышты екені туралы... Белгілі жай ғой. Ал сен оған не айттың?

— Не туралы?

— Мен туралы емес пе?

— Ештеңе де.

— Не?

Осы кезде қаланың бос, адамдары сирек жүретін тұсына келдік. Соңғы сұрақтарын қойған кезде мистер Гапкинс кілт бұрылып, оның өзіне әбден үйреншікті ісін дәп бір мен жоққа шығаруға тырысқаныма таң қалғандай көз тастады.

Егер мен шынында да ол туралы айтқан болсам, оның мына көзқарасына шыдай алмас едім. Ал қазір мен оның көзіне тура қарадым да:

— Мен сіз туралы бір сөз де айтқан жоқпын, — деп қайталадым.

Ол кенет қарқылдап күлді.

— Солай деп соқ! — деп айқайлап жіберді. — Театрда бірінші кездескен балаға мен туралы айтпақсың, иә! Тіпті тамаша болар-ақ еді!

Сөйтіп, ол өзінің сөзінде көңілді бір қалжың бардай күлкісін тыя алар емес.

— Мен сол бала туралы саған мынаны айтайын, — деді Гапкинс. — Ол ақымақтың өзі, басқа ешкім де емес. Әрине,

бұған ол кінәлі емес, бірақ оның ақымақ екеніне дау жоқ. Ол еркін де көңілді өмір сүргісі, ештеңе де істеместен көп ақша тапқысы келді. Бірақ оның қабілеті жетпеді де, енді, міне, күніне үш пенске өгіз сияқты митыңдап жұмыс істеуге кірісті. Ал көз алдыңа келтіріп көрші: егер ол ақымақ болмаса, сен сияқты қабілетті де дарынды бала болса, ол осындай өмірге келісер ме еді? Өліп кетсе де көнбес еді. Ал сонда өзінің зауытында өзінің адал да ауыр еңбегімен кімді таң қалдырамын деп ойлайды екен? Мақтайтын кім оны? Ешкім де емес. Қайта керісінше әркім: «Байқа, бала, біз сені сот алдына жібермегенімізге дән риза болуың керек. Сәл мүлт кетсең, біз сені жаман күшіктей айдалаға лақтырып жібереміз» дейді. Міне, біз үйге де жетіп қалдық.

Біз өзімізді тамаша кешкі ас күтіп тұрған бөлмеге кірдік. Үстел үстінде ыстық ет пудингі, үгілген ақтүйнегі бар тағы бір тағам, екі стақан мен үлкен құмырада сыра тұр.

Мистер Гапкинс мені үстел басына шақырды да, алдымдағы тарелкеме дәмді тағамдарды аса бір ыстық пейілмен сала бастады. Осынау тамаша тағам менің қожайынымның өмір туралы толғанысынан кейін менің түзелмек болған ниетімді қатты шайқалтып кетті. Әрине, байғұс Рип дарынсыз бала (бұл сөздің нені білдіретінін білмесем де ол маған ұнады), мүмкін, өмір бойы көмір салынған қаптарды арқалап өтетін болар. Ал мен басқаша жаратылғанмын. Ол менің қабілеттерімді білмейді ғой. Ол менің бақандай екі ай бойына өз бетіммен қалтаға түсумен ғана күн көргенімді білмейді. Ол мұның қандай жеңіл жұмыс және оның маған қанша ақша әкелгенін білмейді. Егер саған ешкім де рақмет айтпайтын болса, онда Рип сияқты шын мәнінде байғұс кедей болудың керегі не?

— Қалай деп ойлайсың, Джим, — деді мистер Гапкинс, — енді сен өзіңнің «адал» досың бар деп ойлайсың ба? Байғұс, базданып кеткен сыр мен нанның бір тілімін сатып алып, соған мәз болады, рас емес пе?

— Солай деп ойлаймын, — деп қостадым.

— Тамағын ішіп алып, бір жерде қараңғы да лас нардың үстіне ұйықтауға құлай кетеді ғой, ә?

— Иә, солай, әрине, — деп мистер Гапкинспен бірге күліп жібердім.

— Ал сенің жатын бөлмең әп-әдемі, — деді ол біраз үнсіздіктен кейін. — Сен ол жақтағы комодтан көйлектер тауып аласың, бәрі де ақ көйлектер. Онда жап-жақсы костюм де ілулі тұр, бірақ саған шақ келе қоярын білмеймін. Ал сенің сағатың бар ма?

— Менде — сағат? Мен ешқашан мұндай байлық туралы армандап та көрген емеспін.

— Мен қазір әкелемін. Менің шәкірттерім қашанда сағатпен жүреді.

Ол бөлмеден шығып кетті де, бір минуттан кейін ұзын күміс бауы бар тамаша сағатты қолына ұстап қайта енді. Ол сағатты маған тағып, оны қалай жүргізу керек екенін аса ықыласымен үйретті. Күрткемнің сыртынан салбырап тұрған жалтырақ бауды көргенде, мен өзімнің бейшара Риппен арамыздағы орасан зор алшақтықты бірден сездім де, оның күйкі тағдыры туралы өкінішпен ойлай бастадым.

Кешкі астан кейін мистер Гапкинс бір стақан грог ішіп, сигара тартты да, диванға жайғасқан соң менің театрда не көргенімді айтып беруімді сұрады.

Өзімді қатты толғандырған пьесаның мазмұнын мен оған түгелдей баяндай бастадым.

Пьеса оған соншалықты әсер ете қойған жоқ. Әсіресе маған және Рипке әсер еткендей болған жоқ. Ол менің әңгімемді қайдағы бір мысқылды ескертпелермен үнемі бөле берді, барлық кейіпкерлердің бәрі нақұрыс екенін дәлелдеді және өмірде мұндай сандырақ болмайтынын айтты.

Ақыр соңында осындай бір ессіз дүниеге елпідеп, тебіренгеніме ұялдым. Мистер Гапкинс менің театрда не

сезінгенімді түсініп қоймас үшін мен оның барлық ескертпелерімен келісіп, оның өзінен де қатты күлдім.

Біз әбден дос болып алдық.

Ақырында ол сағатына қарады.

— Ого. Қалай ұзақ отырып қалғанбыз! — деп айқайлап жіберді. — Он екі болып қалыпты. Ұйықтау керек, Джим. Шырақты ал, мен қараңғыда қалсам ештеңе етпес. Сенің бөлмең жоғарыда, оң жақта. Шешініп болған соң мені шақырарсың, сосын шырақты алып кетермін.

Мен шын ниетіммен оған қайырлы түн тіледім. «Жоқ, ол тіпті де жаман адам емес» деп ойладым да, үстел үстінен шырақты алып, өз бөлмеме кеттім.

Гапкинс менің жап-жақсы жатын бөлмеме болатынын ескерткен, бірақ мынадай кереметті ойлаған да, армандаған да емеспін. Аппақ қардай сейсеп жабылған кереуеттің бас жағында әдемі сиса перделер ілінген. Ал терезелерге ақ перделер ілінген. Комодта айна тұр, ал еденге түрлі-түсті жұп-жұмсақ кілем төселген. Қол жуғыш жанында аппақ сүлгі ілулі тұр.

Мен бөлмеге батыл кіріп едім, бірақ осыншама байлықты көрген соң дұрыс кірдім бе деп қарау үшін кейін шегіндім. Оң жақта тағы да бір бөлме жоқ па екен? Иә, ешқандай да басқа бөлме жоқ, шынында да бұл менің бөлме. Тамаша кілемді былғамас үшін мен башмағымды шештім де, төсегіме батылсыздау келіп жеттім. Осындай ғажайып бөлменің барлық жабдықтарын дұрыстап қарағым келіп еді, бірақ мистер Гапкинстің қараңғыда отырғаны есіме түсті де, төсегіме мен тез жата кеттім.

— Мен дайынмын! — деп айқай салдым. — Өз шырағыңызды алуға болады.

Ешкім де жауап берген жоқ. «Сірә, есік сыртынан естілмейтін шығар оған» деп ойлап, есікті аштым да қаттырақ айқай салғым келді, бірақ мистер Гапкинс пен бізге есік ашқан әйелдің дауыстарын естідім.

Олар керілдесіп жатқан тәрізді.

— Сонда мен сенен қашан келіп, қашан кететінімді де сұрауым керек пе? Мен саған жұмыспен кетіп барамын дедім ғой.

— Кеше де, алдыңғы күні де қайдағы бір жұмыс деп кеттің. Және осының бәрі қып-қызыл өтірік. Сенің не жұмысың бар екенін білемін.

— Ал мен өтірік айтатын болсам, онда сұраудың да керегі жоқ: барамын деген соң, барамын, бітті.

Дауыстар тына қалды.

— Шырақты алыңызшы, — деп мен қайтадан айқайладым.

Бір уақыттан кейін Джордж менің бөлмеме келді де, шырақты алып үнсіз кетіп қалды. Осыдан кейін мен сыртқы есіктің сарт етіп жабылғанын естідім.

Мистер Гапкинс пен оның әйелінің ұрысы мені ешқандай да толғандыра қойған жоқ. Ол бір жаққа бармақшы, ал әйелі жібермейді — мұнда менің шаруам қанша? Мен тыптыныш өзімнің әсем кереуетіме жатып, енді ғана ұйықтай беріп едім, кенет менің есігімді біреудің қаққанын естідім.

— Кім ол?

— Киің де төмен түспі, балақан, біздің сөйлесуіміз керек.

Мен миссис Гапкинстің даусын таныдым. Ол есікті сәл ашып, шырақты еденге қойды да, бір сөз айтпастан кетіп қалды.


XXIV

ТҮНГІ ӘҢГІМЕ

Мен миссис Гапкинстің бұйрығынан бұлтара алмадым. Өйткені ол қожайын әйел ғой.

Мен төсектен тез атып тұрдым да киіне бастадым.

— Башмағыңды кимей-ақ қой, — деп айқай салды ол. — Башмағыңды жоғарыда қалдыр.



Бұл бұйрық мені аздап сабама түсірді. Мен оның өзімді қалай қарсы алғаны есімде, сондықтан қазір Джордж үйде жоқ кезде мені далаға қуып шығар деп қорықтым, бірақ мұндай жағдайда ол маған башмағымды киюге тыйым салмас еді ғой.

Төменге түскен соң оның қонақ бөлмеде жалғыз отырғанын және жылағаннан көзі қызарып, ісіп кеткенін көрдім.

— Кірсеңші енді! — деп айқайлап жіберді ол менің табалдырықта қалғанымды көріп. — Және артыңнан есікті жап.

Мен әлі де қорыққан күйімде кіре алмай тұрмын.

— Жақындап кел... шырақты үстелдің үстіне қой да, саған дұрыстап қарауға мұрша берші, мен сені әлі де дұрыстап көре алған жоқпын.

Мен туралы оған не айтқанын білмеймін, бірақ жылағаннан қызарып ісіп кеткен көздерімен қанжардай қараған кезінде мен оны мас екен деп ойладым.

— Отыр, — деді ол мені қарап шыққанына қанағаттанғандай, — ал, кәне, айтшы маған: өзің не деген баласың?

— Сонда «қандай бала?» дегені қалай? — деп таң қала сұрадым.

— Сен әбден бұзылған, бұған дейін тұрған барлық кішкентай сұмырайлар сияқты әбден түбіңе дейін жеткен бұзылған бала емесісің?

Ол маған қадала қарады, сондықтан мен өзімнің қызарып кеткенімді сезіндім. Оған не айту керек? Әрине, егер мен жақсы бала болмасам, онда мистер Гапкинс мені өз үйіне алмас еді.

— Мен әбден бұзылған бала деген кім екенін білмеймін, — дедім мен. — Мен әбден бұзылып болмаған бала шығармын деп ойлаймын. Сіз одан да мистер Гапкинстен сұраңыз.

— Сен қашаннан қалтаға түсетін болып жүрсің?

— Екі-үш аптадан бері.

— Тек апталар ғана. Ал сен түрме торының ар жағында жиі отырып көрдің бе?

— Бірде-бір рет отырған емеспін.

— Бірде-бір рет. Сенің анаң бар ма?

— Бар болатын, бірақ менің кішкентай кезімде өліп қалған.

— Ал әкең ше?

— Білмеймін, мүмкін, ол да өліп қалған шығар, маған бәрібір.

— Ол да ұры шығар деп ойлаймын. Өмір бойы түрмеден шықпайтын шығар?

— Әкем түрмеде? Не деген сандырақ! Біреу оған осындай сөз айтатын болса, ол оны әбден соққыға жығар еді! Менің әкем — ең адал адам!

Менің ашуланғаным сонша, өзімнің қорыққанымды да ұмытып, оның көзіне батыл қарадым.

Ол жымыды.

— Ал, ендеше, оның баласы сен осындай жаман жолға түстің? Сен Джорджбен қалай таныстың? Ол саған ұнай ма?

— Иә, өте ұнайды, — деп асыға жауап бердім. — Ол — өте жақсы адам.

— Ол жақсы адам ба? — деді ол ызалана күліп. — Кім екенін айтайын ба саған? Ол өзінің өрмегіне білдірмей тартып алып, бар қаныңды сорып алатын өрмекшінің өзі.

— Бар қанымды сорып ала ма?

Миссис Гапкинстің қызбалана сөйлегені мені қорқытып жіберді.

— Ол өрмегіне түскен кез келген адамның қанын сорып алады. Ол — нағыз қанішердің өзі. Ол сені өзіне неге алғанын білесің бе?

Егер бұл әйел мені неге алғанын білмейтін болса, сөйтіп, мен оған шынымды айтып қоятын болсам, онда Джордж Гапкинстің мені оңдырмайтыны анық. Ал егер білетін болса, онда оған жауап берудің керегі не? Өзінің күйеуімен керілдесіп қалған соң, ол мені күйеуіне қарсы қоймақ. «Сауысқандай сақ болған жөн, — деп шештім мен. — Қожайын туралы бір жаман нәрсе айтсам болды-ақ, ол ертеңінде қожайынымен жарасады да, оған менің өзі туралы не айтқанымның бәрін де жеткізеді, Сөйтіп, мен құримын».

Оған жіті көз салып едім, мен оның тіпті де мас емес екенін байқадым, бұдан мен бұрынғыдан да қорқа түстім. «Одан алысырақ тұрған жөн, — деп ойладым мен, — алғашқы мүмкіндік болған кезде-ақ есікке ұмтылып, басқышпен үстіңгі жаққа көтеріліп, өз бөлменің есігін жауып аламын».

— Біз онымен келістік, — дедім мен мәмілеге әкелетіндей үнмен. — Мен бәріне де ризамын: егер бірдеңе келіспейтін болса, ертең азаңда ол туралы сөйлесуге болады.

Ол маған аянышты күйде қарап қолды. Оның аянышы ашуланғаннан да қатты ұялтты.

— Егер сен осыны тәжірибеңнің жоқтығынан ғана айтып тұрсаң жақсы, — деді ол. — Сен ризасың. Сен оқта-текте

бірнеше ай, тіпті бірнеше жылдап түрмеде отыруға тура келетінің ризасың. Сен өзіңді бүкіл өмір бойы қалта тінткіш, ұры, сұмпаы деп атайтынына ризасың, сөйтіп, сен өзіңнің барлық туысқандарың үшін масқара адамға айналасың. Айталық, сенің әкең мен шешең жоқ делік: сонда саған мейіріммен қарайтын бір адам болмағаны ма, сонда сені түрмеге отырғызғанда бетіңнің оты шығып қызаратын бір адамның болмағаны ма?

Иә, менің ондай адамым бар. Мен миссис Уинкшипті еске алдым. Мен Марта мен екеуінің үйіне алып, тамаққа тойғызып, киіндіріп, мейірімдерін аямаған түнді еске алдым. Оның мені адал бала қылғысы келгенін есіме алдым, және менің ұрлық үшін түрмеге түскенімді еститін болса, оған қаншалықты ауыр тиетінін сездім. Бірақ бұдан мен несіне қорқамын? Өйткені Джордж Гапкинс мені кез келген қырсықтан құтқарып аламын деді ғой?

— Мен түрмеге түспеймін, — дедім мен. — Мен осы іспен екі айдан астам айналысып келемін, бірақ бірде-бір рет қолға түсіп көрген жоқпын. Ал сол кезде мен жалғыз болдым және маған ешкім де көмектескен жоқ.

— Таптың көмекшіні! — деп айқайлап жіберді әйел. — Соның өзі-ақ сені түрмеге отырғызады ғой. Ол бұған шебер-ақ. Ол маған мың рет: «Мен бұрынғы балалардан құтылмайынша іске жаңа балаларды қоспаймын» деп айтқан. Әр бала полицияға белгілі болғанға дейін ғана қызмет етеді. ... Ал енді оның соңынан сәл ғана бақылау басталса болғаны... түсінесің бе?

Оның айтқанын түсіну қиын емес.

— Ал маған мистер Гапкинс басқаша айтқан болатын, — деп ескерттім мен. — Ол мені басыма түскен пәледен құтқарып алу үшін ешқандай да ақшасын аямаймын деп уәде берген болатын.

— Уәде берген! Сондай суайттың айтқанына сенуге бола ма? Бала, тыңда. Сен ертең менің сырымды күйеуіме айтып

беруің мүмкін, Сөйтіп, ол мені өлімші етіп сабайды. Бұл бірінші рет емес. Ал бірақ мына өмірден әбден мезі болдым.

Ол басын үстелге салды да өксіп жылағаны сонша, тіпті менің өзімнің көзіме де жас үйірілді.

— Қорықпай-ақ қойыңыз, — дедім мен, оған таяп келіп, — мен оған ештеңе де айтпаймын. Маған жақсылық тілейтін адамға кесірімді тигізіп қайтейін.

— Иә, мен де саған жақсылық тілеймін, — деді ол жасқа шыланған жүзін үстел үстінен көтере беріп. — Менің саған айтқанымның бәрі де шындық, нағыз шындық.

— Мен сізге сенемін... бірақ менің не істеуім керек екені жөнінде ақыл берсеңіз.

— Бар да төсегіңе жатып, бәрін де жақсылап ойлан. Ойлан, сен қашып кеткен соң қайда барып паналарыңды ойлан.

— Ал кенет ол менің соңымнан түсіп берсе қайтемін?

— Сенің соңыңнан қуып бара алмайтындай бір орынды ойлап табуың керек. Бар жат, тағы ойлан. Сау бол.

Мен өз бөлмеме қатты толғанып оралдым. Оған: «ойлан» деп айту оңай. Бүгінгі барлық шытырмандардан кейін мен нені ойлап жетістірмекпін? Бір нәрсе ғана маған айқын. Миссис Гапкинс маған шынын айтты: оның күйеуі сұмырайдың өзі, ал егер мен оның қолында қалатын болсам, онда сорымның ашылмағаны. Менің қашуым керек — бірақ қайда? Қанша тырыссам да ештеңе ойлап таба алған жоқпын. «Ең жақсысы, ұйықтап алайын, — дедім мен өзіме-өзім, — ал таңертең онымен тағы да бір рет сөйлесермін. Ол маған, сірә, бір ақылын айтар».

Осының алдында ғана маған мистер Гапкинс сыйлаған тамаша сағат таңертең ұйқыдан тұрғанда тура сегізді көрсетіп тұр екен. Мен мистер Гапкинстің үйге қалай оралғанын естіген жоқпын, бірақ басқыштардан оның аяғының дыбысы естіледі, сондықтан мен оның үйде екенін түсіндім. Ол мені шақыратын шығар деп күткен едім, бірақ ол бір сөз айтпастан менің

бөлмемнен әрі қарай өтіп кетті де, мен оның үйден шығып бара жатқанын естідім. Мен төсекте жатып тұрғаннан кейін не істейтінімді ойладым, сол кезде екі еркектің аяқтарының дыбысын естідім. Бірнеше минуттан кейін Джордж Гапкинс менің бөлмеме кіріп келді.

— Ал, Джим, бүгін сенің аспазшы да, қызметші де, қысқасы, бір өзің бәрі де болуыңа тура келеді: әйелім ауырып қалды.

— Сонда қатты ауырып қалып па? — деп сұрадым мен оның кеше кешкілік жүзінің сынық болғанын есіме түсіріп.

— Иә, мен жаңа ғана дәрігерге барып келдім. Дәрігер: сүзек дейді.

Миссис Гапкинстің ауруы шынында да ұзаққа созылып, асқынып кетті. Осы уақыттың ішінде мен оны бірде-бір рет көрген жоқпын. Мистер Гапкинс бір кәрі кемпірді жалдады, ол сырқатты күтіп, тамағын дайындап, үй жинайды. Мен оған барынша көмектесемін. Менің басқа ісім болған жоқ. Қожайын өзінің уәдесін орындаған жоқ, Сөйтіп, мені біздің кәсіптің егжей-тегежейіне үйретуді ойына да алған емес. Ол сүзек жұқтырып аламын деп қорыққаны сонша, үйде мүлдем сирек болатын. Ол асүйде менімен бірге тамақтанады, бірақ ашық терезе алдында отырып, спирт бар банкіні үнемі иіскелеп әуре болады. Содан кейін кетіп қалады да, түн ортасына дейін оралмайды. Ол сол асүйдегі диванда ұйықтап жүрді.

Менің жағдайым аса жаман емес. Беретін тамағы да жақсы. Мен сұрасам болды, қожайын маған бір шиллинг береді, сағат алтыдан онға дейін қайда қаласам сонда қыдыруға рұқсат етеді. Ол мені жаман нәрсеге үйретпегені былай тұрсын, қайта күн сайын таңертең: үйден кетіп бара жатқанда маған: «Жұмысқа кіріспей-ақ қой және қайдағы бір жаман жерлерге барма. Көңілсіз болса театрға немесе концертке бар. Егер саған ақша керек болса, онда өзің таппай-ақ менен аларсың», — дейді.

Сөйтіп, миссис Гапкинс маған айтқан ақылды ұмытпасам да, қазір енді қашудың ақымақтық екенін ойладым. Оның үстіне мен өзімнің ауру қожайын ханымымды көрмесем де, ол маған ұсақ-түйек тапсырмаларды жиі беретін. Мен оған осындай кішкентай қызмет көрсетіп жүрдім, сондықтан ауырып жатқан кезде оны тастап кеткенім дұрыс болмас деп ойладым.

Үш аптадан кейін Миссис Гапкинс өз бөлмесінен шықты. Ол әбден арықтапты және аппақ құдай, шашын тақырлатып кесіп тастапты, басында чепең киіп алған. Мен оны зорға таныдым. Осы уақыттың ішінде өзінің әйелін көрмеген мистер Гапкинс оның жүзіндегі өзгерісті көріп таң қалды.

— Сиқың қандай бұзылып кеткен, — деді ол. — Мен сенің орныңда болсам, осындай бетіммен бөлмеден шықпас едім.

— Саған ерегескенде бұдан сиықсыз болсам деп едім, — деп жауап берді ол жақтырмаған үнмен.

Миссис Гапкинстің ауруы менің қожайындарымды татуластыра алмағаны айқын болды.

Келесі күн кешкілік үйге оралғанымда миссис Гапкинстің күйеуімен және екі еркекпен асүйде отырғанын көріп таң қалдым. Бәрі де әңгіме соғып, шулап, күліп қояды. Мен кірген кезде мистер Гапкинс мені саусағымен көрсетті. Олар менің бас-аяғыма дейін тінте қарап, содан кейін ұйықтай беруіме рұқсат берді.

Қанша ұйықтағанымды білмеймін, бірақ біреудің менің иығыма тиген қолы оятып жіберді, Сөйтіп, мен миссис Гапкинстің даусын естідім.

— Сен ұйықтап жатқан жоқсың ба, Джим?

— Жоқ... ұйықтаған жоқпын.

— Ана жолы... біз екеуіміз түнде айтқандарымызды ойладың ба?

— Иә, талай рет.

— Сонда не шештің? Менің тілімді аласың ба?

— Иә, әрине... бірақ қайда қашарымды білмеймін.

— Сен тез арада ойлап табуға тиістісің. Егер сен ертең кетпейтін болсаң, онда өмір бойы өкінумен өтесің. Сен бүгін асүйден менің күйеуімнің екі жолдасын Туинер мен Джон Армитеджді көрдің ғой? Олар бір зұлымдықты ойластырып жүр және сені өздеріне көмекшіге алмақшы.

— Сонда қандай зұлымдық?

— Тонау... с... бұдан әрі сұрама. Ертең немесе бірсүгіні... Фульгеттегі Прескот көшесінде, нөмірі он екінші... кәрі мистер Дженетті тонамақ. Тыңдашы: ертең таңертең тұрған соң сонда бар да, оған бәрін де айтып бер. Бірақ мен туралы бір сөз айтушы болма. Түсінесің бе?

— Түсінемін... ешқандай қам жеменіз! — деп жауап бердім.

— Мен қам жеп тұрған жоқпын, мен сенің мейірімді екеніңді білемін, жақсылыққа жамандықпен жауап бермейтіңіз сенемін. Сау бол, менің төменге түсуім керек. Олар қазір оралады.

Ол өзінің ыстық алақанымен бетімді сипады да шығып кетті.

Миссис Гапкинстің қылығы маған өте таң қаларлықтай көрінді. Егер ол менің зұлымдыққа қатыспай, қашып кеткенімді қалаған болса, онда өз күйеуінің сыбайластарының атын және олар тонамақ болған үйдің мекенжайын маған неге айтады? Мен бір нәрсені қайта-қайта ойлап, төсекте дөңбекшіп жатырмын, бірақ менің ақымақ басыма ештеңе де келетін емес.

Ақырында келесі күні таңертең тұра салысымен Спиталфилтке жүгіріп барып, онда Рипстонды тауып аламын да, істің мән-жайын оған айтамын да одан ақыл сұраймын. Алғашқыда мен миссис Уинкшиптен ақыл сұрамақ болып едім, бірақ оның үйінің жанынан әкемді кездестіріп қалармын және мистер Белчерді сатып кеткенім үшін ол маған өкпелі болар деп ойлап, бұл жоспардан бас тарттым.

МЕН ДЖОРДЖ ГАПКИНСТЕН КЕТІП ҚАЛДЫМ. ШЫМЫЛДЫҚ ТҮСТІ

Келесі күні таңертең таңғы астан кейін Джордж Гапкинс маған:

— Сен бүгін көп селтеңдеп қыдыра берме, түнге қарай шаршап қаларсың. Сен маған керек боларсың, — деді.

— Неге? — деп сұрадым мен күнәсіз пәк күймен.

— Оны саған біліп керегі не? Керек болғанда білесің.

Біраз уақыттан кейін ол мені ауланың екінші басындағы шағын кір жуатын жерге шақырып алды. Онда асүйге қараған кішкентай ғана терезе бар болатын.

— Қарашы, сен осындай тесіктен өте аласың ба? — деп сұрады ол менен.

Мен иығымды тесіктен зорға өткізіп, асүйге секіріп түстім.

— Ал сен бұдан да қаттырақ тарсылдатпадың ба? — деді ол мысқылдап.

Мен дыбысымды білдірмеуге тырысып, тағы да бір рет өттім.

Мен сөйтіп тағы да, тағы да, барлығы жиырма реттей өткен шығармын.

— Енді, міне, жақсы! — деді Джордж. — Сенің башмақтарың қандай, Джим!

— Мықты, табаны қалың, сэр.

— Бұл жарамайды. Сен тез киіп, тез шеше алатындай жеңіл бәтеңке әперу керек. Бар да қазір сатып ал. Бишопспритте башмақ дүкені бар.

Ол маған он шиллинг берді де, мен дүкенге кеттім. Менің асүй тұсынан өтуім керек еді. Миссис Гапкинс мені көріп, маған басын изеді де ақырын ғана сыбырлады:

— Болды! Кезі жетті! Қаш! Кейін кеш болады.

Мен жауап ретінде басымды изедім.

Мистер Гапкинс менің қандай жұмысқа керек екенімді түсіндірген жоқ, бірақ менің бір жердегі терезеден түсуім керек екенін және ұрлыққа қатысуым керек екенін түсіндім. Ал ұрлық үшін каторгаға жіберетінін естігенмін. Демек, қазір қашып кетпейтін болсам, онда өмір бойы қамауда өтемін. Мен көп ойланбастан Спиталфилдке қарай бет алдым.

Рипстон істейтін зауыттың нақ қай жерде екенін білмеймін. Егер Беккердің болат құятын зауытын сұрасам, маған көрсетіп жіберетін шығар. Қазір енді он екіге таяу. Демек, жұмысшыларды тез арада түскі асқа жібереді. Мен қақпа алдында тұрып, Рипті тосып аламын.

Зауытты маған шынында да көрсетіп жіберді. Қақпа алдында оралған заттары мен ыдыстары бар әйелдер көп жиналыпты. Олар, сірә, зауытта түстенетін жұмысшыларға тамақ әкелсе керек.

«Ал Рипстонды көшеге шығармаса қайтемін?» — деп ойлады. — Сонда мен не істеймін?»

Бірақ осы кезде қоңырау соғылды да жүздеген жұмысшы бірден қақпаға қарай ағылды. Бәрі де есікке қарай келеді. Біреулер әйелдерінің қолындағы түйіншектерді алып жатыр, ал басқаларын күзетші көшеге шығарып жатыр.

Кенет қақпа кең ашылды да одан бір топ бала жүгіріп шықты. Мен олардың ортасынан Рипстонды бірден көрдім. Алғашқы сәтте ол мені көрген жоқ, мен айқай салып едім, ол бірден қуана дауыстап жіберді:

— Ә, Смит, достым. Жарайсың, келгенің қандай жақсы болды! Чарли, саған айтқан балам осы, — деді ол өзінің жолдасына бұрылып. — Ал Смит, жүр бізбен бірге асханаға, сонда әңгімелесерміз. Біздің бір жарым сағат уақытымыз бар.

Менің бөтен баланың көзінше сөйлескім келмеді еді, бірақ басқа амал жоқ. Мен Рипстонға көзімді қысып едім, ол ештеңені аңғарған жоқ.

Енді мен бел шешіп кіріспек болдым:

«Бәрібір ол өзінің жолдасынан ештеңені де жасырмайтын шығар. Мен Гапкинстің атын атамай-ақ қояйын».

Бір шағын асханаға келдік те, бұрыштағы жеке үстелден орын алдық. Рипстон жолдасымен бірге ас беретін жерге барды да, қалталарынан әлдебір талондар алып, өздеріне сол арқылы бір-бір тарелкадан сорпа мен бір-бір тілім нан алды. Мен аш емеспін дедім.

Олар тамақ жеп жатқанда мен өзімнің қожайынымның әйелі не айтқанын және бүгін түнде не ойластырып жатқанын айтып бердім.

— Аһ, қандай сұмырай ол, — деп айқайлап жіберді Рипстон мен әңгімемді аяқтаған кезде. — Оны асып тастаудың өзі аз. Өзі осындай зұлымдыққа барады да, басқаларды ұстатып қоя береді. Мұнда ойланатын не бар? Бар да полицияға айт.

— Жоқ, бұл дұрыс емес, Реп, — деп, тоқтатты оны Чарли. Ол бұған дейін мені үнсіз тыңдап отырған болатын. — Полицияны араластырып керегі жоқ. Сірә, сен таяуда ғана жұмысшы болған шығарсың. Нағыз жұмысшы ешқашан да полициямен байланыспайды.

— Сонда, сеніңше, оған кісі тонап, өлтіруге мүмкіндік беріп қою керек пе?

— Жоқ. Сонда полициясыз да ретін табуға болмай ма? Сен тоналмақ болған адамның мекенжайын білесің ғой? — деп сұрады менен Чарли.

— Білемін, — деп жауап бердім.

— Міне, тамаша. Сен қазір оған бар да бәрін айтып бер. Ол саған рақмет айтады. Ал егер көмек керек болса, онда мен оған зіңгіттей жігіттерді ертіп барамын, олар кез келген ұрлықшылардың көкесін көзіне көрсетеді.

Мен Рипстонға қарадым.

— Несі бар, Смит, — деді ол сәл ұялыңқырап, — бұл шындық: солай дұрыс та болар. Сен қорықпа. Егер өзің баратын болсаң, ол сені олар сияқты деп ойламайды.

— Бірақ байқа, кешігіп қалып жүрме, — деп қосты Чарли сөзін анықтай түсіп. — Бұл қауіпті іс. Дайындалу үшін адамға уақыт беру керек.

Мен орнымнан атып тұрдым. Қайда баратынымды білемін, бірақ қатты қорқып тұрмын.

— Жә, саған не болды, Смит? — деп мырс етті Рипстон. — Қорқып тұрсың ғой, рас па? Чарли, — деп қосты ол жолдасына бұрылды. — Сен онымен бірге барып келсең қайтеді? Біздің әлі бір сағат уақытымыз бар. Әйтпесе ол жалғыз қорқып тұр.

— Несі бар, — деді келіскен Чарли. Үлкен адам сияқты өзінен көмек сұраған оған сондай ұнаса керек.

Мен Рипстонмен қоштастым да, біз Фульгетке қарай тез жүріп кеттік. Бұл өте алыс емес болатын. Зауыт жақтағы шет аймақта еді.

Адаспас үшін біз көрші дүкеннен жолды сұрап алдық, Сөйтіп, бізге мистер Дженеттің №12 үйде жалғыз тұратынын айтты.

№12 үй шағын бақтың түкпірінде оңаша тұр екен.

Қақпа жабылмаған. Біз есік алдында қоңырау соққанда, іштен еңселі бойшаң жас жігіт шықты.

— Мистер Дженет үйде ме? — деп батыл сұрады Чарли.

— Әкей үйде, — деп жауап берді ол. — Сендер қандай жұмыспен келдіңдер? Өйткені ол енді жүзбейді.


Оның бізді әкесіне кемеге жалдану үшін келді деп ойлағаны анық.

— Біздің мистер Дженетті аса маңызды іс бойынша жолықтыруымыз керек, — деді Чарли сенімді үнмен.

Жас жігіт екеумізге таңдана қарады да, ештеңе айтпастан үйге кіріп кетті.

— Оны жалғыз тұрады деп еді, ал қарашы, оның қандай ұлы бар, — деп ескертті Чарли.

Менің әңгімеге еш зауқым жоқ. Мен қатты толғанып тұрмын. Гапкинсті сатып кетуім дұрыс па? Егер мистер Дженет



полицияға мәлімдейтін болса, онда оны каторгаға айдап жіберуі мүмкін ғой. Мүмкін, ол маған сенбей, мені полицияға жіберсе қайтемін? Бірақ енді қайтадан ойлап жатуға уақыт жоқ. Есік ашылды да, жаңағы жігіт бізді үйге шақырды.

Мистер Дженет бізді жылы қабылдады. Бұл кең иықты, жүзін күн қаққан, қалың ақ шашты шал екен. Ол бізді өзінің қарсы алдына отырғызып, қандай маңызды жұмысымыз бар екенін сұрады.

Осы тұста, сірә, Чарли сәл ұялыңқырап қалса керек. Ол маған қарап алды да:

— Міне, мына бала, сэр, бәрін де айтып береді. Сіз оған сеніңіз. Бұл — шындық. Мен мұны растай аламын.

Мистер Дженет сәл ғана мырс етті де, маған байсалды түрде қарап:

— Ал бар шыныңды айт енді. Мен тыңдап тұрмын, — деді.

Кібіртіктеп, сөзімнен жаңылып мен әңгімемді бастадым. Біртіндеп сабама түстім де, бүгін түнде не істелмек екені туралы дұрыстап айта бастадым.

Мен әңгімемді аяқтап болғанда, ол өзіне-өзі айтқандай:
— Міне, дәл бүгін, менің ұлдарымның да үйге келгенін айтсайшы.

Осы сөздерді айтты да ол есікті ашып:

— Джон, мыңда кел және Томды да шақыр, — деді.

Бірнеше минуттан кейін зіңгіттей екі жігіт кіріп келді.

— Не болды, әке? Бірдеңе болып қалған жоқ па?

Мистер Дженет оларға менің әңгімемді толық айтып берді.

Олар маған тағы да бірнеше сұрақ қойды. Мистер Дженет оларды терезе алдына шақырып алып, әлдене туралы ақылдасты. Содан кейін маған бұрылды.

— Сен Кэт көшесінен қай уақытта шықтың?

Мен миссис Гапкинс тұрған ас бөлмеге бас сұққанымда он екі жарым болатын.

— Қазір екіден он бес минут кетті, — деді мистер Дженет.

— Ол саған бәтіңке сатып алып кел деді ғой?

— Иә, сэр.

— Ал онда сен тезірек бәтіңке алуға жүгір.

— Бірақ, сэр, менің бәтіңкем әлі мықты, — деп ескерттім мен.

Мистер Дженет жымыды да:

— Ал сен жақсы бала сияқтысың! — деп ескеріп өтті. — Бәтіңкені алған соң, тезірек Кэт көшесіне қарай жүгір.

— Қайтадан Кэт көшесіне ме? Джордж Гапкинске ме? Мұның керегі не, сэр?

— Байқайсың ба, мен оның осы тонауға келгенін қалап отырмын, — деп жауап берді Дженет. — Ал сенің қорқатын түңің де жоқ, — деп қосты ол менің қорыққанымды байқап қалып. — Егер сен сол зұлымдардың сыбайласы болсаң, онда саған да, әрине, оңбай тиер еді... Қазір істің жайы басқаша: сен маған оларды ұстап алуға көмектесесің, ал мен сені қорғауға уәде беремін. Осы минуттан бастап, бүкіл істің аяғына дейін мен өзімнің ұлдарыммен бірге сені көзімізден бір сәтке де таса етпеуге уәде беремін. — Ол қолын менің

иығыма салды да көзіме тура қарады. — Мен саған сене аламын ба?

— Сене аласыз, сэр, — дедім мен. — Егер сіз маған ештеңе де болмайды және маған ешкім де тимейді десеңіз, мен сіз айтқанның бәрін де істеймін.

— Міне, тамаша. Ал енді үйіңе бар да, бірақ ешкімге де қайда болғаныңды айтушы болма. Саған, сірә, біздің кішкене терезе арқылы кіруіңе тура келер, бірақ сен қорықпа, мен сені күтіп тұрамын. Ол жақта қараңғы болатын шығар, бірақ сен мені тани аласың: мен сені шашыңнан былай ұстап аламын. Ал енді жүре бер.

Чарли оған көмектесуге әзір екенін айтпақ болып еді, бірақ ол мұның иығынан қағып:

— Рақмет, балақан. Мен шал болсам да, қолым сенікінен әлдірек шығар. Өмір бойы кемеде босқа жұмыс істеді дейсің бе? Және ұлдарым да жаман емес. Әкесін ренжіттіріп қоя алмас.

Осы сөзден кейін біздің тек үйге қайтуымыз ғана қалды.

Чарли менімен тез-тез қоштасты да, зауытқа жүгіріп кетті. Ол келесі күні түс кезінде оларға келіп бүкіл істің қалай болғаны туралы айтып беремін деген менің уәдемді алды.

Менің ойым әлі де айқын емес. Менің білетін жалғыз нәрсем: мистер Дженеттің айтқандарын айнытпай орындаймын.

Мен Кэт көшесіне қайтып оралғанда Джордж Гапкинс әлі үйде жоқ екен, Сөйтіп, есікті маған оның әйелі ашты. Ол мені көргенде таң қалатын шығар деп ойлап едім, ал ол маған көз алмастан қарады да көңілді үнмен:

— Ә, сен қайтып келдің бе, Джим? — деді.

— Иә, мен осында қаламын.

— Міне, тамаша, осында қалатыныңа қуаныштымын.

— Сіз маған кет деп едіңіз ғой, — деп таңдана сұрадым.

— Иә, енді, сен кеттің де қайтып оралдың, мен өте қуаныштымын.

Біраздан кейін ол менен өзінің күйеуі бүгін түнде қайда баратынын менің білетінімді сұрады.

— Білгенде қандай! — дедім мен. — Прескот көшесі, он екінші үй...

— Тамаша, Джимми, — деп айқайлап, сәл мысқылдай күлген сияқты болды. — Сен ақылды баласың, құпияны есте сақтай және жасыра білесің. Бұл керемет емес пе?

— Иә, тіпті керемет, — деп күбірледім де қатты толқыған күйі жоғарыдағы жатын бөлмеге қарай зытып бердім.

Мен оның гәптің неде екенін білген-білмегенін аңғара алмадым. Сағат төртте ол мені жалғыз қалдырып, бір жерге кетті. Жетілерге таман Джордж қайта оралды. Ол әуелі әйелін үйден таба алмай, ашуланды, бірақ кейіннен көңілденіп сала берді. Шай ішіп отырғанда ол әзілдеп, менімен ең жақсы ниетпен әңгімелесіп отырды. Маған оның әзілдерін тыңдау қиынға соқты. Қайта ол маған ашуланып күңкілдесе, онда менің бойым жеңілденіп сала берер еді. Шайдан кейін ол:

— Сен Фульгетті білесің бе? — деп сұрады.

Мен білмейтінімді айтып, жауап бердім.

— Жарайды, бәрібір. Жаңа бәтінкеңді ки де, тезірек банк үйінің жанына кел, ал ол жерден Фульгетке баратын дилижансқа мін. Фульгетке жеткен соң көпірдің қай жерде екенін сұра, сол көпірден кейінгі үшінші көшеден бұрылсаң, сол жерден сырахананы табасың, соған кір де мистер Мезон үйде ме деп сұра. Бар тезірек жөнел.

Жаңа бәтінкемді киіп, қапырық бөлмеден таза ауаға қуана шықтым да, тез-тез басып банкке қарай жөнелдім.

Сағат тоғызда мен мистер Гапкинс көрсеткен көшеге де келіп жеттім.

Сөренің ар жағында тұрған бала мистер Мезонның мені өз бөлмесінде тосып отырғанын айтты, Сөйтіп, мен сонда

кіріп келгенімде Джордж Гапкинсті, Туинерді және Джон Армитаджді көрдім. Олар үстел басында карта ойнап отырды.

— Мен мистер Мезонмын, — деді маған қожайын. — Отыр да кішкене күте тұр, Джимми.

Олар карта ойнауын жалғастырып, сыра ішті. Сырахананың иесі оларға бірнеше рет жақындап келіп, өзінің ескі таныстарындай сөйлеп қояды. Ақырында он екі жарымда, әбден қараңғы түскен кезде біз көшеге шықтық. Джордж менімен бірге алда, ал қалған екеуі біздің соңымыздан келеді. Біз осылайша бір мильден астам жүрдік. Жол бойында мистер Гапкинс менің не істейтінімді түсіндірді: менің кішкентай терезеден түсіп қабырғаны жағалап отырып, есікті жауып тұрған ілгекті ағытуым керек екен.

— Сен қорықпа, — деп қосты ол. — Егер іс қауіпті болса, мен сен сияқты балапанды өзіммен бірге алмас едім. Сен менің өзіңе айтқанымның бәрін де істей аласың ғой?

— Істей аламын, — деп жауап бердім қорыққанымнан безгек ұстағандай қалтырап.

— Бәрі де тамаша өтеді, — деді мистер Гапкинс. — Онда тіпті ит те жоқ, ал қожайын өте ерте жатады.

Ол, сірә, қазір мистер Дженет жалғыз емес екенін білмейтін болса керек.

Біз кішкентай тұйық көшеден бұрылып, қоршауға таяп келдік. Туинер мен Джон Армитедж қуып жетті де, біз мысықша сақ қимылдап, қоршаудан әрі түсіп, үлкен де қараңғы үйге келдік. Бір сөз де айтылған жоқ. Джон Армитедж әлдебір жылтыраған құралдарды бұрады да, Туинердің иығына шықты. Бір кезде кейін бірдеңе сылдыр ете қалды да, ол төменге ырғып түсті.

— Бәтіңкеңді шеш, Джимми, — деп сыбырлады ол маған.

Қорыққанымнан қалшылдап, мен тез шешіндім. Джордж мені қолымен көтеріп, Туинердің иығына шықты, Сөйтіп, менің аяғымды бір тесікке тығып жіберді.

— Тарлау екен, Джим, — деп сыбырлады ол, — Жә, ештеңе етпес, өтіп кетесің. Қолдарыңды жаныңа қаттырақ қыс. Жақсы. Секір, ол жер биік емес... ал енді есік пен ілгек туралы ұмытпа.

Мен оның бұйырғанының бәрін де істеп, іле төменге секіріп түстім. Осы жерде қуанышыма орай, біреудің көрінбейтін қолы менің шашымнан ұстай алды да, аузымды жаба қойды. Сөйтіп, мені бір бөлмеге ақырын итеріп апарып, сонда жауып қойды.

Одан әрі не болғанын көрген жоқпын. Мен ашылып жатқан ілгектің дыбысын, содан кейін айқайды, Джордж Гапкинстің дауысын, біреулердің жұлқысқанын, кісі аяқтарының тарсылын естідім, бірақ одан басқа ештеңе де естіген жоқпын.

Мистер Дженеттің жоспары іске асты. Олар Джордж Гапкинс пен оның жолдастарын дұрыстап тұрып үйретті. Ал болашақта олардың сазайын бұдан да көп тарттыратынын ескертті.

Мені шоланнан босатқан кезде тонаушылдарың ізі де қалмаған болатын. Мистер Дженет менің қолымды қысты да, жігіт екенімді айтты, Сөйтіп, әлі де кемеде жүзетін болса, мені зор ықыласпен юнга етіп алатынын айтты.

Мен мистер Дженеттің үйінде қонып шықтым. Келесі күні мені тоя тамақтандырды да, тағы да маған рақмет айтты, ал мен он екілерге қарай зауытқа жүгіріп кеттім.

Рипстон мен Чарли қоңыраудан кейін тіпті алғашқылардың бірі болып атып шықты. Олар көрші бір тақырға алып барып, бәрі қалай болғанын егжей-тегжейлі түгел айтып беруге мәжбүр етті.

— Жарайсың! — деп дауыстап жіберді Рипстон мен әңгімемді аяқтаған кезде.

Тіпті Чарли де мені мақұлдап иығымнан қағып қойды.

Шынын айтсам, мені олардың не үшін мақтағанын түсінген жоқпын. Мен қорыққанымды білдіргім келмесе де сол уақыттың ішінде зәрем ұшып жүрді ғой.

Бірақ менің ойымды бір-ақ нәрсе бөле берді. Мен Чарлиге батылсыздау қарап:

— Ал мен сонда жұмысшы бола аламын ба? — деп сұрадым.

— Несі бар! — деп жауап берді ол. — Мүмкін тіпті қазір де орын табылып қалар. Кеше мистер Краус, ол біздің шеберіміз, ертеңгі күннен бастап ескі пешті құлатып, оның орнына жаңасын саламыз деп айтқан болатын. Онда қоқысты шығаратын тағы да балалар керек. Қаласаң, мен оған сен туралы айтайын.

Мен шаттанып кеттім.

Түстен кейін Чарли мен Рипстон мені мистер Клаусқа апарды, ал ол маған келесі күні жұмысқа шығуды бұйырды.

Осы кезден бастап мен кішкентай жұмысшыға айналдым.

Жаңа өмірдің мен үшін біраз ауыртпалығы болды. Бірақ кей кездерде маған қанша қиын болғанымен, өзімнің бұрынғыдай жалғыз емес екенім туралы ой маған жігер беріп келеді. Жолдастарым менің қасымда. Олар ең қиын сәтте маған қол ұшын береді, ал біз бәріміз бірге бала жасынан мейірім мен қуаныш дегеннің не екенін білмейтін барлық үлкен де кішкентай алба-жұлба адамдар үшін жарқын болашаққа қол жеткіземіз.

Әрбір жексенбі сайын мен мистер Дженетке, Прескот көшесіндегі №12 үйге барып тұрамын. Дженет мені еркелете қарсы алады, ол мені жанындай жақсы көріп кетті, мен де оны туған әкемдей сүйемін. Кейде мен оған өзімнің сүйікті Рипстонымды ертіп әкелемін, ал мистер Дженет өзінің теңізде басынан кешкен қандай тамаша оқиғалар туралы айтады десеңізші.

М А З М Ұ Н Ы

Өгей шеше.....	5
Тағы да жаңа азап. Қашу.....	11
Смитфилд базарындағы кеш. Маған төнген зор қауіп.....	16
Мен үріп үйрендім. Жаңа таныстар.....	24
Дарбаза.....	30
«Рипстон, Моулди және К ⁰ » серіктестігі.....	39
Мен жұмыс істей бастадым.....	46
Күшік. Мені аңдуда. Жайсыз түн.....	55
Жұмыс үйіне кірдім.....	62
Мен тірі қалдым.....	69
Мен тағы да Теримилл көшесіне келдім.....	75
Менің екі джентльменмен танысуым.....	83
Мен көше әншісімін. Ескі дос.....	90
Ескі досым асырап, киім алып берді.....	98
Менің жаңа қожайыным.....	106
Өрмекші мен оның иті. Жасырын әкелінген күл.....	115
Менің ойым орындалуда.....	124
Қорқынышты көріністер.....	133
Мен полициядан қашып шықтым.....	141
Мен жаңа жолға түстім.....	148
Джордж Гапкинспен танысуым.....	154
Мен ескі досымды кездестірдім.....	161
Менің өзгермек ниетім тез бұзылды.....	170
Түнгі әңгіме.....	178
Мен Джордж Гапкинстен кетіп қалдым. Шымылдық түсті.....	187

Джеймс ГРИНВУД

ӨГЕЙ БАЛА

Хикаят

(қазақ тілінде)

Орыс тілінен аударған *Ризабек Әдуов*

Арнаулы редакторы *Л.Сергазы*
Редакторы *Ж.Болтанова*
Суретшісі *Д.Қаражігітов*
Техникалық редакторы *С.Бейсенова*
Компьютерде беттеген *Ғ.Сатыбалдиева*
Корректоры *Ф.Уәлиева*

ISBN 9965-18-361-9



ИБ №370

Басуға 13.09.2011 ж. қол қойылды. Пішімі 60x90^{1/16}. Қаріп түрі
"Academy.kz". Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 12,5.
Есептік баспа табағы 10,0. Таралымы 24 000 дана. Тапсырыс №

«Аударма» баспасы,
010009, Астана қаласы, Ғ. Мүсірепов көшесі, 5/1, ВП2